If the goal of mankind lies in the mere preservation of life, then this still does not provide a direct answer to the question as to life’s content and meaning. At the same time one should keep in mind that even after 2 ½ thousand years the various historically existing philosophies have not come to factually agree upon a universally accepted answer to this question. Some philosophers even argue that this lack of historical success has a systematic explication: namely that it is impossible for man to definitively recognize once and for all “what is good and what is bad”. Thus it would seem evident that the very least (and the very most) that can be done to define value and meaning is to leave their definitions open for criticism and to continue with the search for better answers. Indeed, to be a philosopher means to be a friend of wisdom, not its sole possessor. To keep a friendship alive means to be engaged in an active endeavor: unlike material possession, friendship cannot be bought or chartered; it must continually be proven. In the same way, “wisdom” cannot be treated as chattel but rather only as the object of a continuing, active search. In concise form one could say that the meaning of life is not something already “given” but is rather something that we ourselves must discover. This can come about only if we are aware of our own potential for error and the limits of our knowledge. For this reason we must always proceed with due caution and modesty and must be constantly on the watch for better solutions and open to answers provided by other individuals and cultures.

As has been said, the present global situation does not provide an answer to the question of life’s meaning in terms of values or content. It merely makes evident in a stringent way man’s elementary need to search for reliable and sustainable orientation. Today, economy, politics, and in particular ecology and military technology are – tragically enough – the “materialistic” guarantees that man can no longer avoid dealing with this basic existential problem by reverting to silence, dogma or cynicism. In the field in which the collective danger has up to now been the greatest, namely in weapons technology and military strategy, there have existed for some time a number of decisions and actions which would allow for some hope.. The SALT I and SALT II talks, the Helsinki conference and its follow-up conferences, the Nuclear Non-Proliferation Treaty or the ban on the atmospheric testing of atomic weapons are examples of strategies in which the new state of affairs has been explicitly treated. This situation is expressed less openly in the implicit agreements of the super-powers to have their military “chess moves” carried out by smaller allies or at least to confine them to geopolitical peripheries.

The tasks which I have outlined here represent only the beginning, so to speak only the ABC's of today's ethics and politics. Jonathan Schell writes at the end of his book *The Fate of the Earth*: "Mankind is now faced with the task of creating a political world order free of violence and aggression. This task is twofold: first, man must save the world from destruction by eliminating all nuclear weapons. His second goal, and the only one that can provide a secure basis for the first, is the creation of a political authority with whose help the world could make those decisions which sovereign states previously arrived at through war."

Let me summarize: Man has left the era of ideological struggle behind and has a common goal that has been set, as it were, not by theoretical insight but by the course of history. This in turn has led to what one could call a revolution of ethics, more precisely: of the preconditions of ethics. Until now, ethics could never live up to its theoretical claim to universalism. However, now that the demise of the world is a viable political option, the traditional ethical questions have been reduced to question of secondary importance. The universalistic postulate of our time has developed not through theoretical reflection, but as a negative side effect of an objectively existing situation: the technological development which was once mistakenly seen as a source of value in itself now threatens both the environment and the continued physical existence of man and has thus come to contradict its original purpose. The universal quality of the threat to man's existence is an argument both for a different conception of technology and a different practical application of it.

Precisely this seems to me the most important point: ethics now has objective, irrefutable arguments at its disposal and no longer needs to build its fundamentals on the battleground of ideology ("Kampf der Weltanschauungen").

Philosophers who still believe in the ideological basis of ethics have not learned the lesson of Hiroshima. Politicians who still believe this have become a threat to humanity. Intellectuals who still hide their heads in the sand betray the human cause. We would go even further and say that those who believe that we can continue to live as before, take upon themselves the guilt for the suffering of all those who will become (or already are) the victims of the impending or already progressing catastrophes. That they have a good chance themselves to become victims only makes their attitude more macabre.

Now, what are the principal driving forces of our time and how should they be shaped in order to foster the common goal of man? In our time (possibly to a greater extent than in earlier times) genuine political power lies in the hands of the large economic powers. This is true in two respects: firstly, in the sense that the effects of economic decisions drastically affect other areas of life, and secondly in the sense that the captains of industry make every effort to steer political decision-making toward their own interests. From here, from the internal structures of economic life and their influence on society, arises an essential inequality and lack of freedom among people, certainly here is one of its main sources. This is not to say that the economic system seeks to inhibit the free search for truth. It is in fact heavily reliant on information; it needs knowledge, knowledge that is well-founded and reliable, up to date and open to criticism. But the economic system is by nature only interested in knowledge that serves its interest. However – and this is the decisive point – its interests are not per se those of the respective society. Nor, much less, of humanity. "What is good for General Motors, is good for the US" – this is not correct. And even if it were, it is not for General Motors to decide! The question of whether the US, more correctly, its people, will be benefited by the pursuit of General Motors' interests is something for the people to decide.

The German "Basic Law" (i.e. Constitution) in Article 14, Paragraph 2, declares that "Ownership entails obligation. The use of property shall also serve the general interest". („Eigentum verpflichtet. Sein Gebrauch soll zugleich dem Wohle der Allgemeinheit dienen."). Property is subordinate to the general interest, to which it is obligated. What the general interest is, however, is not something that the economic system can determine because it is itself only a part of the whole. The general interest is something that can be determined solely by the entire sovereign – in this case by the German people as a whole. Turning Article 14 Paragraph 2 of the Basic Law into democratically lived reality is the political-economic variant of the regulative idea of freedom formulated as a constitutional mandate.

In the face of the enormous power of globally functioning economic entities one has to ask, of course, if it is not naïve to hope that individual states can enforce the conditions for genuinely free economic structures. Marx was of this opinion (that it would be naïve) and for this reason he saw the need of a world revolution. Lenin's experiment of creating "socialism in a single country" appears in retrospect to have proved him right. Not greater freedom was its result, but terror.

Is there any hope in pursuing this goal further?

"Hope" is not quite the right word. It is not a matter of having a beautiful dream, but rather of soberly recognizing that people, that the human being, for survival-reasons cannot live without truth; that the pursuit of

truth presupposes freedom and equality; and that therefore all kinds of repression and inequality hinder them (the human beings) in attaining full humanity. Hence gradually overcoming these hindrances is a necessary postulate, a “regulative idea” – not merely a naïve, beautiful dream.

This may be right in theory. Yet the practical problem remains what individual states can undertake to counter today’s globally acting economic forces. Again, we must bear in mind, that this task is an on-going one; neither a quick nor a final solution is to be expected. However: to the extent that blind expansion and exploration place humanity’s chances of survival at risk (and of course those of the economic system as well), social and government forces will increasingly demand the subordination of economic profit interests to general survival interests. Important, though inadequate, steps have been taken in this direction. The largest conference of world leaders in the history of the world, the environmental conference in Rio de Janeiro, and the ecological principles enunciated at the conference in Kyoto are two examples.

But now: how should democratic institutions and the structures of economy look like concretely in order to be able to work best for the general interest and the common goal? Who shall make which decisions, where, when and how?

Such questions are, of course, of fundamental importance. But at the same time we must recognize that they cannot be posed once and answered once. The debate about the best-possible answers to them is an on-going and never-ending task and the forum in which they must be debated is the whole of society.

Ethics, if it is not to exceed the bounds of its competence, cannot take position in substance. Its task is to remind the participants in the discussion, that is: society as such, that if it is seriously interested in reliable answers it will have to observe in its deliberations certain procedures mutually agreed upon in advance and that these procedures will have to pay full respect to the principles of equality and reciprocity.

It is obvious that societies and states and humanity as such at present are far from observing such rules.

Doesn’t the self-limitation to procedural questions make life all too easy for ethics? Understanding the diverging positions in practical philosophy and the various forms of ideological thought is certainly not “easy”. One has to understand and analyze these positions and critically evaluate them to see what is sustainable and what is not. A certain empathy, or better, insightfulness, a high degree of knowledge and of critical analytical competence is required, along with a proper systematic position.

The factual existence of a common goal (i.e. preservation of life) does not mean the end of ethics. The idea that the 2 ½ thousand year old history of ethical thought and endeavor could come to an end belongs to the realm of ideological eschatology. In our world “salvation” is not in sight. What we can look and work for is concrete” solutions”. “Solutions” that, however draw their meaning from being shaped by the, in Kantian words, “regulative ideas” of reason-oriented ethics: universality, mutual recognition, reciprocity. Broken down to the political field that means among others: absence of violence, freedom of speech and social solidarity.

It would be naïve to think that this tension could come to an end. All too easily the preachers of brotherly love turn into terrifying inquisitors (as happened in the Christian medieval ages); all too easily the fighters for the abolition of the state as the stronghold of domination become totalitarian bureaucrats (as happened in ‘real socialism’, soviet style); all too easily the defenders of social solidarity mutate into its neo-liberal opponents (as happened in social-democratic movements in Europe), and so on and so forth.

The task of ethics never ends.

ӘӘЖ 007

## **ВИЗАНТИЯ ИМПЕРАТОРЫ ЮСТИНИАН ЖӘНЕ АВАРЛАР**

**А.П. Ақынова** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Гуманитарлық ғылымдарының магистрі*

В статье на основе оригинальных исторических источников анализируется вопрос о внешней политике Византии по отношению к аварам. Между императором Юстиниан и аварами несколько раз состоялись беседы между послами, также обменивались презентами с целью сохранения безопасности границы. Во время своей власти Юстин не враждовал с аварами, а старался решать мирным путем отношение между двумя государствами.

**Ключевые слова:** Византия, авары, Юстиниан, Европа, посол, империя, император

In article on basis original historic springs анализируется question of outward politics Byzantium on to treatment to avars. Between emperor Юстиниан and avars several time take place lectures between afters, also interchanged презентами with aim preservation of safety border. During power the Justin not враждовал with avars, and endeavoured to solve peaceful by means of treatment between two states.

**key words :** Byzantium, avars, Юстиниан, the Europe, after, empire, emperor



Мақаланы жазу барысында алдымызға Византия императоры Юстинианның аварларға қатысты ұстанған саясатының себептерін, барысын және нәтижелерін ашып көрсету. Аварлар тайпасы шығу тегі жағынан түркі тектес этносқа жатқан. Аварлар Еуропаға VI ғ. келіп, негізінен бұрынғы Ғұн империясының мекендеген жеріне қоныстанды. Авар елшісі, алдымен, Еуропадағы аландардың басшысы Саросиядан Рим сарайын көрсетуді сұрау мақсатында 558 жылдың басында келген болатын. Юстиниан елшілікті қабылдау жайлы шешім қабылдады. Византиялықтардың славяндармен арадағы қиындықтарын және Италиямен соғыста қарулы қол жетіспеушілігін білген Кандих есімді аварлардың елшісі уақытты созбай бірден негізгі мәселеге көшті: «Саған халықтардың ең ұлысы және ең күштісі келіп тұр, авар тайпасы жеңілуді білмейді; ол қарсыласының көзін еш қиындықсыз жояды. Сондықтан да, саған аварларды одақ ретінде қабылдау пайдалы және оларды өзіңе мықты қорғаныш ете біл, бірақ олар сенен жыл сайын бағалы сыйлықтар мен ақша алып тұрса және өздеріндей құнарлы жерге орналасатын болса ғана Рим державасымен достық қатынасты орнатады» [1].

Юстиниан аварлар жайлы жеткілікті ақпарат алған болу керек. Ол сол кезде аварлардың барлық саяси күші қағанға бағынғандық және осы күш византиялықтар мен славяндарға қарсы жұмылдырылғандығы жайлы біліп отырды. Жат жерлік елшілер бірнеше күн бойы оның шатырының алдында қабылдауды күтумен болды [2]. Егер елшілік мақсаты императорға ұнамаса, ол елшілікті жазалай алды. Бірақ, кейде ол қайырымды да бола білді, мысалы, славян тайпасынан босатылып бірнеше мың византиялықтарды ол ешқандай құнсыз бостандыққа жіберген еді. Кей кезде әрбір тұтқынға бола саудаласып, талап етілген құны берілмеген жағдайда салқынқандылықпен мыңдаған тұтқынды өлтіріп отырды. Күндердің бір күнінде қоршауда қалған византия қаласындағы тұрғындарға христиандардың Пасха мейрамында азық-түлік беріп, әйеліне зәмзам суы көмектескен Анхиал қаласына рақымшылық етуі Юстиниан императордың өте күрделі билеуші болғандығын көрсетеді.

Сонымен, барлығын таразылай келе Юстиниан Баян қағанның ұсынысын қабыл алып, барлық қажетті дотациялар мен жыл сайынғы тарту-таралғы туралы уәдесін берді. Және қателеспеді.

Юстинианға аварлар империядағы тепе-теңдікті ұстап тұру үшін қажет болды. Осы тәрізді көршілерге төлеу варварлық әскерлерді күзет қызметіне орналастыру арқылы көп әскер жібермей-ақ шекарада қажетті жағдай орнатуға мүмкіндік туғызды. Юстиниан авар әскерін орналастыруда үлкен шығынға батты. Бітімге келгеннен кейін аварлар савирларды, утигурлар мен кутигурларды талқандады. Менандрдың мәліметі бойынша, олар келіссөз кезінде өздерін тәкаппар ұстаған анттарды да талқандаған [3]. Аварлардың тұтқынына түскен тайпаластарын қайта сатып алу үшін анттар 560 жылы Мезамир бастаған елшілігін аттандырады. Мезамир аварлар ордасында өзін тәуелсіз әрі өрескел ұстады. Анттықтардың ішіндегі осы беделді адамның көзін жоюға көндірген бір кутигурдың кеңесі бойынша Мезамир өлтірілді. «Содан бері, – деп аяқтайды өз әңгімесін Менандр, – аварлар анттардың жерін одан әрі талқандауды, тонауды тоқтатпады және тұрғындарды езіп-жаншыды».

Аварлар – империя шекарасына Юстиниан билігі тұсында келді, Византияға жіберілген елшілерге император жомарттық танытып, ақсүйектеріне сыйлықтар аттандырып отырды. Иоанн Ефесскийдің мәліметі бойынша аварларға «алтын, күміс, киім-кешектер, белдіктер мен алтын ер-тоқым» жіберілген. Менандар Юстиниан кезінде аварларға бағалы заттар мен алтын жіптер (шнур) берілгендігі туралы да хабарлайды. Сыйлық салтанатына мастанған аварлар басқа елшілерін жіберді, сонан соң «әр түрлі сылтаулармен» жаңа елшілік жіберуді жалғастыра берді, ал олар болса бұрынғысынша сыйлыққа көмкерілді. Жомарттықтың себебі, Византия империясы әлсіз де, ал аварлар күшті еді.

Юстиниан шамамен 562 жылы аварларды қабылдай отырып, оларға герул жері – екінші Паннонияны беруге келісті. Аварлар онда орналасуға ынталы болмады, бірақ кейінірек алдыңғы оқиғалардан көрінгендей гепиодтерді ығыстырып шығаруға тырысты деп жазады Менандр. 562 жылы авар қағаны Баян Византияның Юстиниан императорына византия шекарасындағы Дунай маңы жерлерін сұрап өтінген еді. Қашқындардың бірінен Баян қағанның шекараны иемденіп Византия империясына шабуыл жасамақ болғанын білген Юстиниан аварлардың бұл өтінішін қабылдамай тастады. Ал, Баян қаған болса өзінің көздеген мақсатынан қайтпады, оның үстіне нағыз Көк қалаулысы ретінде берген сөзін бұзбады. Сондай-ақ олардың елшілері Константинопольге келген еді. Бұл жайында авар сатқынынан білген Юстиниан алдымен елшілерін қайтаруға келіспей, кейіннен қайтар жолдарында қаруларын тартып алады [4].

Юстиниан аварлармен жасамыс шағында танысты. Және Юстиниан өмірінің соңғы 565 жылдарына дейін қаған империямен достық қарым-қатынасын үзбей шекарадан өтпеді.

Аварлардың Балқан түбегіне қысымы астанаға да ықпалын тигізді, себебі Юстиниан жұмсақтық танытқан еді. Бірақ, оның жомарттығының астарында басқа себеп жатқанн Юстиниан «олардың қолымен өзінің барлық жауын жеңетініне сенді». Юстинианның аварларға тарту-таралғылар беруінің себептерін грек тарихшысы анық көрсетеді:

- 1) Мүмкіндіктері бола тұра олар империяға шабуыл жасамады;
- 2) Олар Фракияға шабуылдаған «варварларды» жойды, ал енді аварлардан қорқады;
- 3) Енді олар парсылар сияқты «кәдімгі алтын» беруді талап етуге келді. Ал, Юстинианның алтынды өлшеусіз таратуы мен ысырапшылдығы «сенат пен бүкіл қаланың наразылығын тудырды». Бұл саясатқа наразылардың қатарында Юстин де бар еді. Ол император болған кезде аварлардың шектен шыққан талаптарымен күресуге тырысты.

Сонымен, Пелопоннесті иеленіп, осында орныққан аварлар не василев ромейіне, не басқа билеушіге бағынышты болмай 218 жылдай осында өмір сүрді.

Өз күшіне сенімді болған аварлар Византияға одан да үлкен талаптарын қоя бастады: олар орналасқанға жер сұрап, одақ пен бейбітшілікті сақтау үшін жыл сайынғы сыйлықтың да нарқын көбейтті. Империя мен аварлар арасында келіспеушіліктер туындайды.

Юстин тұсында аварлардың елшілігі тұтқындалып, қамауға алынған болатын. Аварлардың қуғындауға ұшырағандығын Менадрдың «олар Константинопольден тірі кеткендеріне бақытты болуы керек» деген сөзінен көреміз. Ақырында, осы аварлар босатылды.

Кейінірек аварлар жаңа байланыстар іздей бастады, және франк мемлекетімен жаңа одақ жасасты. Сонан соң лангобардтар мен гепидтердің айтыс-тартысына араласады, лангобардтармен бірігіп 567 жылы Паннония жері мен Дунайдың орта ағысын мекендеген гепидтерді талқандайды. Паннония жазығында өмір сүрген славян тайпалары аварлардың жоғарғы билігін мойындауларына тура келді. Осы уақыттан бастап олар аварлармен біріге отырып Византияға шабуылдар ұйымдастырады.

568 жылы авар қағаны шекараның солтүстік-батыс кілті саналған әрі мықты қорғанысқа ие Савадағы Срем қаласына көз тігеді. Баян қаған – Юстин император келіссөз мақсатында аттандырған Виталиан мен Комитті бұғауда ұстап, қаланы шабуылмен алмақшы болды, бірақ ойлағаны іске аспады. Сол кезде Баян өз елшілерін қалаға келіссөз жүргізуге жіберді. Терең ойланғаннан кейін оған Сирмиум қаласының әскер басшысы Вон келді. Императордың сөзін есінде сақтай отырып, елшілер Вонға келесі сөздерді айтты: «Аварлар басшысы бізге, римдіктерге келесіні айтуға тапсырды: «Мені сендерге қару көтергенім үшін сөкпендер: сендер бірінші болып әскерді осыған итермеледіңдер. Осындай еңбек пен осыншама ұзақ қаңғырудан кейін әрең дегенде жаулап алған бұл елді менен күшпен тартып алдыңдар. Оның үстіне сендер соғыс заңы бойынша маған тиесілі Усдиваданы өздеріңде ұстап отырсыңдар. Сендердің басшыларың маған бір емес, екі емес бірнеше мәрте қатал сөгіс айтып, тиісті нәрсені орындаудан бас тартып отыр. Сонымен, егер де сендердің осындай зәбірлеріңе қарсы мен қару жұмсауым жазғыруға лайықты емес; ал енді, бізбен бейбітшілік жөнінде келісім жүргізілерің келсе, біз дайынбыз. Өздеріңе пайдалысын тандап, бейбітшілікті соғыстан артық көру өз қолдарыңда»» [5].

VI ғ. Срем Иллириктің басты қаласы, әскери және әкімшілік билік орталығы саналмаса да, әлі де болса империя алғашында остготтармен, сонан соң гепидтер мен лангобардтармен дауласқан (таласқан) бұл ауданға деген байырғы құқығынан бас тартпады. Юстиниан заманынан осы шекарада маңызды деген өзгерістер орын алды, соңында саяси ықпал аварлар мен славяндарға әсер еткен. Аварлар нық орныққан қазіргі Венгрияның бір бөлігі және Драв пен Саваның төменгі ағысы саналатын осы аудан гепидтерге қарасты болды. Срем үшін күрес қағанның мақсатын ашып берді, Дунайдың оңтүстік бөлігіне орнығып, өз халқын жермен қамтамасыз ету және гепидтер мен лангобардтардан босатылған облысты басқару. Юстинианның өлімінен кейін 568 жылға қарай олар Паннонияны басып алды және жарты ғасырдай империяны үздіксіз шабуылдап, тонап отырды.

Италияда лангобардтардың ірі герман мемлекеті пайда болды. Тиверий де, Маврикий де франк королі II Хильдебертпен (570-595) Италиядағы лангобардтарға әскери қозғалыс бастауға көндіру үшін одақ құруға тырысып бақты, алайда оның бұл іс-әрекетінен түк шықпады. Екі жақ бір-бірімен бірнеше рет елшілік алмасты және Маврикийге көмектесу ниетінен емес, ежелгі франк билігін өзі үшін жаулап алу мақсатында Хильдеберт Италияға бірнеше мәрте әскер де жіберді. Тек бір жарым ғасырдан кейін ғана Франк королі Италиядағы лангобардтар билігін жойды [6].

Лангобардтар шабуылына төтеп берген Рим лангобардтардан қорғау шараларын қамтамасыз еткен пападан қолдау тапты. VI ғасырдың соңында рим шіркеуі ірі өкілдерінің бірі саналатын папа Ұлы Григорий биліктен босатылды. Өмірінің 6 жылын Константинопольде өткізіп, грек тілінің негізін де үйрене алмаған ол папа апокрисиары не болмаса нунций болған. Бірақ та, осындай лингвистикалық кемшілігіне қарамастан ол Константинополь өмірі мен аварлармен арадағы саяси мәселелермен жете таныс еді [7].

Италияны лангобардтардың жаулауы Юстинианның Батысқа жүргізіп отырған сыртқы саясатының қауқарсыздығын анық байқатты. Бір жағынан, лангобардтардың басып кіруі Италияның Византиядан біртіндеп алыстауына және Италиядағы империяның саяси билігінің әлсіреуіне негіз болды.

Авар қағаны Баян бұл уақытта франк королі Сигизбертпен одақ құрып, аварларды аштық жайлаған

тұста, ол авар әскерін қажетті ұн, көкөніс, ет сияқты азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырды. Гепидтер Византия империясынан қолдау тапқандықтан лангобардтарға қауіпті еді, сондықтан да олар аварларды гепидтерге шабуылдауға көндірді. Империя өз тарапынан жаңа одақтастар іздестірді және бұл одақты түріктерден тапты. Ал, түріктер империяның шығыс облыстарына ғана көмек көрсете алды. Бұл көмек Иранға қарсы жасалған одақтан көрініс тапты, бірақ аварлардың бір бөлігі түріктермен байланыста болды, және түріктер «аварларды қабылдамау» жөнінде Византияға өз ұсыныстарын қойды. Аварлардың бір бөлігі оларға бағынышты болды да, екінші бір бөлігі бөлініп кетті, Менандрдың айтуынша екінші бөлігі 20 000-дай болатын.

Дунай мен Саваға келген аварлар Каспий теңізінің солтүстік жағалауын мен оңтүстік орыс даласына ығысып отырды. Прокопий Кесарийскийдің айтуынша Шығыс Римнің сыртқы саясатына араласа отырып, тарихи оқиғалар барысын өзгертуді жалғастыра берді. Гепидтер мен лангобардтардың Дунай жағалауындағы шайқасы ұзаққа созылды, екі жақ алма-кезек жеңіске жетіп отырды, және екі жақ та қарсыластар есебінен жаулап алынған облыстар көлемін кеңейтуге барынша тырысты.

Бұл кезде гепидтердің жеріне орналасқан Баян қаған олжаға басқа жолмен жетуді жөн санады.

568 жыл бойы византиялықтар мен аварлар елшілік алмасып отырды. Юстин Баян қаған талабына көнбеді. Менандр дерегіне сүйенсек қаған былай деген: «Я таких людей нашлю на землю римскую, которых потеря не будет для меня чувствительна, хоть бы они совсем погибли». Осыдан кейін 10 мың ғұн-кутигурлар оның бұйрығы бойынша Саваға өтіп, Дальмацияны күйретті [8].

Қарсыласу да жалғасын тапты. 576 жылы аварлар кулықпен теңіз жағалауына орналасып, Фракия жағалауында теңізге шығуға қауіп төндірді. Ал, 577 жылы Фракияны талқандады.

Шамасы 578 жылға дейін Юстинге аварлар монша құрылысы мен қаған сарайын салуға «механиктер мен құрылысшылар» беруді сұраған елшілігін аттандырады. Оның өтініші қабыл болды. Византия шеберлері құрылысты аяқтап, үйлеріне қайтуды сұрағанда Иоанн Ефесскийдің дерегі бойынша қаған күшпен қорқытып, «қалаған уақытымызда өтуге мүмкін болатындай Дунай үстіне көпір салындар» деп бұйрық берді. Шеберлер орындалуы мүмкін еместігін алға тартып бұйрықты орындаудан бас тартты. Мұндай құрылыс салу ромей мемлекетіне қарсылық болып саналатын, және осынысы үшін құрылысшылар императордың жазасына ұшырайтын еді. 2 ромейдің басы алынды, қалғандары өлім жазасынан қорыққанынан бұйрықты орындауға келісім берді. Олар «үлкен де қатты ағаш» керектігі туралы айтты. Халықтың басым бөлігі орманға лайықты ағаш кесіп әкелуге жіберілді, шеберлер «бар күшін салып өте мықты көпір салды».

579 жылы аварлар Фракия шекарасынан қуылып, Грецияның бір бөлігі мен Паннонияны жаулап алды [9].

580 жылы қағаннан Константинопольге Тарғытай елші келіп, Византияға аварлар төлеп тұратын әдеттегі салық сияқты алтынның шартты бөлігін алды. Бірақ та аварлар бейбітшілікті сақтауға тырыспады. Олар Сирмия және Сингидон қалаларын және Сава өзенінің төменгі ағысынан дәмелі болды; Дунайдың оң жағалауында орналасуға тырысты.

Аварлардың Византия шекарасына келіп, империямен қарым-қатынас орната бастауы Юстиниан император тұсында басталған болатын. Юстиниан императоры мен аварлар арасында бірнеше мәрте елшіліктер алмасып, осы елшіліктер нәтижесінде империя шекарасының қауіпсіздігін сақтау мақсатында аварлар тарту-таралғылар аттандырып отырды. Юстин өз билігі тұсында аварлармен ашық жауласуға бармай, екі арадағы қатынасты бейбіт жолмен шешіп отыруға тырысқан.

1 *Византийские историки: Дексипп, Эвнапий, Олимпиодор, Малх, Петр Патриций, Менандр, Кандид, Ноннос и Феофан Византиец, переведенные с греческого Спиридоном Дестунисом.* – СПб, 1860. – С. 98.

2 *Успенский Ф.И. История Византийской империи. В 5 т. - Т. 1. Период I (до 527 г.). Период II (518-610 гг.) / Ф.И. Успенский.* - М.: Астрель; АСТ, 2005 - С. 621.

3 *Кулаковский КХА. История Византии. В 3 томах. Том 2. 518-602 годы.* - СПб.: Алетея, 2003. – С. 400.

4 *Пигулевская Н.В. Сирийские источники по истории народов СССР.* - М.-Л., 194. - С. 94-95.

5 *Византийские историки: Дексипп, Эвнапий, Олимпиодор, Малх, Петр Патриций, Менандр, Кандид, Ноннос и Феофан Византиец, переведенные с греческого Спиридоном Дестунисом.* – СПб., 1860. – С. 98.

6 *Гийу, А. Византийская цивилизация / Андре Гийу; пер. с фр. Д.Лоевского.* - Екатеринбург: У-Фактория, 2008. – С. 545.

7 *Васильев А.А. История Византийской империи. В 2-х т. Т. 1. (Время до крестовых походов до 1081 г.).* - СПб.: Алетея, 1998. – С. 117., <http://www.bvzantium.ru/history.php>

8 *Византийские историки: Дексипп, Эвнапий, Олимпиодор, Малх, Петр Патриций, Менандр, Кандид, Ноннос и Феофан Византиец, переведенные с греческого Спиридоном Дестунисом.* – СПб., 1860. – С. 117.

9 *Жумагулов К.Т. Основные проблемы развития древнегерманского общества до Великого переселения народов.* - Алматы, 1997. – С. 33.

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ТҰРАҚТЫ ДАМУДАҒЫ ЕЛБАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Ә.Бақауова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушы

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, бүкіләлемдік халықаралық қарым-қатынаста және саяси үрдістен өзіндік келбетімен айқын орын алуы отандық ескі халықаралық ұстанымдардан арылып, жаңа бағытта дамуына мүмкіндік туғызды. Осындай жаңа тәуелсіз елге тән қарым-қатынасты дамытудағы Елбасының өз елінің алдындағы қызметінің бірі – ол алып Ұлыбритания сияқты Еуропалық елдермен қарым-қатынасты қазіргі әлемдік халықаралық деңгейде дамытудағы рөлі.

**Кілт сөздер:** Қазақстан, Ұлыбритания, мемлекет, Президент, тәуелсіз, халықаралық

Республики Казахстан, сформировавшееся как независимое государство во всемирной международной связи и получив свое место в политических процессах стало избавляться от старых отечественных международных позиций направив свои силы на новое развитие. Главной задачей нового независимого государства является поднять на высший уровень международные отношения таких государств, как Великобритания.

**Ключевые слова:** Казахстан, Великобритания, государство, Президент, независимый, международный

The republic Kazakhstan, formed as the irrespctive the state in universal international tie and having received place in politicals processes has become избавляться from aged home international positions having directed force on new development. Main the problem new irrespctive state be to lift on higher level international treatments such states, as the Great Britain.

**Key words:** Kazakhstan, the Great Britain, the state, President, irrespctive, international

Қазақстан Республикасы Президенті өз 2008 жылғы жолдауында: «Халқымыз осы заманғы және бәсекеге қабілетті зайырлы мемлекетті белсене орнатып жатыр. Міне, нақ сондықтан да мен қазірдің өзінде мұндай тәжірибе жинақтаған Қазақстанның халықаралық деңгейдегі мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысу орталықтарының бірі ретінде қызмет атқаруға әзір екенін тағы да қуаттағым келеді...» [1] – деп еліміздің халықаралық қарым қатынастардағы қазіргі келбетін сипаттап өткен. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, бүкіләлемдік халықаралық қарым-қатынаста және саяси үрдістен өзіндік келбетімен айқын орын алуы отандық ескі халықаралық ұстанымдардан арылып, жаңа бағытта дамуына мүмкіндік туғызды. Осындай жаңа тәуелсіз елге тән қарым-қатынасты дамытудағы елбасының елеулі орын алған елі алдындағы қызметінің бірі – ол алып Ұлыбритания сияқты еуропалық елдермен қарым қатынасты қазіргі әлемдік халықаралық деңгейде дамытудағы рөлі. Іссапар барысында Елбасы Ұлыбританияның Парламенті қос палаталарының басшылығымен, сондай-ақ британдық парламентарийлермен «дөңгелек үстел» басында Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы парламенттік байланыстарды одан әрі дамыту мен нығайту, 2009 жылы ЕҚЫҰ-да Қазақстанның төрағалығы туралы мәлімдемені ілгерілету, сондай-ақ Қазақстанның саяси және экономикалық даму жолын дүниежүзі қауымдастығына таныту жөнінде келіссөздер мен кездесулер өткізу жоспарланып отырғандығын мәлімдеуі қазіргі кезеңдегі Ұлыбританиямен еліміздің қарым-қатынасының сипатын айқын көрсетері сөзсіз. Қазақстанның Еуропадағы аса ірі сауда және инвестициялық әріптесі ретінде Ұлыбританияның айрықша орны екі жақты қатынастарда саяси проблемалардың жоқтығымен ерекшеленеді. Мұның түпкі негізі мұнай мен газға, сонымен қатар мұнай-газ тасымалдау құбырларына тікелей байланысты. Өйткені, мұнай-газ салаларының геостратегиялық және экономикалық маңызы әлемдік ауқымда ерекше болып отыр. Қазақстан басшысының осы сапарында екі елдің ынтымақтастығын одан әрі дамыту мақсатында дәл осы мұнай-газ салалары сөз болашағына сенімі мол. Екі елдің өзара қатынастарын бүгінгі күндегідей дәрежеге жеткізуге Мемлекет басшысының 1991 жылғы сапары негіз қалады дегеніміз жөн. Содан бастап-ақ Қазақстан Еуропа Қайта құру және Даму Банкімен, сондай-ақ бүгінде Қазақстанда белсенді жұмыс істеп келе жатқан британдық бірқатар компаниялармен маңызды ынтымақтастық орнатыла бастады. Ел тәуелсіздігін алған алғашқы жылдарда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұлыбританияда бірнеше мәрте сапармен болды. Оның барлығы екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты дамытуға тікелей арқау болғаны анық. Мысалы, 1994 жылғы наурыздағы сапары мемлекеттер арасындағы өзара ықпалдастықты тереңдетуге жол ашып, Қазақстан-Британ ынтымақтастығының шарттық-құқықтық негізін қалаған құжаттарға қол қойылды. Арада біраз уақыт өткенде, 1995 жылдың соңы мен 1996 жылдың басында Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы екіжақты экономикалық қатынастарды реттейтін екі шешуші келісім – Қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісім мен Инвестицияларды қолдау

мен өзара қорғау туралы келісім күшіне енді. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2000 жылдың қарашасында Лондонға жасаған ресми сапары екі елдің өзара қарым-қатынасына жаңаша серпін берген ерекше маңызды сапар болғанын атап өткен жөн. Оның барысында Қазақстан басшысының Королева II Елизаветамен кездесуінде Нұрсұлтан Назарбаевты Королева Қазақстанда саяси және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, елде заңдылық пен демократияны орнықтыруға, сондай-ақ жаһандық ауқымда ядролық қаруды таратпау ісіне сіңірген еңбегі үшін Біріккен Корольдіктің жоғары наградасы – Қасиетті Михаил және Қасиетті Георгий орденімен марапаттаған еді. Сапар кезінде екі елдің әскери саладағы ынтымақтастығы туралы құжаттарға және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Британ кеңесі арасындағы Қазақстан-Британ техникалық университетін құру туралы меморандумға қол қойылған болатын. Бүгінде қол қойылған сол құжаттар негізінде Қазақстан-Британ университеті құрылып, жұмыс істеп жатыр. Қазақстан тәуелсіздігін алғалы бері екі елдің арасындағы байланыстар, делегациялар алмасулар толастаған жоқ. Мысалы, 1996 жылдың қарашасында Король отбасының мүшелері мұрагер ханзада Чарльз, 1993 жылдың шілдесінде ханшайым Анна, ал 2002 жылдың қыркүйегінде II Елизаветаның немере інісі Герцог Глостерский келіп қайтты. Ұлыбританияның Қазақстанға деген ұстанымын Еуропалық Одақ аясынан да анық көруге болады. Өйткені, Ұлыбритания Еуропалық Одақ елдері арасынан 1996 жылы бірінші болып Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасында келісімге қол қойылған. Жоғарыда атап өткеніміздей екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастар елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тікелей бастамасымен қазіргі кезеңде тамырын тереңге жайған. Тоқсаныншы жылдар – халықаралық, істердегі бұрынғы қатынастардың түбірімен қопарыла құлау кезеңі, орнықсыздықтың күшейіп, аймақтық және ішкі соғыс, кең ауқымды терроризм сынды жаңа «тажалдардың» асқынған түрі. Кеңес Одағының күйреуі және қос кіндікті дүниенің құлауына байланысты халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі пайда болды. 1991 жылғы 16-желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздік туралы декларация жариялады, дүниежүзілік қоғамдастыққа және экономикаға дербес енуге мүмкіндік алды. 1992 жылы қаңтарда тоғыз шет мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатты. Республикамыздың сыртқы саясат ведомствосы ұлттық мүдде мен жалпы адамзаттық мүдделерді үйлестіріп жүргізетін дипломатиялық саясатқа кірісті. 1992 жылы қаңтардың 23-інде Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі өзінің мәжілісінде Бас Ассамблеяға Қазақстан Республикасын Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылдауға ұсынатын қарарды мақұлдады [2]. Өзінің геосаяси орны жағынан екі алып держава – Ресей мен Қытайдың арасына орналасқандықтан Қазақстан осы елдермен қатынастың жаңа бағыттарын айқындау, шекаралардың бұзылмайтындығын мойындап, оны құжаттар арқылы бекітуді басты назарда ұстады, Қазақстан 1991 жылдың желтоқсанында қаржылық, автономияға қол жеткізе берген кезде Ресей республикаға байкот жариялай бастады. Бір айдан кейін республика өнеркәсібінің көптеген шешуші салалары тоқтай бастаған соң, екі көрші ел қаржы және сауда саясатын толық келісіп жүргізуге бағытталған келісімге қол қойды. Осыған карамастан, Қазақстан Ресейден тәуелсіз экономикалық саясат жүргізуге тырысты. 1992 жылы Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі отыз адамнан тұрды. Кәсіби дипломаттардың көбісі бұрынғы КСРО-ның Сыртқы істер министрлігінде жұмыс істеген болатын. Республикамыз өз дипломаттарының санын кебейту мақсатында Ресейдің Сыртқы істер министрлігінің академиясына жастарды жіберуді ойластырды. Кейінгі кезде Қазақстанның өзінде дипломаттар даярлайтын арнаулы жоғары оқу орындарын ашуға көңіл бөлініп отыр. 1994 жылдың желтоқсан айында АҚШ, Ұлыбритания және Ресей Қазақстанның шекарасының мызғымайтындығы және оған қарсы – ядролық қаруды қолданбайтындығы туралы келісімге қол қойды. Келісуші жақтар бір-бірінің тәуелсіздігін және территориялық тұтастығын құрметтеуге, ішкі істеріне араласпауға, күш-жігерді айналадағы ортаны қорғауға, халықаралық террорға, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі заттармен заңсыз сауда жасауға қарсы күрес сияқты мәселелерді шешуге бағытталған міндеттемелер қабылдады. Қазақстан Англияның "Бритиш газ", Италияның "Аджив" компанияларымен мұнай және газды ендіру үшін іскерлік байланыс жасап отырды [3]. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған алғашқы жылдары-ақ өзінің сыртқы саясатын тездетіп қалыптастыруы қажет болды, әйтпесе, біздің мүдделерімізге орасан нұқсан келуі мүмкін еді. Қазақстанның сыртқы саясатының тұжырымдамасын Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 1992 жылғы мамыр айында шыққан «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегінде атап көрсетті. Еліміз өзінің геосаяси жағдайын, этнодемографиялық және басқа факторларды ескере отырып, көп бағытты дипломатияны жүзеге асыруға кірісті. Мұның мәні – әлемдік деңгейдегі істерде елеулі орын алатын және еліміздің нақты мүдделері байланысатын мемлекеттердің бәрімен достық және өзара сенімділік сипатындағы қарым-қатынастарды дамыту деген сөз. Шетелдік ықпалдастарымыз бен қарым-қатынасымыздың құқықтық негізін жасақтау қажет болды. Қазақстанға инвестиция тарту үшін, ең алдымен, екі жақты дипломатиялық қатынас орнату шарты алға қойылды. Сыртқы саясатымыздың қалыптасу кезеңі мынадай өрелі міндет-

терді жүзеге асырудан басталды. Біріншіден, біздің мемлекетіміздің шын сипатын танытуымыз, екіншіден, Қазақстанды халықаралық дәрежеде мойындатып, оның қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуіміз қажет болды. Үшіншіден, әлемдік шаруашылық жүргізу мен экономикалық байланыстарға белсене араласуымыз қажет болды. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда, әрине, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі аса зор. Қазақстанның қуаты мен мүмкіндіктерін шетелдерге кеңінен насихаттау үшін дүниежүзі мемлекеттері басшыларымен тікелей жеке байланысқа шықты, біз әлемдік қауымдастыққа тең құқылы және тәуелсіз әріптес ретінде танылды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі екі айдың ішінде әлемнің 92 мемлекеті елімізді таныды. Қазақстанның сыртқы дүниемен өзара қарым-қатынасының шарттық-құқықтық базасы жасалды және дамыды, ядролық державалар – АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Қытай, Франция тарапынан қауіпсіздік кепілдігі қамтамасыз етілді [4]. 1994 жылғы 2 желтоқсанда Еуропа қауіпсіздігі және ынтымақтастығы Кеңесінің Будапештегі мәслихаты кезінде ядролық державалар – Ресей Федерациясы, АҚШ, Ұлыбритания тарапынан Қазақстан қауіпсіздігіне берілетін кепілдіктер туралы Меморандумға қол қойылды. Онда аталған мемлекеттер Қазақстанның қазіргі шекарасының мызғымастығын, тәуелсіздігі мен егемендігін қадірлейтіндіктерін куәландырды. Қазақстанның саяси тәуелсіздігіне, аумақтық тұтастығына қарсы күш қолданбауға, экономикалық зорлық-зомбылық көрсетуден бас тартуға міндеттеме алынды. 1994 жылғы 5 желтоқсанда, СБСЕ-нің Будапештегі мәслихаты кезінде Ресей, АҚШ, Ұлыбритания тарапынан Қазақстан қауіпсіздігіне берілетін кепілдіктер туралы меморандумға қол қойылды. Онда аталмыш мемлекеттер СБСЕ қағидаларына сәйкес, Қазақстанның қазіргі шекарасының мызғымастығын, тәуелсіздігі мен егемендігін қадірлейтіндіктерін куәландырды. Қазақстанның саяси тәуелсіздігіне, аумақтық тұтастығына қарсы күш қолданбауға, экономикалық зорлық-зомбылық көрсетуден бас тартуға міндеттеме алды. Еуропа Одағы елдері, атап айтқанда, Австрия, Бельгия, Германия, Грекия, Дания, Италия, Испания, Ирландия, Люксембург, Нидерланды, Ұлыбритания, Португалия, Франция, Финляндия, Швеция әлемдік саясатта және экономикада ерекше маңызды іс атқарып отыр. 1995 жылғы 15 ақпанда Президент Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің сыртқы саясаты мәселелері бойынша кеңес өткізді. Өз сөзінде Елбасы Қазақстанның келешек ұзақ мерзімді кезеңде ерекше мүддесі Еуропа Одағымен байланысты екендігін, бұл одақ басқа аймақтардың мемлекеттерімен қатынаста, ең алдымен, сауда-экономикалық салада, бүкіл Еуропа атынан саясат жүргізетіндігін атап өтті. Еуропа Одағының Қазақстанмен саяси қатынасты дамытуға дайын тұрғанын көрсете келіп, бұл мүмкіндікті толығынан пайдалану қажеттігін көрсетті [5]. Қазақстанның Ұлыбританиямен қатынасы 1991 жылдың қыркүйегінде басталған болатын. Сол кезде Британия премьері Маргарет Тэтчер бір сапарын Алматыға жол-жәнекей аялдама жасайтындай етіп жоспарлап, Президент Н.Назарбаевпен кездесті. М.Тэтчерді толғандырған мәселелер – біздегі ракеталар тағдыры және ядролық; қаруды басқа елдерге сату туралы екендігі аталды. Президент Н.Назарбаев еліміздегі ракеталардың қауіпсіз екендігіне, күзеттің мықты екеніне және ядролық қару сатпақ ниетіміз жоқ екеніне сендірді. Өз кезегінде М.Тэтчер егер Қазақстан өз алдына мемлекет болып шықса, оның аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігіне кепілдік беру керектігіне Еуропа мемлекеттері басшыларының көздерін жеткізуге уәде берді. Сол жылы қазан айында Президент Н.Назарбаев Лондонда арнаулы сапармен болды. Қазақстан мен Ұлыбритания арасында дипломатиялық қатынас 1992 жылғы 19 қаңтарда орнатылған болатын. «Қазақстан-Британ» қатынасының дамуына 199 жылғы 20-23 наурыздағы Президент Н.Назарбаевтың Ұлыбританияға ресми сапары зор әсер етті. Онда екі ел арасында достық және ынтымақтастық туралы Бірлескен декларация, сондай-ақ, экономика және білім беру, ғылым, мәдениет салаларындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды. Қазақстан Елбасының сапары кезінде «Қазақстан-Британ» сауда-өнеркәсіп кеңесінің бірінші мәжілісі өтті. 1993-1999 жылдары Ұлыбритания Қазақстан экономикасына жалпы көлемі бір миллиард 146 миллион доллар қаржы жұмсады. 2002 жылы екі ел арасындағы сыртқы сауда айналымының көлемі 388 миллион доллардан асты. Екі ел арасындағы сыртқы сауда айналымының жалпы көлемі 420 миллион доллардан асады. Біздің елімізде 90 «Қазақстан-Британ» бірлескен кәсіпорны және 40 британ компаниясының өкілдігі бар, олардың ішінде әлемге танымал «Бритишгаз» және металлургия саласында «Испат-Кармет» ерекше белгілі. Ұлыбритания әлемдегі беделді халықаралық ұйымдардың көпшілігіне мүше. Оның ішінде Еуропалық Одаққа мүше ретінде Қазақстанның БСҰ-ға кіру барысындағы дайындығын, сонымен қатар еліміздің әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу ұмтылысын қолдаған іргелі мемлекеттердің бірі болып табылады. Ұлыбритания-Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың тағы бір көрінісін қаржы-кредиттік саладан көруге болады. Мысалы, ұлттық валютамыз – теңгенің банкноттары басқа елде емес, осы мемлекетте басылған. Қазіргі кезде Ұлттық банк пен қазақстандық бірқатар банктер Англия банктерімен, басқа да британдық ірі банктермен тікелей корреспонденттік қатынастарды жалғастыруда. Мәліметтерге қарағанда, Қазақстан тарапынан шамамен 264,7 миллион долларды құрайтын мемлекеттік емес 6 займ

мемлекеттің кепілдік етуімен алынған. Бүгінде оның 176 миллион доллары игерілді. Капиталдандыру деңгейі бойынша “Қазақмыс” компаниясы британдық ең ірі 100 компанияның FTSE-100 тізіміне енді [6]. Ұлыбританияға 1992 ж. сапарының екінші күні ертеңгісін Букингем сарайында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Корольдігінің Королевасы II Елизавета кездесіп, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастар жайында әңгімелесті. Кездесу ыстық ықыласты, достық жағдайда өтті. Елизавета II бұрыннан қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекет басшысы болып табылады. Таққа 1952 жылдың 6 ақпанында отырған. Әкесі VI Георгтан II Елизаветаға Ұлыбритания, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Пәкстан және Цейлонға корольдік ету мұра ретінде қалған еді. Ұлыбритания қол астында болған бірқатар елдер тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін II Елизаветаның корольдік ету билігі бірқатар жаңа мемлекеттерге тарады. Осылайша II Елизавета өзінің 52 жылдан астам уақыт ішінде 32 мемлекеттің монархы болып үлгерді. Қазіргі кезде II Елизавета жалпы саны 128 миллион адамды құрайтын Еуропа, Америка, Кариб бассейні және Океания аумағында 16 мемлекеттің басшысы болып табылады. Қазақстан басшысы мен Ұлыбритания Премьер-Министрі жоғары дәрежедегі кездесуді рәсімдейтін ескерткіш суретке түскеннен кейін, Нұрсұлтан Назарбаев пен Тони Блэрдің кездесуі басталды. Қазақстан мен Ұлыбритания экономикалық байланыстарды дамытумен қатар, алдағы уақытта халықаралық лаңкестікке, жаппай қырып-жоютын қарудың таралмауына және басқа қауіп-қатерлерге қарсы ынтымақтастық орнату ерекше маңызды деп санайды. Сонымен қатар мемлекеттер Ауғанстан мен Ирактағы жағдайды тұрақтандырып, бұл елдерде бейбітшілік орнатуға мүдделі екендіктерін білдіріп отыр. Қазақстан мен Ұлыбританияның әскери саладағы ынтымақтастығын атап өтуге тұрарлық. Бұған “Дала қыраны-2006” атты бірлескен бітімгершілік жаттығуының өтуі дәлел болмақ [7]. Бүгінде екі мемлекет халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін дінаралық және этносаралық байланыстарды нығайту мақсатын алға қойып отыр. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесі, осы жылы Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі, сондай-ақ Ұлыбритания үкіметінің қолдауымен Ыстамбұлда өткен “Еуропа мұсылмандары” конференциясы жоғары айтқандарымызды дәлелдей түседі әрі нақты мысал болып табылады. Қазақстан да, Ұлыбритания да тұрақтылықты қамтамасыз етуде демократиялық институттарды дамытудың маңыздылығын таныған. Ал Ұлыбритания Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жүзеге асырып жатқан іс-шараларына қолдау білдіруде.

1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында». 1 наурыз 2006. (Қазақстан халқына Президент жолдауы) // Егемен Қазақстан – 1-2 б.

2 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. - б. 158, 237.

3 Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы, 2003. - б. 186, 234.

4 Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы, 1996. - б. 272-275.

5 Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздігімізге бес жыл. – Алматы: Қазақстан, 1996. - б. 516, 573.

6 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық қазақтандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: – Алматы: Білім, 1998. - б. 99-101.

7 Назарбаев Н.А. Евразийский союз: идеи, тактика, перспективы (1994-1997 гг.). – М., 1997. – б. 396, 398-399.

ӘӘЖ 958 (63)

## БАТЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Ж.Саурыкова** – Магистрант КазГосЖенПУ, 2 курс

Зарубежный опыт социальной работы многообразен и многолик. Прежде всего необходимо иметь в виду два аспекта в социальной работе, в социальной защите тех или иных слоев и групп населения. Как вид деятельности, нацеленный на оказание поддержки, защиты оказавшихся в трудных ситуациях людей, социальная работа появилась с момента возникновения и развития человеческого общества.

**Ключевые слова:** Социальная работа за рубежом, зарубежные модели социальной работы, модели социальной защиты

Foreign experience of social work is diverse and many-sided. First of all it must be kept in mind two aspects in social work, in social protection of these or those layers and groups of the population. As the kind of activity aimed at support, protection of the people who have appeared in difficult situations, social work appeared from the moment of emergence and development of human society.

**Key words:** Social work abroad, foreign models of social work, model of social protection

Қоғамдық оның ішіндегі әлеуметтік ерекшеліктерінің қызмет істеуі тікелей мемлекеттердің немесе мемлекет топтарының өркениетті меншігімен анықталады.

Батыстық өркениетті типін қабылдай отырып, әр түрлі өркениетті қоғамдардың бар екенін ескеруіміз қажет. Осыған байланысты жалпы дүниежүзілік тенденциядағы өркениеттік өзіндік таным батыстық дүниеге кірген жоқ. Бүгін оның өркениетті тұтастығымен ерекшелетінін айта аламыз. ХХ ғасырдың көрнекті британ тарихшысы А.Дж. Тойнби өзінің «Тарихты тану» трактатында жазуы бойынша: «қазіргі кездегі әлемде Батыстық өркениет интегралдық тұтастық бола алмайды» [1].

Бірқатар зерттеушілер Батыс шеңберіндегі өркениеттің құрылықтық батыс еуропалық және батыс атлантикалық түрлерін көрсеткен. Бұл өркениеттерге қоғамдық құрылымның нақты модельдері сәйкес келеді. Батыстағы құрылықтық Еуропаның көсбасшылық позициясын Германия мен Франция елдері алып отырса, ал батыс атлантикалық өркениетте АҚШ пен Ұлыбритания алдыңғы орында. Соңғысы еуропалық мемлекеттердің қатарына қосылар кезінде өзінің қоғамдық моделінің қызметі батыс құрылықтық жүйенің нақты компоненттерін қамтамасыз еткен. Осыған қарамастан, бұл жерде батыс атлантикалық специфика жоғары орында болды.

Батыс еуропалық құрылықтық өркениеттің ағылшынсаксондық өркениеттен ерекшелігі кең тіршілік спектрін қамтиды. Олар өзінің жетістіктерін мәдени-ментальдік деңгейде, жергілікті өзін-өзі басқару және білім беру модельдерінде, әлеуметтік-экономикалық қызметке мемлекеттік қатысу сатысында, әлеуметтік кепілдік жүйесінде таба алады және әлеуметтік жұмыстың бағыттылығы мен сипаттамасын анықтайды.

В данной статье рассматриваются выгодные механизмы и основные требования для выполнения социальной работы. В том числе, профессиональные навыки социальной работы при осуществлении данной работы. Также раскрывается роль социального работника, его профессиональные навыки как специалиста-помощника, защищающего социальные интересы физических лиц общества. Любая социальная работа имеет свои цели и принадлежащие к ней компоненты. Профессиональная деятельность социальной работы в обществе отражается в гармонии социальных отношений.

**Ключевые слова:** социальная работа, социальная технология, социальная защита, модель, государство, принцип, социальное обеспечение, социальная проблема, диагностика, функция, исследование, оказывать помощь населению, психология, педагогика, терапия, социология, механизм

This article discusses profitable tools and main requirements for performing of social work. In particular, the professional skills of social work the implementation of this work. Including, professional skills of social work at implementation of this work. Also the role of the social worker, his professional skills as the specialist assistant protecting social interests of natural persons of society reveals. Any social work has the purposes and components belonging to it. Professional activity of social work in society is reflected in harmony of the social relations.

**Key words:** social work, social technology, social protection, model, state, principle, social security, social problem, diagnostics, function, research, services to the community, psychology, pedagogy, therapy, sociology, mechanism

Қазіргі заманда әлеуметтік жұмыстың қоғамдағы орны орасан зор. Өйткені өмірдің қиын жағдайларындағы тұлғаның мәселелерін реттеуді басты назарға алады. Әр жыл сайынғы Елбасының халыққа жолдауы мемлекетіміздің басты қазынасы – адам факторына арналуы да бекер емес. Әлеуметтік жұмысты жүзеге асырудың тиімді механизмдері ретінде әлеуметтік жұмыс принциптері, әлеуметтік жұмыстың технологиялары, әлеуметтік жұмыс әдістері және әлеуметтік жұмыс үлгісі (моделі) болып табылады.

Принциптер – бұл еңбек етудің, жұмыс істеудің қағидаларын анықтайтын бастапқы ұсыныстар мен негізгі ережелер жиынтығы. Принциптер қоршаған ортаны танып білудің қайта құрып, өзгерту процесіндегі логикалық әрекеттерінің нәтижесі болып табылады. Кез келген ғылым теорияның, тәжірибенің, әдістердің, әдістемелердің жиынтығынан тұрады. Әлеуметтік жұмыс қызмет етудің жан-жақты дамыған түрі және көптеген басқа ғылымдармен байланысты болып келеді. Осыған орай әлеуметтік жұмыстың бірнеше принциптерін ажыратуға болады:

1. Мазмұнды гуманизм, демократизм, заңдылық, адамдардың өмір сүру кезеңдерін жан – жақты байланысты болып келуі, әлеуметтік белсенділікті ынталандыру.

2. Әлеуметтік әділеттілік – қоғамның, топтардың, жеке адамдардың мүдделерін біріктіріп есепке алу, әлеуметтік қызмет көрсету түрлерін алу, бірдей мүмкіншіліктерді қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсетуге қол жеткізу мүмкіншілігі.

3. Ұйымдастыру принциптері – тапсырманың орындалуын бақылау және тексеру, өкілдіктердің жауапкершілігін бірлігін тексеру, кешендік, делдалдық, ынтымақтастық.

4. Психологиялық, терапедагогикалық принциптер – кешендік және жеке көзқарас, яғни мақсатқа бағытталған тартымды мағыналы және сенім арттыру принциптері. Жүйелі және жалғасып, тоқтаусыз іске асырылатын принциптерге негізделеді.

Әлеуметтік халық қорғау жүйесі принциптерге негізделеді және де ғылыми негізді құрайды. Принциптер – бұл ғылыми қалыптасқан жағдай оның мазмұнының сұраныстырамен анықталады, әрі халықты әлеуметтік қорғау формалары мен әдістерінен тұрады. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесі негізгі принциптерге толық негізделеді және эффектілі өзіндік міндеттерді қалыптастырады. Халықты әлеуметтік қорғау принциптеріне: гуманизм, яғни адамгершілік пен әлеуметтік әділеттілік жатады.

Гуманизм – әлеуметтік жұмыстың мақсаты жетекші бағыты болып саналады. Ол адамды ең жоғарғы құндылық ретінде санайтын идеяны қолдайды, оның құқықтары мен құндылықтарын қорғайды. Бұл принцип сонымен бірге адамдардың қабілетін еркін және жан-жақты іске асырылуына керекті жағдайлар жасауын талап етеді. Әлеуметтік жұмыс негізінен жүйелілік пен кешенділік принциптерден құралады. Ол негізінен өзарабайланыстар құрамдастар мен бүтін білім және оның жеке дара бөлшектерімен байланысты. Кешенділік принципі негізінен бағытталған элементтерден және оның интегралдық бүтіндіктерін қарастыру арқылы жүзеге асады. Әлеуметтік қорғау жүйесінің негізгі элементіне объект пен субъект жатады. Кәсіпорындардағы жүйелілік принципі әлеуметтік қорғаумен тығыз байланысты. Бұндағы байланыс кешенділік, яғни экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және тағы басқа бағыттамалары жатады. Кешенділік принципі негізінен төмендегідей іс-әрекеттерді қамтамасыз етеді:

- Бірегей мақсаттар мен принциптерді және мамандыққа бағыттаманы қамтамасыз етеді.
- Тарихи тәжірибеде әдеп-ғұрыптық байланыстарды бүгінгі кезде парктикалық жағынан адамға көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.
- Әлеуметтік қорғаудың объектісін жан-жақты оқып, танып білуді қамтамасыз етеді.
- Әлеуметтік қорғау субъектісінің бірігей координатты, әрі келісімді іс-әрекеттерді атқаруды қамтамасыз етеді.
- Халыққа көмек көрсетуге оның мөлшерін, деңгейін басқаруды қамтамасыз етеді.

Кешенділік принциптерінің негізіне сүйене отырып әлеуметтік қорғаудағы ахуалдарды шешуге мүмкіндік береді, әрі әлеуметтік-экономикалық политиканың мемлекеттегі рөлі мен өзара қалыптасуына

зор үлесін тигізді. Басты мағынаға ие принциптерінің бірі – алдын-алу принципі сақтандыру мөлшерін әлеуметтік қорғауда басты маңыздылыққа негіздейді. Бұл принцип бойынша олар әлеуметтік жағымсыз жағдайларға алдын-ала болжам жасауға басты кезеңдерде оларды белгілі бір жағдайларға байланысты жасыру және ондай жағымсыз жағдайларды жою.

Осыған орай елімізде әлеуметтік жұмыстың қағидаларын айқындап, технологияларын дамыту қажет. Әлеуметтік жұмыстың бастапқы негізін, әрекетінің ережесін айқындайтын идеялар жиынтығы әлеуметтік жұмыс принциптері деп аталады. Әлеуметтік жұмыс принциптеріне мыналар жатады: гумандық принцип, альтуристік қатынас, конфиденциалдық, демократизм және толеранттық.

Гумандық принципі адамды аса бағалы деп түсінуді талап етеді. (латын тілінен алғанда «гумандық» – «адамгершілікті» білдіреді). Гумандық еркіндікке, бақытқа, өзінің қабілеттерінің көрінуі мен дамуына адамның құқығы бар, деп мойындайды; адамдар арасындағы теңдік пен әділдік, қатынастардың ережесі деп есептейді. Қоғамдағы болып жатқан процестерге қарағанда, бірінші орынға адамның назарын қояды [1]. Мысалы, егер адамдар жақсы өмір сүре бастаса, онда елдегі реформа дұрыс жүргізіледі деген сөз. Ал егер, керісінше, адамдар нашар өмір сүрсе, онда реформа қате жүргізіледі деген сөз. Адамзатты сүю идеясы халық арасында Еуропада қайта өрлеу дәуірінде (XV-XVI ғғ.) кең түрде айтыла бастады. Бұдан әрі гуманизм адамгершілікті, адамдарға деген адамгершілік көзқарасты, мейірімділікті білдіреді. Альтуристік қатынас өзімшілдікке (эгоизмге) қарама-қарсы («альтуризм» латын сөзінен шыққан, «басқа» деген мағынаны білдіреді). Ол буддизм мен христиан заманында моральдық принцип ретінде белгілі болды. Терминнің өзін XIX ғасырда О.Конт «басқа адам үшін өмір сүру» деген көзқарас деп білдірген. Альтуризм әлеуметтік жұмыста адамға адал, риясыздық, жанкештілік көмек дегенді білдіреді. «Конфиденциалдық» деген қағида (латынның «сенім» деген сөзі) сізге адамның айтқан құпия сырларын, ауруларының тарихын кімге болса, соған айтпай, құпияда сақтауын білдіреді.

«Демократизм» мен «толеранттық» қағидалары кез-келген адаммен дұрыс қатынаста болуға, оның жасаған қылықтарына шыдамдылықпен, түсінушілікпен қарауды дегенді білдіреді («толеранттық» латынның сөзі «шыдамдылық» деген мағынаны білдіреді). Демократиялық әлеуметтік қызметкер өзінің клиентінің ойлау құқығын құрметтейді, оның қандай діннің иесі екенін талқыламайды, құдайға сенетінін өзіне ұнамайтынын, жақтырмағанын көрсетпейді. Әлеуметтік қызметкер ондай адамдармен шыдамдылық көрсетіп, жұмыс жүргізеді. Адам құқығы мен заңды сақтау – әлеуметтік жұмыстың қағидалары, ол мемлекеттің саясатына білдіретін заңдарды қатаң сақтауды талап етеді. Бұл заңдарда адам мен адамзаттың құқығы және әлеуметтік көмек пен қорғаудағы адамдардың құқықтары айқындалған. Әлеуметтік қызметкер заңды бұзбауы тиіс.

Әлеуметтік жұмыстың технологиясы деп – әлеуметтік қызметкердің өзінің іс-әрекетіндегі қойылған мақсатына жеткізетін әдістері мен амалдардың жиынтығын айтамыз. Әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік технологиялары қарапайым (арнайы мамандығы жоқ адамдар да жүргізетін), күрделі (мамандықты қажет ететін) және комплексті (бірнеше мамандықтарды қажет ететін) болып бөлінеді [2]. Әлеуметтік жұмыстың жалпы технологиясымен бірге (диагноз, экспертиза, болжау, көпшілікпен байланыс) әлеуметтік жұмыстың нақты әдістері мен үлгілерін көрсетуге болады. Болашақты алдын-ала пайдалану технологиясының негізінде тұрғындардың қамқорлығы туралы мемлекеттің ерекше саясаты жатады. Дегенмен парламенттің депутаттары қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік мәселелерді алдын-ала шешумен айналысқысы келмейді. Осындай мәселелер адамдар өміріне кіріп, оларға көп қиындық пен қайғы әкелгенде ғана депутаттар заңдарды қабылдайды. Әлеуметтік технологиялар іске асқан кезде бірнеше түрлерге бөлінеді: диагностика технологиясы, жобалау және жобалау мен бағдарламаларды іске асыру, бейімделу мен әлеуметтік ағарту (реабилитация) технологиялары. «Диагностика» термині (грек тілінде «танып білу, анықтау») медицинада ауруды тану және диагноз қою дегенді білдіреді. Әлеуметтік ауру туралы түсінік әлеуметтік жұмыстың пайда болуымен бірге қалыптасты. Туберкулез, рахит, жыныстық қатынасарқылы жұғатын аурулар көбінесе адамдардың материалдық жағдайының нашарлығымен байланысты. Қайыршылық, ашаршылық, жалғыздық және тағы басқа әлеуметтік ауруларға жатады [3].

Диагностика кезінде әлеуметтік экспертиза қойылады. Эксперттік зерттеуде маманның дәлелденген нәтижесінде қажеттілік туады. Әлеуметтік жұмыста осы эксперт психиатр, заңгер, психолог, тәжірибелі әлеуметтік жұмыскер болуы мүмкін. Әлеуметтік экспертиза төрт функциядан тұрады: диагностикалық (клиенттің жағдайын анықтау), ақпараттық бақылау (клиент туралы ақпарат анықталады), прогноздық (клиенттің болатын жағдайы анықталынады), жобалылық (шешім туралы ұсыныстар шығару). Әлеуметтік жұмыс жүргізген кезде бірнеше жаңалықтар (инновациялар) енгізіледі. Инновация дегеніміз – өзгеріліп отырған өмір жағдайына сәйкес ұйымдастырылған жаңалықтар, мысалы: сенім телефоны.

Әлеуметтік технологияларға кешенді сипат тән. Қазір республикамызда іске асырылып жатқан

әлеуметтік жұмыс реформасы оның ұйымдастыру- экономикалық, құқықтық, құрылымдық және мазмұндық бөліктерін түбегейлі өзгертуге бағытталған шараларға байланысты. Әлеуметтік жұмыстағы бұл өзгерістердің мәнін, өзгешелігін білдіретін және бағытын белгілейтін күштер; Қазақстанның тәуелсіз егеменді мемлекет болуы, экономикалық нарықтық қатынасқа негізделуі, меншіктің әр түрлі нысандарының дамуы, әлеуметтік жұмыс саласындағы дүниежүзілік әлеуметтік жұмыс жүйесіне енуі.

Әлеуметтік жұмыстың әдістері – іс-әрекеттердің операциялық жиынтығы, алға қойған міндеттерді орындаудың ең қысқа жолы. Әлеуметтік жұмыста әдіс дегеніміз – бұл белгілі бір мақсатқа жетудің құралдыры, ғылыми зерттеудегі және тәжірибедегі нақтылы мәселелерді шешудің әдістемелік негіздері. Әлеуметтік жұмыстағы әдістердің ғылыми түсінігін беру үшін оларды шартты түрде бөлуге болады:

1. Ғылыми зерттеу әдістері
2. Әлеуметтік шындықты қайты құрып, өзгертіп отыратын әдістер

Ғылыми зерттеу әдістері немесе шын мәнінде ғылыми зерттеудің әдістері – бұл ғалымдардың тәсілдер мен құралдардың көмегімен толық мәліметтерді алуы. Бұл материалдар болашақта ғылыми теорияларды құрастыру және тәжірибелі ұсыныстарды тұжырымдау үшін қолданылады. Екінші топтағы әдістер ғылыми шындықты құрастырып, өзгертіп отырады. Бұл әлеуметтік қызметкерлердің белгілі бір міндеттерді орындау мақсатында клиентке немесе әлеуметтік ортаға кәсіби ықпал етудің тәсілдері. Әлеуметтік жұмыста ғылыми зерттеу әдістерінің айтарлықтай кешені қолданылады. Олардың келесідей түрлерін ажыратуға болады: жалпы логикалық әдістер – талдау, синтездеу, жинақтап қорытындылау, салыстыру, модельдеу, жобалау; жалпы ғылыми әдістер – әдебиеттегі мәліметтерді талдау, педагогикалық зерттеулерді талдау және синтездеу, тәжірибені зерделеу, қорытындылау, әлеуметтанудағы эксперимент, экспорттық бақылау.

Тарихи әдістердің бірнеше түрлері бар.

1. Салыстырмалы тарихи әдістер – тарихи процестердің заңдылықтарын анықтау үшін қолданылады.
2. Генетикалық әдіс – зерделеп отырған құбылыстың себебтері мен кезеңдерін анықтау.
3. Құрылымдық әдіс – жеке элементтердің бүкіл жүйесіне байланысты белгілеу.
4. Әлеуметтік әдістер – сауалнама, интервью, социометрия, ішінара әдіс.

5. Математикалық-статистикалық әдіс – зерттеу материалдары болып журналдар, құжаттар, газеттер, клиенттер, әлеуметтік қызметкерлер жатады.

Әлеуметтік жұмысты қайта құрып, өзгертудің негізгі үш әдісі бар. Біріншісі, әлеуметтік-экономикалық әдістер – әлеуметтік жұмыстың мамандары клиенттердің материалдық, ұлттық, моральдық мүдделері мен қажеттіліктерне ықпал жасайды. Екінші әдіс, бұл ұйымдастыру және өкілдіктерді бөліп беру әдістері – адамдардың мінез-құлқына әсер ететін мотивтерді, еңбек тәртібін сақтауда жауапкершілікті болуын зерттейді. Бұлардың негізгі түрлері келесідей: уақытты белгілеу, шеттеп отыру, мөлшерлеу, нұсқаулар беру, кадрларды тандап алу және орналастыру, таптарды қою әдістері, жұмыстың орындалуын бақылау, тексеру. Нұсқаулар беру – қалыптасқан жағдайда міндеттерді мүмкін болатын қиындықтарды, клиенттердің заңсыз іс-әрекеттерінің салдарын айтып түсіндіру. Әлеуметтік жұмыста нұсқаулар беру, әдетте консультация беру клиенттерге ақпараттық-әдістемелік көмек көрсету түрінде жүргізіледі. Ұйымдастыру әдістеріндегі регламентті белгілеу – ұйымдастыру ережелерін құрастырып, іске қосу, оларды міндетті түрде қадағалауға байланысты болып келеді. Мөлшерлеудің мәні – әлеуметтік қызметкердің жұмысындағы бағыт рөлін орындайтын нормативтерді белгілеу. Үшінші әдіс ретінде, психологиялық-педагогикалық әдіс – клиентке жанама іс-әрекеттер арқылы мінезін реттеу және механизм жасау құралы болып табылады. Жеке адамның мінез-құлқы көптеген жағдайларда әлеуметтік-психологиялық құбылыстарға, қоғамдық пікірлерге, көңіл-күйіне таңдаулары мен не қалайтындарына байланысты болып келеді. Психологиялық-педагогикалық әдістер тобына кіретіндер – іс-әрекетті түсіндіру, кеңес беру, клиенттердің белсенділігін арттырып, сенімін нығайту. Соңғы әдіс, әлеуметтік терапиялық әдіс – жеке адамға немесе адамдар топтарына олардың сезімдер, реакцияларын ойлау жүйесін және қатынастарын реттеп, бағытталған жүйелі мақсатқа сәйкес шараларды іске асыру арқылы көмек көрсету.

Әлеуметтік жұмыстағы әдіс – бұл клиентті қорғау мен көмек көрсету туралы алға қойған мақсатқа жету. Әлеуметтік жұмыста, басқа ғылымдағы тәрізді, жалпы айқындау әдістері: анализ, синтез, салыстыру, бақылау, эксперимент және тағы басқалары қолданылады. Жалпы ғылыми әдістермен бірге, әлеуметтік жұмыспен тығыз байланысты социология (анкета әдісі, социометрия), психология (тест әдісі), педагогика ғылымдар әдістері пайдаланылады. Осы әдістерден басқа әлеуметтік жұмыста клиентті тәрбиелеу әдістері де қолданылады. Осындай әдістерді: қоғамдық-экономикалық, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастыру-басқару әдістер түрлеріне бөлуге болады. Қоғамдық-экономикалық әдістер клиенттің қызығушылығы мен түрлі мұқтажын қанағаттандыруға байланысты, яғни онда азық-түлік, зат, ақша,

жеңілдік, ақшалай көмек тағы басқа тәріздер беріледі. Психологиялық және педагогикалық әдіс – тура емес, жанама клиентке, оның мінез-құлқы мен көңіл-күйіне әсер ету арқылы жүргізілетін әдістер түрі соғады. Үлкен маңызды әдістердің түрлері: дәлелдеу, түсіндіру, кеңес мысалдармен таныстыру, әлеуметтік терапия және оның еңбектегі отбасындағы, топтық, ойын түрлері («Терапия» деген ұғым грек сөзінен алынған «көмек», «жазылу», «күту» деген мағынаны білдіреді). Әлеуметтік терапия адамды емдейді, дамытады, оның көңіл-күйін көтереді, оның қызығушылығын түсіндіреді, бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік емдейді. Әлеуметтік терапияның бірнеше түрлері бар: жеке, топтық, отбасылық және тағы басқа терапия [4]. Жеке әлеуметтік терапия өзінің басындағы мәселесін көпшілікке айта алмайтын (мысалы: тонау, зорлау, отбасылық қақтығыс) адаммен жүргізілетін жеке жұмыс. Топтық, әлеуметтік терапия – бұл әлеуметтік қызметкердің 6-8 немесе одан да көп адамнан тұратын топқа әсері. Ол әйелдердің, ер адамдардың, ата-аналардың – бәріне ортақ мәселелерді талқылайды. Отбасылық терапия – отбасымен жұмыс, ондағы мақсат – отбасы мүшелерінің қарым-қатынасын жақсарту. Әлеуметтік еңбек терапиясы – ортақ пайда үшін топтың жасайтын еңбегі. Ұйымдастыру әдісі-адамдардың мінез-құлқының себебіне байланысты болады, яғни қоғамдық және еңбек тәртібін өз санасымен, ойлау қабілетімен жүзеге асырса, онда ол жауапкершілік пен борышын жүзеге асырады. Ондай шаралар түсіндіру түрінде, ал керек болған жағдайда ұйымдастыру түрінде өткізіледі.

Әлеуметтік жұмыстың үлгісі (моделі). Әлеуметтік жұмыстың үлгісі – әлеуметтік жұмыстың формалары мен типтері. Олар 3 топқа бөлінеді: социологиялық, психологиялық және комплексті (жинақты). Әлеуметтік социологиялық үлгісі қоғамтанумен тығыз байланысты, көптеген социологиялық үлгілер социологиялық концепциялардан шықты.

Әлеуметтік жұмыстың социологиялық үлгілердің бір түрі «марксистік үлгі» болып табылады. Әлеуметтік жұмыстың марксистік үлгісі – сәтсіз қоғамның қайта құрылуына міндет қояды, яғни жұмыссыздық, онымен күресі үшін әлеуметтік қызметкерлер көмек сұрап, депутаттарға сұрау салады немесе өздері депутат болуға ұмтылады. Социологиялық үлгінің әлеуметтік-радикалды үлгісі адамның құқығы үшін күреседі. Әлеуметтік қызметкерлер түрлі нәсілдердің арасындағы бөлінушілікті болдырмау үшін ұлттық бөлінушілігіне қарсы, адамдарды ұзақ мерзімге жауып қоюға қарсы күреске шығады. Мұндай үлгі қоғамдағы өзгеріске әсерін тигізбейді, ол клиенттің әлеуметтік қабілетін дамытуға бағытталады. Әлеуметтік жұмыстың психологиялық үлгісі адамның жеке басындағы мәселелерін шешу үшін, оның қабілеттерінің дамуына бағытталған. Әлеуметтік қызметкер клиентке өз жеке басының мүмкіндіктерін пайдалануға көмектеседі. Мысалы, адамгершілік әдісінде әлеуметтік қызметкер адамды, оның мәселесіне ортақтасатынын, оған көмек көрсететінін, сол үшін сонымен жақсы қарым-қатынас орнататынын түсіндіреді. Олардың кейбіреуі клиентке қосылып, бірге медитация өткізеді. Әлеуметтік қызметкер өз клиентінің көзқарасын жақсы жақтарға өзгертуге тырысады. Әлеуметтік жұмыстың комплексті теориясының немесе үлгісіне рөлдік теория немесе рөлдік әдіс жатады. Әлеуметтік қызметкер рөлдік ойын арқасында клиенттің мінез-құлқын өзгертеді. Мысалы, әйел-ана «немқұрай әйел» рөлінен айырылғысы келеді. Осы ойын арқасында әлеуметтік қызметкер бұрынғы рөлін «жақсы көруші ана» рөліне өзгертеді. Осылайша әлеуметтік қызметкер өз клиенттеріне көмек көрсетеді [5].

Еуропа қауымдастығында әлеуметтік жұмыс үш бағыт бойынша жүзеге асырылады:

*Әлеуметтік-демократиялық модель.* Скандинавия елдеріне тән бұл елдердегі әлеуметтік жұмысты жүзеге асыру партияның кеңесімен жүргізіледі. Олар ұсақ фермерлердің мүддесін қорғап, мемлекеттің үлкен диапазонда әлеуметтік қызмет жүргізуін қамтамасыз етеді. В.Хамеш бұл модельді «скандинавиялық» деп анықтайды (Дания, Швеция, Финляндия). Жалпы айтқанда әлеуметтік қамтамасыз ету дәрежесі жоғары деңгейде, ол негізінен салықтың негізінде қаржыландырылады.

*Корпоративті модель* (Германия, Австрия, Франция және Германия елдері). Бұл модель бойынша әлеуметтік сақтандыру жүйесін дамыту және кәсіподақ қоғамының нитеграциясын анықтайды. В.Хамеш бұл модельді «континентальді» деп атады. Мұның негізінде әлеуметтік сақтандыру жүзеге асады. Әлеуметтік сақтандыру қызметі мамандандырылған топтардың қатарына кіруіне байланысты анықталады.

*Либералды модель.* Бұл модель әлеуметтік төмен топтарға мемлекет тарапынан минималды көмек көрсетуімен байланысты. Бұл модельді негізінен ағылшын–саксондық елдер қолданылады. В.Хамеш бұл модельді «Англосаксондық» деп атайды. Бұл модель Ұлыбритания және Ирландия елдерінде жүзеге асырылады. Оның құрамына әлеуметтік сақтандыру кіреді. Бірақ төмен деңгейде дамыған, ал әлеуметтік көмек мұнда үлкен рөл атқарады. Бұл модельде кейбір алшақтықтар бар. Ұлыбританияның мемлекеттік жүйесі денсаулық сақтауды қолдау мақсатында барлық адамдарға ақысыз түрде медициналық қызмет көрсетеді, ал Ирландияда ақысыз медициналық қызметті тек жалақысы төмен адамдар ғана қолданады. Бұл қарастырылып отырған модель Еуропа континентінен басқа елдерде де кең етек алды, яғни АҚШ, Австралия және Жаңа Зеландия.

В.Хамеш әлеуметтік жұмыстың тағы бір моделін көрсетеді – *рудементарлы*, яғни Оңтүстік Еуропа елдерінде қолданылады. Бұл елдерде соңғы он жылдықта әлеуметтік–экономикалық құрылымдық өзгерістерге байланысты, солардың әсерінен жалпы әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі құрылды. Олардың құрамына өндірістік сақтандыру және әлеуметтік сақтандыру кіреді. Жалпы алғанда бұл елдердегі әлеуметтік қамтамасыз ету төмен. Бұл моделді дамушы немесе өтуші модель деп айтуға болады.

Әлеуметтік қызметкердің әлеуметтік жұмысының қаралатын мақсаттары, рөлдері, функциялары және міндеттері оның барлық қызметтерін бітірмейді. Бірақ олар негізгі және өзекті ойды аңғару мен табуға мүмкіндік береді. Бұл бүгінгі әлеуметтік қызметкердің ең керекті және қиын біріктірілетін басқа да мамандықтарды қосатын, атап айтқанда адамдарға көмектесу үшін олармен қарым-қатынас түрлерін табу. Яғни қарым-қатынас әлеуметтік қызметкердің ең негізгі рөлі ретінде алға шығады. Қарым-қатынас мынадай әртүрлі деңгейлерде болады: қоғам мүшелеріне көмек көрсететін әлеуметтік қызметкер мемлекет өкілі ретінде; әлеуметтік қызметкер – топ, сонымен қатар әлеуметтік қызметкер және клиент. Соңғысы ең мәнді болып табылады. Сондықтан әлеуметтік қызметкерлерді даярлау барысында қарым-қатынас дағдыларын меңгеру өте маңызды және мәнді. Оларға мынадай іскерліктер жатады: басқаларды түсініп және мақсатқа бағытталып тындап алу; жағдайларды талдау мен бағалауға керекті фактілерді жинап ақпаратты анықтау; қарым-қатынасты құру мен дамыту; вербалды және вербалды емес мінез-құлықты аңдып отыру мен түсіндіріп беру; жеке адам теориясының білімін және диагностикалық әдістерін қолдану; қамқорлығындағы адамдардың сеніміне кіруге қол жеткізу; өткір проблемаларды позитивті қызу күйінде талқылау; зерттеулерді жүргізу немесе қорытындыларды түсіндіріп беру; дауласушы жеке адамдар, топтар арасында делдал болу және қарым-қатынастарын жайластыру; институционал-аралық байланыстарды жөндеу; әлеуметтік қажеттіліктерді түсіндіріп беру және олар туралы лайықты қызметтерде, институттарға баяндау; қамқорлықтағы адамдардың өздерінің жеке проблемаларын шешуге күш-жігерін активтеу.

Әлеуметтік қызметкердің өзі істеген істеріне талдау жасап және өз кемшіліктерін іштей мойындау және оларды жөндейтін жол таба алуы, маманның бірден-бір педагогикалық шеберлігін көрсетеді. Әлеуметтік қызметкер клиенттеріне, олардың жақындарына өз әрекеті мен қарым-қатынаста кейбір адамдарға симпатия және антипатия болуы мүмкін. Бірақ олар әлеуметтік қызметкердің әртүрлі клиенттермен жұмыстарында көрінбегені абзал. Маман клиентке деген қарым-қатынаста тең мейірімді және ілтипатты болуы керек. Ал олардың проблемалары теңбе-тең бағынуы тиіс. Клиентпен қарым-қатынас кезінде оның әрбір әрекетін асырып та, төмендетіп те бағаламай, оның еңбегі немесе кемшіліктері әділетті бағасын алуы тиіс. Ұлы Абай айтқандай «Кімге-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ».

1 Гусякова Л.Г. *Социальная работа как научная теория, деятельность и учебная дисциплина*. - Барнаул, 1995.

2 *Әлеуметтік саясат* - Алматы, 1999 – 25-бет.

3 Гастенка Л.Н. *«Страхование»* - Алматы, 2003 – 183-бет.

4 *«Қазақстан мектебі»*, 2008 жыл, - 54-62 беттер.

5 М.: *Юристъ*, 1999. - 334 с.

ӘОЖ 94(574)«1991/2009»:502

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ 90-ЖЫЛДАРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ НАРЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ӨТУ МӘСЕЛЕСІ

**Ы.Азимханов** – *І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің магистранты*

Социалистік мемлекет – социалистік мемлекеттік ресми идеологияға айналған, сол идеология негізінде басқарылған мемлекет. Реформа (лат. *reformate* – қайта құру, жаңғырту) – өмір сүріп отырған әлеуметтік құрылымды сақтап, кейбір институттарды қайта құру, өзгерту. Инфляция (лат. *Inflatio*) – тауарлар және қызметтер сапасының төмендеуінен туындайтын ақшаның құнсыздануы.

Статья посвящена вопросам становления и развития рыночной экономики в Республике Казахстан. В данном тексте дается анализ осуществления механизмов приватизации экономических отношениях в годы перестройки и сущность экономических реформ нашего государства.

Также в данной статье рассматривается экономическая ситуация в Казахстане в период распада СССР и казахстанская модель экономики в годы становления независимости РК. Автор анализирует основные тенденции, трудности, противоречия.

**Ключевые слова:** социалистическое государство, реформа, инфляция

The article discusses the emergence and development of market economy in Kazakhstan. This text provides an analysis of the implementation mechanisms for the privatization of economic relations and the essence of the economic reform of our



state. In this article is considered the economy situation in the Kazakhstan in the of USSR disintegration and the Kazakhstan's model of economy. The author analyses the main tendencies, difficulties, contradiction, and results of economic development of country.

**Key words:** socialist state, reform, inflation

Қазақстан тарихының ғылыми проблемаларының аясы кең. Сол көптеген мәселелер ішінде ХХ ғасырдың 90 жылдардың бас кезіндегі Қазақстанның нарықтық қатынастарға өту мәселесен, яғни еліміздің өзгеше реформалық бағытта даму жүйесін жеке қоюға болады. Қазіргі таңдағы елімізде жүргізіліп жатқан реформалар мен бағдарламалар нарықтық экономиканың заңды жалғасы деп білуіміз керек.

Бұл кездейсоқ емес, бұның өзі қоғамдық және өндірістік қатынастарда, саяси-әлеуметтік оқиғаларда болған жана құбылыстар мен процестерге байланысты. 1990 жылы 25 қазандағы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларацияда көрсетілген республикада меншіктің алуан түрлі болуына және олардың теңдігінің қамтамасыз ететіндігі туралы қағида қоғамды нарықтық қатынастарды игеруге бағыттады [1].

КСРО ыдыраған тұста одақтық мемлекетке мүше елдердің бәрі дағдарып қалды. Еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаев бұл жайында былай деген болатын: «Бұл тарихтың жаһандық сындары және жана экономика модельдерін іздеудің күрделі кезеңдері болды. Кідіріссіз де қысқа мезгілде міндетті: тәуелсіз мемлекет құру, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға, тоталитаризмнен демократияға көшуді жүзеге асыру қажеттігі туындады».

Тәуелсіздік жолы өзінің сан алуан қыры мен сырының бар екендігінің көрсетті. Сондықтан қоғамның барлық саласында еңбек етіп, елдің экономикалық, саяси ерекшеліктерін ескеру қажеттілігін туындатты. Сондықтан нарықтық қатынастарға өту мәселесі күрделі де.

Кейінгі жылдары көптеген зерттеуші ғалымдар еліміздің нарықтық қатынастарға өту мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Өйткені нарықтық қатынастарға өту тарихи тәжірибеден сабақ алуды, еліміздің экономикалық даму ерекшеліктерін көрсетуді, реформалардың жүргізілуі барысын қарастыруда, нақты тарихи оқиғалар туралы мағлұмат бере отырып тарихи кезеңді түсінуге көмектеседі және зертеушілерден шеберлікті талап етеді [2].

Себебі бір жүйеге келтірілмей, шашырай зерттелінген мәселелердің бірі – тәуелсіз Қазақстанның дамуының алғашқы белесі 10 жыл ішіндегі әлеуметтік-экономикалық дамуы болып табылады. Қазіргі таңдағы даму сатысында экономикалық өсуді қамтамасыз ету және осының негізінде халқының әл-ауқаттық деңгейін көтеруді негізгі мақсаты етіп қойып, бұл үшін елдің экономикалық мүмкіншіліктерін өрістетуге және әлемдік шаруашылық пен жалпы аймақтық нарықтарға енуін түзетуге қажетті макроэкономикалық жағдайлар мен алғышарттарды өзекті мәселе етіп қалыптастырған Қазақстан Республикасының КСРО ыдырап егемендік алғаннан кейінгі 10 жыл ішіндегі әлеуметтік- экономикалық тарихын зерттеп, оған баға беру өзекті мәселелердің бірі екендігі даусыз.

Көрсеткеніміздей, Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуін зерттеуде біршама авторлардың еңбектері жарық көріп үлгерген. Оларды екі топқа бөліп қарастырауға болады:

Біріншіден, көрсетілген алғашқы жылдар ішінде үкіметтің жоғарғы қызмет орындарында еңбек етіп, болған жайларды өз көзімен көріп қана қоймай, нақты іс-шараларды жүзеге асырудың басында болған саяси қайраткерлердің еңбектері. Мұндай еңбектердің ішінде еліміздің президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбектері. Сондай-ақ, әр түрлі кезеңдерде үкіметті басқарған Қ.Тоқаевтың, Н.Балғынбаевтың, Қ.Тоқаевтың, И.Тасмағанбетовтың еңбектері мен баспасөз беттерінде жарияланған баяндамаларында құнды материалдар беріледі.

Екінші топқа, тақырыпта қарастырылуы тиіс мәселелерді жеке-жеке бөліп зерттеген арнайы мамандар-экономистердің, әлеуметтанушылардың және тарихшылардың еңбектерін жатқызуға болады. Олардың қатарында: О.Сәбден, А.Есентүгелов, Б.Исабеков, К.Тұрысов, Э.Түркебаев, Т.Бондорь, Б.Р. Амангельдиевтің, С.Байтіленовтың, Ә.Әбдікәрімұлының, Ұ.Рысбайұлының, Г.К. Габдулианың, Ю.К. Шокмановтың, А.Касеновтың, А.Алібаевтың, А.Морозовтың, В.А. Ермековтың, М.Х. Абусейтова-ның, Д.А. Муркиннің және т.б авторлардың зерттеулері тақырыптың мәнін ашуда сындарлы мағлұматтар береді.

Жалпы еліміздің нарықтық қатынастарға өтуі қоғамдық қажеттіліктен туды. КСРО-да соңғы жылдарда болған оқиғалардың қатаң логикасы экономиканың тіршілік-тынысын үйлесімді етудің ең дұрыс жолы ретінде экономикалық жүйенің нарықтық концепциясын таңдауды қажет етті. Кез-келген экономикалық ірі реформалық өзгерістер өз нәтижесін көрсету үшін көптеген күш жігерді, ақыл парасатты жұмсауды қажет ететіні белгілі. Сонымен қатар әлеуметтік, саяси салаларға да өзгеріс әкеледі.

Орталықтандырылған шаруашылық концепциясынан айырмашылық-нарықтық экономикада үйлесі-

лімділікке жету процесі мемлекеттік аппараттың күш жігерімен емес бір-бірімен экономикалық тұрғыдан өзара іс-қимыл жасаушы екі субъектісі-өндіруші ретінде кәсіпорын және тұтынушы ретінде отбасы тарапынан қамтамасыз етіледі.

Міне осы экономикалық дамудың қажеттілігін түсінген саяси басшылық өкілдері және көптеген ірі экономист зерттеуші ғалымдар тәуелсіз жас мемлекетіміздің нығаюы мен дамуына нарықтық экономика бірден бір негіз екендігін көрсете білді. Себебі еліміздегі 70 жыл бойы бір орталыққа бағынған әкімшіл-әміршіл жүйе объективтік заңдылықтарға көп көңіл бөлмей адамдардың санына жасампаздық рөліне ойдағыдай мән бермеді [3]. 90 жылдардың бас кезіндегі бұл дәуірлік өзгерістерді зерттеудің ғылыми проблемасының маңызы зор. Себебі бұл тақырыпты тарихшы ғалымдар әлі де толық айналыса зерттей қойған жоқ, әсіресе ауыл шаруашылығы саласындағы экономикалық өзгерістердегі мәселелер жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Тек экономист ғалымдар ғана қалам тербеуде. Бұл тақырыпты зерттеуде осы кезеңдегі тарихи жағдайларды жақсы түсінуіміз қажет. 70 жыл бойы еліміздің КСРО құрамында болып, орталықтандырылған шаруашылық концепциясының негізін қалаған маркстік моделдің басты идеясымен меншік мәселесін шешкенде ғана жету деп түсіндірілген жолмен жүргені мәлім.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін экономиканың барлық салалары құлдырады. Бір бірімен байланысқан өндірістік салалар байланыссыз қалды. Осының негізінде республика экономикасын нарықтық қарым қатынас аясына шығару мақсатымен 1991 жылдың ақпан айында Жоғарғы экономикалық кеңес құрылды. Сондай-ақ Президент Жарлығымен 1991 жылы шілде айында өткен Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің IV сессиясында мемлекеттік меншікті жекешелендіру жөнінде арнайы заң қабылдады [4].

Нарықтық экономикаға көшудің үш кезеңі белгіленді: 1991-1992 жж. бірінші кезең, 1993-1995 жж. екінші кезең, 1996-1998 жж. үшінші кезең деп қарастырылады [5]. Нарықтық қатынастарға өтудегі себептердің негізгі дәйегі ретіндегі экономикалық түрде халықтың тұрмыс дәрежесін көтеру, көпшілікті жұмыспен қамтамасыз ету үшін республикамыздың табиғи және экономикалық байлықтарына дәл келетіндей етіп құру қажеттілігі туды. Қазақстанның нақты жағдайлары, табиғи мүмкіншіліктері, экономикалық ғылыми-техникалық және тағы басқа түрлі салалары, экономикалық-географиялық орналасуы нарыққа жылдам көшуіне әсер еткен факторларды бірі ретіне есептелсе де, көптеген экономикалық қиыншылықтарды алып келді. Бұған сыртқы экономикалық байланыстың нашар болуы, дайын өнім өндіретін өндірістердің болмауы, болса да сұранысқа қажетсіздігі, сондай-ақ инфляция, тапшылық, экономикалық тепе-теңдік болмашы әсер етті.

Әрбір мемлекеттің экономикалық ерекшелігі географиялық, саяси, әлеуметтік салаларымен сабақтасып айқындалатыны белгілі. Қазақстанның 90-жылдардың бас кезіндегі нарықтық қатынастарға өту себептерін Кеңес Одағының өмір сүруінің соңғы жылдарындағы саяси-экономикалық ахуалмен тікелей байланыстырамыз. Себебі, КСРО-дағы соңғы жылдардағы саяси-экономикалық дағдарыс ендігі қоғамда марксистік идеологияға негізделген бір орталыққа бағынған жүйенің қажетсіз екендігін дәлелдеді.

Қоғамды демократияландырып, экономикалық өсімге қол жеткізіп, коммунизм заманында өмір сүруге жетелейтін «Қайта құру» кезеңі негізсіз болды.

Қазақстан кәсіпорындарының 91 пайызға жуығы одақтық, тек 7 пайызы ғана жергілікті болды. Сәйкесінше республикалық бюджетке төлемдер өте аз мөлшерде түсті. Табыстарды дұрыс бөлмеу әлеуметтік саладан күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік бермеді.

Енді бұндай экономикалық жүйені пайдалана беру тіпті мүмкін еместігіне көз жеткізді. Ортақ меншіктің жекешеленуіне, сұраныс, бәсеке, сапа дамуына назар аудару, нарықтық қатынастарда бір-біріне өту көзқарасы қалыптаса бастады. Қазақстанда экономиканы нақтылап қайта құру нарықтық қатынастарды әлеуметтік бағыттық мүдделеріне сай етіп сенімді болып табылды. Осыған байланысты Қазақстан қоғамында өзінің мемлекеттік қоғамдық-саяси және әлеуметтік экономикалық механизмін таңдауға тура келеді.

Осының нәтижесінде жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру жас тәуелсіз Қазақстанға басты міндеттердің бірі болып табылады. Бұл туралы президент Н.Ә. Назарбаев өз еңбегінде былай еп көрсетеді «Тәжірибе көрсеткендей ТМД елдерінен одан арғы дамуы олардың әрқайсысының ішкі мүмкіндіктерінің жетімсіздігінен таралып отыр. Ол мүмкіндіктер бұрынғы кеңестік елдердің экономикалық ықшамдастығын жаңа нарықтық негізде жүзеге асырғанда ғана дами алады».

Мемлекеттік шаруашылық басқару құрылымының өзгеруіне байланысты пайда болған қиындықтарға, бұрынғы әкімшіл-әміршіл жүйе қалдықтары тарапынан болған қайшылықтарға қарамастан нарықтық қатынастарға көшу қолға алынды.

Нарықтық қатынастарға өтудегі себебінің дәйегі ретінде экономикалық дағдарыстағы тұрақтылыққа қарсы тұтынушы факторлар, инфляция, тапшылық, экономикалық жеке теңдіктің болмауына әсер етті.

Экономикалық өсу, өндірілген өнім, және қоғамдық еңбек өнімділігі, кәсіптік өндіріс көлемінің темпі төмендеп кетті. Республика аралық экономикалық байланыс, келісім және жоспарлау дисциплинасы босап кетті.

Нарық жүйесі – бұл өндіру мен тұтынуды, сұраныс пен ұсынысты координациялау және сәйкестендірудің экономикалық механизмі. Нарыққа көшу үлкен қиыншылықтармен және белгілі бір тәуекелге келумен бірге жүреді. Меншіктің бір түрін екіншісіне қарама-қарсы қойып, біреуіне монополиялық айдар тағудың неге апарып соқтыратынын өмірдің өзі көрсетті. Осыған байланысты айтарымыз, біріншіден меншіктің қай түрі қалыптасуы, дамуы және тарихи аренадан кетуі адамдардың таңдауы бойынша емес, өндірістің белгілі бір тарихи даму деңгейіне, басқа да себептеріне байланысты объективті туындайды.

Қазақстан 90-жылдардың басында нарықтық экономикаға өтуі үшін негізгі концептуалдық бағытымен мынандай міндеттерін шешуі керек деп тапты. Біріншіден, экономикалық дербестікке қол жеткізу. Ол республикалық жеге деген бірегей меншік. Оның қазба байлықтары, ішкі және аймақтық сулары әр кенестегі, өсндіктері мен жануарлар дүниесінің мәдени және тарихи қазыналары, материалдық және қаржы мүмкіндіктері, өндіріс пен өндірістік емес орындары экономикалық дербес саясат жүргізге алатыны. Екіншіден, меншікті қайта құру және жекешелендіру.

Алайда нарықтық экономикаға көшуде бірнеше қателіктерге жол берілді. Нақтырақ айтсақ реформаларды жүзеге асыруда механизмдер толық жұмыс жасамады, еліміздің географиялық ерекшелігіне, ұлттық дәстүр, тарихына экономикалық тұрғыдан баға берілмеді. Осыдан кейіннарыққа көшу процесін барлық өзгерістер мен нәтижелер туралы нақты ақпарат, елдің әлеуметтік, экономикалық дамуының айқын белгіленген концепсиясы жоқ жағдайда міндеттері мен бағдарламаларды жиі ауыстыра жүзеге асыруға тиіс емес екені айқын болды.

Себебі, тоқырау кезеңінен, тәуелсіздігіне енді алған жас мемлекетке нарықтық қатынастарға өтуі аса күрделі де қиын үрдіспен жүрді. Ұлттық тәуелсіздігіне жаңадан алған Қазақстандағы қиыншылықтарды өтпелі кезеңнің болмай қоймайтын процесі деп қарауымыз керек.

*1 Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің мемлекеттік меншікті жекешелендіру туралы заңы. Егемен Қазақстан, 1991 ж. 25 шілде №7.*

*2 Сәбден О. XXI ғасырға қандай экономикамен кіреміз. - Алматы: Қазақстан, 1997. -7 бет.*

*3 Смагулов А. Структурная перестройка экономики и государства. - А.: Ғылым, 1994. - с. 29.*

*4 Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің мемлекеттік меншікті жекешелендіру туралы заңы. Егемен Қазақстан, 1991 ж. 25 шілде №7.*

*5 Краткий статистический ежегодник, Агентство по статистике. - Алматы, 1998.*

ӘӨЖ 718 (23)

## **ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТИ – ҒАЛАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕ**

**А.Абдиханова – ҚызМемПУ-нің 2 курс магистранты**

Бұл мақалада Орталық Азия мен Қазақстандағы Ислам Өркениеті негізінің дамуы және тарихи, экономикалық жағдайы туралы мәселе қарастырылған. Бұл аймақта негізгі тұрғындар мұсылман дінін ұстанады. Сол себепті географиялық контексте әлеуметтік және экономикалық жағдай бірінші кезекте Ислам Өркениеті шеңберінде дамиды. Посткеңестік кеңістікте заманауи жағдайда ислам дініне қарсы батыс елдерінің қысымымен түрлі теориялар қалыптасуда. «Алтын миллиард», «Хадерлэнд сызығы», «әлемнің еуропалануы» және т.б. теориялар мен тұжырымдамалар мына жағдайға мысал бола алады. Сонымен қатар Орталық Азия және Қазақстан батыс елдерінің бұл қысымына төтеп беріп, бейбіт саясат жүргізу қиын мәселе болып тұрғаны айдан анық. Осыған орай Қазақстан және Орталық Азия өзге де ислам мемлекеттерімен біріге отырып, жат жұрттық деградациялық мәнге ие теориялардың енуіне тосқауыл қоюы керек. Қазақстан көршілес елдермен интеграциялану арқылы Ислами Өркениеттің жана бір белеске өтуіне жол жасап беретін соны, қуатты және бірыңғай теория қалыптастыруы қажет. Себебі түркіленген ислам діні исламның өзге топтарынан ерекшеленбегенімен өзінің түркілік дәстүрін ұстанады. Міне, осындай Ислам Өркениетінің өзекті проблемалары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** Ислам өркениеті, Қазақстан, Орталық Азия, «Алтын миллиард», «Хадерлэнд сызығы», «әлемнің еуропалануы», интеграция, деградация, түркі қоғамы, базис

В данной статье были рассмотрены развития базиса и исторические, экономические состояния Исламской цивилизации в Центральной Азии и Казахстана. В этом регионе основная часть населения являются мусульманами. Поэтому социально-экономическое положение в географическом контексте в первую очередь развивается вместе с Исламской цивилизацией. В постсоветском пространстве контемпоральной ситуации против исламской вероисповедания формулируются разные теории под влиянием запада. «Золотой миллиард», «Линия Хадерлэнда», «европиза-

ция вселенной» и другие теории являются примером этому процессу. И еще как должны вести политику Центральная Азия и Казахстан, чтобы выдержать давления западных стран, являются сложными задачами для региона. Казахстан и Центральная Азия объединяясь вместе с другими исламскими государствами не должны транспарентировать деградационные теории и концепции чужих стран. Интегрируясь нашими соседними народами Казахстан должны дать отпор и создать новую, мощную, единую теорию и сохранить исламскую цивилизацию. Потому что тюркизованная исламская религия не отличается от других групп ислама, но народ сохраняя свои историческо-культурные тюркские традиции придерживаются исламу и считает каждый себя мусульманами. Вот такие региональные проблемы Исламской цивилизации являются актуальными.

**Ключевые слова:** Исламская цивилизация, Казахстан, Центральная Азия, «Золотой миллиард», «Линия Хадерлэнда», «европизация вселенной», интеграция, деградация, тюркское общество, базис

This article discussed the development of the basis and the historical, economic status of the Islamic civilization in Central Asia and Kazakhstan. In this region, most of the population is muslims. Therefore, the socio-economic situation in the geographical context is primarily associated with the Islamic civilization. In the pos-soviet space contemporary situation against the Islamic religion formulated various theories under the influence of the West. "Golden billion", "linear of Haderland", "Europe of universe" and other theories are examples of this process. And how should pursue a policy of Central Asia and Kazakhstan, to with and pressure of Western Europe, the biggest challenges for the region. Kazakhstan and Central Asia to combine with other Islamic states should transparency degradation theories and concepts of another countries. Integrating our neighboring nations Our people must fight back and create a new, powerful, unified and save the Islamic civilization. Turkicized because Islam does not differ from other groups of Islam, but the people preserving their historical and cultural traditions of Turkic adhere to Islam and considers himself a Muslim. These are regional issues of Islamic civilization are relevant.

**Key words:** Islamic civilization, Kazakhstan, Central Asia, "Golden billion", "linear of Haderland", "Europe of universe", integration, degradation, Turkic society, basis

XX ғасырдың соңында Кеңес Одағының ыдырауы, коммунистік жүйенің тарих қойнауына кетуі, нарықтық экономикаға негізделген жаңа жүйеге посткеңестік елдердің көшуі ислам өркениетінің бір тармағы болып табылатын Қазақ еліне әсер етпей қоймады. Ең алдымен Ресей сияқты алып империяның, сосын он бес республиканы өз бұғауында байлап ұстаған Кеңес Одағының құрамында болған елдерде рухани өмір өзгеріске ұшырамай қоймады. Әсіресе діни және философиялық ғылымдардың эталондық тұжырымдамалары мен теориялары сынға ұшырай отырып, әлемдік ортақ теориялар мен концепцияларға қосыла бастады. Тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізе бастаған Қазақстанда және Орта Азия республикаларында ислам өркениеті жаңа бір белеске жетті. Сөзімізді дәйектейтін болсақ, аталмыш елдерде соңғы жиырма жыл ішінде мыңдаған мешіт, медресе және т.б. діни орындардың іргесі қаланды. Халықаралық, аймақаралық симпозиумдар, конференциялар өтті. Ендігі кезекте исламның және ислам өркениетінің бұл мемлекеттерде алатын орны мен рөлін көрсету үшін өркениет ұғымына назар аудару қажет. Бұл термин латынның "civilis" деген сөзінен шыққан. Оның мағынасы: 1) азаматтық, 2) азаматтық қоғам, мемлекет, 3) қала. Сондықтан да тарихшылар, археологтар қоғамның өркениеттік кезеңін зерттеуді ең алдымен урбанизациямен тығыз байланыстырады. Өркениет термині XVIII ғасырдан бері айналымға еніп, адамзат тарихында варварлықтан кейін келетін кезенді белгілейтін ұғым ретінде дүниеге келді. Тарихты өркениеттік тұрғыдан зерттеудің бәйсікті элементтерін бейнелеуде неміс оқымыстысы О.Шпенглердің зерттеулерінің маңызы зор. Ол өркениетті мәдениеттің құлдырауынан туындайтын құбылыс ретінде қарастырады, яғни өркениет адамзат мәдениетінің жаңару, жетілу нәтижесі емес, белгілі мәдениеттің ішкі мүмкіндіктерін сарқып, одан әрі даму деңгейі шектеліп, күйреуге бет алып, жаңа өркениетке жол салуы болып табылады деген тұжырым жасайды. Ол: «келешек Батыс бір сызықтың бойымен алға және жоғары жүре бермейді. Ол белгілі бір жағдайларға байланысты құлдырау процесін бастан кешіреді. Сөйтіп батыс мәдениетінің құлдырауы салдарынан жаңаша өркениет пайда болады. Бұл жаңа фаза. Демек, өркениет бұл мәдениет рухының өлімі. Мәдениет те үнемі гүлдене бермейді [1].

Мәдениет пен өркениет ара жігін анықтау барысында Шпенглер: «барлық мәдениет тең, олардың әрқайсысы айрықша және сыртқы бағыт, яғни өзге мәдениеттің ықпалымен жүрмейді. Әр мәдениеттің феномені әр түрлі тілде сөйлеу, әр түрлі өмір салтын ұстану» деп жазған болатын [2]. Демек, өркениет ислам дінінің әлемдік қауымдастықтағы рөлі мен функциясын көрсетіп тұр. Соңғы кездері әлем Батыс пен Шығыс арасындағы этникааралық, өркениетаралық қақтығыстарды басынан кешіруде. Қазақстан ғаламдық қауымдастықтың бір бөлігі ретінде халықаралық сахнада болып жатқан жағдайларға тәуелді. Себебі әлемдік қауымдастықтың бір жағында орын алған діни, этникааралық қақтығыстар екінші бір бөлігіне әсер етпей қоймайды. Араб елдері, Пәкстан, Ауғанстан және т.б. ислам дүниесінде болып жатқан қақтығыстар қазақ елінде қайталануы да мүмкін. Сол себепті алдын ала діни жағдайды бірқалыпқа келтіру керек. Мұндай қақтығыстар табиғи заңдылық немесе бір-бірімен байланысы жоқ қарапайым құбылыс

болуы ғажап емес. Бұл көріністі американ ғалымы С.Хантингтонның ойы бойынша түпнұсқасында келтіре кетейік: “Мы можем определить цивилизацию как культурную общность наивысшего ранга, как самый широкий уровень культурной идентичности. Следующая ступень составляет уже то, что отличает род человеческий от других видов живых существ. Мировые цивилизации определяются наличием общих черт объективного порядка, таких как язык, история, религия, обычаи, институты, а также субъективной идентификации людей” [3]. Өркениет үнемі қозғалыстағы феномен. Ол қалыптасу, дәуірлеу, күйреу, жойылу немесе басқа өркениетке ұласу кезеңдерін бастан кешіреді. Өркениеттің қалыптасуы адамдардың бірқатарының өмір салтын өзгертумен, жаңа құндылықтардың пайда болуымен, харизматикалық көсемдердің сахнаға шығуымен және өркениеттік доктринаның (қасиетті діни кітаптары, партияның бағдарламалары және т.б.) дүниеге келуімен басталады. Өрлеу кезеңі өркениеттің көзқарасы, менталитеті, институттық жүйелерінің жақсы жұмыс істеуінің жемісі. Ал күйреу – оның идеясын жақтаушылардың азаюымен бірге келеді. Яғни ислам өркениетін деградациялық жағдайға жеткізбеу үшін көпшіліктің қолдауы қажет екендігін түсінуге болады. Қазіргі таңда Исламды құбыжық қылып көрсетіп, әртүрлі керітартпа ағымдарды тану қалыпты жағдайға айналып барады. Өкінішке орай, діни білімі болмағандықтан, көптеген азамат Исламды өз ақылына сай шақтап, шектеп қойды. Нәтижесінде таяз ұғымдар қалыптасып, экстремизм, терроризм сынды әрекеттер дінге күйе болып жағылуда. Осы әрекеттерге мүмкіндігімізше тосқауыл болып, Исламның бейбіт дін екенін кеңінен насихаттау басты міндетіміз. Сол себепті аталған бағыттар бойынша жұмыс жүргізіп, Ислам құндылықтарын жаңа ғасырға сай жаңғырту үшін 2004 жылы Астана қаласында өткен Қазақстан қажыларының I құрылтайында Қажылар қауымдастығы құрылды. Елордамызда Әлемдік және Дәстүрлі діндер көшбасшыларының төрт бірдей съезі өткені белгілі. Бұл жиынның Алаш жұрты үшін берері мол. Біріншіден, бұл съезд Қазақстанға берілген үлкен мүмкіндік. Өйткені ол жерде бүгінгі қоғам шөліркеп отырған рухани жағдай сөз болады. Сонымен қоса жиын бүкіл күллі әлемнің назарында. Бір-бірінің қолын алмақ түгіл, бір үстелдің басына бірге отырмайтын дінбасылары Астанада пікр алмасып, ортақ ымыраға келіп жатыр. Бұл біздің елдің әлемдік тұрақтылыққа қосқан өлшеусіз үлесі. Съезд барысында руханият мәселелері, бейбітшілікті сақтау, әлемдік және дәстүрлі діндердің өзара келісімі, олардың арасында диалог ұйымдастыру сияқты ауқымды салмақты ойлар сараланады. Бұрын әлемді капиталистік және коммунистік жүйе билеп төстегені белгілі. Қос идеологияның арасындағы теке тірес әлем назарында болды. Алайда коммунистік жүйе тарих сахнасынан түскен кезде, капиталистік қоғам оның орнына «ислам қаупі» деген ұғымды енгізді. Нәтижесінде өркениеттер қақтығысы деген түсінік қалыптасты. Бұлар әлемдік әділетті тәртіпке қайшы әрекеттер болып табылады. Соған сәйкес Н.Ә. Назарбаев соңғы съезде: «Моральдық адамгершілік құндылықтардың жаһандық дағдарысы үдей түсіп отыр. Әлемде моральдық адамгершілік дағдарыстың өрістеуі дінге сенетіндердің барлығын баса көктеп қаралау, дінді әлеуметтік үрдістердің шетіне ығыстырып тастау», деп дінді қоғамнан аластатудың жиі байқалып жатқанын ашық айтқан болатын [4]. Сонымен қатар Елбасы: «Көптеген кезеңдерде дін халықтың даналықтың, мәдениеттер мен дәстүрлердің сақтаушысы болып келді», деді. Оған кешегі Кеңестік кезеңде асыл дініміздің арқасында ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпай аман қалуымыз дәлел. «Қазіргі діндер жолайрықта тұр. Адамзат жоғары сана, яғни Алла берген жаңалықтарды әлем игілігі үшін жұмсаудың орнына, жалғандық, арсыз түсінік және өшпенділік ұрығын себуде. Кез келген қоғамның моральдық өнеге бесігі болып табылатын отбасы берекесі, бала тәрбиесі, ұрпақ сабақтастығы бұзылды», деген Ұлт көшбасшысы бүгінгі әлемнің рухани құлдырауын тілге тиек етті [5]. Енді үлкен форумда бейнеленген осындай ойдың Қазақстанға қандай қатысы бар дегенге келетін болсақ, Елбасы айтқан мәселелердің барлығы біздің елде де кездеседі. Бүгінде батыстағы азғын әрекеттердің көбі өз ішімізде де орын алуда. Сондай-ақ бізге де жаңағы вульгарлық материалдық қоғам еніп келеді. Өскелең ұрпақ нақ осы қоғамда тәрбие алуда. Мұндай келеңсіз құбылыстардың алдын алу үшін Орта Азия республикаларымен қатар Алаш жұрты біріге отырып, «иманды қоғам» тұжырымын қалыптастыруда. Тың идеяның мәні мынада: иманды қоғам бұл әділетті, мейірімді, салауатты қоғам. Сол себепті өз ортамызда осындай қоғам қалыптастыра алсақ, еліміздің ертеңі баянды, болашағымыз жарқын болуы хақ. Егер жат ағымдар қалай пайда болады деген сұраққа жауап іздеп көрсек, ол Исламды, жалпы дінді біржақты түсініп, өз қалауына қарай икемдеп алудан туындайтын олқылық. Алғашында назар аударарлықтай болмаса да, уақыт өте хақ діннен арасы алшақтап, таным түсінігі өзгеріп сала береді. Нәтижесінде, мақсат-мүддесі бөлек ағым пайда болады. Сол себепті, бізге Дәстүрлі дінімізді терең түсініп, рухани кемелденуді ешқашан кейінге қалдырмауымыз керек. Кез келген тұлға діни сауатты болуға ұмтылуы тиіс. Сондай ақ жат ағымдармен күресте түсіністік және әріптестік қажет. Тек діни басқарма немесе жауапты органдар емес, бүкіл қоғам болып әрекет жасау керек. Яғни бұл шараны тіпті бала бақшадан, мектептен бастап, дәстүрлі дінімізді адами, имани құндылықтарын жеткіншектердің бойына сіңірсек те артық етпей-

ді. Аталмыш мәселені көтеруде шетелдік тәжірибеге сүйену дұрыс болар. Мәселен, көршілес Ресей «Экстремизмге қарсы Ислам доктринасы» атты құжат қабылдады. Онда «Халифат», «Джихад», «Такфир» ұғымдарына терең талдау жасалып, олардың ешқандай ұлттық, мемлекеттік мүдделерден жоғары тұрмайтындығы баса айтылған. Мұндай тәжірибе әрине, Қазақ еліне де қажет.

Соңғы кездері Елбасы әлемдік өркениетке «G-global» жобасын ұсынып, осы мәселені көтеріп жүргені баршаға аян. Соңғы өткен съезде де Президентіміз осы мәселеге тоқталып өтті. Бұл жоба бойынша Нұрсұлтан Әбішұлы әдеттегідей ашықтық және сенім қасиеттеріне, сонымен қоса, барша адамзаттың игілігі үшін жасалатын ізгілік қағидаларына адалдығын паш етті. «G-global» дегеніміз адамзат болашағы, ортақ мекніміз Жер ғаламшарындағы тіршілік мәні туралы әлемдік масштабта үнқатысу, сұхбаттасу, көзқарастарды ортақ арнаға тоғыстыру. Кейінгі кезеңде әлемде «жаңа тәртіп» деген бастама жиі көтеріліп жүр. Бұл бастама бойынша Жер бетінде халықтың таңдаулылары, байлары, күштілері ғана қалу керек. Өйткені халық қазіргідей қарқынмен өсе берсе, келешекте Жердің байлығы барша адамзатты қамтамасыз етуге жетпейді. Сол себепті Батыстың дамыған елдері осындай бастаманы күн тәртібіне қойып жүр. Мұндай әділетсіз идеялар бой көрсеткен заманда Астанада өткен дін лидерлерінің съезді адамзатты әділетті әлемдік тәртіптердің негізіне бағыттаған жаһандық үнқатысудың маңызды бөлшегі деп қарауымыз керек. Яғни, күллі әлемде әділетті соны тәртіп орнауы тиіс. Демек, тек бай, олигархтардың ғана жағдайын емес, барша адамзаттың игілігін ойлау парыз. Міне, Елбасы ұсынып жүрген «G-global» жобасы осы ойға негізделген. Сонымен қатар, әлемде «Рим клубы» деген халықаралық ұйым жасайды. Оның пайымдауынша, ғылыми және техникалық, экономикалық даму қарқыны осы бағытынан таймаса, ХХІ ғасырда жаһандық апат орын алуы мүмкін. Осыған орай олар Жерді сақтап қалу ниетімен әр түрлі идеялар мен теориялар ұсынып, жұмыс жасауда. Сондай теориялардың бірі – «Алтын миллиард» теориясы. Бұл идея бойынша, жер бетіндегі барлық халықты құтқару мүмкін емес. Сол себепті, олар байлар мен ақсүйектерден құралған бір миллиард адамды ғана құтқаруға күш жұмсауда. Батыс алпауыттарының ұсынып отырған екінші теориясы – «Хадерланд сызығы». Аталмыш теорияның негізінде жер бетіндегі су баспайтын құрлықтарды анықтап, сол жерлерге «алтын миллиард» мәніне ие қоғамның таңдаулы тобын қоныстандыру. Өйткені болашақта Жер жаһанның жартысын су басу қаупі тұр. Ескере кетер жайт, бұл сызық еліміздің солтүстігінен өтеді екен. Яғни, Қазақстанның бір бөлігі олардың анықтауынша су баспайтын мекенге жатады. Демек, белгілі бір ұйымдар біздің мемлекетімізге көз тігіп, сұқтанып отыр деген сөз. Орта Азия Республикаларының барлығын да да ислам өркениетінің қалыптасуы өте күрделі процесс. Мәселен, Өзбекстанда ислам өркениеті негізгі үш белгі бойынша айшықталады:

- \* этно-географиялық;
- \* салыстырмалы-діни (ислами және ислам емес діндердің ара қатынасы);
- \* геосаяси (сыртқы факторлардың діни процестерге әсері).

Бұл белгілер аталмыш мемлекеттің даму процесіне тікелей әсер етеді.

Қорыта айтқанда, Ислам өркениеті Қазақстанда және Орта Азия республикаларында жалпы Сунниттік бағыт бойынша дамып келеді және аталмыш елдерде Ислам өркениетін бейнелейтін мынадай бәйсікті элементтер көрініс тапқан:

- Ұлттық сана
- Экстремизмге қарсы Ислам доктринасы
- Хадерланд сызығы
- Алтын миллиард теориясы
- Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі.

1 Шпенглер О. «Закат Европы». 1 Т. - М., - 1993, - с. 264.

2 Шпенглер О. «Закат Европы». 1 Т. М., - 1993., - с. 155.

3 «Полис», - 1994, - №1, - с. 5-7.

4 «Ислам және өркениет», - 2013, - №2, - 10-11 бб.

5 «Ислам және өркениет», - 2013, - №2, - 12 б.

1 Shpengler O. "Zakat Evropi". 1 T. - M., - 1993, - s. 264.

2 Shpengler O. "Zakat Evropi". 1 T. - M., - 1993, - s. 155.

3 «Polis», - 1994, - №1, - s. 5-7.

4 «Islam zhane orkenyet», - 2013, - №2, - 10-11 bb.

5 «Islam zhane orkenyet», - 2013, - №2, - 12 b.

## ОТАРЛАНҒАН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОСТЫҚ САНА МЕН ЭТОСТЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Н.А. Жүсіпова – Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті,  
Филология факультетінің 2-курс магистранты

В статье рассматриваются понятие этноса как духовно-психологическая основа этнического сознания. Многие мыслители начало истории человечества связывают не с революцией, а с эволюционным развитием. Революции побуждают действия и движения которые обеспечивают разрушения внутренней системы отношений социально-организационной работы. Разрушение общественного этноса – самый большой вид разрушения, который приводит к разрушению контроля человеческого поведения. Также в статье раскрыто значение и содержание слова «этнос», представлены его формы и ценности, а также рассматривается положение этноса в период колониализма.

**Ключевые слова:** этнос, этос, ценности, архетипы

The article discusses the concept of ethnicity as a spiritual and psychological basis of ethnic consciousness. The meaning and content of the word "ethnicity" is presented by its form and value, as well as the situation of the ethnic group in the period of colonization. Many thinkers connect the beginning of history of mankind not with revolution, and with evolutionary development. Revolutions induce actions and movements which provide destructions of internal system of the relations of social and organizational work. Destruction of public ethnos – the biggest type of destruction which leads to destruction of control of human behavior. Also in article value and contents of the word "ethnos" is opened, its forms and value are presented, and also the provision of ethnos in the period of colonialism is considered.

**Key words:** ethnicity, ethos, values, archetipt

Этникалық және ұлттық өздік сананың рухани-психологиялық өзегі – этнос. Мұның грекшеден сөзбе-сөз тәржімелегендегі мағынасы – әдет-ғұрып, мінез-құлық. Оны үстем болып тұрған құндылықтар мен әдеп қалыптарында, сондай-ақ, жергілікті тұрғындардың негізгі массасының тұрмыс-салты мен әлеуметтік жағынан ұйымдасуының ерекшеліктерінде бейнеленген, әлеуметтік-этникалық қауымдастық мәдениетінің жинақталып-жалпыланған сипаттамасы түрінде түсіну керек [1, 94].

Этнос – бұл күштеу механизмдері мен қозғау салатын шешімдерді жүзеге асыру негізінде қауымдық өмірді реттеу мен нықтауға қаратылған іс-әрекеттерде басшылыққа алынатын бастаулар, нұсқаулар, ережелер, үлгілер мен эталондар. Бұл жайт белгілі бір мүдделерді қорғаудан туындайды. Жоғарыда сөз болған этнос мазмұны іс-әрекеттің диспозициялары, санкциялары және шарттарымен айқындалады. Этнос отбасынан басталып, еңбек ұжымында, көше-көлікте, жалпы этностық тұрмыста көрінісін тауып жатуға тиіс. Мұнда адамгершілікті орнықты ететін этникалық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сана айрықша рөл атқарады. Сайып келгенде, адам деген атқа ие болу үшін адамның дені сау, есінің дұрыс болуы жеткіліксіз, оның гуманитарлық, яғни адамгершілік қасиеттері болуы тиіс.

Айта кету керек, гуманитарлық құндылықтар саясаттандырылмауы ләзім. Сонымен бірге оларды саясаттан мүлдем ажыратып алып қарастыруға болмайды. Гуманитарлық кодексі (мінез-құлық ережелерінің жинағы) қазақтардың ғасырлар бойы зардап шегіп, төгілген көз жасы, қаны мен терінің туындысы. Гуманитарлық топқа-тапқа, бүтін басты қауымға бауыр басып кетуден басталған қатардағы тұғырлардың бірі емес. Ол адамгершілік абсолюттерінің шоғырлануы. Қалғандары – саясат, ғылым т.б. осынау абсолюттік құндылықтардың іргетасына құрылуы керек. Өйткені, гуманитарлық құндылықтар абсолюттік сипаттас болып келеді. Оларды басқалай мүдделер мен жәйттерді ақтау үшін құрбандыққа шалуға болмайды. Керісінше, адамгершілікті сақтап қалу мақсатында басқаларды оған құрбан етуге болады. Адамгершілік абсолюті бір нәрсені – материалдық игіліктерді, билікті т.б. жөнсіз, қисынсыз иеленуге қарсы тұрады. Сондықтан одан тоғышарлар, әпербақандар, арысдар бойын аулақ салады. Әсіресе, бонвивандарға (өзіне жағдай жасауды ғана ұнататын адам), бұрандалы дөкірлерге «адам» керек емес. Гуманитарлық – болмыстың ең жоғарғы құндылығы. Ол назарын ұдайы тектілік, бекзаттылық пен адамгершілікке аударады, өткініші, уақытша, әбігерленушілікпен (экономикалық-саяси өлшемдермен) сыйыспайды. Гуманитарлық (ізгілік) қандай да сәтті болмасын, қазіргіден, яғни уақытшалық, өткініші нәрседен қанағаттанбаушылық сезімі пайда болған жерде басталады. Демек, гуманитарлық әдет емес, ол – сенім, өмір салты және іс-әрекет тәсілі [2, 442-448].

Этносты құрайтын құндылықтар мен қалыптардың көріністері қандай? Оларды адамдардың сөздерінен, шығармашылық туындыларынан, рухани ізденістерінен, қобалжуларынан, тіпті қуанышы мен азап шегуінен де жазбай тануға болады. Сондай-ақ, адамдардың өз халқының өткені, қазіргі жағдайы мен келешегіне байланысты аландаушылығынан осы құндылықтардың нышанын көруге болады. Мұны олардың табиғат, қоғам және билік институттары туралы түсініктерінен де байқауға болады. Өз-өзінен

көрініп тұрғанындай, бұлардың бәрі ұлттың өзіндік санасының, ары қарай кеңейтіп айтатын болсақ, ұлттық сананың мазмұнын құрайды.

Көптеген ойшылдар адамзат тарихының басы-бастауын революциялық емес, эволюциялық жолмен байланыстырады. Революциялар этностың ішкі қатынастарын қоғамдап-ұйымдастыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік ақпарат құрылымын бұзуға бағытталған іс-әрекеттер мен қозғалыстар болып табылады. Қоғамдық этостың құрылымын ізінен шығару – құрылымдық жойқындылықтың ең қатерлі түрлерінің бірі, өйткені ол адамның әдеп-әдеті мен жүріс-тұрысын оның өз бақылауынан, назарынан тыс қалдырады; сол қоғамда қалыптасқан типтің аман қалуына қауіп төндіретін және революциялық жағдайда да қоғамды сауықтыру үшін тиімді жол таңдай білуге бірден-бір әлеуеті мен қабілеті жететін әлеуметтік зиялылық (интеллект) пен ақыл-парасаттылықты тоқтатып, іске асырмай тастайтын, қалыптасқан байланыстар жүйесін талқандайтын күштерді жүзеге келтіріп шығарады. Қоғамдық-этникалық этностың жүйесізденуі оны өзінің жойылып кетуіне кіріптар етіп қана қоймай, коэволюциялық процесстің бұзылуымен байланысты жүзеге келетін басқалай апаттарға жол ашып береді. Бұрынғы атам заманында, одан кейінгі келесі кезеңдерде, әсіресе этностың қаймағы бұзыла қоймаған кезде құрылымның (қоғамдық, саяси және басқа салаларындағы) бұзылуы этнос пен адамның қалыпты өмір сүруіне айтарлықтай қауіп туғызбаған болатын. Ол заманда қандай қатерлі жағдайға тап болса да этос адамдарға не істеп, не қою керектігін инстинкті түрде білдіріп отырған. Және этникалық қоғам өмірлік маңызы бар императивтерге ие болатын. Ал "революциялық секірістердің" бел алуына байланысты бұл императивтер (бағыну, мойынұсыну) әлеуметтік интеллекттен шайылып жіберіледі. Мұның өзі адамзат қоғамының эволюциясын былай қойғанда, коэволюцияның ойсырай бәсеңсуіне әкеліп соқтырады.

Жағымды архетиптер адамдар өздерін бақытты деп есептеген кезде (оны балғын балалық шағын еске түсіргендегі сезімдерімен салыстыруға болады), яғни өмірден ең үйлесімін тапқан, оның жарқын әрі еркін кезеңінде санада, тіпті болмаған жағдайда саналы түйсіктерде көрінеді. Ал жағымсыз архетиптер этостың азайып-айныған, шырқы бұзылған, сырқат кезінде, тарихтың дағдарысқа толы кезеңінде жүзеге шығады. Олар халықтың санасыз жағдайындағы тарихи оқиғалардың "іздері" де болып табылады. Бірақ жақсылықтың емес, келеңсіздіктің, оның үстіне санадағы сараланбаған, саналыланбаған, өңделмеген келеңсіздіктің іздері. Дәл осындай архетиптер дағдарыстар кезеңінде әлеуметтік интеллект мүмкіндіктерінің шектелуі мен күрт төмендеуін, бұқаралық сананың иррационалдық деңгейге көшуін (адамның жағдайы нашарлаған кезде Құдайды аузына ала бастайтын әдеті де бар емес пе), қоғамдық сананың айнып-азуын эзірлейтін және қолтума санадағы ең ақырғы парасатты да рационалды компоненттерді ысырып тастай алатын, тіпті бұл сананы қайдағы бір жарамсыз қоқыстармен толтыра салуға бейіл тұратын күштер мен процесстерді азықтандырады. Ал әлеуметтік зиялылықтың жойылуы мен жоқтығы өз кезінде жағымсыз архетиптерді тудырады, мұны естен шығармауымыз керек болады.

Жоғарыда тілге алынған архетиптер қалай пайда болады? Әрине, оның дәл уақытын айту қиын, оның үстіне түрлі жерлер мен елдердегі архетиптердің хронологиялық жасы да алуан түрлі болып келеді. Қазақ этосына қатысты архетиптерге келетін болсақ, олар негізінен Ресейдің Қазақстанды отарлауына байланысты әлеуметтік-саяси және шаруашылық өмірді реттеуге ұмтылған адамдардың жаңа бір тобы (ең басында отаршылдардың басқару аппараттарының қызметкерлері; төменгі сатыда жергілікті тұрғындардың өкілдерінен жасақталған шенеуніктер жүйесі – хандар, сұлтандар, билер, старшындар) пайда болған кезеңге тура келеді деуге болады. Салмақты да маңызды архетиптердің негіздері, бәлкім, бұдан да бұрынғы кезеңдерге, ең берісі жоңғарлар мен татар-моңғолдар шапқыншылықтарының, мүмкін діни сенім-нанымдардың ауысуы (әсіресе, исламның қабылдануы мен таралуы) белең алған дәуірлерге тура келетін шығар. Бұл жерде тарихи фактілерді санамалап отырудың қажеті шамалы. Мәселе – дистрессілік тәжірибе архетиптері қандай жолдармен қалыптасады, міне, соның механизмін анықтауда жатыр.

Өз қалпында қалып, қарекетте көрінетін әлеуметтік зиялылықты алайықшы (оны бұл ретте нақтылы этос дамуының белгілі бір деңгейіне сәйкес келетін, әрбір қоғамдық жағдайға байланысты өзінің нақтылы "жауабын" бере алатын, әсерлесудің, мүлдем жаңа әрі соны әдістерін пайдалана және таба білетін қабілетке еге болған құрылым ретінде түсінеміз). Интеллектуалдық дамудың осындай деңгейінде тұрған қауым (оның ішінде этос та) стрессілік революциялық ситуацияларға тап бола қалған жағдайда, оларды шеттеп, айналып өтіп, тиімді жолмен жүруге шамасы жетеді. Бірақ жойқын күштің аты-күші. Сондықтан да көп жағдайларда қиратушы күш өз дегенін істемей қоймайтындықтан, белгілі бір сәтте ескі құрылым қирайды және объектілер ұйымдасуының бұзылуына байланысты әлеуметтік зиялылық іске қосылмай, іске аспай қалады. Нәтижесінде қоғамның немесе оның "тақдырын" шешетін бөлігінің жүзеге келген құбылыстарды қандай болса, сол күйінде көре алу және әсерлесудің тиісті әрі тиімді әдістерін таба алу сияқты қабілетін толығымен іске асырмай және тоқтатып тастайтын белгілі бір эффект пайда болады. Реттеушіліктің авто-



матизмдер, шаблондар, әдеттер және тәртіптің дисстрестік архетиптері сияқты түрлерінде көрінетін, ендеше жаңа регулятивтік вакуумдық жағдайда пайда болатын мұндай эффект бүтін басты қауым үшін тарихи трагедия болып табылады. Осынау трагедияның мәнісі мен басты себебі әлеуметтік зиялылық толығымен іске аспай қалған жағдайда да өмірдің жалғаса беретінінен; осындай жағдайда әрекет ететін қарқынды интеллектуалдық диірменнің өңдеуіне үсті-үстіне келіп жататын информациялардың көбейе түсуінен, осыдан барып қорытылмаған информациялардың әлеуметтік-этникалық естің қоржынынан бірақ шығуынан деп білеміз. Көрініп тұрғанындай, дисстрестік жағдайдағы еске сақтау "дені сау" зиялылықтың, "ходы" жүріп тұрған кезге қарағанда мүлдем басқаша кешеді екен. Ой жүгіртіп көріңіз: Кеңес өкіметі тұсында біздің қауым мен этосымыз құлдырап, бүлініп кетті. Бірақ өндіріс пен өмір тоқтап қалған жоқ. Керісінше, КСРО әлемдегі әсіреимперия, әсіредержава қалпында қала берді емес пе? Азаматтар жұмысқа келіп-кетіп жатты, іс атқарылып жатты – қысқасы өмір дегеніңіз сарқ-сұрқ қайнап жатты. Мұның бәрі қоғамдық, ұлттық, этникалық құндылықтардың адам айта аларлықтай емес деңгей мен көлемдегі бұзылуымен қоса жүрді. Бірақ қоғамымыз өркениетті өмір сүру деңгейіне жете алған жоқ. Осынау жүйенің қазақтарға жат екендігіне қарамастан, қалыптасқан жағдай олардың қазақтардың оны ең дұрыс, ең жақсы, ең әділетті құрылым деп қана білетін қарабайыр ұғымына өзгеріс енгізе алмады. Қазақтар оны ең жақсы, ең әділетті құрылым деуден бір танбады. Жалған-жасық информациялар қабылданған үстіне қабылдана берілді. Оған сенгендер мен сенушілер көбеймесе еш азайған емес. Себебі, халықтың этосы бұзылған еді. Ол информацияны, әлемді, қоғамды, адамды төл этос елегінен өткізу мүмкіндігінен әлдеқашан айрылған еді. Деформациялар мен дисстрестік этос айналайын Кеңес өкіметі тұсында ғана пайда болды ма? Жоқ, әлбетте.

Халықты дүрбелеңге салып, зиялыларын түңілдірген ақырзаманның шын аты, сойқанды аты – отаршылдық, елді өз дәстүр-салтынан, этосынан айырған патша тәртібінің орныға бастауы болатын. Расында да "есіктен кіріп төр менікі" дегендей, патша жандайшаптары өз үстемдігін, өз салтын, өмір сүру ережелерін мейманасы таси жүріп орнықтыра бастағаны шындық еді. Ата-мекенінен айрылған қазақтар бірте-бірте бостандығынан да, ерік-жігерінен де, үйреншікті тіршілігінен де айрылды. Сөйтіп, ғасырлар бойы ел дидарын танытып келген ата салтынан қол үздірді. Оның әсері халықтың психологиясынан, мінез-құлқынан, адами тірліктерінен де атойлап көрінді. Мұның өзі өткен мен енді болып жатқан өзгеріс-тердің арасында жік туғызды. Отаршылдық ылаңы мен кесапаты өршіп, қабына түсті. Ел тірлігінің іргесі сөгілді. Осындай кептің боларын Жиделібайсынды іздеп, тыным таппаған Асанқайғы атамыз да болжап білген еді. Тіпті, сондай қасіреттің таяп қалғанын ұлы жырау Бұқар баба, Дулат Бабатайұлы мен Шортанбай Қанайұлы да күңірене айтқан болатын. Әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасыр басында ғұмыр кешкен Абай, Ыбырай, Асан ақын, Жамбыл қазақ этосы мен этникалық санасының аянышты күй-жайын өз көзімен көріп, қинала отырып қағазға түсірген, жырға қосты. Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын, халқым надан болған сон қайда барып оңайын, – деп күйінген еді Абай. Қазақты осындай күйге түсірген заман еді, заман болғанда Асан ақын айтқандай ақырзаман еді. Ол "ақырзаман" арбап, аздырды", – деп тірліктен түңіле торықты. Бұл жерде Асанға ел намысы, қалың әлеумет намысы мен ар-ұят дем беріп, қолына қалам ұстатқанын баса айтқан абзал. Өйткені, оның зарын отаршылдық тепкісі деп, ал Асан зары – ата жолынан, ана мейірінен, ел бірлігінен, жақсылардың шапағатына көлденең болып, азып-тозып, байтақ жерінен айрылған әлеуметтің, қалың көпшіліктің зары. Осындай шырайы жоқ өмірді, тозғындыққа ұшыраған қалың елінің күңіренген дауысын, аһ ұрғызған азабын айтуға келгенде Асан іркілмей, қайраттанып кетеді.

Ақынды ашындырып, өмірден түңілдірген ақыр заманның нағыз аты – қазақ жеріне иелік етумен тынбай, осы халықтың ар-ұятын аяққа басқан, өтірік пен өсекке, дау-жанжалға, қатыгездік пен харамдыққа арқа сүйеп, ұртын майлатқан Ресей империясының отаршылдығы еді. Мұндай сөз ол кезде тосын, әлі ел жадына сіңбеген еді. Сондықтан да Асан бұқараға жақын, таныс сөздерді қолданып, "ақыр заман", "әлеумет", "қулық", "арамза заман" деп сөйлейді. Ерді намыс өлтіреді. Асанның сүйгені де, таяныш еткені де – намыс, жұрт намысы, зарлы күйге түскен халық намысы. Егер отаршылдық, патша өкіметі жақсылық әкелсе, бөтен жерде жанжал шығар ма еді, елдің намысын қоздырар ма еді? Ғасырлар бойы қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғалған ел намысын сақтауға, ел тыныштығына, қауым бүтіндігіне ұйытқы болар еді, дін мен иман игіліктеріне араша түсер де еді. Жоқ, бұл есек дәме болатын. Қоқан хандығының қоқандауы былай қалды. Қара халықты темір етіктің табанына салды, намысына тиіп, бабалар жолын қиып тастады. Ол, ол ма, отаршылдық пен теңсіздік – әлеуметті ашындырған ақыр заман ел ішіндегі дұрдараздықтың, алауыздықтың, ішмерездік пен сатқындықтың қара бұлтын ұйытқыта келген еді. Сондай кесапат заман бұлты үйіріліп тұрған кезде ата-баба дәстүрінің алтын дінгегі шайқалмағанда қайтетін еді: отаршылдықтың отты ойраны қызды анадан, ұлды әкеден бездіріп жіберді. Бауырластар баянсыз болып, іштен жау шықты, сөйтіп әлеуметтің зығырданын қайнатқан ақыр заман ақын жүрегіне

шоқ тастады [3].

Бүгіндері ұлы ақын Жамбылдың жырына үңілсек, ол астарлап болса да сол стресстік ситуациядан кейінгі қазақ этосының жағдайын айтқан екен:

*Жамбыл көрді жасында,  
Шабындыны, шандарды.  
Біреуді біреу талаған,  
Жыртқыштықты, зандарды.  
Жүрсе де халық ашынып,  
Осыны қашан аңғарды.  
Көрсеткендер қарсылық,  
Қайыршылап сандалды.  
Сандалдырып малды алды,  
Малды алмады – жанды алды.  
Хан-төрелер алдаса,  
Би-болыстар арбаса,  
Шаққыш жылан ұйтты,  
Халықта шыр қалмаса,  
Заманның айғақ ақыны,  
Кім айтар Жамбыл болмаса, – деп толғаған екен ұлы ақын [4].*

Этностың этосы және ол шабыттандыра алатын әлеуметтік зиялылық дистресстік жағдайға тап болса, қауым мыңдаған, жүздеген жылдар бойғы ұстанып келген психикалық бағдар-шамынан айрылып, сең соққан балықтай күй кешіп, күн өткізіп, жел қай жақтан соқса, соның ыңғайы-ығымен жүре беретін әдет тауып алады. Мұның нәтижесінде қауым турасындағы барлық жаңа және бай информация оның өкілдерінің компьютеріне қабылданбай, сол себепті тәжірибеге айналмай қала береді, өйткені әлеуметтік зиялылық пен этностың теориялық деңгейіндегі өздік санасының елегінен өтпей, өңделмеген информация шынында да кәдеге аспай қалады және де этникалық психиканың терең қатпарлары мен түкпір-түкпірлерінде жалпы жағымсыз әсерлер мен реакциялар түрінде шөгіп жата береді. Әрбір дистресстік [5] ситуациядан кейін этникалық этос ақымақ болған үстіне ақылсыз бола береді, меніреулене түседі, өйткені әлеуметтік интеллекттің көбісі өңделмеген архетиптермен айналыса береді, мұның өзі жаңа шешім қабылдауға септігін тигізбейді. Алдыңғысына айнамай ұқсап келетін әрбір жаңадан пайда болған жойқын сипатты ситуация дистресстік архетиптерді құдды бәйгеге қосатын атты жаратқандай бабына келтіре дайындайды, олардың қоғамда екпінді де емін-еркін әрекет жасайтын әлеуметтік-психологиялық факторларға айналуына себепші болады. Әдетте, әрекет ететін факторлар деңгейіне көтеріле алған дисстрестік архетиптер тағы да рационалдық сананы іске қоспай, іске алғысыз етіп тастайды, оның есесіне екпінді әрекетке көшетін иррационалды сананы алға шығара береді. Адамдардың қоғамдық-тарихи жадында, көңіл-күйінде, тіпті сыртқы кейпінде көрінетін бұл архетиптердің сығымдалған дистресстік іздері ұрпақтан ұрпаққа көшетін қасиетке ие. Яғни дистресстік архетип – бұл осы этнос тапқан, тап болған ішкі конфликт. Бұл конфликт қоғам, оның ішінде жекеленген психика тарапынан түйсініліп-ұғынылса, онда ол өзінің қауіпті, сұрапыл, жойқындық қасиеттерінен айрылады да, жаңа тәжірибеге бастау болу мүмкіндігіне ие болады. Сонда әлеуметтік зиялылық қарама-қарсылықты дистресстік жағдайды еңсере отырып, рационалды, табысты, бейімді, ақылды жұмыс істей алады, ал дисстрестік архетип қоғамдық реформаторлар тарапынан (оның өзінде саналы түрде емес) кам-қарекеттердің бірден бір дұрыс жолы мен әдісі ретінде танылады. Егер де қайтадан бабына келтірілген архетиптер туралы қоғамның осы бөлігінің өкілдерінің пікірін білгіңіз келсе, олардың бұларды қорғаштай бастайтынын көресіз. Мұны олар ешқандай негізі жоқ болса да біздің ұлттық мінез-құлқымыз бен этникалық ерекшеліктеріміздің табиғатынан туындайтын жәйт деп жанын сала түсіндіруге әзір тұрады. Расында мұның өзі біздің әлеуметтік зиялылығымыздың қатып-семіп қалуынан басқа ештеңе де емес. Бұл, әсіресе өкімет басшылары, саясаткерлер мен оларға жақын жүрген кісілердің бойынан табылатын жай. Құдды осындай жандардың рационалсыз, парасатсыз және бейімсіз әдебі мен тәртібі бүкіл халықты жарақаттап, оның басына сор болып бітеді. Әсіресе, принциптерге ойсыз бас ұру ахуалында тәрбиеленген Кеңес үкіметі кезеңіндегі біздің қоғамда бұл әбден орын алған еді [6].

Этнос жұтаса нағыз рухани, моральдық, экономикалық және экологиялық дағдарыстың келгені. Этнос қаз-қалпында қалса жан дүниеміз бен қоғам тіршілігінің оңға басуына, заңға сүйенген еліміздің саяси жүйесінің дамуына жол ашылады. Жұртымыздың этникалық ой-санасы мен пейілі кең, пиғылы таза, ал тұтастай алғандағы қоғамымыздың ой-сана экологиясы әрдайым тепе-теңдікте болғанын қалар едік. Көрініп тұрғанындай, этос, этникалық өздік сана мен өркениетті тығыз байланыстылықта алып қарастыру тиімді де оңтайлы. Әрі қажеттілік.

- 1 Донченко Е. Дистрессовый опыт в разрушающемся этосе // *Философская и социологическая мысль. Украинский. научно-теоретический журнал.* – 1995, - №7, 8 – С. 94.
- 2 Ильин В.В. *Философия.* - Т. 2 – Ростов-на-Дону: «Феникс», 2006. – С. 442-448.
- 3 Қауынбайұлы Т. Ақырғы демі үзілмейді ақынның // *Егеменді Қазақстан.* - 20 қаңтар, 1996 жыл.
- 4 Дәуітұлы С. Бұлақ басынан тұнады. // *Егеменді Қазақстан.* - 17 қаңтар, 1996 жыл.
- 5 Дистресс – стресстің жағымсыз салдары екенін еске саламыз.
- 6 Н.Назарбаевтың Қазақстан Парламенті сессиясында сөйлеген сөзінен алынды // *Егеменді Қазақстан,* 31 қаңтар, 1996 жыл.

UDC 32:316.7]:316.3

## COMPARATIVE ANALYSIS OF NATIONAL YOUTH POLICY IN DIFFERENT COUNTRIES

**I.Rystina** – *Ph.D. political science*

Мақалада дамушы және дамыған мемлекеттердегі жастар саясатының ерекшеліктері көрсетілген. Мемлекеттік жастар саясатының халықаралық стандарттары қарастырылған, мемлекеттік жастар саясатын қолдауға бағытталған шараларға жаһанды сараптама берілді, жастар саясатына мемлекеттік деңгейде көмек көрсету әрекеттеріне салыстырмалы талдау жасалды.

**Кілтті сөздер:** жастар, жастар саясаты, Үкімет, саяси мәдениет, саяси билік

В статье показаны особенности национальной молодежной политики в развитых и развивающихся странах. Проведен обзор международных стандартов национальной молодежной политики, глобальный анализ относительно мер по содействию государственной молодежной политики, сравнительный анализ действий стран по осуществлению национальной молодежной политики.

**Ключевые слова:** молодежь, молодежная политика Правительство, политическая культура, политическая власть

The article shows the characteristics of the national youth policy in developed and developing countries. A review of international standards for national youth policy, global analysis on measures to promote the state youth policy, the comparative analysis of the actions of countries to implement national youth policy.

**Keywords:** youth, youth Policy, government, political Culture, political power

Children and young people up to the age of 24 account for up to 70% of the population in many developing countries.

Of the estimated 1.9 billion children (0-18 years) in developing countries, 1 billion live in poverty. The majority of these young people live in developing countries.

The demographic picture in the industrialised world is somewhat different, but youth poverty is on the increase here too. The share of Europe's population accounted for by young people (15-24 years) is expected to drop from 12.6% to 9.7% between 2005 and 2050.

To promote young people and implement their rights, however, appropriate framework conditions are required. Youth policies create these conditions.

We explored the national youth policy in developed and developing countries. We spent the Review of International Standards on National Youth Policy; Global Analysis on Actions to Promote National Youth Policy; Comparative Analysis of Country Actions to Implement National Youth Policies.

However, a National Youth Policy on its own is not sufficient. It is also essential to have an action plan for policy implement with appropriate budgeting. Youth participation is a core element in the development, implementation and evaluation of youth policies.

The main conclusions of the article Proposal on Criteria, Conditions and Steps for the Implementation of National Youth Policies. The present publication gives youth organisations and specialist institutions an overview of how youth policies are integrated at international and national level. It also presents good practices and discusses the problems involved in developing, implementing and evaluating youth policies at national level.

Youth policy – is an integral part of a holistic policy, which is a system of measures and legislation for the establishment and maintenance of a certain social status of the younger generation, and along with it – a certain quality of life and quality of the young people, which in the long term is the economically active population of the country.

This category of people – there is a certain social stratum, it is very important for the state, as young people – these are the people that will replace the currently ruling generation.

The quality of the younger generation, as well as the degree of compliance with existing and necessary

conditions and standards of the country are due to the efficiency of youth policy. The effectiveness of youth policy to ensure the effective implementation of measures of different nature: legal, social, economic, organizational, spiritual, moral, psychological, etc.

The implementation of these measures creates the appropriate conditions acceptable to achieve the main objectives of youth policy. However, in different countries and even regions of the country pursued a variety of objectives of youth policy, all kinds of tools are used to achieve this aim and, as a result, the results of the implementation of youth policy, and with it the quality of the younger generation – are obtained different.

In the UN Millennium Declaration, the states emphasise their obligation to promote the ratification and complete implementation of the Convention on the Rights of the Child and its optional protocols on the involvement of children in armed conflict and on child trafficking, child prostitution and child pornography.

The General Assembly has, since 1969, adopted important mandates on national youth policy and the United Nations Secretariat has promoted the implementation of such mandates on national youth policies since that time.

A national youth policy was taken to mean overall plans relating to all young people and a wide variety of programmes, including in and out-of- school education, training, employment, youth welfare, recreation, cultural activities, and participation in economic and social development.

The outline of the study undertaken by the ICNYP Secretariat follows:

1. Review of International Standards on National Youth Policy;
2. Analysis on Actions to Promote National Youth Policy;
3. Comparative Analysis of Country Actions to Implement National Youth Policies;

A national youth programme, as distinct from a national youth service programme, was considered to be a term which could be used for all the youth activities and youth services of a particular country and included as a part in a national budget.

And a national youth service programme was defined as one of the means employed, in addition to the usual formal and informal education and training programmes, for the implementation of national youth and development plans, and was considered to have as its principle objectives:

- a) organized training and provision of opportunities for youth in productive employment within the framework of national social, economic and cultural development programmes; and
- b) organized provision of opportunities for youth to serve the national and local society in bringing about economic and social change.

The General Assembly further indicated that the national youth policy process should be wide-ranging to include both those measures directly and indirectly concerned with youth activities, as well as elements concerned with the role and place of young people in each sector and area of national life such as in:

- ! education and training;
- ! agriculture and rural development;
- ! health and the promotion of primary health care;
- ! commercial and industrial development;
- ! protection and improvement of the environment;
- ! promotion and development of the national culture;
- ! science and technology;
- ! community organizations, trade unions and political institutions.

Currently, much attention is given to studying the experience of a number of Western countries, which in this issue have reached their goals. In this regard, the analysis of youth policy of Western countries has important value to determine the rate of the Russian youth policy.

European countries have allocated relatively late youth policy in a specific sphere of activity of the state, though done in this area a great job of getting tangible results.

Thus, the principles and directions of youth policy in the West were born in the 50's and 60 's, on the basis of philanthropy and volunteerism, as well as state aid needy youth (" at-risk " students, marginalized youth, etc.). 80s were a breakthrough for young people in education. European countries more and more attention is paid to the education of young people and their orientation to the active labor, professional growth.

2000s in Western countries are under the slogan "Youth – that's us!". Modern European youth policy is based on two areas: increasing youth employment and active struggle against unemployment, as well as educational policy and training of young people. Moreover, the involvement of people in these processes begins at an early age.

Summarizing the above, we can conclude that the purpose of today's youth policy in Europe - conflict-integration of young people into society. 10-12 years in the youth age group need to master the skills, learn your

rights and responsibilities as a course of civic and moral education. Thus, the adult life of a young person enters as already formed, full and conscious personality.

As can be seen from the chronology of the development of youth policies in foreign countries, a hallmark of Western youth policy is also its focus on young people in general, not just for its "problematic" part.

State youth policy of Kazakhstan has a significant number of distinctive features in comparison with foreign experience in this field.

Youth policy in our country goes back several decades. However, it has not been previously issued, all of the work with young people was carried out in the framework of the ideology of the party and realized through its mechanisms (primarily through education). In this regard, the emergence of the concept of "youth policy", many have been linked to the collapse of the Soviet Union.

The main areas of youth policy of modern Kazakhstan are: spiritual and moral education (in particular through the development of a sense of patriotism) and informing young people about the potential for development.

It should be noted that this approach to youth policy does not cover 100% of the younger generation. It focuses only on a small part of it - the most active and capable, as well as a limited age range (as opposed to European youth policy, which is based on the involvement of young people from an early age.) In fact, disadvantaged young people (people with disabilities), and also less active on their stage of development, young people - remain on the sidelines, swelling the ranks of marginal elements.

Unfortunately, since the collapse of the Soviet Union's youth policy has not become a priority in practice the policy of the state. Since the early 90's there were several legislative documents and the preparation of draft laws on many young people. However, all of them (as well as most of the decisions and target programs adopted at the regional level) were declarative in nature and are directly dependent on the position of local governments, as well as the availability of financial support for this purpose.

### **Conclusion**

As the experience of the last decades, the search for solutions to this problem is not confined to the territory of Kazakhstan. Under these conditions, a fusion of modern western trends and domestic destinations to form a focused state youth policy, taking into account the specifics of the Russian way of life and thinking.

A distinctive feature of the youth policy of Western countries is its structure in certain areas (sports, education, health, etc.). However, Kazakhstan's best course of action in these circumstances is the complexity of the ongoing action. State youth policy should cover all possible directions at the same time, by means of which may impact on the youth organizations of the country.

*1 Zelenkova M.M. Features of youth policy in Russia and foreign countries // Modern scientific research and innovation. - March 2012. - №3 [electronic resource]. URL: <http://web.snauka.ru/issues/2012/03/10661>*

*2 <http://www.unesco.org/new/en/social-and-human-sciences/themes/youth/policies-and-programmes>*

*3 Indicators of a National Youth Policy. European Youth Forum Europe. 2007*

*4 1989 -Young People and Social Change After the Fall of the Berlin Wall Council of Europe - COE Eastern Europe 2012*

ӘӘЖ 671 (87)

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Д.Т. Мажирын – ҚР ІІМ Оқу орталығының бастығы, Алматы қаласы*

В статье рассматриваются проблемы развития правового государства в Казахстане. Правовое государство является важным фактором и неотъемлемой частью социальной модернизации. Дается анализ законотворческой деятельности и обобщается опыт по становлению и развитию Казахстана как демократического государства. Формирование правового государства осуществляются при наличии необходимых для него условиями. Особенно актуальны развитие экономики, культуры, нравственности, высшее развитие духовного потенциала общества. Правовое государство сегодня является главным вопросом отечественной политической науки.

**Ключевые слова:** правовое государство, система государственного управления, модернизация общества, демократическое государство

This article exams the problems and development of law states in Kazakhstan. Law states becomes the stable factor of developed government, also is important part of modernization. In order to this, there are was made and attempts to analyze and to generalize the hard ships which prevents the development of law states in our countries. The analysis of activity is given and experience is summarized on becoming and development of Kazakhstan as the democratic state. Forming of the legal state come true at presence of necessary for him terms. Development of economy, culture, morality, higher development of spiritual potential of society, is especially actual.

**The key words:** constitutional state, system of public administration, modernization of society, democratic states

Құқықтық мемлекет – бүгіндері отандық саяси ғылымның басты тақырыптарының бірі. Соңғы жылдары оған көптеген зерттеулер арналған, сөйте тұра, көптеген мәселелер өз шешімін күтуде.

Күні кеше ғана демократия, мемлекет дегендер біздің ғылымда және саяси тәжірибеде таптық тұрғыдан қарастырылып келді. Ал қазіргі күні бұл мәселелер жалпы адамзаттық идеялар мен құндылықтар тұрғысынан зерттелуде. Қоғамдық санада демократиялық принциптерге негізделген құқықтық мемлекет қоғамдағы қайшылықтарды шешу мен онда заңдылық пен құқықтық тәртіп орнату құралы бола алады деген пікір қалыптасып келеді.

Құқықтық мемлекеттілік туралы: «заңды басшылыққа алу» қажеттілігі, мемлекет қызметінің сан қырлылығы және оны бірнеше түрге бөлу қажеттілігі, мемлекет пен құқықтың ақыл және әділдік бастаулары және т.б. жекелеген идеялар ежелден ақ ойшылдарды мазалаған болатын.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдары мемлекет қалыптасуының ең бір күрделі кезеңі болды. Парламент екі мәрте таратылды, үкімет бірнеше рет ауысты, Конституция екі мәрте қабылданды және ел орталығы Астанаға ауысты. Қазақстандық президент институты трансформацияланып, эволюция барысында жаңа модернизациялы белгілермен байи түсті. Уақыт өте келе президент институты – елдің конституциялық және жоғарғы сайланбалы институт ретінде қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыруларға сай дамып, солардың негізгі бастамашысы болғандығына айдан анық көз жетті. Сондай-ақ трансформациялану үстіндегі мемлекеттің сенімді және тиімді құралы ретінде өзін көрсетті.

КСРО құлағанда Қазақстан өзге де республикалар сияқты масштабты саяси және әлеуметтік экономикалық дағдарысты қиын жағдайға тап болды. Тұрғындарының полиэтникалық және поликонфессиялық сипаты, орталыққа тәуелді экономика және т.б. Қазақстанның өзіне тән ерекшеліктері жағдайды ушықтыра түсті. Осындай қиын қыстау жағдайда әлеуметтік экономикалық дағдарыс пен билік тармақтары арасындағы түсініспеушіліктен туындаған шайқалуларға бой алдырмайтын мемлекеттің биліктің күшті әрі ұйысқан жүйесі қажет болатын. Президенттің билік тармақтарынан жоғары және олардың келісімді қызмет атқаруын қамтамсыз ететін арбитр ретінде айқындалған мәртебесі ғана Қазақстан жағдайында қоғамды сәтті әрі біржола реформалаудың кепілі бола алатын.

Транзитті қоғамды модернизациялау – қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтитын күрделі де ұзақ үдеріс.

Құқықтық мемлекеттілікті қалыптастыру тәжірибесінің әр жерде өз ерекшеліктері бар екендігі белгілі. Алайда, құқықтық қоғам құрылысында табыстарға қол жеткізген елдердің азаматтары бостандыққа, шынайы құқыққа, өз құқықтары мен бостандықтарын қамтамсыз етуге, құқықтың мемлекеттен басым болатындығына талпынатындығымен анықталатын жалпылама белгілерді айқындауға болады.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыру осыған қажетті шарттардың болуымен байланысты. Олардың ішінде экономиканың, мәдениеттің, ізгіліктің, қоғамның рухани әлеуетінің дамуының жоғарғы деңгейі айрықша маңызға ие.

Құқықтық мемлекет – азаматтық қоғамның саяси жағынан ресімделуі, дамыған демократиялық институттар қызмет ететін, өзін өзі басқару, азаматтардың және олардың ұйымдарының бастамашылдығы мен белсенділігі орын алған қоғамдық өмірдің салалары. Бұл сала билік органдарының жөнсіз регламенттеуінен заңмен қоршалған. Мұндай мемлекетте адам мен қоғамның құқықтары мен бостандықтары сақталады; құқық мемлекетке қарағанда басым болып табылады; азаматтың мемлекетпен екеуара қарым қатынастарында қорғаушы болып табылатын соттың тәуелсіздігі мойындалады және сақталады. Тұрғындары өзін-өзі жөнге келтіруге белгілі бір қабілеттілігімен, жалпы ережелер мен мүдделерге бағынуға дайындығымен сипатталады. Азаматтық қоғам – өздерінің дербестігін және шығармашылық бастамашылығын еркін білдіретін тең құқықты адамдардың қоғамы [1].

Құқықтық мемлекетте билікті бөлу қағидасы жүзеге асырылады. Кеңестік заң ғылымы бір уақытта заң шығаратын және оларды орындайтын «жұмыс істейтін корпорация» ретіндегі мемлекеттік билік механизмі туралы маркстік тезисті ұстанды. Билік жүзеге асырылуы бойынша еңбек бөлінісі тұрғысынан қарастырылып, құрылымдық-функционалдық ренде сипатталды. Заң шығару, атқару және сот билігін жеке жеке зерттеудің өзі жоққа шығарылды. Құқықтық мемлекеттілік биліктің бөлінуісіз мүмкін емес болып табылады, өйткені, өркениетті адамзат баласы ойлап тапқан дәл осы тепе теңдік және тежемелік жүйе биліктің бір қолға шоғырлануынан және оны теріс пайдаланудан қоғам өзін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Құқықтық мемлекет мемлекет пен адамның екеу ара жауапкершілігін өмірге сыналап енгізуді мақсат етеді. Бұл дегеніміз құқық нормаларында көзделгенді сақтауға адам ғана міндетті емес, сондай ақ мемлекет те адамның заңдардағы бостандық мөлшерін қамтамсыз ету үшін өз шешімдері мен әрекеттерінде өзін өзі шектеуі қажет дегенді білдіреді.

Авторитарлық саяси режимдегі мемлекеттерде азаматтың мемлекет алдындағы жауапкершілігі белең

алған. Құқықтық мемлекетте – мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар олардың құқықтары мен бостандықтарын бұзған кезде азаматтардың алдында жауапты болып табылады. Құқықтық мемлекет адаммен бірлесе әрекет ете отырып оның өмірін, денсаулығын, ар намысын, абыройы мен қадір қасиетін, бостандығын қамтамасыз етеді және қорғайды; бюрократия, жершілдік, мекемешілдік сияқты теріс құбылыстармен күресу құралы болып табылады [2].

ҚР мемлекет озбырлығынан қорғайтын заңды құралдардың болуына қарамастан, тиісті нормаларды уақтылы жүзеге асыру, азаматтардың бұзылған құқықтары мен мүдделерін дер кезінде қалпына келтіру әрқаз мүмкін бола бермейді, ол қазақстандық қоғамның қазіргі кезеңіндегі объективті қиыншылықтарымен түсіндіріледі.

Ең әуелі мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға қатысты «заңмен тыйым салынбағанның барлығына рұқсат» принципі қазіргі жағдайда өзекті болып тұр. Алайда оны ақылға салып пайдаланған жөн. Ол үшін белгілі бір деңгейдегі саяси және құқықтық мәдениеттің болуы, жеке және жалпы мүддені салыстыра білу, жалпыға бірдей мінез құлық ережелерін сақтау шарттары болғаны дұрыс. Онсыз заңдылықтың бұзылуы, субъективизм, озбырлық орын алуы мүмкін.

Елдің қазіргі экономикалық, әлеуметтік, саяси даму деңгейі құқықтық мемлекеттілік талаптарына жауап беретін белгілерді қарқынды енгізуге мүмкіндік бермейді. Бірақ бұл ұранды қоғамдық пікір оң қабылдап, онда бекіген сияқты. Қазіргі жағдайда барынша мүмкін құқықтық мемлекеттіліктің мәнді белгілерін жүзеге асыру күштеп қолға алынуда.

Ауылда рулық құрылыс өктемдік етті, сондықтан капитализмнің дамуына негіз болмады, қазақ даласына капитализм айырбас саудасы арқылы енді деушілерді "ауылдағы рулық құрылысты" жақтаушылар дей отырып, оларға А.Байтұрсыновты, Е.Полочанскийді, Кушнерді жатқызады. Бұл топқа "капитализм қазақ ауылына сауда капиталы түрінде енді, бірақ ескі өндірістік қатынастарды өзгерте алмады, натуралды шаруашылық үстем болып қала берді" дейтін пікірді жақтаушыларды да, мәселен Зелькина т.б., қосты. Сөйтіп бұларды қазақ ауылының буржуазиялық дамуын, ауылда азды-көпті қалыптасқан капиталистік қатынастар мен капиталистік өндірісті жоққа шығарушылар ретінде сипаттайды.

Ал екінші топты, қазақтық феодализмнің қарсыластары деп атай отырып, олар революцияға дейінгі ауылда капиталистік қатынастар толық өктемдік етті, қазақтың натуралдық шаруашылығы ақша-тауарлыққа айналды, феодалдық қалдықтар толық жойылды деп негізсіз тұжырымдайды дейді. Бұл топқа Румянцев, Рысқұлов және Федоров жатқызылады. "Осы көзқарастардың қайсысын дұрыс деп есептеуге болады?" – деп сұрақ қоя отырып, оған: "Біздің пікірімізше оның екеуі де революцияға дейінгі ауылдың экономикалық дамуының шынайы процесін көрсете алмайды", – деп жауап береді /2, 61/.

Автор екінші топтағылардың негізгі кемшілігі "қазақ ауылының отарлық жағдайын ескермеу және қазақ шаруашылығының капиталистік дамуының дәрежесін асыра бағалау" деп түсіндіреді. Бұл пікірді жақтаушылар ауылдың капиталистік жолмен дамуына кедергі келтірген феодалдық қалдықтардың барлығын мүлде жоққа шығарады, немесе олардың Федоров сияқты кейбіреулері сақтықпен, көз қылып қана, қанау сипатындағы кейбір феодалдық қалдықтардың барлығын мойындайтынын айта келіп, "Сонымен, бұл жолдастардың тұжырымдамасы бойынша отарлық қазақ ауылындағы капиталистік даму орыс деревнясындағыдан да әлдеқайда еркін және толық жүрген болып шығады", – дей отырып бұл тұжырымның негізсіздігін көрсетеді. Автор орыс деревнясына қарағанда қазақ ауылында капитализмнің әлдеқайда әлсіз, баяу дамығандығы, қазақ шаруаларының сол, капитализмнің дамымауынан, езгінің феодалдық әдістерінің өктемдік етуінен қиналғандығы туралы айта отырып, "Бұған орыстық самодержавиенің отарлық саясаты да ықпал етті", – деген пікірімен келісуге болады. Ол орыс империализмінің отарлық қазақ өлкесіндегі "цивилизаторлық ролі" туралы Румянцевтің, Дмитриевтің, Кауфманның т.б. пікірлерінің шындыққа сай еместігін дұрыс көрсете білді.

Екінші көзқарастың басты қателігі неде? – дей отырып, олар "қазақ ауылындағы буржуазиялық дамуды мүлде жоққа шығара отырып, орталық Ресеймен отарлардың (бұл жағдайда қазақ ауылының) байланысын және қазақ даласындағы тауарлы шаруашылықтың дамуын көрмейді немесе мүлде мойындамайды", – деп есептейді /2, 64-65/. Автор олар отарлық ауылдың дамуының тек бір жағын – феодалдық қалдықтар сақталатынын ғана көреді, ал феодалдық қанау тәсілдерімен шырмалған, әлсіз болса да капитализмнің дамуын мойындамайтынын атап өтеді. Әсіресе, С.Аспендияровтың "Қазақтардың құрылуы мен дамуының қысқаша очеркі" /3/ атты мақаласын сынайды. Нақты үзінділер келтіре отырып, Аспендияровтың қателігі "қазақ ауылындағы феодалдық қалдықтардың өктемдігін дұрыс айқындағанымен империализм саясатының екінші жағын – қанаудың капиталистікке дейінгі тәсілдерін сақтаумен қатар, отарларға өндірістің тауарлы түрін ұмтылуын – мүлде түсінбеуінде немесе ұмытуында", – деп көрсетеді /2, 65/. Қазақ ауылындағы капитализмнің дамуы басқа көптеген отар аудандарға қарағанда көп кедергілерге кездескенін, бірақ бұның қазақ ауылы тарихтан, дүние жүзілік тауар айналымынан тыс қала берді деген сөз емес екендігін былайша сипаттайды: "Қазақстан патша империясының отарларының бірі бола отырып, XIX – ғ. соңы мен XX – ғ. басында экономикалық негізде помещиктік-капиталистік Ресейдің құрамды бөлігіне айналды. Бұл уақытқа қарай орыс капитализмі Қазақстанды дүние жүзілік тауар айналымына тартты және онда өз фабрикалары үшін базар құрды" /2, 66/. Ғ.Тоғжанов: "Революцияға дейінгі кезеңде қазақ аудандарының көпшілігі негізінен, тауарлы мал шаруашылығының дамуына маманданды. Қазақстанның солтүстік аудандары мал өсірумен қатар, тауарлы жер шаруашылығын да дамытты", – дей отырып, қаншама кедергілерге, қиындықтарға қарамастан қазақтардың шаруашылығы "одан ары, дамудың рулық құрылыс немесе феодализм жолымен емес, буржуазиялық жолымен дамыды", – деп есептейді /2, 67/. Тақырыпшаның соңында бұл пікірін былай деп нақтылай түседі: "Революцияға дейінгі ауылдың дамуын буржуазиялық ретінде белгілей отырып, бірақ сонымен бірге қазақ даласындағы капитализмнің әлі де өте төменгі сатыда болғандығын ерекшелік айтуымыз керек" /2, 68/. Автор Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы капитализмнің дамуы азапты, прустық жолмен жүрді, ал ол капиталдың сауда және өсімқорлық сияқты архаикалық түрін дамытты деп есептейді. Ғ.Тоғжанов капитализмнің дамуының бұл жолы қанаудың жартылай феодалдық және капиталистікке дейінгі тәсілдерін сақтап отырды дей келе, өз шаруашылығын осы жолмен жүргізушілерді жартылай феодалдар деп атайды. Оның бұл, яғни жартылай феодалдар атауы кейіннен көптеген еңбектерге термин ретінде еніп кетті.

Бұдан соң, автор қазақ ауылындағы капитализмнің сипаты мен дәрежесін жалпы сипаттаудан, "қазақ

шаруашылығының тауарлы-капиталистік дамуының жекеленген негізгі белгілерін нақты айқындау мен талдауға” көшеді. Қазақ ауылына капитализм тек сауда және өсімкорлық капиталы арқылы енді, олар ескі өндіріс тәсілін ыдыратпады және қазақ шаруашылығы натуралды болып қала берді, – дейтіндердің пікірі туралы айта келіп: “Мұндай тұжырым қате. Ең алдымен қазақ шаруашылығы натуралды болып қалған жоқ. ... XIX – ғ. соңында ол басқаша болды. Бұл уақытқа қарай қазақ малшылары немесе егіншілері жеке тұтынуында да және өз шаруашылығында да тәуелді болып отырған базарға бағынған еді”, – дейді /2, 68-69/. Ғ.Тоғжанов қазақтардың шаруашылығын – байлар, орташалар және кедейлер шаруашылықтары деп үшке топтай отырып, бұл үшеуі де базар үшін өндірді, қажеттерін сол базардан алып отырды, – деп олардың капиталистік жолмен өмір сүріп отырғанын дәлелдеуге ұмтылады. Ол сондай-ақ, қазақ шаруалары бірте-бірте “екі түрге – орыс кулактары сияқты байларға және орыс батрағы сияқты кедейлерге бөлінді”, – деп таптық жіктеліске де капиталистік сипат бергісі келеді /2, 69/. Кез келген тауарлы шаруашылыққа тән барлық басты қарама-қайшылықтар XIX-ғ. соңында қазақ ауылдарында да орын алғанын, ауыл шаруашылық пролетариатын байлардың сауда, өсімкорлық, жұмысшылар жалдау т.б. жолдармен қанауы енді сирек емес, күнделікті жағдайға, жаппай көрініске айналғанын атап өтеді. Ғ.Тоғжанов: “Революцияға дейінгі қазақ ауылында мал негізгі өндіріс құралы болды”, – дей отырып, кімнің қолында мал көп болғанын Щербина мен Кузнецовтың экспедицияларының мәліметтері бойынша дәлелдеуге тырысады /2, 70/. Қазақстанның әртүрлі аймақтары бойынша мәліметтер келтіре отырып, оларды XIX-ғ. соңында ауылда таптық жіктелудің терең жүргендігіне және негізгі өндіріс құралы – малдың, азшылық қолында, қазақ байларының шағын тобы қолында жинақталғандығына көз жеткізу үшін жеткілікті деп есептейді.

Ғ.Тоғжанов жалдамалы еңбек туралы мәселені арнайы зерттеуге, оның капиталистік сипатын баса көрсетуге ұмтылған алғашқы зерттеушілердің бірі. Ол “жалдамалы еңбек пен сыртқа жұмысқа кетушілер санының көбеюі қазақ ауылында да капитализмнің дамуының негізгі көрсеткіші болып есептелінеді”, – дей отырып, 9 уездегі жылдық және маусымдық жұмысшылар жалдайтын қазақ шаруашылықтарының проценттік көрсеткіштері бойынша “XIX – ғ. Соңында барлық қазақ аудандарында жалдамалы еңбек кең пайдаланылды”, – деп тұжырымдайды /2,71/. Сондай-ақ ол, жалдамалы еңбек қазақ шаруашылығының тауарлылығы темір жолға, базарға, орыс қалалары мен поселкелеріне жақын жерлердегі қазақ аудандарында жақсырақ дамығанын, жалпы алғанда жалдамалы еңбек туралы мәліметтердің қазақ аудандарына капитализмнің енуінің әртүрлі дәрежеде болғандығын тағы да дәлелдейтінін атап өтеді. Ал қашықтау, көшпелі мал шаруашылықты аудандарда жалдамалы еңбек нашар дамығанын көрсете отырып, оның себебі бұл аудандардағы байлардың шаруашылықтың капиталистік жүйесінен гөрі “крепостниктік езуді” шаруашылығын қоңсылардың, кедей руластарының күшімен жүргізуді ұстануында деп түсіндіреді. Кітапшада жалпылай болса да, байлардың өз батырақтары мен жұмысшыларына еңбек ақы төлеуі туралы мәселе қойылған. Қазақ даласының әртүрлі аудандарындағы капитализмнің даму дәрежесі байлардың шаруашылығындағы жұмысшылардың еңбек ақысының түріне де әсер еткенін, XIX – ғ. соңы мен XX – ғ. басында темір жолға жақын малшы-егінші аудандарда, әдетте, жұмысшылардың еңбек ақысы ақшалай, ал алыстағы, көшпелі аудандарда малмен төленгенін көрсетеді /2, 71-72/.

Ғ.Тоғжанов шетке жұмыс іздеп кетушілер туралы мәселені жеке қарастыра отырып, оны капиталистік қатынастармен байланыстыра сипаттайды. “Кәсіпшілік те негізінен қазақ шаруашылығының тауарлылығы жоғары, базар дамыған, ауыл шаруашылықтық сияқты, өнеркәсіптік те капиталистік өндірістер көп ояздарда қарқынды дамыды”, – деп мәлімдейді /2, 73-74/. Ол кедейлердің қаржы табу мақсатында негізінен жер шаруашылықты аудандарға кететінін, айта отырып, “шетке кетушілік әсіресе тағы да сол барынша тауарлы – дамыған солтүстік ояздарда күшті дамыды” – деп тұжырымдайды. Бұның себептерін былайша түсіндіреді: 1) □ырта қалған алыс ояздарға қарағанда, бұл ояздарда шаруалар шаруашылығының тауарлылығының дамуының және капиталистік өндірістің өсуінің көптігіне орай, жұмыс күшіне сұраныс таппағандар шетке кетті; 2) шетке кету барынша күшті дамыған бұл аудандарда орыстар мен қазақтар аралас тұрды, орыс деревняларында қазақ ауылымен салыстырғанда капитализмнің дамуы тезірек жүрді. Орыстың кулақтық және байыған шаруашылықтары тарапынан, әсіресе астық жинау кезінде, маусымдық жұмысшыларға сұраныс көп болды. Бұл жерде айта кететін бір мәселе, Ғ.Тоғжанов “тұрақты маусымдық жұмысшы” топтарының қалыптасуы туралы мәселе көтереді. Ол қазақ шетке кетушілері өте арзан жұмыс күші болғандықтан орыс кулактары оларды жұмысқа тартуға ұмтылды, әртүрлі тәсілмен өздерінің шаруашылығындағы тұрақты маусымдық жұмысшылар ретінде бекітті. Осылай бекітілген қазақ шетке кетушілер жыл сайын шарт бойынша белгіленген уақытта (жер жыртуға, егін жинауға, бастыруға т.б.) ”өз” қожаларына келіп, қаржы тапты, – дейді. Автор “Весь Казахстан” жинағындағы Федоровтың ”отаршыл-кулак қыста немесе көктемде кедей-қазаққа аздаған шөп немесе нан (бидай) бере отырып, өзі таңдаған күні еңбектің базарлық құнынан әлдеқайда төмендетілген баға бойын-

ша қарызын өтейтінін айтады”, – деген пікірін қолдай отырып, бұл отаршыл-қулақ тарапынан қазақ кедейлерін қанаудың крепостниктік-отаршыл әдістерінің бірі болғанын, ондай маусымшыл қазақтардың орыс поселкелерінде аз болмағанын жазады /2, 74-75/.

Автор қазақтардың егіншілікке жаппай көшуі тек XIX-ғ. Соңында ғана байқалады деп есептейді және оның дамуын қазақ шаруаларының жіктелуімен, ауылдағы шаруашылықтың тауарлылығының дамуымен байланыстырады. Солтүстік аудандарда кедейлермен қатар, – дейді ол, – байлардың да тауарлы жер шаруашылығымен айналысуына көп малының болуы кедергі болмады, жоғарыда аталған Жаманшаловтар, Жексембайлар, Кулеевтер т.б. 500-ден 1000 десятинаға дейін егін екті, тіпті 100 – 200 десятин егістігі бар ұсақ байларды әрбір ауылдан кездестіруге болады. Кедейлер мен орташалардың кейбіреулері, артық өнімді ғана емес, өздеріне қажеттісінің де бір бөлігін сатты. Ал көшпелі оңтүстік және орталық аудандарда егіншілік “кедейлердің ісі” болды, тұтынушылық сипат алды деп есептейді. Екі аудандағы егіншіліктің дамуын салыстыра келіп, автор жұмысшыларды жалдау, батрақтар мен шетке кетушілерді бөлу солтүстік аудандарда көп болғанын тағы да атап өтеді.

Ғ.Тоғжановтың қазақ ауылы туралы арнайы екі еңбек жазып, оларды көптеген мәселелер бойынша пікірталастылығына қарамастан батыл тұжырымдар жасалған. Бүгінгі тәуелсіз тарихи ой олардың кейбіреулерінің дұрыс екендігі, сонымен қатар сыни тұрғыда қарауды қажет ететін ойларының да бар екендігін байқатады. Дегенмен сол кездердің өзінде қазақ ауылы тарихын арнайы зерттеп, ғылыми тұрғыда күн тәртібіне қоюдың өзінің батылдық екендігін ескере отырып, болашақ зерттеушілер қазақ ауылын нақты зерттеу объектісі ретінде ала отырып жаңаша көзқарастар тұрғысында зерттеуі қажет.

*1 Тоғжанов Г. О казахском ауле. – Кызылорда: Без изд., 1927.*

*2 Тоғжанов Г. Казахский колониальный аул. Часть 1. Под редакцией А.М.Авидорога. – М.: Издание Научно-исследовательской ассоциации по изучению национальных и колониальных проблем, 1934. – 109 с.*

*3 Асфендияров С. Краткий очерк образования и развития казахов. // Большевик Казахстана. – 1932. №6.*

УДК 98 (574)

## **ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА Н.А. НАЗАРБАЕВА НАРОДУ КАЗАХСТАНА КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК РАЗВИТИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА**

*А.Галиева – магистрант КазГосЖенПУ,*

*А.Галиева – кандидат филологических наук, доцент*

Автор Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың әр жылдардағы Жолдауларының өзіндік саяси, тарихи деректік ерекшелігімен қатар, «Қазақстан-2050» стратегиясы XXI ғасырдағы жаһандық өзгерістер мен жас мемлекетіміздің өсіп-өркендеу бағытындағы көптеген жасампаз жоспарларының маңызына тоқталады.

**Түйін сөздер:** Жолдаулар, ұзақ мерзімді Стратегиялар, жаһандық проблемалар, EXPO 2017

Author President Republic Kazakhstan is Head of the state N.A. Nazarbaev look year message political, historical fact feature hardens, Kazakhstan is 2050 strategy XXI century lodged change and years the state grows – develops direction increases creative plan importance is stopped.

**Key words:** Messages, long-term Strategies, lodged problems, EXPO 2017

Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана – это не просто повод для размышлений. Это настоящий вызов, в том числе и для нашего учёного мира. Ведь теперь предстоит моделировать наше будущее – то, как будет жить страна почти через четыре десятка лет.

Первое Послание Президента прозвучало в октябре 1996 г. И имело традиционное название «О положении страны и основанных направлениях внутренней и внешней политики на 1997 год». Однако историческим по своему значению стало второе по счету Послание Президента «Стратегия развития Казахстана до 2030 года», озвученное в октябре 1997 г. Именно с него ведется отчет президентских Посланий.

Послания за 1996 и 1997 гг. были зачитаны в г. Алматы. Начиная с 1998 г. В связи с переносом столицы они читаются в Парламенте г. Астаны. 2012 г Послание впервые было озвучено ни в стенах парламента, ни перед депутатами, госслужащими. Оно прозвучало в стенах нового Театра оперы и балета в Астане. Были приглашены лучшие казахстанцы, получившие государственные награды по случаю Дня независимости, работники культуры, образования, науки, производственники, социальные служащие. Послания транслируются в прямом эфире. Текст Послания публикуется в печати на следующий день.

С 2006 г. Перед Посланием исполняется гимн Казахстана «Менің елім».

В принципе, уже начиная с Послания 1997 г., Президент стремится использовать неологизмы, яркие

красочные слова, которые делают текст Послания запоминающимся, броским. В той же Стратегии «Казахстан-2030» было использовано много крылатых выражений: «миссия Казахстана», «Центрально-азиатский барс», «человеческий капитал». То есть само по себе Послание проходит технологическую обработку как идеологический документ.

Приведем лучшие, на наш взгляд, фразы Президента из его Посланий:

1997 г.: «Прцветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев – вот ключевые слова, которыми следует охарактеризовать Казахстан, который мы все хотим построить».

1998 г.: «В этот исторический день я предлагаю вам программу демократизации и политических реформ, которая станет новой точкой отсчета в нашей национальной истории».

1999 г.: «Блуждающий характер» ближайшей истории заставляет нас с особым вниманием отнестись к проблемам собственной безопасности».

2000 г.: «Порой приходится повторять очевидное, но истина состоит в том, что Казахстан был, есть и будет самым стабильным и безопасным государством в регионе, и мы твердо держим руку на пульсе».

2001 г.: «Построение Казахстана, базирующегося на прочном фундаменте политической и социальной справедливости, экономической свободы, страны, в которой будет господствовать сила Закона».

2002 г.: «Единство, межнациональное согласие и политическая стабильность – это главное, чего хочет наш народ. Я это знаю».

2003 г.: «Мне выпала честь объявить о крупнейших в нашей новейшей истории повышениях социальных расходов, которые мы начнем уже скоро и которые затронут каждого казахстанца и каждую семью»

2004 г.: «Мы уже доказали, что Казахстан готов к великим свершениям, а казахстанцы способны их осуществить».

2005 г.: «Мы всегда помнили, что демократия – это наша цель, а не начало пути. Мы знали, что демократию невозможно внедрить декретом, ее надо выстрадать».

2006 г.: «Одна из причин наших заблуждений в том. Что либерализм власти воспринимается упрощенно, как ее слабость и неспособность наложить вето на те или иные «шалости» и «капризы» своевольных честолюбцев. Нам надо избавляться от иллюзий и заблуждений».

2007 г.: «Все это создает фундамент нового общеказахстанского патриотизма, обоснованной гордости и уверенности в том, что у нашего Отечества, у всего нашего многонационального и конфессионального общества, у наших детей – прекрасные перспективы». 2008 г.: «Постоянное улучшение социального самочувствия казахстанцев, всех слоев и социальных групп казахстанского общества является и будет оставаться на первом плане государственной политики». 2009 г.: «Сегодняшние проблемы и то, как мы с ними справляемся, – это экзамен на зрелость и устойчивость нашего общества и государства. Думаю, что мы этот экзамен выдержим. Нам предстоит войти в новый этап своего развития и преумножить наши достижения. Уверен, что мы справимся». 2010 г.: «Мы вместе смогли сделать Казахстан преуспевающим, и вместе мы сможем сделать его процветающим».

Проведение итогов двадцатилетия независимости было выражено и кратко в Послании 2011 г.: «Построим будущее вместе!».

2012 году страна вошла в третье десятилетие независимости с программой социальной модернизации, «Социально-экономическая модернизация- главный вектор развития Казахстана».

Послание Президента Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия “Казахстан-2050”», по сути, – это новый вектор развития страны, это наше будущее. В своем Послании Глава государства сосредоточил внимание на 10 глобальных вызовов XXI века:

Первый вызов – ускорение исторического времени.

Второй вызов – глобальный демографический дисбаланс.

Третий вызов – угроза глобальной продовольственной безопасности.

Четвертый вызов – острый дефицит воды.

Пятый вызов – глобальная энергетическая безопасность.

Шестой вызов – истощаемость природных ресурсов.

Седьмой вызов – Третья индустриальная революция.

Восьмой вызов – нарастающая социальная нестабильность.

Девятый вызов – кризис ценностей нашей цивилизации.

Десятый вызов – угроза новой мировой дестабилизации [1].

Ведущая фраза Послания «Стратегия “Казахстан-2050”» – это то, что Н.А. Назарбаев говорит о грядущем золотом веке казахстанской нации. В Послании впервые в нашей истории Президент страны ставит задачу – войти в число 30 наиболее развитых стран мира. Важность Послания Главы государства как раз в том, что определяется новая модель развития Казахстана.

Во-вторых, этот документ является источником направленного на укрепление независимости и государственности Казахстана. Решение поставленных вопросов в экономике, социальной политике, в сфере внешней политики и безопасности будет способствовать упрочению нашей страны. Поэтому мы можем рассматривать это Послание как четкий и ясный механизм для укрепления независимости Республики Казахстан в XXI веке.

Третья важная особенность в том, что мы четко заявляем международному сообществу, каким Казахстан видит себя в XXI веке. Тем самым мы открываем возможности для позиционирования Казахстана как современного государства в международном сообществе. Эти три аспекта, на мой взгляд, являются ключевыми в рамках оценки значимости данного документа.

Следующая большая задача во внешней политике контексте реализации «Стратегия “Казахстан-2050”» – это усиление экономической дипломатии нашего государства. Казахстан стремится создать такую экономику, которая основалась бы на инновационных принципах и современных технологиях. Все эти технологии находятся в западных государствах и в некоторых азиатских странах. Мы должны совершенствовать нашу экономическую дипломатию, с тем чтобы привлекать эти инновационные разработки в Казахстан. Для этого хорошую возможность предоставляет ЕХРО-2017. Необходимо максимально использовать огромные шансы, которые даст для нашей страны ЕХРО, чтобы развивать именно инновационное направление нашей страны. Выдвинутая Президентом «Стратегия “Казахстан-2050”» – это план будущего казахстанской нации. Эта стратегия, состоящая из нескольких блоков, позволит Казахстану постепенно не только укрепить экономику, но и достойно предстать на мировой арене.

«Лидер нации в своем Обращении к народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» провозгласил национальную идею «Мәңгілік Ел», которая рождена всем тысячелетним историческим опытом казахского народа, казахстанским путем, пройденным за годы независимости. Обозначенные приоритетные задачи направлены на укрепление общественно-политической стабильности и благосостояния казахстанцев. Об этом мечтали миллионы наших предков, отдавших свою жизнь за родину, родную землю, духовно-культурные ценности народа. На стеле Культегина была высечена мечта о единстве народа и великом независимом сильном государстве тюрков и продолжает, – в созвездии современных тюркских стран яркой звездой сияет Қазақ Елі и нашему государству отведена миссия быть преемником и наследником традиций великого Тюркского Еля. Традиция – это испытанный временем прогресс, а прогресс – это продолженная традиция. Мечта далеких предков воплотилась сегодня в Республике Казахстан, которая стала родиной для представителей многих этносов, волей судьбы оказавшихся на этой благодатной земле. Дух предков - намыс, святая историческая память, традиционное гостеприимство, гуманный этнический и духовный культура, прочная экономическая основа, богатейшие природно-сырьевые ресурсы, обозреваемое будущее позволяют выдвигать четко оформленные и созидательные идеи».

У каждого времени свои задачи; решая их, человечество движется к прогрессу. Сегодня наша страна стремится быть в авангарде этого движения, усилия по объединению религиозных лидеров мировых конфессий, интеграционные инициативы, отказ от ядерного оружия, поддержка мирных акций и участие в международных гуманитарных проектах и работа в прогрессивных сообществах на планете являются ярким подтверждением наших устремлений и жизнеспособности уникальной модели общественного согласия и национального единства, а достигнуть намеченной задачи и цели возможно только в том случае, если каждый казахстанец внесет свою лепту.

*1 www.akorda.kz Послание Президента Республики Казахстан- Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана Стратегия «Казахстан-2050».*

ӘӘЖ 008

## **МАШАНИТАНУ БАҒЫТЫН ОТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДА ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

**Г.Жүгенбаева – т.ғ.д., М.Тынышбаев ат. Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, профессор**

Статья посвящена научному и творческому наследию крупного ученого, педагога и общественного деятеля Акжана Машанова (1906-1997). Его вклад в развитие казахской гуманитарной мысли до сих остается малоисследованным. Автор, изучив историографию проблемы, приходит к мнению, что в казахстанской персоналистике изучение места и вклада А.Машанова в гуманитарную науку Казахстана являются актуальными вопросами и в настоящее время.

**Ключевые слова:** Аль-Машани, Аль-Фараби, персоналистика, национальная историография

Article is devoted to scientific-creativity heritage A.Mashanov. Akjan Mashanov (1906-1997) major exerciser, educator and public figure. Her place and contribution in development national humanities still is poorly known. Author considering results in historiography on the subject, raises the relevance current problems in the domestic human resources.

**Key words:** AL-Mashani, AL-Pharabi, personalistik, national historiography

Қазақ ұлттық тарихнамасының шын мәнісіндегі дамуы, өркендеуі ел тәуелсіздігімен қатар қалыптасып келе жатқаны асырып айтқандық емес. Ұзақ уақыт бойы отан тарихының империялық-тоталитарлық астамшылық тұрғысынан зерттеліп, кеңестік саяси-идеологиялық қалыппен зерделенуі ұлттық тарихи жад мәселесіне өз әсерін тигізді. Негізінен, кеңестік саяси және экономикалық науқандар тізіліп, тізбеленген жылнамалық тарихи білім сол кезең ұрпақтарының тарихи жадына айналдырылды. Тарихтың ең алдымен халықтың, ұлттың тұтас өткені екендігі, ал сол тарихи өткеннің «занды» иелері жеке тұлғалар, азаматтар екендігі, олардың әлеуметшілдігі мен шығармашылық белсенділігінің тарихтағы зор орны ескерусіз қалдырылды. Кеңестік тарих ғылымы, жеке тұлғалардың, адамдардың іс-әрекеттерін, көзқарастың, ұстанымдарын, шығармашылық мұраларын тануда идеологиялық сипатын барынша әйгілеп отырды.

Бүгінгі күні ұлттық тарихымызды танып-білуде, оның заманауи ғылыми тұғырнамасын негіздеуде сан қыруар ізденістер толастамауы жәйден-жәй емес. Мемлекеттік мінберден қазіргі қазақстандық қоғамның тарихи жадын жаңғыртып қана қоймай, мемлекетшілдік сана тұрғысынан ұйыстыруға, біріктіруге жасалып жатқан іс-шаралардың нақтылы уақытпен үндестігін, оның «утопиялық» пәлсафалықтан ада екенін бағамдамау тіптен орынсыз деуге келеді.

Әлемдік жаһандану үрдісінің ақпараттық технологиялар тасқынымен жеделдетілуі ұлттық құндылықтардың мәйегін бұзып, сан ғасырлық ұлттық нышандар мен ұлттық «менді» өзгертуге апарып соғуда. Оның нәтижесінің оңдылығы мен терістігі, мемлекетшілігін қалыптастырып үлгерген жетекші ұлттың тарихи интеллектуалдық өресінің күш қуатына байланысты болады. Мұны адамзаттың сан мыңдаған жылдық тарихи тәжірибесі дәлелдеген. Өйткені, адамзат қауымдастығы мәдениеттер мен өркениеттер алмасуымен синтезделіп, дамитын ерекше құбылыс екені белгілі.

Сондықтан ұлттық тарихтың жалпы халықтар тарихындағы алар орны мен өзіндік сыпатын анықтауды, сол ұлттың тұтас зиялылық болмысын танытар тұлғалар әлемімен зерделеу қисынсыз, жат әдіс емес. Саналы ғұмырын ұлттық ғылымды өркендетуге, қазақ жастарын политехникалық-инженерлік кәсіпке баулыған ғалым-ұстаз Ақжан Машановтың (1906-1997) шығармашылық мұрасы мен ерен тұлғасын зерттеп, оқып-үйрену аса маңызды, көкейкесті мәселе. Бұл бағытта жетекші орынды Ақжан Машановтың шәкірттері, әріптестері, көбінесе сол саланың мамандары мен зерттеушілері алып келеді [1].

Ақжан Машанов қазақ тарихын тұжырымдаудың өрісі кең мәселесі - рухани-мәдени және ұлттық дүниетанымдық құндылықтарды кешендік тұрғыдан қарастырған ғұлама ғалымдығымен қоса, патриот тұлға. Кеңестік билік әмірінде ғұмыр кеше жүріп, ұлы ойшыл, сан-салалы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабидің (870-950) есімін тарихи Отанына оралтып [2,6-27-бб.], оның әмбебап сипат алатын мол ғылыми мұрасын зерттеп, танудың теориялық-методологиялық негізін қалыптастыруға күш салғанын, өмірін арнағанын ұмытуға болмас. Әл-Фарабидің ғылыми көзқарасының, дүниетанымдық-философиялық ұстанымының мәнісін жүйелеп, кейінгі ұрпаққа талдап, түсіндіріп берумен қоса, ғұлама мұрасының өміршеңдігін бүгінгі ғылыми танымның жетістігі негізінде бірнеше еңбектерінде дәлелдеп шықты. Сондай-ақ Әл-Фараби мен Абайдың арасындағы рухани байланысты алғаш рет нақтылы зерттеуінде тұжырымдап, терең талдаулар жасағаны белгілі [3].

Ақжан Машанов әлемін түсіну, оның еңбектеріне жан-жақты ғылыми сараптама жасау зерттеушіден терең дайындықты, жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдарға бірдей қабілеттілікті және рухани парасаттылықты талап етеді. Әл-Фарабиді тануға жан-жақты білім мен қабілет, биік рухани парасаттылықпен келген А.Машанов болса, сол Машановты тануда осындай өлшемдерді қажет етеді. Қазақ ғалымының өз еңбектерін тарихи тұрғыдан зерттеп, пайымдау ұлттық тұлғатануға қатысты жеке ғылыми бағыттың іргелі тақырыптарының арқауына айнала алады.

Ұлтымыздың дербес мемлекет құру мүмкіндігіне ие болуы, мемлекетшілдік сананы қалыптастыруда жалпыадамзаттық құндылықтардың ұлттық рухани жаңғырумен астарласуы, жас ұрпақты тәрбиелеу, оқыту мәселесінде жасалынып жатқан батыл қадамдар, қоғамда ұрпақтар сабақтастығын орнықтыруға зор ықпал етері даусыз. Тарихи дамуы империялық астамшылыққа бейім жұрттардың қоршауында сыналған қазақ түркілерінің ұлттық кемелдену кезені, осындай нақты бағыт-бағдарымен қалыптасары анық. Ақжан Машанов мұрасының тарихнамалық қабаттарына зер салуға арналған ізденісімізде осы мәселелер төңірегінде ой салуды жөн көрдік.

Ғалым шығармашылығының іргелі бағыты Әл-Фараби және оның ғылыми мирасына арналды [3-6]. Әл-Фарабиді кең ауқымда кешенді зерттеуге жол салды. Бұл қазақ ғалымының ғылымға деген көзқарасы,

пайымы мен қосқан үлесі. Оның «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» деген зерделі еңбегі [3] жалпы қазақ ғылымындағы тың дүние. Жариялануының өзінше бір тағдыры қалыптасқан еңбектің ғылыми танымдық маңызы туралы Машанитанушы, ғалым мұрасын халыққа, жас ұрпаққа талдап түсіндіруде, насихаттауда еңбек сіңірген инженер ғалым, педагог Ш.Әбдіраманов атап өтеді [2].

Әл-Фарабиді таныту барысында, ғылымның барлық саласынан хабары мол А.Машанов дүниежүзілік тарих мәселелерін, әр кезеңдердегі қоғам мен саясат, адам мен табиғат туралы ірі тұлғалардың көзқарастарын талдап отыруды ұмытпайды. Онсыз Әл-Фараби жұмбағын шешу, оның адамзат дамуына қосқан зор үлесін жете анықтау қиынға түседі. Сондықтан ғалым сол кезеңдегі дүниетанымдық көзқарасқа, тарихи ойлауға, жалпы қоршаған әлем туралы кең тынысты зерттеу жүргізген. Ортағасырлық тарихи ойлаудағы діни ұстанымды, оның өзіне дейінгі мифологиялық және рационалистік пайымдауға қатысты кезеңдеріне терең үңіле, ғылыми ой тұжырымдайды [7]. Бұл Әл-Фараби мирасын игерудегі тарихнамалық ірі мәселе болып табылады. А.Машанов осыны көрсетіп береді.

Дүниежүзілік тарихтың антикалық кезеңі ғылым мен танымның ең алғашқы түп негізін жасап берсе, оны әрі жетілдіру, дамыту, кемелдендіру ісінде Әл-Фарабидің сіңірген еңбегі орасан зор еді. Адамзат дамуының барлық кезеңдерінде өзінің қоғам игілігіне сұранысын жоғалтпайтын ғұламалар тарихта өте сирек. Оған тек Әл-Фараби бабамыздың мұралары ғана төтеп бере алатындығы асыра айтқандық болмаса керек. Ортағасырлық түркілердің көрнекті перзенті, сан алуан тарихи деректерге енген Отырар атырабында дүниеге келген Әбу Насыр Әл-Фараби адамзатқа ортақ игілік - ғылымға, ғылыми танымға еңбек етті [8-10]. Оның Шығыс пен Батыс ғылымына бірдей дәреже де мойындалуы Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың бүгінгі тәуелсіз елінің ұрпақтарының әлемдік заманауи ғылыми үдерістерге қаймықпай енуін шабыттандыра түседі.

Қазіргі таңда Әбу Насыр Әл-Фарабидің өз тарихи Отанында танылуы деген сұрақтан, көбінесе ұлы ойшылдың дүниетанымдық көзқарастары мен философиялық еңбектерінің талдануы, зерделенуі өз деңгейінде дамығандығын байқауға болады [8,11-12]. Әсіресе, тәуелсіздіктен бергі кезеңде Әл-Фарабидің мирасын саяси-идеологиялық шектеулерсіз барынша, объективтілік принципіне пайымдау кең қанат жайып келеді. Әл-Фараби мұрасындағы рухани кемелдік, шын мәнісінде алғанда аса күрделі, оны насихаттау, кеңінен зерттеу ісін жолға қою фарабитанушылардың ыждағаттылығын, табандылығын талап етеді. Ортағасырлық қоғамдық-саяси және рухани-мәдени, ғылыми кеңістікте барынша басымдыққа ие болған араб тілінің екпіні, түркі ғұламаларының тегі мен ныспысынан бастап, шығармашылық мұраларын тануға өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Міне, осындай тарихи, саяси алуан себептерге қарамастан, барлық кедергілерді жеңіп, Әл-Фараби есімі мен оның мұрасын ұрпағына табыстаған Ақжан Машановтың өзін танудың аса мәнділігі, өзектілігі айқындала түседі.

Әбу Насыр Әл-Фараби түркі руханиятындағы кемелдікті араб-ислам әлеміне танытып берді. Ол дүниетанымдық өресі мен қисындық зердесінің тереңдігінің арқасында ғана араб-ислам әлемін түсінді, таныды, сол кезеңнің ғылыми санасын жоғары өркендетті. Әл-Фараби түркілердің араб-ислам өркениетін дамытуға қосқан мол үлесін әйгілеп қалдырды. Жалпы, түркі өркениетіне қатысты әлі де болса өз ықпалын сақтап отырған көзқарастар мен сыңаржақ пайымдамаларға, Әл-Фарабидің өмірбаяны мен мұраларына арналған ғылыми-көпшілік, танымдық анықтамалықтарды насихаттау тетіктерін ойластырған ләзім.

Жаратылыс пен адамзат болмысын бір арна да ұғындыруға тырысқан Әл-Фарабиді танытудың өзегінің өзі де сол екенін зерделеген алғашқы фарабитанушы А.Машанов Әл-Фарабидің ғылыми мұрасына сипаттама береді. Әл-Фарабидің ғылыми қызметі туралы анықтама.

Әл-Фарабидің негізгі ғылыми қызметі туралы анықтаманы оның «Ғылымның сыныптамасы» туралы сөзінен бастаған ләзім. Өз заманындағы барлық белгілі ғылымды ол бес бөлімге жеткізді:

I-Тіл ғылымы және оның бөлімшелері; II-Логика және оның бөлімшелері; III-Математика ғылымы, яғни арифметика, геометрия, оптика жұлдыздар туралы ғылым, музыка, ауырлық туралы ғылымы және тамаша амалдар жәйлі; IV-Физика және оның бөлімшелері; V-Азаматтық ғылым және догмалық діни ілім».

Жалпы мағлұматты болу үшін әрбір бөлімнен қысқаша үзінді келтіріледі:

Тіл туралы ғылым екі бөлімшеден тұрады: 1) Қандай бір халықтың нақты сөз қорын есте сақтау және оның әр қайсысының нені білдіретіндігін білу. 2) Осы сөздердің бағынатын заңын білу. Сөздер жәй және құрмалас болады. Осыған байланысты жәй сөз ғылымы және сөз тіркесі болады. Тегі мен түрін көрсететін жәй сөздер: атау, етістік және шылауларға бөлінеді. Атау мен етістікте түр саны болады. Етістік мезгілге тәнті, т.б. – одан әрі сөз тіркесі жазу ережесі, поэтика, өлең шығару т.б.

II. Әл-Фараби түсінігінде логика – адамды ақиқат жолында қалыптастыруға мүмкіндік туғызып, оны қателестірмеу кепілдігін береді. Мысал үшін түзуді сызғышпен дөңгелекті циркуль көмегімен тексеруді ұсыну.



Ол логика заңын, грамматика мен өлең шығару заңымен салыстырады. Логиканың грамматикамен жалпы ортақтығы, мұның сөз үшін заң беретіндігі, ал айырмашылығы – грамматика халыққа ғана тән заңды анықтайды, ал логика барлық халықтар сөзінің ортақ ережесін береді.

Арабша логика – мантик тіл (нукт) деген сөзден шығады. Жалпы тұрғыда логика мынандай үш мағынада қолданылады:

1) Сырттай жалпы дыбыстық дауыста айтылса да астарлы мағынадағы сөз.

2) Адам жанында түйінделген (ой) сөз.

3) Адамға ғана тән табиғи болмыс – рухани күш. Адам басқа жан-жануарлардан осымен дараланады, осы күштің арқасында ақылмен жетер объекті интеллектциясын, ғылымды және өнерді таниды.

Логика сегіз бөлімшелерден тұрады:

1. «Мукулат», грекше («Категориас»-«Категория»-«Категориялар туралы»).

2. «Ал-Ибара», грекше – «Бари (хар) минийас». («Герменевтика» немесе «Түсіндірме туралы»).

3. «Ал-Кийас» грекше «Бірінші Аналитика» (Алғышарттан шығатын қорытынды), «Силлогизм»).

4. «Ал-Бурхан», грекше – «Екінші аналитика» («Дәлел»).

5. «Ал-Мауади ал жадалийа» грекше «Топика».

6. «Сафсата (тун)», грекше – «Софистика».

7. «Ал-Баиан», грекше – Риторика (шешендік).

8. «Китаб али-Шаар», «Ал-Гаруз» грекше «Поэтика».

III. Математика үлкен жеті бөлімнен тұрады. Негізінен қолданбалы және теориялық болып топталады.

IV. Жаратылыс және діни ілім (физика мен метафизика жайындағы) жайындағы ғылым [6,197-200бб.].

Бұдан соң ғалым Әл-Фарабидің қоғамдық ғылымдар туралы ілімін сипаттауға көшеді. Азаматтық ғылым, юриспруденция және діни ілімнің догмалары жайлы.

Адамның тәртібін және қоғамның әртүрлі жағдайдағы білінетін әрекеті мен тәртібін азаматтық ғылым («Ал-гилм – ал-Марани») зерделейді. «Олар мұның қайсысы шын бақыт, қайсысы қиял, бұл дүниеде бақыттың болуы мүмкін емес, яғни ол о дүниеде екендігіне түсінік береді» (6,200-201 бб.). Азаматтық ғылым қайсысы игілік, қайырымдылық, адамгершілік, сондай-ақ қайсысы жауыздық, жексұрындық, кесапаттық екендігіне түсінік береді. Осы мәселелер жеке адаммен шектелмейді, сондай-ақ тұрғын қалаға да, халық пен мемлекетке де қатысты. Осы ғылымның негізі Платон мен Аристотельдің «Саясат» және Платонның, басқа авторлардың кітаптарында баяндалған.

2. Юриспруденция (ал-фикхи). Құқықтану.

Қандай да бір халық үшін діннің әлі айқын емес кейбір діни қағидаларын жөндеу және оны дәл анықтау (бағалау) үшін зерделеу. Мұсылман құқы 1) көзқарас, 2) әрекет болып екіге бөлінеді.

3. Догмалық дін ілімі – бұл пікір айту өнері («Қалам»), яғни дін негізін салушының көзқарасын және әрекетін жақтаушысы, мұндай өнердің шеберлерін мутакаллимдер деп атайды [6,202 б.].

Одан әрі ғалым аңғаруынан байқаймыз: «Ғылымды математикалау және геометриялау принципін ол, өзі тікелей айналысқан ғылым мен техника салаларының барлығында да келтіріп отырады. Физика мен жаратылыстанудың барлық түрінде бірінші болып қолданбалы математиканы пайдаланған әл-Фараби. Бұл «Физикалық гармонияға» қатысты, бұл минералдар мен кристаллдар симметриясына қатысты, бұл музыка ғылымына қатысты, бұл күмбезді космологияға қатысты, тіптен азаматтық ғылымының соңғы бөлімінде – тұңғыш адамгершіліктің тепе теңдігіндегі және қоғамдық өмірдегі үйлесімнің сақталуына да қатысты да Әл-Фараби математикалық ой түйіндейді. Гармонияның осы принципін философиялық жүйеде қолданып, ол «Аристотельдің діни екі философиялық ортақтығы» туралы үлкен трактат жазды» – деп тоқталады.

А.Машанов адам өмірінің мәнісіне қатысты философиялық ой қорытуын білдіреді. «Адамдық өмірдің негізгі мақсаты шындық іздеу, шындық табу. Әл-Фараби өмірін соған арнаған адам екені айтылды. Әл-Фарабидің шындық іздеу жолы ғалами табиғат пен адамдық табиғатты тең ұстаған жол».

Әл-Фарабидің кейбір жеке ғылым саласындағы табыстарының қазіргі ғылымда алған орындарына тоқталады. Мәселен, ойыс айналы, оптикалық әдістер алысты жақындатып, кішкене үлкейтетіні мәлім. Бұл өнердің көптеген ғылым тарауында қолданылады. Соның физикалық-математикалық теориясын жазып және оны қолынан жасап пайдаланған алғашқы адам Әл-Фараби. Аспан шырақтарын және жер бетін, өлшеу аспаптарын Әл-Фараби жетілдірген.

Музыка саласында да Фараби еңбегі зор. Солардың ішінде бір ғана жаңалығына тоқтала кетеді: оның аты ноталар арасының таза санаттар қатынасы, ноталарға бөлінген дыбыстардың жоғары төменгі дәрежелерін көрсететін сандық қатынастары, шамамен алғанда перне араларының қатынасы қашықтық интервалы ноталық құрылыс болып саналады.

Әл-Фараби космология саласында нағыз жаңашыл болған. Бұл жайында ғалым оның идеяларының мынадай еңбектерінде «Птоломейдің Альмагестіне кіріспе», «Жоғары табиғаттанудың ұлы негізінің кітабы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Сауалдың мәні», «Ғылым сыныптамасы» және т.б. көрініс табатынын сипаттайды [6].

А.Машанов Әл-Фарабидің ғылымның әр саласына арналған еңбектерін бір ізге түсіріп, жекелей емес, тұтастай талдап, олардың ғылыми маңызын екшеледі. Әл-Фарабидің енгізген жаңалықтары мен антикалық ғұламалар Аристотель, Платон, көзқарастарын [13] талдауына және оларды әрі қарай дамытуға қосқан зор еңбегін дәлелдейді. Бүтін жаратылысты танудың ортақ тінін анықтап, оны ғылыми тұрғыда негіздеуі Әбу Насыр Әл-Фарабидің ғылымдағы шырқау биігі болса, оны елге, халыққа жеткізген А.Машановтай терең зерденің иесі еді. Соның нәтижесінде бүгінгі ұрпақ Әл-Фарабидің және басқа да Орталық Азия ғұламаларының араб-ислам ғылымын аса биік деңгейге көтергендігіне көз жеткізе алады.

Негізінде, Орталық Азияның интеллектуалдық әлеуеті, оның сол кезеңдегі араб-ислам өркениетіндегі орны жайында отандық тарихнамада терең зерттеулер жетіспейтіні рас. Саясиленген тарихи білімнің зардаптары әлі де ұлттық руханиятты көркейтуге, жаңғыртуға теріс ықпалын тигізіп бағуда.

Ақжан Машанов шынайы ғылымдағы ұлы тұлғалардың ғұмырының мәңгілік екенін дәлелдейді. Кейінгі тарихи кезеңдердегі қазақ топырағынан шыққан ғұламалардың мұрасынан өткен дәуір ойшылдарының дүниетанымын, көзқарастарын іздеп, ондағы үндестікті анықтап, жеке зерттеулер жүргізді. ... «Ел басына күн туған кездері қазақ халқының екі данышпен ұлының есімдері біздерге рухани демеу болары талассыз. Олар : бірінші әл-Фараби, екінші – Абай. Менің ұғымымда Абай ұлы данышпан, қазақтың ақылшысы, ұстазы, досы, халқымыздың тірегі, сенімі, ар мансабының әділ таразысы» [3,80 б.] – деп жазады. Абай мұраларындағы ғылымға қатынасты одан әрі тереңдей, талдай түседі: «Абайдың ғылым жолдары жөніндегі өсиеттері көптеген өлеңдерінде бар. Ол кісінің 17 және 31-32-інші сөздері түгелдей осы мәселеге арналған». Абайдың білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға шарттарын көрсете келе, оның ғылыми жолына тоқталады: құмарлық-махаббат, шыншылдық әдет, берік сенімділік, ғылымды дамытатын нұрлы ойлы парасат, жақсыны іске асырып отыратын батыл еңбек, шындықты сақтайтын ұстамды қайратты мінез» болуы тиіс [3].

Ғалымның Абай арқылы Әл-Фарабиді, Әл-Фараби арқылы Абайды тануға ұмтылысы аса ірі ғылыми жаңашылдық бастама. А.Машанов талдауында Абай тек қоғамды ғана емес, тұтас жаратылысты тануға, түсінуге, түсіндіруге күш салған ғұлама тұлғасында қабылданады.

Абай заманы (1845-1904) Ресей империясының қазақ халқын отарлау саясатының барынша асқынып, дәстүрлі тарихи таным «Зар-заман» деп түйіндеген ауыр кезеңі [14]. Кезінде Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлы «Зар заманның» көрнекті өкілі Мұрат Мөңкеұлының мұрасын зерттеу барысында дәл айқындаған, «Қазақ елі елдігінен айырылып, «штатқа» көніп, нағыз болдырып тұрған кезде Мұрат өмір сүрді. Мұраттың заманы – бостандық үшін «егескен ердің бәрі жер тіреген» заман. Патша хукүметінің қазаққа құрған саясатының гүрлеп тұрған заманы, қазақтың бұрынғы тұрмысы өзгере бастаған, қазақтың бұрынғы кең қоныстан, сүйкімді әдеттен, еркін салттан айырыла бастаған заманы» [15], яғни «халықтың рухы жоғалған» дәуірі болатын.

Монархиялық Ресей отарлаған елінің өмірін, тұрмыс-тіршілігін өз қолайына қарай өзгертуге кірісті [16].

Бұл жат, басқа дүниетанымдық рухтың, ділді өзгертуге жоспарланған отаршылдық әккі саясаттың қазақ халқын бұғаулаған кезеңі еді.

Абай шығармашылығының үлкен бір бағыты философиялық астардағы туындылары осындай тарихи жағдай әсерінен қалыптасты. Оған қарсы халықтың ділдік күш-жігерін, сол дәуірдің куәгері және сол ұлттың өкілі Абай Құнанбаев атқарды. Ұлтты танудағы рухани, ділдік мәселенің маңыздылығы тағы да алдымыздан шығады. Ақжан Машановтай зерделі ғалым Абай феноменін анықтаудағы, зерттеудегі тарихи, объективті себептерді осылай таразылаған. Белгілі бір тарихи кезеңдерде мәдени, рухани құндылықтарды өзгертуге күш салатын сыртқы факторларға қарсы ұлттық ділдік қорғаныстың шығу себептерін түсінетін тәріздіміз.

«Әл-Фараби және Абай» еңбегіндегі Абайды танудың А.Машанов тұжырымдамасы осындай қорытынды шығарады. Абайдың ғақлияларын талдау мен пайымдауда математикалық, қисындылық әдістерді енгізген А.Машанов «Абай үшкілі» категориясын негіздейді. «Абай үшкілі деп отырғанымыз үш саладан бас қосқан нәрсе: Қайрат, Ақыл, Жүрек. Абай өзінің 17-қара сөзінде осы үшеуінің өнерін салыстыра келіп, ғылымға билік айтқызады. Ғылым былай деп шешеді. Үшеуің де бірдей керексіңдер. Бірінсіз бірің жеке тұра алмайсыңдар. Үшеуің бас қосыңдар. Мен сендердің аянда боламын. Жүрекке басшылық беру керек. Мен сол жүректі қолдаймын. Дегенге келеді... Абай үшкілі даналық үшкіл» деп түйіндейді [3,121 б.].

Сондай-ақ Ақжан Машановтың ұлттық дүниетанымды зерделеу әдісі қазақ халқының тарихын зерттеуге қатынасты оң арнаға бұратын ықпалын айта кеткен жөн. Аталмыш еңбегінің «Мәдениет тарихы» тарауында ғалым былай деп жазады: «... Жазба тарих жиналмаған жерде ауызша шежіре алысқа бара алмақ емес. Сол себептен біздің қазақ халқының шежіресі Шыңғыс ханның төңірегінен әрі ұзамайды.

Оған керісінше ауыз әдебиеті, ертегі аңыздарды алатын болсақ, онда халықтың көне тарихынан сақталған қазынаның ізін көреміз. Сол себепті аңызға, оның ішіндегі сөздерге атауларға тесіле қарауымыз керек» // Екінші маңызды деректерге Машани сайын сахарадағы материалдық, заттай ескерткіштерді жатқызады. Бұл ойын қазақ халқының Өгізхан аңызын талдауымен жеткізеді. Аңыздың қысқаша мазмұнынан Өгізханның туғаннан бастап ерекшеленгені, өз есімін «Өгізхан» деп өзі қоюы, Ай орағынан садақ жасауы, Нұр қызына үйленуі, үш ұлы болуы Күн, Ай, Жұлдыз деп аталғаны, Өгізханның кәсібі мен достары т.б. халықтың астрономиялық ұғымы мен ежелгі тарихи кезеңдерінің халық зердесіндегі қорытылған, түйінделген квинтэссенциясы екенін саралап, кеңінен зерттеп дәлелдейді [3].

Осы орайда, қазақ халқының тарихын танудағы фольклор мен ауыз әдебиеті туындыларының мол тарихи деректемелік қазынасына тоқталған дұрыс. Өйткені, қазақ халқының қазіргі тарихи танымын жүйелеуде, жаңа ұстанымда қалыптастыруда айқындалмаған, шешілмеген сұрақтар, өзекті мәселелер жетерлік. А.Машановтың аталмыш ой-пікірінің орындылығына келісуге тура келеді.

Қазақтар қоршаған ортаның ыңғайына қарай кешегі ХХ ғасырдың басына дейін жаппай отырықшылықтан гөрі, көшпелі өмір салтына басымдық берген халық. Жазба дәстүрі тарихи объективті себептерден тұрақты, бұқаралық сипат алмады. Еуразиялық кеңістікті игеру табиғатпен өзара үндестікке негізделген көшпелілер өркениетінің сан қырлылығын паш етер руханияты ауызша дәстүрде барынша кең қанат жайды. Қазақтар одан өзін таныды, өткенін білді, өзін біртұтас халық, ел-жұрт ретінде сезіне алды.

Ұлы даладағы ауызша сөз өнерінің күдіреті қазақтың ұлттық ділі мен рухын, тарихи зердесін қалыптастырды. Мұны «Тарих толқынында» еңбегінде Н.Ә. Назарбаев терең пайымдаған болатын: «...Қазақты этномәдени тұтастық ретінде танып-түсіну үшін халықтың ауызекі сөзінің күдіреті айрықша мәнді. ...Салихалы сөз «қазақшылықты» құлпыртудың кілті болған. ...Тілдік шығармашылық арқылы әрбір қазақ мәдениетінің «оқшаулығын», өзінің «МЕН» дегізгерлік қасиеттерін және төл мәдениетінің сыр-сымбатына қатысының бар екенін тікелей сезініп отырған.

...Қазақ даласының дүйім жұртында кең құлашты тарихи сана болған, себебі бұл даладағы әрбір жұмыр басты пенденің жады бала кезінен ауызша айтылатын қисапсыз мол дерекке әбден жаттығып, көз қанық болып өскен. Халық тарихын түсініп-білу әрбір адамның өз басындағы сезім-түйсікпен астасып отырған» [17, 28-30, 31 бб.].

Халықтың өз ұғымындағы тарихи өткені рухани мұраларында көрініс береді. Бұлар: фольклордағы тарихи аңыздар, эпос, тарихи жырлар; ауыз әдебиетіндегі өлеңдері мен толғауларында тарихи, қоғамдық бағдары айқын Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған жырау, Шәлгез жырау, Доспамбет жырау, Жиёмбет жырау, Марғасқа жырау, Ақтамберді жырау, Бұқар жырау, Тәтіқара ақын, Шал ақын, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы шығармалары; шежіре түрлерінде [18-20].

Кеңестік кезеңдегі қазақ халқының руханиятына жасалынған қысым мен қағажулардың [21-22] бір себебі, бұл халықтың қандай ұлт екенін, бір кездері қандай ел-жұрт болғанын «мен мұнда лап» әйгілеп тұрар ұлттық контекстің «қалыңдығынан» еді. Тарихи куәліктердің (рухани мұраның) осы пласты бүтін ұлттың, этностың дүниені тануын жарқыратып көрсететін.

Көшпелі халықтың руханиятымен танысқан кез-келген жан (саяхатшылар, түрлі себептермен сайын далаға жолы түскендер және алыс-жақын көршілер, отарлық билік өкілдері, зерттеушілер т.б.) сөз өнерінен (кең мағынасында – Г.Ж.) тұтас халықтың тарихи уақыт пен кеңістіктегі этно және социомәдени эволюциясын байқайтын.

Қазақ халқының ауызша руханиятының ұлттық тарихтың дерегі боларлық рөлін және олардың халықтанудағы маңызын ерте танып, ол жайындағы көзқарастарын қалдырған ұлт зиялылары Ш.Уәлиханов [23], Ш.Құдайбердіұлы [24], М.Тынышбаев [25], Ә.Марғұлан [26] және осы А.Машанов [3] еңбектерінен кездестіреміз.

Зиялыларымыздың бәрі өз еңбектерінде ұлттық мұраны жоғары бағалап, оны тарихи тұрғыдан пайымдаудың мәні зор екенін кейінгілерге көрсетіп берді. Қайсыбірі рухани мұраларға, саясат ықпалынсыз кең көзқарастың қажеттігін еркін, дәлелді жазып, зерттеулерін ұсынса, екіншілері өз пікірлерін тұспалдап, бүркемелеп айтып өтіп, қазақтанудың – рухани мұраны танудан басталатынын сездіріп кетті.

А.Машанов дәстүрлі қазақ қоғамындағы тарихи зерденің бір сыпаты – аңыздарды, халық астрономиясы мен ел тарихының көне дәуірлерін анықтауға нақтылы мәліметтер беретін деректер кешені тұрғысында қабылдап, оған деректанулық талдаудың түрлі әдістерін өз еңбегінде нақты көрсетті. Ауызша дәстүрде

өмір сүргені үшін де «жазықты» осы бір маңызды тарихи деректерді пайдалануда ғалымның әдістемелік тәсілдері назар аударарлық.

Қазақ ғалымының мұрасын, дүниетанымдық көзқарасын зерттеу барысында, дін мәселесіне қатысты ұстанымына, діни көзқарасына тоқталу қажет. Дін атаулыға барынша сенімсіздікпен қараған кеңестік жүйенің қысымында ғұмыр кеше жүріп, қазақ ғалымы діннің адамзат руханиятында алатын орнын, жалпы адамды танудағы, адамның өзін танудағы, оның басқа жаратылыс әлемінен өзгешелігін, ерекшелігін айқындаудағы түп негіздік қасиетін терең зерделеген. Ол ислам дінін ғылыми тұрғыдан пайымдауға, Құран қағидаттары арқылы бабалар мұрасын өзара байланыста зерттеуге тырысты. Ғалым жазады: «...Пайғамбарымыз Мұхаммед: «Кімде кім ғылымды және ғұламаны сүйсе, ол менің жаннатта көршім болады» – деген.

Халифаттардағы ғылымға деген жоғары көзқарасты, жалпы ғылымның өркендеуіне даңғыл жол ашылуын ислам дінінің колдауымен түсіндіре келе, өз ойын былайша түйіндейді: «Ислам ғылымының негізі құран аяттары болып табылады. Онда алдымен адам барлық ғылымды жаратқан Тәңіріне сеніп, оның бұйырған шариғат жолын таза ұстап, сонан кейін сол адал ниетпен Тәңірінің жаратқан дүниесін тану керек дейді. Оны алдымен өзіңнен баста, сонан кейін айналаңа көз жібер. Тәңірінің жаратқан табиғат дүниесінің сыр-сипаты құран аяттарында берілген және соған қосымша пайғамбар сөздерінде – хадиста айтылған. Сондықтан табиғат дүниесін бақылаудың басын аят пен хадистан бастау керек. Сонан әрі қарай адам қиас, мирас әдістерін қолдану керек. Яғни ол әдістер бақылау, өлшеу, есептеу, зерттеу, салыстыру, тексеру т.б. ислам ғылымының бағыты осындай.

Қорытып айтқанда, ислам ілімінің үш негізгі тарауы: 1) құран аяттарын түсіну, 2) пайғамбардың хадистерін талдау, 3) табиғат дүниесін ғылыми көрнекі қиас әдісімен зерттеу» [3,177 б.].

А.Машановтың ғылыми ислам ұғымы жаратылысты бөлшектемей тұтас көруге, яғни үлкен ғалам қоршаған табиғат болса, кіші ғалам адамды бірлікте алып қарастыруға, тануға құран сүрелері мен аяттарына, пайғамбарлардың («Ыдырыстан ғибрат», «Ибрахимнан ғибрат») өсиеттеріне, исламдық ілімдерге, «абжад» санына сүйене негізделген [3,156-166 бб.]. Әсіресе, халықтың шамандық, тәңірлік наным-сенімдерінен бастап, ислам дінін қабылдаған кезеңдеріндегі дүниетанымдағы өзгерістерді ғылыми-философиялық және жаратылыстанулық тұрғыдан зерттеуі, осы ислам қағидаттарымен ұштасады. Мұндай зерттеулерінде ғалым логикалық қисындылықты дәл математикалық және геометрия әдістерімен бекемдеп, заманауи жаратылыстану концепциясында өзіндік бағытын қабылдауды мойындата алады. Табиғаттың физикалық заңдылығын, халық дүниетанымын, астрономиялық ұғымдарын, халықтың тарихи дамуы кезеңдерін, оның өмір салттарын, адамзат тарихының ең ұзақ және ең негізгі түп бастауы тасты пайдалану (Археология ғылымындағы – тас ғасыры), металды игеру, өңдеу тәрізді аса маңызды дәуірлерін талдауы осындай ерекше әдіс, тәсілдермен топшыланады [6]. Мұнда Әл-Фараби ұстанымының, оның машықтарының, қазақ ғалымының шығармаларында одан әрі жалғасын тапқаны байқалады.

А.Машанов қазақ халқының дүниетанымы мен руханиятынан ежелгі шығыстың (Шумер-Вавилон, Мысыр әсері), антикалық кезеңдегі тарихи-саяси жағдайлардың (Александр Македонский кезеңі, Иран-Парсы ықпалы т.б.) [27], одан кейінгі ислам-араб әлемінің барлық іздері табылатынын жан-жақты, терең сараптап, талдап берді.

Сан ғасырлық тарихи дамуының ескерткіші іспетті мұндай рухани жәдігерлерде, тарихи өткен халық жадына синтездеген күйінде түскен. Оны анықтаудағы ғалымның басты тұғырнамасы, сол халықтың әр кезеңдерде өмір сүрген өкілдерінің (ғалым талдауындағы Әл-Фараби мен Абай) дүниетанымынан, ғылыми көзқарастарынан қиюласатын үндестік болды. А.Машановтың ғылыми концепциясының мүлдем өзгеше бағытты қалыптастыратын алып теориялық-методологиялық қуаты бар екенін қайталағымыз келеді.

Қорыта айтқанда, Ақжан Машановтың мұрасы телегей теңіз. Ғалым мұрасын түгендеп, оны ұлттық тарихнамадағы орнына қойып, терең зерттеулерге қамданудың уақыты келді дейміз.

1 Ақжан Жақсыбекұлы Машани // <http://kk.wikipedia.org>

2 Әбдіраман Ш. Қудаланған әл-Машани емес... Әл-Фараби // *Әл-Фараби және бүгінгі ғылым.* – А.: Алаш, 2004. – 216 б.

3 Машанов А. *Әл-Фараби және Абай.* - Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

4 Машанов А. *Космология Аль-Фараби.* - А., 1971.

5 Абай Құнанбаев // <https://sites.google.com/site/abai>.

6 Машанов А. *Әл-Фараби және бүгінгі ғылым.* - А.: Алаш, 2004. - 216 б.

7 Ретина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. *История исторического знания.* - М.: Дрофа, 2004. - 228 с.

8 *Әлемдік философиялық мұра. Әл-Фараби. 20-томдық.* - 4том. - Алматы: Жазушы. 2005. – 566 б.

9 *Аль-Фараби. Избранные трактаты.* -А.: Ғылым, 1994. - 448 с.

10 *Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии.* - Алматы: Ғылым, 1993. - 456 с.

- 11 Бұрабаев М.С., Жалмухамедова Н.Х., Кенесарин А.М. *Аль-Фараби: история и современность*. - Алматы: КазгосИНТИ, - 2001. - 217 с.
- 12 *Аль-Фараби и развитие восточной философии*. – Астана: Елорда, 2005. – 318 с.
- 13 Кисиль В.Я. *Галерея античных философов. В двух томах*. – М.: ФАИР-Пресс, 2002. - 572 с.
- 14 Жүгенбаева Г. *Дәстүрлі ауызша тарих*. - Алматы: ҚазККА, 2009. – 224 б.
- 15 Досмұхамедұлы Х. Аламан. - А.: Ана тілі, 1991. - 176 б.
- 16 *Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3 том*. - Алматы: Атамұра, 2010.
- 17 Назарбаев Н. *Тарих толқынында*. - А.: Атамұра, 2003. – 288 б.
- 18 *Бабалар сөзі. Мәдени мұра. 100 томдық*. – Астана: Фолиант, - 2005-2008.
- 19 *Жеті ғасыр жырлайды. ХІУ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары / Құраст. Е.Дүйсенбайұлы. Екі томдық*. - А.: Жазушы, 2004. – 400 б.
- 20 *Алпысбес М.Шежіре казахов: источники и традиции*. - Астана, 2013.-240с.
- 21 *Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы // Социалистік Қазақстан*. - 1947. - №23(7303). - 1 февраль.
- 22 *Қазақ эпосы жөніндегі дискуссияның қорытындысы // Әдебиет және искусство*. - 1953. - № 8. - 109-114 бб.
- 23 *Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах*. - Алма-Ата: Главная редакция Казахской Советской энциклопедии. 1985. - Т.2. - 416 с.
- 24 *Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ Ғәм хандар шежіресі*. - Алматы: Қазақстан-Сана, 1991. - 80 б.
- 25 *Тынышпаев М. Великие бедствия... (Ақтабан-Шұбырынды)*. - Алма-Ата: Жалын, 1991. - 152 с.
- 26 *Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар*. - Алматы: Жазушы, 1985. - 368 б.
- 27 *Яновский О.А., Бригадина О.В. Всемирная история*. – Минск: Юнипресс, 2002. - 608 б.

ӘӘЖ 378

## АУДИОВИЗУАЛДЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-АНЫҚТАМАЛЫҚ АППАРАТТЫҢ ҚҰРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Н.К. Алпысбаева** – т.ғ.к., *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің доценті*,  
**Р.Айтқалиева** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 2-курс магистранты*

Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік КиноФотоДыбысЖазбалар мұрағатында сақталған аудиовизуалды құжаттардың ғылыми-анықтамалық аппаратын құрудың ерекшеліктері қарастырылады. Аудиовизуалды құжаттарға қатысты ғылыми-анықтамалық аппаратын сипаттамасы беріледі, олардың құрамына жолкөрсеткіш, тізімдеме, шолулар, каталог, монтаждық парақ, есеп құжаттары, мұрағаттық анықтамалықтар және т.б. кіреді. Аудиовизуалды құжаттарға ғылыми анықтамалық-аппарат динамикалық, иерархиялық, көпәспектінде принциптер негізінде жасалады. Сонымен қатар, фотоқұжаттар, видеоқұжаттар мен аудиоқұжаттардың каталогизациялау ерекшеліктері сипатталады.

**Түйін сөздер:** аудиовизуалды құжаттар, ғылыми-анықтамалық аппарат, кинофотодыбысқұжаттар, монтаждық парақ, жолкөрсеткіш, каталог

В данной статье рассматриваются особенности составления научно-справочного аппарата к аудиовизуальным документам, хранящиеся в Центральном государственном архиве кинофотофонодокументов Республики Казахстан. Дается характеристика научно-справочному аппарату, в состав, которых входит путеводитель, опись, обзоры, каталог, монтажный лист, учетные документы, архивные справочники и др. Научно-справочный аппарат к аудиовизуальным документам составляется на основе динамического, иерархического, многоаспектного принципов. Так же в статье описывается специфика каталогизации фотодокументов, видеодокументов и аудиодокументов.

**Ключевые слова:** аудиовизуальные документы, научно-справочный аппарат, кинофотофонодокументы, монтажный лист, путеводитель, каталог

In this article it is considered features of drawing up explanatory notes to the audiovisual documents, being stored in the Central state archive of film photophonodocuments of the Republic of Kazakhstan. The characteristic is given to explanatory notes, in structure which the guide, the inventory, reviews, the catalog, the editorial script, registration documents, archival reference books, etc. enters. The explanatory notes to audiovisual documents are formed on the basis of the dynamic, hierarchical, multidimensional principles. In this article also describes the specifics of cataloguing of documentary photographs, video and audio documents.

**Key words:** audiovisual documents, explanatory notes, film photophonodocuments, editorial script, guide, catalog

Аудиовизуалды құжаттарды сақтау мен пайдалануды қамтамасыз етудің ең тиімді жолы олардың ғылыми анықтамалық-аппаратын әрдайым жетілдіру және дамытып отыру болып табылады.

Ғылыми-анықтамалық аппаратын (ҒАА) құру міндеттінің өзектілігі мемлекеттік сақтаудағы аудиовизуалды құжаттарға қоғам мен ғылым, мәдениеттің барлық салаларынан қызығушылықтың артуына байланысты туындап отыр. Бұл өз кезегінде кинофотофоноқұжаттардың мазмұнын толыққанды ҒАА-қа енгізу үшін жан-жақты сипаттауды талап етеді.

Аудиовизуалды құжаттарды пайдалануда жанаша әдіс-тәсілдерінің шығуы, бұл құжаттардың даму

үрдісін көрсетеді. Ал оның даму үрдісін саралау үшін аудиовизуалды мұрағаттардың ақпараттық жұмысы, ҒАА-тын алдын-ала зерделеген жөн. Аудиовизуалды құжаттардың ҒАА-на жолкөрсеткіштер, каталогтар, тізбелер, көрсеткіштер мен шолулар жатад.

Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік КиноФотоДыбысЖазбалар мұрағатында (ҚР ОМ КФДЖМ) аудиовизуалды құжаттарға ғылыми анықтамалық-аппарат динамикалық (сапалық және сандық өзгеріске әсер етуі), иерархиялық (бағыныштылық пен басыңқылық қағидасына негіздеу), көпаспектіде ақпараттарды іздеуді қамтамасыз ету принциптер негізінде жасалады. Аудиовизуалды құжаттардың мемлекеттік мұрағаттардағы ҒАА жүйесі тіркеу кітапшасы мен мұрағаттық анықтамалықтардан тұрады [1, 14 б.].

Аудиовизуалды құжаттарды сақтауға алатын мемлекеттік мұрағаттарда ҒАА жүйесін жетілдіру жұмыстары дәстүрлі әдіспен және автоматтық технологиялар қатар ілесіп келеді.

Аудиовизуалды құжаттардың ҒАА жүйесін жетілдірудің бірден-бір міндеті мұрағатаралық дәстүрлі анықтамалықтар (жолкөрсеткіштер, шолулар, каталогтар мен көрсеткіштер) мен автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйесін (Орталықтың Мәліметтер Базасы мемлекеттік мұрағаттар, обылыстық, аудандық, ауылдық мұрағаттардың каталогтары біріктіріледі) қатар қолданғанда іске аспақ.

Аудиовизуалды құжаттардың ҒАА-да автоматтанған ақпараттық технологияларды қолдану деп атағанымен де олар дәстүрлі құжаттардағы ҒАА-тан көп ерекшеленбейді. Олардың мақсаттары да міндеттері де, дайындау кезеңдері де, функциялары да ортақ.

Дегенмен аудиовизуалды құжаттардың сыртқы формасының өзгешелігіне қарай отырып, онда біршама бейіндік ерекшеліктер кездеседі. Міне, осы ерекшеліктерге нақтырақ тоқталмақшымыз.

Мемлекеттік мұрағаттарда зерттеушілер мен қоғамдық тұтынушылардың сұраныстарын тез әрі жылдам қанағаттандыру мақсатында мұрағат ішінде ғылыми анықтамалық-аппарат құралады. Мемлекеттік мұрағат құжаттарына ғылыми анықтамалық-аппарат құру оларды дұрыс сақтауға әрі тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ғылыми анықтамалық-аппараттарға мұрағатқа келіп түскен құжаттарды тіркеу кітапшасы, тізімдеме, каталог, жолкөрсеткіштер, шолулар мен тарихи анықтамалықтар жатады.

*Тіркеу құжаттары мен мұрағаттық анықтамалықтар* аудиовизуалды құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету мақсатында құрылады [2, 15 б.]. Олар тіркеу бірлігі мен сақтау бірлігіне негізделеді.

Тіркеу құжаттары мұрағаттық анықтамалықтардың базасы қызметін атқарады. Мұрағаттық анықтамалықтар мемлекеттік мұрағаттарда аудиовизуалды құжаттарды жан-жақты іздеуге мүмкіндік береді және оларды пайдалану мақсатында құрамы мен мазмұны туралы мәлімет береді. Іздеу объектісіне аудиовизуалды құжаттардың тіркеу бірлігі жатады. Тіркеу бірлігіне құжат түрінің атауы, тізімдеме нөмірі, тіркеу бірлігі сақтау бірлігі тіркеледі.

Кинофотофоноқұжаттардың *тізімдемесі* – ақпараттық-іздеу және тіркеу қызметін атқаратын мұрағаттық анықтамалық. КФФҚ-дың тізімдемесі белгілі бір құжат түрін есепке алуға мүмкіндік береді. Олардың құрамындағы және мазмұнындағы өзгерістерді белгілейді, сақтау бірлігінің мазмұнын ашады. Және де олардың жүйелілігін реттейді. КФФҚ тізімдемесінің көмегі арқылы ілеспе мәтіндік құжаттарды тіркеу іске асады.

*Монтаждық парақ* – (режиссерлық, операторлық) – киносюжеттер мен телесюжеттердің тізбесін, фотоальбомдардың ішкі тізбелерін тіркеуге алады.

Фильмдік және журналдық каталогтар мемлекеттік кинофотофоно мұрағаттардың каталогтар жүйесіне кіреді.

ҚР ОМ КФДЖ мұрағатының ҒАА жүйесі тұраралық тіркеу құжаттарынан (түскен құжаттарды тіркеу кітапшасы) және мұрағаттық анықтамалықтардан (каталогтар мен көрсеткіштердің жүйесінен және жолсеріктерден, шолулардан) тұрады.

*Мұрағатқа келіп түскен құжаттарды тіркеу кітапшасы.* ҚР ОМ КФДЖ мұрағатына келіп түскен барлық құжаттарды тіркейді [2, 17 б.].

Аудиовизуалды мұрағат құжаттарына каталогтар даярлау мұрағат қорындағы материалдық деректік базаларды жылдам табуға мүмкіндік береді.

ҚР ОМ КФДЖ мұрағатындағы *каталогтар* жүйесі:

- *жүйелік* каталог – белгілі бір ғылым саласы бойынша жүйелі ақпарат іздеу мүмкіндігін береді;

- *пәндік каталог*: а) атаулық – құжат авторы туралы мәліметтерден құралатын кинофотофоно құжаттардың мекен-жайын іздеп табуды қамтамасыз етеді;

ә) географиялық – кинофотофоно құжаттарда бейнеленген оқиғалардағы географиялық және топографиялық объектілер туралы анықтама береді.

Атаулық каталогты құруда авторлық және орындаушылық каталогтарды пайдалану жақсы нәтиже береді.

- авторлық каталогтың көмегімен белгілі бір жазушы, композитордың шығармашылығынан тұратын фоноқұжаттардың мекен-жайын іздеп табуға болады.

- орындаушылық каталогтар белгілі бір әншінің, әртістің, ақынның орындауындағы шығармашылық туындыларының мұрағаттарда сақтаулы жайын айқындауға мүмкіндік береді [2, 18 б].

*Жолкөрсеткіштер* – орталық мемлекеттік кинофотофоно мұрағаттарының құрамын және мазмұнын қамтыған ғылыми анықтамалық-аппараттың түрі. Жолкөрсеткіштер мемлекеттік мұрағаттардың бейініне, ҒАА жүйесінің құрамына негізделіп жасалады.

Мемлекеттік мұрағаттарда аудиовизуалды құжаттарға қызығушылық танытқан мекемелерді мұрағат қорында жинақталған тарихи құжаттар жөнінде мәлімет беру үшін тақырыптық жолкөрсеткіштер жасалады.

Жолкөрсеткіштер міндетті түрде арнайы кітапша ретінде басылып шығарылады. Аудиовизуалды құжаттармен белсенді толықтырылатын мемлекеттік мұрағаттарға жолкөрсеткіштерді үнемі дайындау ұсынылады.

ҒАА жүйесіндегі аудиовизуалды құжаттардың *шолулары* – құжаттардың белгілі тақырыбы бойынша және олардың сақтаулы мекен-жайын іздеп табуға мүмкіндік беретін анықтамалық. Ол ҚР ОМ КФДЖ мұрағатының құрамымен мазмұнын ашатын ақпараттық-іздеу қызметін атқарады.

Аудиовизуалды құжаттардың шолулары мен жолкөрсеткіштері мұрағат құжаттарының құрамымен мазмұны туралы ақпараттың түрі, тіркеу бірлігі, сақтау бірлігі және кинофотофоноқұжаттардың кейбір бөлігі туралы ақпарат береді.

ҚР ОМ КФДЖ мұрағатының ақпараттық жұмысы біріншіден, мұрағатқа келіп түскен нақтылы сұраныстарға нақтылы жауап беруден тұрады. Екіншіден, ақпараттық хаттар мен бюллетендер жасалынып, ол мекемелер мен зерттеушілердің назарына ұсынылады. Соңғы кездері ақпараттық жұмысты атқаруда соңғы технологиялар (мәселен, интернет сайттары) барынша пайдаланылуда. ҚР ОМ мұрағат сайтында ([www.kazarchives.kz](http://www.kazarchives.kz)) ҚР ОМ КФДЖ мұрағаты жөнінде және ондағы аудиовизуалды құжаттар туралы анықтамалық-ақпараттық басылым берілген.

Ақпараттық жұмыс ҒАА-қа сүйене отырып жүргізіледі. Бюллетендер мен хаттар мұрағаттарда бар құжаттар негізінде жасалынады.

Ақпараттық анықтамалық басылым құжаттардың топтасқан түрін және оларға жасалынған аннотацияларды толыққанды ұсынбайды. Олар тек мұрағаттарда бар құжаттардың тізімін ғана берумен шектеледі.

КФДЖ мұрағатында ҒАА-ты үнемі байыту және дамыта түсу жұмысы бірінші кезекке қойылуы тиіс. Себебі бүгіндері аудиовизуалды мұрағат құжаттарына деген сұраныстың күннен-күнге арта түсуі және оны пайдаланудың жаңаша түрлерінің қалыптаса бастауы ҒАА жүйесін жетілдіруді талап етеді [3].

Сондықтан да мұрағаттарда, әсіресе ҚР ОМ КФДЖ мұрағаттарында каталог жүйесіне ерекше мән беріледі. Жыл сайын каталогты жаңа түскен құжаттармен жаңарту іске асырылып тұрады. Бұл әсіресе каталог жүйесін электрондандыруға сәйкес жеңілдене түсті. Осыған байланысты, КФДЖ мұрағатының кинофотофоно каталогтарын дәстүрлі қағаз жүйесінде қалдырумен қатар, оларды электрондық нұсқаға да көшіру ісі қолға алынған. Сол сияқты анықтамалықтар, шолулар мен жолсеріктерді электрондық жүйеге енгізе отырып, оның тиімділігін арттыра түскен. Жылдан жылға ҚР ОМ КФДЖ мұрағатына келіп түскен құжаттарға сәйкес олардың каталог жүйесі де толығып отырады. ҒАА-тың даму сатысында КФДЖ мұрағат құжаттарын каталогтау міндетті.

2005-2006 жылдары ҚР ОМ КФДЖ мұрағатына келіп түскен құжаттарға сәйкес келесідегідей каталогтар жасалынып, карточкалар тізілді.

- 1001 сақтау бірлігі бар фотоқұжаттар каталогталынып, 1001 карточка тізілді;

- 106 сақтау бірлігі бар фоноқұжаттар 106 тақырыптық, 364 атқарушы карточкалар тізіліп, барлығы 524 карточка каталогқа енгізілді;

- 25 сақтау бірлігі бар видеофонограммалардан 155 карточка тізілді;

- 56 сақтау бірлігі бар киноқұжаттардан 1142 карточка тізілді [4].

Еліміздегі аудиовизуалды мұрағатының 2005-2006 жылдардағы сақталуы мен зерттеушілерге беру тізімі төмендегідей болды [4]:

- киноқұжаттар-6180 с.б.,

- фоноқұжаттар-1769 с.б.,

- фотоқұжаттар-4337 сақтаубірлігін берді.

Ал сақтауға болса,

- фотоқұжаттар-2000 с.б.,

- киноқұжаттар-50 с.б.,

- фонокүжаттар-272 с.б.

ҚР ОМ КФДЖ мұрағатында аудиовизуалды құжаттарды төмендегідей бөлімдерде каталогтайды [5]:

Фотоқұжаттар үшін:

- «Б»-мемлекеттік құрылыс,
- «В»-мемлекеттік билік және мемлекеттік басқару,
- «Г»-әділеттілік және қоғамдық тәртіпті қорғау,
- «Д»-мемлекеттік қауіпсіздікті қорғау,
- «Е»-халықаралық қатынастар бөлімі,
- «Ж»-қарулы күштер,
- «З»-социалистік отанның қарулы күштері,
- «И»-қоғамдық – саяси өмір,
- «К»-баспасөз ақпарат құралдары,
- «Ф»-халықаралық білім беру,
- «Ц»-әдебиеттер,
- «Ш»-мәдени-ағарту жұмыстары
- «Э»-спорт

Видеокүжаттар мен аудиокүжаттар үшін:

- «И» - қоғамдық – саяси өмір,
- «К» - саяси – тәрбиелеу жұмыстары,
- «Л» - халықшаруашылығы,
- «М» - өнеркәсіп,
- «Н» - транспорт,
- «Р» - ауылшаруашылығы,
- «С» - сауда,
- «Т» - коммуналдық шаруашылық.
- «Ф»-халық ағарту,

ҚР ОМ КФДЖ мұрағатының 2005 жылғы жылдық есебі фотоқұжаттардың негізінен «Б», «В», «Ф» «Ч» бөлімдері бойынша сұраныс жасалғанын көрсетсе, ал аудио және видео құжаттар үшін «И», «С», «М», «Х», «Ч» және «Э» бөлімдері бойынша тапсырыстарға жауап берілді.

Аудиовизуалды құжаттардың каталогтарын бөлімдерге бөліп жасау, зерттеушілердің мұрағат құжаттарына пайдалануда аса тиімді болмақ. Жоғарыда аталған көрсеткіштер жылда өзгеріп отырады. Ол көп жағдайда елдегі орын алып отырған өзекті мәселелермен тікелей байланысты. 2005 жылдары аталған бөлімдерге сұраныстың түсуі, сол жылдағы білім мен ғылымға деген сұраныстың артуымен және елдегі саяси өзгерістердің етек алуымен байланысты.

Аудиовизуалды құжаттар бүгінде ақпарат таратудың негізгі және өзгеше түріне айналып отыр. Ақпараттың бейнелі түрде берілуі және әуеннің қатар жүріп отыруы көпшіліктің санасына тез әрі тиімді әсер етеді. Аудиовизуалды құжаттардың дәстүрлі құжаттардан жылдам әсер етеуі қоғамдық процестерді басқарудың перспективаларын береді.

Осыған қарап, жаһандану тұсында аудиовизуалды құжаттар көпшіліктің назарында болып, үлкен дау тудырарлық мәселеге айналуы шарт еді. Дегенмен мәдени мұралық, әлеуметтанулық, психологиялық қажеттілігі мен білім беру саласындағы мүдделілігіне қарамастан тек бүгіндері ғана аудиовизуалды құжат қоғамдық және мемлекеттік сұранысқа ие болып отыр.

Аудиовизуалды құжаттардың ҒАА жүйесін дамыту мәселесінің өзектілігі – оны тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге методикалық жағынан да зерттеу қажеттілігімен түсіндіріледі. Компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерінің күн өткен сайын арта түсуі, аудиовизуалды мұрағат құжаттарының ғылыми анықтамалық-аппаратын жетілдіре түсуге мүмкіндік беріп отыр.

*1 Создание современных архивных справочников на основе дифференцированного подхода. Методическое пособие. - М, 2003.*

*2 Основные положения развития системы научно-справочного аппарата государственных архивов кинофото-фонодокументов – М., 1983.*

*3 Инструкция о порядке отбора и передачи на государственное хранение кинодокументов и видеофонограмм. 23.04.2001 г. №22. // СПС ЮРИСТ. 21.03.2005.*

*4 Центральный государственный архив кинофотофонодокументов и звукозаписей. Годовой отчет ЦГА КФДЗ РК за 2005 годы.*

*5 Центральный государственный архив кинофотофонодокументов и звукозаписей. Годовой отчет ЦГА КФДЗ РК за 2006 годы.*



## АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

ӘОЖ 39 (=512.122) (574.4)

### ТАРБАҒАТАЙ ӨЦІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ӨЛІК ЖӨНЕЛТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ

**М.Қ. Егізбаева** – т.ғ.к., *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің археология, этнология және музеология кафедрасының доценті*  
**А.С. Кенжебекова** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің оқытушысы*

В данное время комплексное изучение прошлого и настоящего определенного региона является важным ходом в науке. Так как полноценное исследование конкретного микрорайона способствует раскрытию малоизученных проблем истории нашего народа. Рассматриваемая статья написана в данном направлении и подготовлена в рамках научного проекта «Кзахи Тарбагатая в XIX – начале XX века (историко-этнографическое исследование)».

Похоронно-поминальные обряды казахов Тарбагатая относятся к мало изученной проблеме. Большое значение в изучении казахов Тарбагатая, имели труды дореволюционных авторов. В трудах Г.Н. Потанина «Очерки Северо-Западной Монголии», Г.Е. Грумм-Гржимайло «Западная Монголия и Урянхайский край», И.Сиверса и И.П. Фальк «Письма из Сибири», автора с псевдонимом П. «Обычай казахов Семипалатинской области», И.А. Кастанье «Надгробные сооружения киргизских степей» можно встретить материалы касающиеся к данной теме. Труды ученых советского периода такие как, «Очерк быта северо-восточных казаков» С.И. Руденко, «Қазақ отбасы» Х.Аргынбаева, «Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX - нач. XX в.)» А.Т. Толеубаева и статьи написанные после независимости Казахстана, такие как «Шығыс Қазақстан облысы қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары» Д.Б. Ескекбаева, «Сүлейменнің асы» А.Жакыпова имеют большое значение в исследований данной проблематики. Наряду с этими трудами в исследовании мы использовали материалы собранные среди населения и пришли к выводу, что похоронно-поминальные обряды казахов Тарбагатая имеют свою локальную специфику.

**Ключевые слова:** Казахстан, Монголия, обряды, казахи, труды, авторы

At this time, a comprehensive study of the past and present of a given region is an important progress in science. Since a complete study of a particular neighborhood helps to reveal little-known problems in the history of our nation. The article in question is written in this direction and have been prepared in the framework of the research project "The Kazakhs Tarbagataya in the nineteenth – early twentieth century (historical and ethnographic research)."

Funeral and memorial ceremonies are Kazakhs Tarbagataya relating to unexplored problem. Great importance in studies Tarbagataya Kazakhs, were the works of the pre-revolutionary writers. In the writings of GN Potanin's "Essays on Northwestern Mongolia," GE Grum Grzhimailo "Western Mongolia and Uriankhai edge" ISiversa and IP Falk "Letters from Siberia," the author's pseudonym P. "Custom Kazakhs Semipalatinsk region", IA Castanet "Tombstone facilities Kirghiz steppes" can be found materials relating to the topic. The scientists of the Soviet period, such as "Essay life northeastern Cossacks" SI Rudenko, "Kazak otbasy" H. Argyubaeva, "Relics of pre-Islamic beliefs in family rites Kazakhs (XIX-early. Twentieth century.)"

AT Toleubaeva and articles written after the independence of Kazakhstan, such as "bald Shygys Kazakhstan қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары" DB Eskekbaeva "Suleymennin aces" A. Jakypova are of great importance in the research of this problem. Along with these works in the study, we used the materials collected in the population and concluded that funeral and memorial ceremonies are Tarbagataya Kazakhs have their local specificity.

**Key words:** Mongolia, ceremonies, Kazakhs, labours, authors

Шығыс Қазақстан қазақтарындағы өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптар жалпы ісләм ғұрпын сақтаушы басқа да халықтар дәстүрімен ұқсас, өзектес болып келеді. Мәйітті жерлеу, аза тұту, кейінгі еске түсіру сияқты дәстүрлер барлық дүние жүзі халықтарына тән құбылыс. Әсіресе ерекше түсті киім кию, киімдерін жырту, өзіне жара салу, марқұмды жоктау және мадақтау, өлік жөнелтудің кезеңдері, аластау және т.б. ғұрыптар барлық халықтарда жиі кездеседі [1, 204 б.].

Өлген адамды соңғы сапарға аттандыру оның жасына, жынысына, тірі күніндегі дәулетіне, қоғамдағы орнына, беделіне, адамдық қасиетіне, артында қалған туыстарының да осындай қасиеттеріне байланысты болады.

Тарбағатай қазақтарында адам қатты ауырып өлім ауызында жатқанда, ауру адамға ақ сары бас қойды арнайды. Оның мойнына көк немесе ақ шүберек байлап адам қайтыс болғанша жіберіп қояды. Егер ауру адам қайтыс болып кетсе, қойды сол күні сойып жейді [2, 94 б.].

Науқас адам әлсіреп, өлім халіне жеткен кезде туған-туыстары оның соңғы тілегін, өсиетін сұрап қалуға тырысады, жақын арада молла болса шақыртады. Үйдің сол жағы үй иесінікі болып есептелгендік-

тен, қайтыс болған адамды үйдің оң жағына жатқызады. Мәйітті шымылдық ішіне жатқызады немесе ертеректе ши құрған.

“Адам қайтыс бола салысымен жан-жаққа хабаршылар жіберіледі. Хабар алғандар сол уақытта-ақ өзін де, астындағы атын да аямастан сол ауылға қарай шабады, егер де осы кезде аттан құлап бір адам қайтыс болса, бұл бақытсыздық болып саналмаған керісінше, сол арқылы ол адам қасиетті болып есептелген” – леп жазады П. деген автор [3, 47 б.].

Қаралы үйге жақындай бере үйге “ой-бауырым-ай” деп кіріп, туыстарымен көріседі. Үлкен кісі қайтыс болса, “қормалым-ау, тиянағым-ау”, жас адам қайтыс болса “ақботам, құлыным-ай” т.б. сөздер айтылады.

Қазақ дәстүрінде аза тұту ғұрпында орындалатын рәсімдердің бірі – жоқтау. Бұл өңірде адам қайтыс болғанда тек әйелдер ғана дауыс шығарып жоқтау айтады. Жетісу өңіріндегідей ерлердің таяқ ұстап тұруы, белдеріне белбеу тартуы қазіргі кезде кездеспейді.

Бұл өңірде бай, ауқатты, халық арасында беделді адамдар қайтыс болғанда жырмен жоқтатқан. Мысалы, XX ғ. бас кезінде Шілікті маңында өмір сүрген қожан елінен шыққан, ақылдылығымен де, халыққа жасаған жақсылығымен де ерекше ел есінде қалған, болыс болған Зейнолла Бұтабайұлы қайтыс болғанда керей елінен бір байдың жыршы қызын алып келіп, жырмен жеті күн жоқтатқан екен.

Өлгенді жоқтау көне замандардан келе жатқан ескі әдеттің қалдығы. Л.Я. Штернбергтің айтуынша өлген кісіні мадақтау, оның өлгеніне күйіне қайғыру арқылы оны бұл өмірге қайтаруға, яғни қайта тірілтуге болатындығына алғашқы адамдардың сенгендігіне байланысты жылап-сықтап, жоқтау айту әдеті қалыптасса керек [1, 204 б.].

Жоқтаудың мазмұнына келсек, марқұмды мадақтаумен бірге, туған-туысының, жас жесірі мен бала-шағасының, дәрменсіз қарттарының болашағы туралы уайым айтылса, ақырында қайғыға көндігіп, марқұмға иман, жұмақтан орын тілеумен аяқтайтын [4, 100 б.].

Халық жаназаға жиналып болғанша өлікті жөнелту қамы жасалып бітеді. Шығарылатын мал, киім, жыртыс, ақша, берілетін ас бәрі ескеріледі.

Адам қайтыс болған үйдің есігінің алдына мақта, қара шүберек байлап қояды. Ер адам болсын, әйел адам болсын білектеріне ақ шүберек байлап алады. Адам қайтыс болған күні үйдегі беті ашық сұйық тамақтардың барлығын төгеді. Негізінде бұл үйде тамақ ішілмеу керек. Себебі, керегенің тор көздерінен қан ағып тұрады және тамақ та қан татып тұрады деген түсінік қалыптасқан. Мәйіттің де бетін жауып қояды.

Мәйітті жуындыруға әр атадан 5-6 адам қатысады. Бір адам су құяды, құдасы бас жағын, қалған адамдар орта тұсын және аяқ жағын жуады. Екі адам шымылдық керіп тұрады. Жуындыратын адамдар қолдарын дәкемен орап алады. Басына түскен адамға бас киіммен қосып сырт киім, ортасына түскен адамға сырт киімнен төмендеу киім, аяғына түскенге де сондай киім, су құйған кісіге етік шылғауымен, шымылдық ұстаған адамға мата береді. Жатқан жерін су құйған адам тазалап, орнына арпа, бидай шашады, аршамен аластайды. Бұл артындағы ұрпағы бидайдай өсіп-өнсін деген ұғымды білдіреді. Сол сияқты сойоттарда да адамды үйден шығарып бара жатқанда қайтыс болған адамның киімдері мен жеке заттарын жинап, үстіне арпа шашады [5, 31 б.].

Ал мәйітті жууға пайдаланған шүберекті тастамай, сиырдың емшегі немесе әйел адамның кеудесі ауырғанда сүртеді (LXVI). Бұл қайтыс болған адамның денесін тиген шүберекте, яғни о дүниелік болған адамда қасиет болады деген ұғымнан туса керек.

Кісі қайтыс болған үйден киім алып келгенде бірден үйге кіргізбей, есіктің алдына қойып кетеді. Бұл – сол киіммен бұл үйге өлім келмесін деген сенім.

Қайтыс болған адамның әйелінің қасына ауыл әйелдері жиналып, жаулығын шешеді, өрілген шашын тарқатады, басына қара мата байлайды. Жесір әйел және барлық әйелдер сырға-сақина сияқты әшекейлерінің барлығын шешеді. Мәйітті жуып болған соң оны ақыретке (кебін) орайды. Әдетте еркек кебіні үш, әйел кебіні бес қабат болатындай етіліп пішіледі. Алайда аталмыш өңірдің кейбір жерлерінде ақырет еркекке бес, әйелге жеті рет оралатындай етіп дайындалады (XVII, XXXI).

Ақыреттелген мәйітті үйден шығарарда сырмақ немесе текеметке (иман киіз) салып көтеріп “дәуір” жүргізеді. Тіршіліктегі күнәсін басқа адам алуға тиісті осы жосын-жоралғыны “ысқат оқу” деп атайды.

Ал Жетісу өңірінде сақталған марқұмның денесін шығарғанға дейінгі құраннан аят оқу рәсімінің С. Әжіғали “дәлел шығару” және “дәлел оқу” деген екі атауын береді [6, 56 б.].

Мәйітті шығарар алдында жаназасы шығарылады. Мәйітті киізге немесе кілемге орап шығарады. Қазақстанның оңтүстік, батыс облыстарындағы қазақтар мен ортаазиялық халықтарда кездесетін мәйітті молаға жеткізуге арналған арнайы ағаш “табыттар” бұл өңірдің қазақтарында қолданылмайды. Олар мәйітті молаға жеткізу үшін ақ түсті арнайы “ақ киіз”, “иман киізге” немесе “табыт киіз деп аталатын” киізді қолданды. Ақжар ауданының дерек берушілерінің айтуы бойынша, ертеректе “табыт киіз” бүкіл

руға біреу ғана дайындалатын, кейіннен оны әр бір үйде дайындайтын болған. Бұндай киізді басқа мақсатта қолданбаған. Жай уақытта оны киіз үйдің құрметті жерінде басқа киіз, көрпелермен бірге ”жүкке” жинап қоятын. Әр бір қолданғаннан кейін бұл киізді аластап түнге төбеге қалдыратын. Түнге қалдыруды ”жұлдыз көреді”, ”жел қағады” деп түсіндіреді. Бұл аспан шырақтары мен табиғат күштерінің тазалау күшіне деген сенімнен туса керек [7, 99 б.]. Ал қазіргі кезде кілемге орап шығарады.

Қайтыс болған кісінің ”қонақасын”, ”жетісін”, ”қырқын”, ”жылын” беру оның артында қалған туған-туыстарының парызы болып табылады. ”Қонақасы – адам қайтыс болған күні жиналған адамдарға мал сойып тамақ беру. Жетісін өткізу себебі, жеті күннен соң адамның өті жарылып денеге жайылады. Ал қырқын өткізуі, 40 күнде 62 тамыр су алып, денедегі ет пен сүйек ажырайды, жылдығы ескерткіш, ойға түсіру үшін өткізіледі” – дейді дерек берушілер. Сондықтан да осы күндері (жетісі, қырқы, жылы) марқұмды еске алу құрметіне құрбандыққа мал шалып, жылы өткенше бейсенбі, жұма күндері шелпек пісіріп, бейіт басына барып құран оқытып, бітір-садақа береді. Әдетте, құрбандық малдың аяғын байламай бауыздап, қанын үйдегілердің шекесіне бармақпен жағады. Көбінесе бұл күндері жылқы сойылады. Қазіргі кезде шамасына қарай қаралы үй қой, сиыр, жылқы сояды. Бұлай ете алмаған жағдайда ”бисмилла” деп отқа май тамызып, иісін шығарса, аруақ риза болады деп ырымдаған. Сондай-ақ ғұрыптық мәні бар жоғы белгісіз ерекше бір тағам дайындайды. Оны өздері ”қимай” немесе ”әсіп” деп атайды. Малды бауыздап, қаны әбден аққан соң, оны таза ыдысқа құйып алады. Ұйығаннан кейін, сойылған малдың ішкі майын турап, сарымсак, пияз қосып, біраз ұн сеуіп, тұз, бұрыш салып, жуылған бүйенге құяды да аузын байлайды [8, 11 б.]. Ақсуат өңірінде бұл тағамды соғым сойғанда да дайындайды. Малдың бүкіл іш құрылысы алынап біткен соң, қабырғаларының ортасына жиналған қанды таза ыдысқа құйып алып, ішекке құйып пісіреді. Керек кезінде пісіріп шұжық секілді кесіп жейді. Тура осындай тағам урянхайлық сойоттарда бар. Оларда малдың бүкіл ішкі құрылысы алынған соң, кеуде қуысына жиналған бүкіл қанды жеке ыдысқа құйып алады, ішек пен қарынды жінішкелеп, спираль тәрізді етіп кесіп, қанмен бірге тоқ ішекті толтырып, ет қайнап жатқан қазанға салады [9, 94 б.]. Бұл тағам түрі Қазақстанның басқа аймақтарында кездеспейді. Соған қарағанда, аталмыш өңір қазақтары тағамның бұл түрін ертеректе көршілес қалмақ тайпаларымен араласу барысында үйренсе керек.

XIX ғ. қазақтарда жерлеу ғұрыптарынан кейін сол адамның мініп жүрген атының бас сүйегі, кейде жануардың құйрығымен бірге моласына қойылатын [10, 71 б.]. Бұндай ғұрып әлі күнге дейін Тарбағатай өңірінің қазақтарында сақталған. Бұл бас сүйектер шекеленіп бөлінбейді. Бас сүйекті қою – бұл ана дүниеден өмір бар деген түсініктің қалдығы болса керек.

Жалпы бұл аймақтың қазақтары желінген жылқы немесе қой болсын, оның бас сүйегін биік жерге, яғни шыңның басына немесе таяқтың басына іліп қойған.

Жерлеу ғұрыптарындағы жылқының роліне байланысты мәселеге әр түрлі көзқарастар бар және даулы мәселе болып табылады. Кейбір ғалымдар бұл тотемизмге байланысты десе, енді біреулері анимизмге, яғни адамды о дүниеге атымен қосып, барлық ”жағдайымен” аттандыру керек деген түсінікке байланыстырады. Ал Ә.Т. Төлеубаевтың көзқарасы бойынша, барлық тарихи мәселелер сияқты бұл мәселенің екі жағы бар. Біреуі – жылқыға табыну, екіншісі – о дүниедегі жылқының маңызы. Әрине тек осы көзқарасты ғана ұстануға болмайды. Себебі, бұл ғұрып ертеден және үлкен территорияны алып жатты. Сондықтан бұның әр түрлі себептері болуы мүмкін. Оның қалдықтары басқа формада сақталып осы күнге жеткен [7, 146 б.].

Дерек берушілердің айтуы бойынша, ерте кезде тек жылқы малын ғана сойған, ешқашан басқа малды сою болмаған. Қазіргі кезде сиыр сою да кездеседі. Ертеректе қазаға сойылар малдың саны тақ болуы басты шарттардың бірі болғанымен, кейін орындала бермейді

Мәйіт жатқан жерге Шілікті өңірінде (Зайсан) жеті күн басына 7 шырақ, аяғына 7 шырақ жағылады. Дерек берушінің айтуы бойынша, шырақты неғұрлым қыз бала жақса, соғұрлым сауабы мол болады (XVIII). ”Шырақ жағарың бар ма?”-деген сөз осыдан қалған болса керек.

Адамды шығарып бара жатқанда, мәйіттің басынан шүберекті айналдырып алып қалады да, бұл шүберекті көміп тастайды. Кейбір дерек берушілердің мәліметі бойынша, мәйітті шығарып бара жатқанда 3-4 бауырсақты шүберекке орап, басынан айналдырып алып қалып, ”қалған дәм” деп бөліп жейді. Ал шүберекті көміп тастайды. Тура осы ғұрып қыз ұзату кезінде, қыз үйден шығып бара жатқан кезде жасалынады. Бұл осы үйден кетіп бара жатқан адаммен бірге осы үйдің бақыты кетіп қалмасын деген сенім. Осылайша құтты тағамға сіңіріп қалу ырымы Моңғолия қазақтарында да бар [2, 96 б.]. Осыған ұқсас ырым Сібірдегі түркі тектес халықтарда да кездеседі. Мәселен, туваларда марқұмға туыс әйел үш түрлі тағамнан ас дайындап, мүрдені үйден шығарып, көтеріп кетіп бара жатқандардың артынан табағын көтеріп жүрген соң үш рет үйді айнала ”хүре, хүре” – дейді. Содан кейін табақты үйге алып кіріп өліктің

басы жатқан жерге қояды. “Дәрбеттерде 49 күн ішінде үйдегі асты далаға шығармайды, ешкімге де бермейді”. Удмурт-мариилерде өлікті босағада кідірттіп, әрі үстінен балаларын секірттіп, әкеңнің (шешеңнің) құтын алып қал” – деп айтады [11, 142 б.].

Аталмыш аймақта бата жасап барған үйден тамақ алуға және бұл үйден қайтып келе жатқанда шешесінің алдынан бала шықпау керек. Бұның барлығы өлім шақырады деген ұғымнан туған.

Жасы үлкен қарт адам қайтыс болса, жасын берсін деген ниетпен халыққа “жыртыс” таратады. Жас адамда ештеме берілмейді. Үлкен қария әйел адам қайтыс болса жыртысқа ине-жіп шаншып береді. Бұл – ана дүниедегі өмірде де әйел адам іс тігеді, тіршілік бар деген мағынада беріледі.

Бұл өңірдегі жасы үлкен қарт адамдардың айтуы бойынша, олардың бала кездерінде (XX ғ. басында) еркектер бастарына қара бас киім, білектеріне қара байлап, қолына таяқ ұстайды, әйелдер тек ақ байлаған. Қазіргі кезде ер адамдардың қолына таяқ ұстап тұруы аталмыш аймақта кездеспейді.

Ақжар, Шілікті өңірлерінде қайтыс болған адамның киімдерін қырқына дейін төсегінің басына іліп қояды. Дерек берушілердің айтуы бойынша бұны “тұлдаған” деп атайды, яғни иесі жоқ деген сөз. Қырқынан кейін киімдерін туыстарына таратып береді. Тозған соң жағасын кесіп отқа тастайды (XXI).

Үйдің ішіне өлген адамның ер-тұрманын, сауыт-сайманын, тәуір киімдері мен басқа да бұйымдарын іліп, көрсетіп қояды. Мұның бәрі жыл бойы мұнда келген адам немесе өтіп бара жатқан жолаушы қаралы үйді бірден аңғарып, кім өлгенін айтқызыбай-ақ біліп, көңіл айтып, құран оқу үшін жасалады [4, 93 б.].

Өлген адамның тірі күнінде астына мінген атының жалын күзеп, құйрығын тірсектен жоғары кесіп, кекілін төбесіне түйіп жібереді. Мұны “тұл ат” дейді. Бұл ат дәстүр бойынша марқұмның асына сойылуы керек. Көш кезінде “тұл атты” өлген адамның қаралы жесірі немесе туған қызы көш алдында жетектеп жүретін. Көш жолында кездескен ауылдар бұл көштің “қаралы” екенін біліп, қолындағы бар тағамдарын алып шығып дәм таттырып, тамақтандырып жіберетін” – дейді Шілікті (Зайсан) өңірінің дерек берушілері (XVII, XX). Бұл туралы XIX ғ. бас кезінде Тарбағатай өңірін басып өтіп, осы жердің қазақтарының көшін көрген И.Сиверс былай деп жазады: “мені қатты толқытқан – ол күйеуі осыдан төрт ай бұрын қайтыс болған ауқатты жесірдің керуені еді. Қырғыздардың (қазақтардың - М.Е.) ғұрпы бойынша, әйел жыл бойына қара жамылып отыру керек. Өлгі жесір ең сәнді киімдерін киген, бірақ киімдерінің сыртынан қара барқыттан тігілген ұзын, қаралы көйлек жамылған. Онымен қатар қолына үшбұрышты қара ту ұстаған ұл бала келе жатты. Жесір үш әйелдің ортасында жол бойы жоқтау айтумен келе жатты. Қасындағы әйелдер де оған қосылып отырды” [12, 48 б.].

Мәйітке қабір қазуда да жер жағдайына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл аймақта “ақымдап” жерлеу оңтүстіктегідей емес сирек кездеседі. Дерек берушінің айтуынша жер өте қатты болып қазылмаған жағдайда тастауға болмайды, ол жерге құс немесе жануарды көму керек. Жалпы көрді иен тастауға болмайды. Оған уақытша тауық болсын тастап қояды. Қабірді көбінесе жеті адам қазады (XL).

Ата-баба аруағының құдіретіне сенумен байланысты туған рәсімдердің бірі-ас беру дәстүрі. Ертедегі дәстүр бойынша, ел арасында беделді, сыйлы болған қария, ақсақалдардың рухына арнап кейінгі артындағы ұрпағы, туыстары ас берген. Жас адамдарға арналып ас берілмеген.

Осы өңірде ел есінде қалған астың бірі – үш жүзге сауын айтқан Сүлейменнің асы. Ас беруші – Сүлейменнің ұлы Қанағат болыс еді. Аста 300 ат шауып, 40 атқа бәйге берілген. Асқа орыстың оязы, Қытайдың дутыңы қонақ болып қатысқан. Аста тәртіп сақтау үшін, Бақты шекарасындағы орыс әскері мен Қытайдың Шәуешектегі шерігі жалданған. Аста Әбділдабек болыс балуанға түскен. Асты басқарушы Қытай жеріндегі Қаракерей Мәмбетке 30 жыл үкірдай болған Жалғабай өзі Әбділдабекті артына мінгестіріп әкеліп, майданға Қаракерей атынан салтанатпен түсірген. Құжқара атанған Жетісу балуанын іштен шалып, оның ұршық сүйегін шығарып жіберген. Осы астан соң Әбділдабектің “балуанға түскен болыс”, “Әбділдабек балуан” аты үш жүзге жайылған.

Сүлеймен асында “Әсет пен Кәрібай” айтысы дүниеге келген. Айтыста Әсетті Кәрібай жеңген.

Сүлейменнің асына қазақта тұңғыш гимназия салдырған, романға бәйге жариялап, “Бақытсыз Жамал”, “Қамар сұлу”, “Қалың мал” сынды әдебиетіміз тарихындағы төл басы романдарының тууына игілік жасаған, “қазақ Нобелі” руы Матай, Мамай Тұрысбек барған. Барғанда – қара нарға қалы кілем жауып, саба артып, жібек қоржынға тоғыз-тоғыздан қара жамбы, жанат ішік бастатқан сиыт салдырып, сойысқа үйірлі жылқы айдатып, ақын, әнші, күйшісімен, бақсы-балгер, сыншысымен, қолына қыран құс қондырған, жүйрік тазы ерткен, бәйге ат жетелеген, балуан, мерген, сал-серісімен, салтанатты көшпен пәуеске-күймеге мініп барған. Бұлардың ішінде қазақтың болашақ ақыны, 12-13 жасар Ілияс Жансүгіров та болған. Ілияс осы аста атқа шапқан, Сүлейменнің асы бала Ілиястың ұлттық мақтанышын, махабатын оятқан.

Сүлейменнің асына арбаға тиіп, түйеге теңдеп, есекке артып Құлжа, Шәуешек, Семей саудагерлері қант пен шай, өрік-мейіз, тана-моншақ, жіп-су, ыдыс-аяқ, айна-тарақ, киім-кешек тасып, жайма базар-жәрмеңке ашып, бүкіл Бұғыбай жазығын жайнатып тастаған-ды [13, 11 б.].

Ас басталардан бір күн бұрын, қазандарды орналастыру үшін шұңқырлар қазылып жатқан кезде, “ошақ майлар” деп аталатын кіші-гірім ат бәйгесі ұйымдастырылады [14, 56 б.].

Басқа өңірдегілердей “жеті шелпек”, қырық шелпек” істеп тарататын садақа беру ғұрпы атқарылмайды. Сондай-ақ “аруаққа арналып ас-тағам берілетін кезде аруақтың негізгі асы – бауырсақ-шелпексіз өтсе, онда аруақтар аш қалады “залалы тиюі мүмкін. Аруақ асы бауырсақтың өзі емес, одан шығатын иіс. Оның иісі тамақ болып қана қоймай, жын-періні де қуады” – деген түсінік отырықшы халықтарға тән [15, 64 б.].

Қорыта келгенде, Шығыс Қазақстан қазақтарындағы өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрып, салт-жоралардында дәстүрлі мәдениет элементтері әлі де жалғасын тауып келе жатыр деуге болады. Шығыс Қазақстанның әр аймағының өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне зерттеу барысында көз жеткізуге болады.

1 Штернберг Л.Я. *Первобытная религия в свете этнографии*. - Л., 1936. - 204 с.

2 Потанин Г.Н. *Очерки Северо-Западной Монголии*. - СПб., 1881. - Вып.2. - 181 с.

3 П. *Обычай казахов Семипалатинской области // Русский вестник*. - 1878. - №9. - С.23-46.

4 Арғынбаев Х. *Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек)*. - Алматы: Ғылым, 1996. - 288 б.

5 Кон Ф. *Предварительный отчет по экспедиции в Урянхайскую землю // Известия Восточно Сибирского отдела ИРГО*. - 1903. - №1. - С. 56-64.

6 Аджигалиев С.И. *Основные особенности погребально-поминальной обрядности казахов Жетысу // Жетісу тарихы мен мәдениеті*. Ғылыми баяндамалар жинағы. - Талдықорған, 1992. - 94-109 бб.

7 Толеубаев А.Т. *Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX- нач. XX в.)*. - Алма-Ата: Ғылым, 1991. - 213 с.

8 Ескекбаев Д.Б. *Шығыс Қазақстан облысы қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгіні*. Мақалалар жинағы. - Алматы, 2001. - 51-58 бб.

9 Грум-Гржимайло Г.Е. *Западная Монголия и Урянхайский край*. - Л., 1926. - Т. 3. - 895 с.

10 Кастанье И.А. *Надгробные сооружения киргизских степей // Труды ОУАК*. - СПб., 1911. - Вып. 26. - С. 51-56.

11 Қатран Д. *Моңғолия қазақтарының дәстүрлі тамақтану жүйесі*. Тарих ғыл.канд.дис. - Алматы, 1996 - 151 б.

12 Сиверс И., Фальк И.П. *Письма из Сибири*. - Алматы: Ғылым, 1999. - 136 с.

13 Жақытов А. *Сүлейменнің асы // Қазақ әдебиеті*. - 2001. - 3 қыркүйек.

14 Руденко С.И. *Очерк быта северо-восточных казаков / Казаки: Сборник статей* - Л., 1930. - Вып. XV. - С. 1-62.

15 Снесарев Г.П. *Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма*. - М.: Наука, 1969. - 336 с.

ӘӘЖ 286

## **САРЫАРҚАНЫҢ ДОҢҒАЛ КЕЗЕҢІНІҢ ҚОНЫСТАРЫ (б.з.д. IX-VIII ғғ.)**

**А.Е. Касеналин** – *Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы, PhD-докторант*

**Қ.Қайполлоұлы** – *Берлин еркіндік университеті, Берлин, PhD-докторант*

В статье рассматриваются вопросы поселений раннего железного века Сарыарки донгальского периода. Проанализированы устоявшиеся понятия на сегодняшний день относительно донгальского периода. Также автор статьи обращает внимание на то, что до сегодняшнего дня данная проблема малоизучена, тем не менее, изучены материалы раскопок последних лет и приведены их результаты.

**Ключевые слова:** Сарыарка, понятие, памятники, поселение, археолог

The article considers early Iron Age settlements of Saryarka dongals period. Established notions analyzed to date regarding dongals period. Excavation materials studied in recent years and given their results. The questions of settlements of early ferrous century of Сарыарки of донгальского периода are examined in the article. Withstand concepts are analysed to date relatively dongals period. Also the author of the article turns that to today this problem is insufficiently known, nevertheless, materials of excavations of the last years are studied and their results over are brought.

**Key words:** Saryarka, concept, monuments, settlement, archaeologi

Қазақстанның орталық аймақтарын қамтып жатқан кең байтақ өлкені ежелден бері «Арқа» деп атау дәстүрі қалыптасқан. Оның баламасы ретінде «Сарыарқа» деген сөз де пайдаланылады. Бұл өлкенің қай уақыттан бастап, қандай себептерге байланысты бұлай аталатынын нақты ешкім басып айта алмайды. Аталмыш тақырып төңірегінде, яғни «Арқа» деген түсініктің барлық қырын ашып беретін арнайы зерттеу шаралары ешқашан жүргізілмеген. Алайда, ғалымдармен «Арқаның» әр қырын сипаттауға байланысты жарияланған азды-көпті еңбектер ішінен, анағұрлым молырақ ақпарат беретін, тарихи сараптама жасалған жалғыз еңбекті атап өтуге болады [1, с. 178-186]. А.З. Бейсеновтың пікіріне сүйенсек, «Арқа» деген түсініктің қазіргі таңда қалыптасқан екі анықтамасы бар: біріншісі – ғылыми, екіншісі – халықтық түсінік.

Ғылыми түсініктің қалыптасуына, А.З. Бейсеновтың ойынша, негізінен геолог-геоморфологтардың ықпалы зор болған. Геолог-геоморфологтармен Қазақстанның орталығындағы қатпарлы өлкені немесе Қазақ ұсақшоқылығын «Сарыарқа» деп атау керек деген ұсыныс айтылған болатын және ХХ ғасырдың ортасынан бастып бұл атау ғылыми әдебиеттерге етене еніп, басқа ғылым салаларына кеңінен тарала бастаған. Бірақ та, Қазақ ұсақшоқылығын ғана «Арқа» деп атау халықтық тұрғыда сын көтермейтін қателік болып саналатын. Себебі, «Арқа» түсінігінің ауқымы Қазақ ұсақшоқылығынан әлдеқайда кеңірек еді. Сондықтан болар, халықтық түсінікті саралай келе ғалым «Арқа» түсінігіне тарихи «көзбен» қарап, «Арқа» деген түсінік аясына кіретін жерлердің шекараларын анықтауда кеңістікті белгілеу шарттарынан емес, тарих қойнауында қалған нақты үдерістермен байланыстыру қажеттігін айтады.

Қалай дегенмен, бүгінгі күнгі әкімшілік жер бөлінісі бойынша «Арқа» атауын қамтитын жерлердің қатарына Солтүстік пен Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан жерлерінің негізгі бөлігі және Ақтөбе облысының шығыс аудандары кіреді. Дәл осы атырап халықтық «Арқа» атауының территориялық шекараларын межелейді.

Бағзы заманнан бері мыңдаған қауымға берекелі мекен болған Арқа жерінде көне дәуір тарихынан сыр шертетін жәдігерлердің санын есептеу мүмкін емес. Адамзат тарихының әр түрлі тарихи белестерін қамтитын жәдігерлердің ішінде Арқаның әлемге аты мәшһүр Қарқаралы өңіріндегі Қызылкент сайына кіреберіс тұсында орналасқан көне Доңғал қонысы ерекше назар аудартады. Қоныста Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ұстаздар қауымымен ХХ ғасырдың 80-шы жылдары атқарған зерттеу жұмыстары барысында қонысты мекен еткен тұрғындардан қалған көптеген құнды заттай деректер кешені табылған болатын [2, с. 507]. Соның ішінде қыш ыдыс қалдықтарын зертханалық тұрғыда, тиянақты талдау барысында ғылыми айналымға жаңа ұғым, яғни «доңғал тұрпаттас» қыш ыдыс деген түсінік қолданысқа енгізілген болатын [3, с. 115]. Доңғал тұрпаттас қыш ыдыстың басты ерекшелігіне ыдыстың ернеуге жақын жерінде және ыдыстың орта тұстары көлбеу, кертілген белдеулермен әшейкейленуінде, сонымен қатар қыш ыдыс дайындау әдісінің өзіндік ерекшелігінде екені анықталды. Бұл ыдыстардың пайдаланылған уақытын анықтау ісі сол уақытта ғылымда белгілі Еділ бойындағы нұр тұрпаттас қыш ыдыстармен салыстыру арқасында және доңғалдық қыштадың Кент қонысындағы кейінгі қола дәуірінің мәдени қабатынан жоғары деңгейде болуы негізінде б.з.д. VIII ғ. мерзімделген болатын.

Ғылымның қай саласы болмасын, егер де оның бір жүйеге келген, әбден қалыптасқан атаулар жүйесі немесе терминдер кешені болмаса, онда ол белгілі бір жерлерде, құбылыстарды өз атауымен атауға, я болмаса қайсыбір нақты атаудың астарында қандай мағыналық салмақ жатқанын ашып беруде қиындықтар туғызатыны анық. Осындай сипаттағы түсініспеушілік «доңғалға» тиесілі ғылыми жазбаларда етек алған.

Мәселен, қазіргі таңда доңғалға қатысты ұғымдардың бірнеше санаты бар. Оның алғашқысы – «доңғал кезеңі». Бұл түсінік алғашқы рет доңғал тұрпаттас қыш ыдысты жариялау кезінде қолданылған болатын. Аталмыш түсініктің негізгі мазмұны доңғал уақытын қола мен ерте темір дәуірлері арасындағы өтпелі кезең екендігін сипаттау [3, с. 128].

Екінші ұғым – «доңғал сатысы». Бұл ұғым негізінен қола дәуірі бойынша зерттеу жұмыстарын атқаратын ғалымдармен пайдаланылады. Алғашқы рет Сарыарқаның қола дәуірінің өлкелік кезеңдемесін жасау барысында қолданылған. Бұл желі бойынша жүрер болсақ Сарыарқаның қола дәуірі үш сатыдан тұрады: біріншісі – кентке дейінгі саты, екіншісі – кент сатысы, үшіншісі – доңғал сатысы. Демек, доңғал – ол қола дәуірін аяқтайтын саты ретінде қарастырылады [4, с. 18].

Үшінші ұғымға «доңғал мәдениеті» жатады. Доңғал тұрпаттас қыш ыдысты ғылыми айналымға енгізе салысымен іле-шала артынан бұл уақыт тұрғындарының мәдениетін «Доңғал мәдениеті» деп атауымыз керек деген тезис жарыққа шықты [5, с. 101]. Тезис авторының ойынша, доңғал мәдениеті Қазақ ұсақшоқылығы мен Шығыс Қазақстан жерлеріне тарайды және б.з.д. VIII-VII ғғ. мерзімделеді.

Төртінші ұғым «нұр-доңғал кезеңі». Өтпелі кезең ескерткіштерінің зерттелуі Еділ мен Ертіс арасындағы жерлерде аталған уақытта өмір сүрген тайпа мәдениеттері өзара ұқсас болғандықтан, олардың жеке мәден қабат ретінде қарастыру керек деген пікір айтылды. Өтпелі кезеңнің батыс, яғни қола дәуірінің хвалынь мәдениетінің негізінде, «нұр» мәдени кешендері, ал, шығыс бөлік, андронов тарихи-мәдени қауымдастық жерлерінде «доңғал» мәдени кешендерімен ұштастыру керек [6, с. 44].

Қазіргі таңда ғылыми айналымнан алынған тағы бір түсінік, ол – «доңғал-кеңөткел» сөз тіркесі.

Солтүстік Қазақстан жеріндегі ерте темір дәуірінің қоныстық ескерткіштерін зерттеуші М.К. Хабдулина өтпелі кезеңге қатысты «доңғал-кеңөткел мәдени қабаты» ұғымын ұсынған болатын. Алайда кейіннен ерте темір дәуірінің жаңадан көптеген қоныстарының ашылуына байланысты бұл түсінік мазмұндық тұрғыда онша дұрыс емес екендігін мойындаған болатын [7, с. 196].

Қазіргі таңда Лувр дәстүрлі аудиогидтердің орнына Nintendo және Air компанияларының 3DS портативті консолиін қолданысқа енгізген [7, с. 22]. Луврға келуші туристердің 70% алғаш келушілер болғандықтан, олар Лувр залдары мен өтпелі дәліздерінде адасады, бұл қондырғы магнитті сезгіштер арқылы келушінің тұрған жерін анықтайды. Консолиге 700-ден астам әңгіме енгізілген, бұл келушілерге мәдени-тарихи құндылықты жайында жан-жақты ақпарат берумен қатар, оны әр қырынан, экспозициядағы түпнұсқасынан бөлек вертуалды және гарафикалық жаңғыртпаларын ұсына алады. Мысалы, Ника Самофракийская мүсінінің бастапқы қалпын, табылған орнын т.б. ғылыми-танымдық ақпарат береді. Бұл заманауи қондырғы алғаш Жапония музейлерінен тестілеуден өткен. Консолий аудиогидпен сенсорлы киосктер қызметін біріктіре атқарады. Алғашқы аудиогидтердің сиымдылығы мен пішіні қарапайым болса, қазіргі аудиогидтер неғұрлым жетілген, пішіні де инновацияланған және бірнеше халықаралық тілдегі нұсқаны қамтиды. Мысалы, Лувр консолиі ағылшын, француз, итальян, қытай, корей, испан, жапон тілдерінде бағдарланған [10; Сурет 6].

Музей және қала экскурсиясында неміс инженерлері қолданысқа енгізген Rievnox фирмасының аудиогидтары мен радиогидтары кең қолданылады. Радиогидтер немесе қалталық радиоқабылдағыштар қала, өзен, теңіз экскурсияларында да кең қолданысқа ие. Радиогидтің аудиогидтен айырмашылығы экскурсоводқа саяхат кезінде көмекші құрал ролін атқарады, экскурсовод сөзін көпшілікті және шулы ортада таза тыңдауға, тіпті жазып алып, кейін асықпай қайта тыңдауға көмектеседі. Басқару тетіктері де қарапайым, экскурсовод мәтінін микрофон арқылы айтады, саяхатшылардың әрқайсысы сезгіш дыбыс тартқыштар арқылы құлаққа салып тыңдайды, өзінен бірнеше қадам алыс тұрған экскурсовод даусын анық естиді [6, с. 17]. Сондай-ақ, қала экскурсиясын оңтайландыру мақсатында алдын-ала, кейін және сырттай танысатын бір академиялық сағатқа негізделген немесе көп сериялы (1-3 ке дейін) диск тасымалдағыш түріндегі аудиокітаптар, аудиогидтер, видео-аудиогидтер қолданысқа енгізілген.

Лувр музейі Nintendo видеоойындар қоюшы компаниясымен серіктесік негізінде музейге келуші балалар мен жастар үшін экспонаттардың 3D проекциясын енгізген, 3D пульт арқылы басқарылатын 3D-гид француз, ағылшын, неміс, испан, итальян, корей, жапон сияқты 7 тілде 700 астам түсініктеме береді. Сондай-ақ Луврда «Негізгілердің негізі», «Шедеврлар», «Египет» атты арнайы бағыттардағы 3D проекция жұмыс істейді [10].

Голландияның Амстердам қаласында орналасқан «Берлаг Биржасы» музейі қабырғасында Foursquare, YouTube және голландық Feest.je. стартапының бірлескен акциясы негізінде 3D инсталляция көрсетілген [11].

Испанияның Баса қаласы Археологиялық музейі археологиялық артефактілерді 3D проекция арқылы көрсетуден озық тәжірибе қалыптастырған. Музейдің ортасында Басаның Cerro del Santuario көне діни кешенінің 155 жерлеу орнынан табылған б.э. 4 ғасырына саятын Дама де Баса (Dama de Baza) ибериялық әйел мүсіні орналасқан. Музейде Дама де Басаның жерлеу сәтін көрсететін видеореконструкция, яғни стереокөшірмелік инсталляция көрсетіледі. Бұл келушілерді Дама де Басаны жерлеу рәсіміне қатыстырады. Бұл аудиовизуалды эпизодты Espai-Visual инсталлятор компаниясының Christie Mirage DS+6K-M

проекторын және Charmex Internacional компаниясы компьютерлерін орнату арқылы жасаған. Christie Mirage DS+6K-M – қосымша оптикалық фильтрмен жабдықталған, түрлі-түсті ақпаратты сапалы көрсетуді қамтамасыз ететін 6300 ANSI люмен жарықтықтағы 3 чипты DLP-проектор. Музейге күніне орта есеппен 200, демалыс күндері 500 адам келеді [13; Сурет 5].

Германияның оңтүстігіндегі Зинсхайм қаласында орналасқан автомобилдер мен техника музейінде келушілер IMAX 3D-кинотеатрында орналасқан 22 x 27 м. өлшемдегі алып экраннан музей экспонаттарының шынайы қозғалыстық әрекетін көреді [14].

Қытайдың Гугун музейі (Император сарайы) 3D-модельдеу технологиясының интерактивтілігімен және виртуалдандырылуымен музей ісіндегі жоғарғы деңгейге жарты ғасыр бұрын қол жеткізген. Мемлекет тарапынан мәдени мұраны сақтауға деген қызығушылық технологияларды пайдалануға рұқсат берген. Бірнеше жылдар бұрын музейде 3D-модельдеу технологиясымен жұмыс жасайтын мультимедиялық галерея ашылған. Бағдарламаның өзегі болып «Император сарайындағы Қытайлық кескіндеменің шебер туындылары» атты фильмі алынған. Үлкен экрандарда көрсетілгендей, көрушілер көптеген бағалы жұмыстармен танысады, жабық қордағы коллекцияларды галереяда көре алады. «Император сарайының әйгілі полотно музейлерінің ерекшелігі» – бұл HD DVD – бағдарламаларының жоғарылығы, ол экранда 150 дюймге дейін көруге рұқсат етілген. Диктордың дауысы көрушілердің композицияға, тушь, техникалық түсіне, гравировкасы мен поэзиясына, эмблемасы мен таңбасына назарын аудартады. «Бағалы кескіндеме және каллиграфия», «Кескіндеме мен каллиграфия жәннаты» атты 2 мультимедиялық интерактивті компьютерлі бағдарламалар презентацияны толықтырады. Бұнда музей коллекциясындағы керемет туындылар туралы айтылады. Сонымен қатар, Ақпараттық орталық электронды жариялымдарды бірнеше тілдерге аудару кезінде қатысқан: мысалы, «Император сарайындағы музей», «Император сарайындағы қытай каллиграфиясы мен кескіндеме туындылары» және «Фарфордан жасалынған бұйымдар». Техникалық жаңартулар мен мәдениеттің дамуы байланыса отырып, император сарайының музейі жаңа баспалдаққа көтерілді, әлемнің барлық адамдары қытай өнерінің туындыларын өзара бағалай алады [8, с. 43-44].


Ресейдің «Бородино шайқасы» панорама-музейінде Франц Руб полотнаны 2 есе үлкейтілген көлемде көре алады, полотно жанында орналасқан смартфон көмегімен қосымша тарихи ақпарат алатын QR-код орналасқан [12].

Мультимедиялық және презентациялық техникаларды музейлерде пайдалану тек жоғарыда айтылған жолдармен шектелмей қалмай сонымен қатар, соңғы кездері жаңа формалары кең өріс алуда. Қазіргі таңдағы қоғам өмірінде музейлердің ролін артық бағалау қиындыққа соғады. Музей ендігі кезде тақырыптық жиынтық (коллекция) немесе экспонаттар жиынтығы бар жер болып, тек қана бағалаушылары бар орталық болуын тоқтатуда. Заманауи музей – бұл мәдени және демалатын, барынша және өз коллекцияларының мүмкіндіктерінің қадыр қасиеттерін көрсету орталығына, коммуникативті орталықтарға айналу-да. Музей коллекциясы тек қана заттардың уақытша не болмаса әр дайымғы экспозиция болып қана қоймай, сонымен қоса құнды ақпараттарға фондтары толы және басқа да құрылымдарында сақталып тұрған мекеме болғандықтан, базасындағы ақпараттарға қол жетімді етіп ұйымдастыру жұмыстарын қалыптастырып, бұған арнайы инфоқұрылымды жүзеге асыруда. Заманауи музейлер осыған орай жаңа үлгідегі ғаламторы бар компьютерлерді, музейлік жетілген бағдарламаларды өз жүйесіне енгізу, оны оңтайлы іске асыру үшін, музейлік бағдарламалар жобасын жүзеге асырушы компаниялармен серіктестік жұмысын жолға қояды [9].

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда мәдени құндылықтарды сақтап, насихаттайтын музейлердің болуы адамдарды толық қағаттандырмайды, дәстүрлі музейлермен қатар адам дамуы индексіне әсер ететін, таным көкжиегін кеңейтетін музейлерді қоса қабат дамыту керектігін заман талабы дәлелдеп отыр. Қазіргі заманда жаңа көзқарастарды жүзеге асыру жолына түскен музейлер дәстүрлі идентификация, консервация және ағартушылық міндеттері көлемінен шығып, қоғам мен қоршаған орта өміріне қызу араласып, өз аясын кешенді ақпараттық бағдарламаларды жүзеге асырумен кеңейту керек. Қазіргі әлемдік ақпараттық кеңістікте музей құндылықтарының интерпретациялануы және интеграциялануы маңызды болып табылады. Қоғамның білім мен ғылымға деген қажеттіліктері жаңа ақпараттық технологияларды музей саласына енгізуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңдағы ғылыми-теориялық қарекет музей ісіне басқаша көзқарастың болуын, яғни қазіргі өскелең қоғамның талаптарына сай биімделуін, музей ісін ұйымдастыруда түбегейлі бетбұрыстардың болуын, жаңа методологиялық көзқарастың болуын, музейлердің ғылыми-техникалық базасын қалыптастыруды, оны практикамен ұштастыруды талап етеді.



Сурет 1 - Мультитач-стол интерактивті қондырғысы



Сурет 2 - Санкт-Петербург «Вселенная воды» музей. Интерактивті экспозиция



Сурет 3 - Екатеринбург тарихы музейі, 3D кинотеатр



Сурет 4 - Екатеринбург тарихы музейі, аудиокітап интерактивті столы



Сурет 5 - Испанияның Баса қаласы Археологиялық музейіндегі 3D проекция



Сурет 6 - Аудиогид экскурсиясы



Сурет 7 - Сенсорлы киосктер

1 Будко А. Модернизация. Схематизация опыта. «Мир музея». 2010, - №4, - С. 34-37.

2 Какабаев Б. Формы экспозиционно-выставочных работ в современных условиях // Труды Центрального музея. – Алматы: Ғылым, 2004.

3 Музей и новые технологии / под ред. Никишина Н.А. – М., 1999.

4 Музейная экспозиция. На пути к музею 21 века. – М., 1997.

5 Ноль Я.Л. Информационные технологии в деятельности музея. – СПб., 2007.

6 Новиков В.С. Инновационная деятельность и перспективы развития туризма. // Инновации и инвестиции. – №8, 2008.

7 Свиаренко А. Развитие сферы услуг в условиях активизации инновационной деятельности // Наука и промышленность России, 2007. - №8.

8 Сокровища музея императорского дворца. Гугун. – М.: Издательство «Наталис» Рипол Классик, 2007.

9 <http://www.ascreen.ru/projects/release/section.php?id=2>

10 <http://travel.obozrevatel.com/tourism/03816-muzej-luvr-ustanovil-3d-proektsiyu.htm>

11 <http://yvision.kz/post/49934>

12 [http://www.intmedia.ru/installations.asp?ob\\_no=15553](http://www.intmedia.ru/installations.asp?ob_no=15553)

13 [www.christiedigital.co.uk](http://www.christiedigital.co.uk)

13 <http://sinsheim.technik-museum.de/ru>

УДК 930.9(5)

## СОПЫЛЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ ЖӨНІНДЕ

**Е.Т. Қартабаева** – т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры,

**Е.М. Рақимжанов** – әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ, тарих, археология және этнология факультетінің 2 курс магистранты

В статье рассматриваются проблема об исторических предпосылках формирования суфизма, как течения внутри ислама. В историографии по суфизму до сих пор нет единого мнения об идейных истоках суфизма. Существует большое количество разнообразных, порой противоречивых мнений. Многие исследователи придерживаются взглядов, что суфизм возник под влиянием других религий, другие утверждают об его самобытности и оригинальности. В результате анализа различных научных концепций и источников авторы статьи приходят к выводу, что

возникновению суфизма способствовали объективные условия развития арабского халифата и ислама, как идеологии этого государства. Однако и не отрицается определенное влияние мистических идей и других религий, особенно буддизма и христианства, так как в результате арабских завоеваний регионы с этими развитыми религиозными традициями вошли в состав мусульманской империи – Арабского халифата.

**Ключевые слова:** ислам, суфизм, мистицизм, тарикат, предпосылки

Article considers the formation of the problem of the preconditions of Sufism as a current within Islam. In the historiography of Sufism is still no consensus about the ideological origins of Sufism. There are many diverse and sometimes contradictory opinions. Many researchers uphold the views that Sufism originated under the influence of other religions, others argue about its identity and originality. An analysis of various scientific concepts and sources, the author concludes that the emergence of Sufism contributed to objective conditions for the development of the Arab Caliphate, and Islam, as the ideology of the state. However, do not deny a certain influence and mystical ideas of other religions, especially Buddhism and Christianity, as a result of the Arab conquest of the region developed with these religious traditions became part of the Muslim empire – Arab Caliphate.

**Key words:** islam, sufism, mysticism, tarikat, prerequisites

Екі ғасыр, екі мыңжылдық аралығында әлемде орын алған көптеген ғаламдық өзгерістер өткенімізді қайта қарап, қайта бағалауға деген қажеттілікті туындатып отыр. Ескі қатынастар мен мекемелер қирап, жаңасы қалыптасып жатқан өтпелі кезеңде қоғамда ең алдымен, рухани ізденістер жасалатыны белгілі, яғни ескі идеяларға сенім жойылып, жаңасы іздестіріле бастайды. Соңғы уақытта басқа да әлем елдеріндегі тәрізді Қазақстан қоғамында діннің ролінің артуын осындай жағдайлармен байланыстыруға болады. Оның үстіне Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бергі уақытта Отандық тарих ғылымында бұрын назардан тыс қалып келген ақтандақтардың қатарында ғасырлар бойы рухани өмірімізді анықтаған ислам діні, оның Орталық Азия халықтарына тарауында маңызды рөл атқарған сопылықтың тарихына деген қызығушылық күн санап артып отыр.

Сопылықтың тарихы, оның идеялық негіздері әлемдік шығыстану ғылымында айтарлықтай зерттелген. Бұл мәселені зерттелуіне атақты шығыстанушылар Э.Массэ, И.Гольдциер, Л.Массиньон, Дж.С. Тримингэм, Э.Роузентал, кеңес-орыс ғалымдары – А.Д. Кныш, О.Б. Фролова, И.М. Фильштинский, К.Казанский, Е.Э. Бертельс, И.П. Петрушевский, В.А. Жуковский және т.б. үлес қосты. Алайда суфизмнің зерттелуінде негізінен, оның діни-философиялық, этикалық ілімдері басты зерттеу нысанына алынды. Жоғарыда көрсетілген авторлардың ішінде тек Дж.С. Тримингэм ғана сопылық ілімнің тарауына ықпал еткен ұйымдық құрылымдар ретіндегі сопылық бауырластықтардың тарихына алғаш рет қалам тартып, әр түрлі тарикаттарды салыстырмалы зерттеуге тырысқан болатын [1]. Сондықтан да осы бағыттағы зертеулерді дамытып, сопылықтың өзіндік бір аймақтық типтеріндей болған әртүрлі сопылық мектептер мен бауырластықтардың тарихының зерттелуіне күш салу қазіргі таңдағы шығыстану ғылымының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Бұл бағытта отандық тарихшылар да соңғы уақытта терең зерттеулер жүргізіп, түркілер арасында пайда болып, өркен жайған Йассауя сопылық мектебінің тарихы жөніндегі бірқатар еңбектер жарық көрді. Аталмыш мәселемен айналысып жүрген қазақстандық зерттеушілердің қатарында А.Әбуов, К.Бегалинова, Ә.Муминов, З.Жандарбек, Н.Нұртазина және т.б. ерекше атап көрсетуге болады. Алайда бұл еңбектерде Орталық Азияда пайда болып, қазіргі күнге дейін әрекет етіп отырған, осы аймақ халықтарының рухани болмысын анықтаған, және қоғамдық дамуына орасан зор ықпал еткен сопылық тарихының барлық мәселелері жан-жақты қарастырылып болды деуге болмайды. Бұл бағыттағы ізденістерді әлі де тереңдете түсуіміз қажет.

Сопылық, мән-мазмұны бойынша көне замандардан келе жатқан рухани ағым болып табылады, оның дәл қай уақытта пайда болғандығын дәп басып айту мүмкін емес. Діни-идеялық негіздері бойынша сопылыққа ұқсас ағымдарды басқа да діндерден кездестіруге болады. Сопылыққа тән аскетизм, тақуалық пен альтруизм, сондай-ақ мистицизм индуизм, буддизм, христиандық пен иудаизм діндерінде де бар. Тарихнамада бұл діндер арасындағы осы ұқсастықты түсіндіруде уақыт жағынан ерте пайда болған діндерден сопылыққа енген элементтер деп анықтауға бейімділік байқалады.

Қазіргі шығыстану ғылымында, жалпы мұсылмандық философияның генезисі жөнінде үш негізгі концепция бар, ол исламның – үнділік, ирандық және христиандық (неоплотониктік) идеялық негіздері жөніндегі тұжырымдамалар. Мұсылман философиясына буддизм және индуизм ықпалы туралы мәселе бойынша ғылымда бірауызды пікір жоқ. Мысалы, М.Хортен, И.Гольдциер және басқа да бірқатар ғалымдар араб-мұсылман философиясын буддизмнен шығарады. И.Гольдциер сопылықтағы фана концепциясы (адамның Құдаймен бірлесіп, жоқ болып кетуі) буддизмдегі нирвана ілімімен бір, ал VIII ғасырда өмір сүрген атақты сопы Ибрагим ибн-Адхамның өмірі мен қызметі туралы аңыз Будданың өмірі туралы

аңызбен толық сәйкес келеді, деп тұжырымдайды [2, 148].

Бұл пікірді орыс ғалымы И.Петрушевский және басқа да бірқатар ғалымдар жоққа шығарады. Атап айтқанда, И.Петрушевский буддизмнің мұсылмандық мистицизмге ықпалын жоққа шығара отырып, сопылықтағы фана мен буддизмдегі нирвана ілімдері арасындағы ұқсастық тек сырт қарағанда ғана. Суфизмнен ерекше, буддизм жаратушы бір Құдай туралы идеяны білмейді. Әлем мен Құдайдың нұры (эманация) туралы, адамның Құдаймен ерікті түрде қайта бірігуі туралы сопылық ілім буддизмге жат. Ал сопылыққа нирвананың негізінде жатқан сансарадан (бірнеше мәрте қайта туылу шеңбері) құтылу идеясы жат екендігін көрсетеді зерттеуші [3, 163]. Сондай-ақ ол «суфизм ислам негізінде, феодалдық қоғам жағдайында, ислам дінінің дамуы нәтижесінде пайда болды. Исламдық емес, мистикалық идеологиялар суфизмге әкелген жоқ, бірақ кейінірек оның дамуына, әсіресе неоплотонизм едәуір әсерін тигізді», – дей отырып, ары қарай «ортағасырлық ислам қоғамында суфизмнің пайда болып, тарауына ең алдымен, сол қоғамның әлеуметтік негізі ықпал етті, сондықтан да бұл құбылыс 1200 жыл ішінде өз өмір сүру қабылетін жоғалтпай отыр», – деп жалғастырады [4, 315].

Әрине, халифат құрамына кірген елдердің, соның ішінде үнді халқының діни дәстүрлерінің исламға белгілі дәрежедегі ықпалын мүлде жоққа шығаруға болмайды. Дәлел ретінде айтсақ, арабтар ислам дінін таратып қана қоймай, өздерінің қол астындағы және көршілес елдерден: үнді, парсы, грек т.б. халықтардың мәдениетін жатсынбай, қажетінше бойына сіңіре білгені көпшілікке мәлім. Ежелгі үнді ойшылдарының еңбектері, әсіресе халиф әл-Мамун тұсында араб тіліне қарқынды түрде аударылып, араб философияларының қолына түскен.

Сопылық дүниетанымның қалыптасуына, сондай-ақ иран діндерінің (зороастризм, манихейлік) ықпалын ғалымдар баса көрсетеді. Бұл діндерге тән дуализм, жаратылыстың қарама-қайшылығы мен жалғандығы туралы ойлар мұсылман философиясының екі бағытына да – рационалистік және мистикалық бағыттарының қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті. Өзбек зерттеушісі Г.М. Каримованың пікірінше суфизмге, әсіресе оның пантеизм іліміне христиандыққа қарағанда парсылық діндердің ықпалы анағұрлым күшті болды [5, 10].

А.Крымский мұсылман философиясының пайда болуында екі бастаудың – арабтық және үнді-парсылық бастаулардың болғандығын көрсетеді. «Бірінші бастау, негізінен батыстық, ол бұрын христиан діні үстем болған елдерде байқалады, ал екіншісі – шығыстық, оның арнасы бұрын буддизмнің ықпалы басым болған елдер болып табылады... Батыс арнасы ортодоксалды партиямен қол ұстасса, шығыстық арна барған сайын батыл түрде ересікке қарай бет бұрып, пантеизмнің құшағына енді», – деп көрсетеді зерттеуші [6, 47-48].

Тек кейбір жекелеген зерттеулерде ғана исламға парсы ықпалы жоққа шығарылды. Мысалы, М.Т. Степанянц және басқа да бірқатар ғалымдар өз еңбектерінде мұсылмандық мәдениетке үнділік және парсылық ықпалды жоққа шығара отырып, мұндай ықпалдың негізінен, эллинистік және христиандық сипатта болғандығын дәлелдеуге тырысады. Расында да, антикалық мәдениет пен философияның мұсылман ой-санасының дамуына қосқан үлесін ғалымдардың бәрі бірауыздан мойындайды. Бұған ықпал еткен бірқатар объективті факторлар бар. Христиан әлемімен салыстырғанда мұсылман әлемінде схоластика дамымады, философия құдай іліміне (теология) қатаң бағыныштылықта болған жоқ, соның арқасында араб-мұсылман ойы антикалық мәдениеттің рухани мұрасын еш кедергісіз игерді. Батыс Еуропада тек 1200 ж. ғана Аристотель философиясын қабылдауға мүмкіндік ашылды [7, 52].

Сонымен көріп отырғанымыздай, суфизмнің идеялық бастаулары жөнінде әдебиетте ортақ пікір жоқ: мұсылмандық ойдың басқа діндердің ықпалымен пайда болғандығын көрсететін тұжырымдардан бастап, бұл дінге басқа діндердің ықпалын жоққа шығару, оның дербестігін, қайталанбастығы мен өзіндік ерекшелігін көрсетуге дейінгі қайшылықты тұжырымдар орын алады. Мысалы, Р.Никольсон суфизмді автохтонды құбылыс, ол ислам негізінде ғана қалыптасты, деп көрсетеді. Ол, мұсылман мистицизмі исламда хижраның 1 ғасыры ішінде пайда болған аскеттік ағымдардың дамуы негізінде пайда болды деп санайды [8, 146-147]. Сондай-ақ Л.Массиньон да мұсылман философиясының, соның ішінде суфизмнің шығуының исламдық емес негізі туралы теорияны қатты сынға алады.

Зерттеушілердің сопылықтың пайда болуы жөніндегі көзқарастарына осылайша шолу жасағаннан кейін, бұл мәселедегі өз ойымызға келетін болсақ, тарихи құбылыстар мен процестер дамуының өзіндік ішкі заңдылықтары бар екенін мойындай отырып, ешқандай да құбылыс таза сыртқы ықпалдың нәтижесінде пайда болмайтындығы жөніндегі тұжырымға келеміз. Әрине, халықтар арасындағы мәдени ықпалдастық дамудың, прогрестің маңызды факторы болып табылады. Бірақ сыртқы мәдени ықпалды қабылдап, оны игеру үшін қоғамның өз ішінде де соған сәйкес мәдени даму деңгейі болуы шарт. Бір сөзбен айтқанда, бұл мәселеде К.Ясперстің «осьтік уақыт» концепциясындағы адамзаттың бірегей, біртұтас

рухани тамырлары жөніндегі көзқарасымен келісеміз. Яғни бірқатар діни ағымдарда кездесетін ортақ, ұқсас элементтер осы діндерді ұстанушы халықтардың ішкі рухани дамуының нәтижесі ретінде бір-бірінен дербес пайда болып, дамыған.

Сонымен, сопылық ислам аясында пайда болған бағыттардың бірі. Біртұтас ислам шеңберінде әртүрлі бағыттардың пайда болуына бірқатар объективті және субъективті тарихи жағдайлар ықпал етті. Кез келген тарихи құбылыс өз дамуы барысында әртүрлі кезеңдерді бастан кешірді, атап айтқанда ол пайда болады, өркендеп дамиды және бұдан кейін бірте-бірте құлдырап, жойылып кетіп те жатады. Орта ғасырлық араб қоғамының барлық салаларының өркендеп, дамуына ықпал еткен ислам дінінің дәстүрлі қағидаларын ендігі жерде қоғам дамуына сай одан әрі дамыту, жетілдіру қажеттігі туындады. Қоғамды ұйытушы, топтастырушы идеология ролін атқарған кез келген діннің тағдыры осылай қалыптасып отырды, бұл тарихи-диалектика заңдылығы.

Ислам діні негізінде құрылған Араб халифаты өз тарихында түрлі-түрлі кезеңдерді бастан кешірді. Соның ішінде алғашқы тақуа халифтер тұсындағы демократиялық басқару Омейядтар тұсында әулеттік, монархиялық билікке орын берді. Өз билігінің бастапқы кезеңінде мықты, орталықтанған саяси жүйе құрған омейядтардың, уақыт өте келе әлеуметтік базасы тарыла бастады. Осы әулет билігінің соңғы дәуірінде ішкі талас-тартыс, әлеуметтік-саяси қайшылықтар барынша шиеленісіп кетті. Ресми билікке оппозициялық пиғылдағы әртүрлі әлеуметтік, саяси топтар мен ағымдар пайда болып, олар қоғамның негізгі идеологиясы болып отырған исламды өзінше, өз мүддесіне орай түсіндіре бастады. Осындай негізде шииттер, хариджиттер, мутазилиттер, исмаилиттер, карматтар және т.б. ағымдар мен бағыттар пайда болды. Бұл аталған бағыттардан ерекше, сопылық исламның дәстүрлі, ортодоксалды қағидаларын жокқа шығармады. Ол ислам дінінің шарттарын қатаң ұстана отырып, оны рухани, моральдық-этикалық тұрғыдан одан әрі жетілдіруді мақсат етіп қойды.

Сопылықтың ерте тарихына көз жүгіртсек, оның алғаш рет халифаттың басқа аймақтары емес, дәл орталығында, Аравияда пайда болғандығын көреміз. Жоғарыда көрсетілген тарихи жағдайларда, өмір сүріп тұрған феодалдық-теократиялық билікке халықтық оппозиция аскеттік қозғалыстардың пайда болуы түрінде көрініс тапты. Дәл осы қозғалыс бірте-бірте сопылықтың қалыптасуына алып келген болатын. Беделді діни дерек көздері ретінде хадистерге сүйенетін болсақ, Мұхаммед пайғамбар аскеттік бағыт өкілдеріне құрметпен қараған, қанағатшылдықты ең бір Құдайға жағымды қасиет деп есептеген. Сопылықтың исламның өзінен шығатынын көрсететін көптеген дәлелдерді Ясауия сопылық мектебінің қазіргі Қазақстандағы өкілі Исмадулла Мақсұм өзінің «Жария зікірдің дәлелі» атты еңбегінде Құран аяттары мен хадистерден таратып көрсетеді [9].

Сонымен бірге, ислам дінінің әртүрлі халықтар арасына тарауы барысында сол халықтардың діни дәстүрлері мен рухани даму ерекшеліктерінің ықпалымен сопылықтың әр түрлі мектептері қалыптасқандығы да тарихи шындық. Мысалы, Орталық Азияның отырықшы және көшпелі халқы ортасында қалыптасқан бауырластықтар – Накшбандия мен Ясауия тариқаттары арасында өзара жауластыққа дейін барған қайшылықтар болғандығын зерттеуші З.Жандарбектің еңбегінен жақсы байқаймыз. «Өйткені, бұл тариқаттардың екеуі де өз бастауын Құран аяттары мен Пайғамбар хадистерінен алатын сопылық ілімге негіздегенімен, екі тариқат табиғаты бөлек екі халықтың, екі мәдениеттің, атап айтқанда – түркі мен соғды-иран халықтарының ортасында дүниеге келді» [10].

Сонымен, қорыта келгенде сопылықтың пайда болуының алғы шарттарына тоқтала отырып, оның ислам діні мен араб халифаты тарихының объективті жағдайларымен және халифат құрамына кірген халықтардың мәдени даму үрдістерімен тығыз байланыста қалыптасқандығына көз жеткіземіз.

1 Тримингэм Дж.С. Суфийские ордены в исламе. Пер. с англ. - М., 1989.

2 Гольдциер И. Лекции об исламе. – СПб., 1912.

3 Петрушевский И.П. История Ирана с древнейших времен до конца XVIII века. - Л., 1958.

4 Петрушевский И.П. Ислам в Иране. - Л., 1966.

5 Из истории суфизма: источники и социальная практика. - Ташкент, 1991.

6 Крымский А. Очерк развития суфизма до конца III в.х. - М., 1895.

7 Колесник А. Особенности средневековой философии. // Современные зарубежные исследования по средневековой философии. - М., 1979.

8 Гольдциер И. Лекции об исламе. – СПб., 1912.

9 Исмадулла Мақсұм. Жария зікірдің дәлелі. - А., 2006.

10 Жандарбек З. Ясауи жолы және қазақ қоғамы. - А., 2006.



## ИСЛАМ ЖӘНЕ ДІНИ ТӨЗІМДІЛІК МӘСЕЛЕСІ

**Е.Т. Қартабаева** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры, т.ғ.к.*

Как известно, одной из составляющих культуры и основой духовности является религия. Начиная с последней трети XX в. в различных странах мира имеют место усиление религиозности населения и перманентная активизация религиозных движений и конфликтов на этой почве. Центральная Азия не стала исключением, столкнувшись с бурным процессом исламизации и как следствие, ростом религиозных движений, а также партий и сект, деятельность которых имеет как внутренний, так и международный характер. Тем самым, религиозный фактор является важной составляющей внешне и внутривнутриполитического развития государств региона. Однако, в деятельности не только различных сект, но и традиционных конфессий в последнее время наблюдается не присущие им ранее нетерпимость, в связи с чем актуализируется вопрос об отношении различных религии к толерантности. В связи со сложившемся в государствах Центральной Азии религиозным возрождением, а также нарастающими противоречиями на религиозной почве, в особенности все чаще проявляющимися конфликтами между отдельными направлениями и течениями ислама особую актуальность приобретает проблема изучения религиозной толерантности в исламе.

В данной статье на основе изучения источникового материала и специальных исследований рассматривается проблема религиозной толерантности. Автор статьи ставит цель изучить данную проблему и попытаться всесторонне раскрыть проблему отношения к толерантности в раннем исламе.

**Ключевые слова:** религия, ислам, толерантность, свободомыслие, фанатизм

Known as one of the components of culture and religion is the basis of spirituality. Since the last third of the twentieth century. in different countries there are increased religiosity and permanent activation of religious movements and conflicts in this soil. Central Asia is no exception, faced with the rapid process empowering Islam and as a consequence, the growth of religious movements and parties and sects, whose activity has both domestic and international. Thus, the religious factor is an important component of the external and internal political development of the region. In connection with the Central Asian states of religious revival, as well as the growing contradictions on religious grounds, in particular the increasingly appear conflicts between individual areas and currents of Islam especially important to study the issue of religious tolerance in Islam. In this article, based on a study of the source material and special studies devoted to the problem of religious tolerance. The author aims to study the problem and try to fully disclose the relationship to the problem of tolerance in early Islam. The author aims to study the problem and try to fully disclose the relationship to the problem of tolerance in early Islam.

**Key words:** religion, Islam, the tolerance, freethinking, fanaticism

Жапай ғаламдық дағдарысты бастан кешіріп отырған қазіргі таңда руханилық мәселесі ең бір өткір де өзекті мәселеге айналып отыр. А.Мальроның көрсетуінше XXI ғасыр руханилық ғасыры болады немесе ол тіпті болмайды [1, 35]. Техногенді өркениет жағдайындағы адамзат құндылықтарының барынша өзгеруі адам рухының негіздерін шайқалту қаупін туғызып отыр. Өз өмірін зорлық-зомбылық, қастандық пен құрту-жоюға бағыштағандардың саны күн санап көбеюде. Қалыптасып отырған дағдарыстан шығу мүмкін бе? Әлде, болашаққа бұрынғы, шектеулі күйімізде, шешілмей қалған міндеттерімізбен және мәселелерімізбен қадам баса береміз бе? Бүгінгі күні әрқайсымыз сезініп отырған ғаламдық дағдарыс бір нәрсені айқын көрсетіп отыр – бұл ең алдымен адам руханың дағдарысы, сондықтан да рухани дағдарыстан шықпайынша, яғни рух тазалығына қол жеткізбейінше қоғамның басқа салаларындағы дағдарыстан шығу мүмкін емес.

Руханилықтың шынайы бастауы дін екендігінде күмән жоқ. Алайда қазіргі діндер адамның рухымен жұмыс істеудің орнына, көп жағдайда руханилықтан мүлде алыс мәселелермен айналысып кеткендей ой туғызады. Соңғы кезде қаптап кеткен әр түрлі секталарды былай қойғанда, дәстүрлі діндердің өзі бір қоғамда өмір сүріп жатқан жекелеген адамдар мен бүтіндей ұлттарды бір-бірінен алшақтататын, тіпті қарсы қоятын әсіре ұлтшылдық немесе әсіре конфессияшылдық сияқты және басқа да саяси бағыттағы мәселелермен айналысуды өздерінің басты міндетіне айналдырып алған сыңайлы. Қазақстанның негізгі халқы ұстанатын ислам дінінің өз ішінде де шынайы руханилықтан гөрі, жалған діншілдік, ұраншылдық, өзі ұстанатын дін ғана ең дұрыс деп санайтын төзімсіздік және басқа да жағымсыз сипаттағы құбылыстар байқалады. Мұндай «діншілдер» халқымыз ғасырлар бойы ұстанып келген бірыңғай исламдық бағдар болып табылатын Әбу Ханифа тармағына жат қағидаларды жастардың санасына сіңіру үрдісін жүзеге асыруда. Кейде, сол исламды уағыздап жүрген мұсылмансымақтардың әрекеті исламға, шынайы ислами қағидаларға, исламның қайнар бұлағы болып табылатын Құран мен пайғамбар сүннетіне мүлде үйлеспейді десек артық болмайды.

Діннің негізгі қағидаларын терең түсініп, оны бойға сіңірмеген, белгілі бір тар көзқарастар мен догма-

лар шеңберінен аса алмай қалған адамдар, білместіктен жат пиғылды ағымдар мен топтардың мүддесіне қызмет етіп, тіпті өзінің жанын да солар үшін (Құдайдың ризашылығына ие болу деп түсініп) пидә етуге баруда. Бұған ХХ ғ. соңы мен қазіргі таңда әлемде болып жатқан жағдайлар куә.

2001 ж. 11 қыркүйек оқиғасы дінаралық қайшылықтың, төзімсіздік пен асырасілтеушіліктің өзіндік бір кульминациялық нүктесі болды десек артық айтпаймыз. «Ұшақтарды басып алған он тоғыз лаңкес ХХІ ғасыр парадокстарының бірін жасады: бейбітшілік діні деп саналған ислам енді кісі өлтірумен және заңсыздықпен байланыстырылатын болды» [2, 5]. Осы оқиғадан кейін қалыптасқан халықаралық жағдай қоғамдағы дін мәселесін қайта қарап, әсіресе дінаралық сұхбат мәселесіне ерекше көңіл бөлудің қажеттілігін анықтап отыр. Аталмыш бағыттағы іс жүзіндегі шараларды Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев алғашқылардың бірі болып қолға алып, 2003 ж. әлемдік және дәстүрлі діндердің съезін шақырғаны бәрімізге белгілі. Осы үлкен жиында сөйлеген сөзінде Елбасымыз: «Біртұтас діни кеңістік қалыптастыру мүмкін емес. Ұлы діндердің негізінде жатқан айырмашылықтарды жоюға да болмайды. Алайда тұрақты сұхбаттың құндылығы сонда, пікірлердің сануаландығына қарамастан алтын дінгек сақталады. Және ең бастысы – сұхбат бейбітшілік пен келісім территориясын, үйлесімділік пен ашықтық уақытын қалыптастырады. Діни сұхбаттың күмәнсіз құндылығын мен осыдан көремін», – деген болатын [1, 39]. Бүгінде біздің еліміз, әлемдік дін басшыларының құрылтайы өткізілетін мекенге айналды. Жай ғана барлық дін өкілдері емес, әлемнің жетекші теологтары бас қосатын дәл осындай екінші жер ғалам-шардың өзге жерінде жоқ.

Дінаралық сұхбатты іс жүзіне асырудың нақты тетіктерінің бірі сол діндердің негіздерін тарихи тұрғыдан тереңінен зерттеу болып табылады. Әсіресе, қазіргі әлемде лаңкестік пен төзімсіздіктің ошағы ретінде қарастырылып отырған ислам дінінің негіздерін, өкінішке орай, мұсылмандардың өздері де, мұсылман еместер де жете біле бермейді. Батыс елдеріндегі исламофобияның (ислам алдындағы үрей мен қорқыныш) басты себебі де осында жатса керек. Сондықтан да исламды түсіндіру қажеттілігі мешіттердің шегінен шығып, әрбір отбасының, білім ордаларының, әсіресе ғалымдар мен тарихшылардың міндетіне айналуы тиіс. Мақалада осы бір өзекті мәселені тағы да бір көтеріп, соның ішінде, әсіресе ислам дініндегі толеранттылық пен дінаралық сұхбат мәселесін арнайы қарастыруды жөн көрдік.

Қазіргі таңда бүкіл әлемді, соның ішінде Батыс елдерінің құтын қашырып, үрейін алып отырған ислам діні шынында да фанатизмге белшесінен батқан, соғысқұмар, төзімсіз дін бе? Міне осы сұраққа исламның негіздерін қарастыра отырып жауап беруге тырысып көрейік.

Ислам тарихына көз жүгіртіп, оның догматтық негіздері мен ұйымдық құрылымына назар аударар болсақ, бұл діннің төзімсіздікпен үш қайнатса сорпасы қосылмайтын, керісінше, өзінің ерекше төзімділігімен және еркін ойшылдығымен ерекшеленгендігін байқау қиын емес. Ислам пайда болған кезінен бастап, басқалардың сеніміне құрметпен қарап, тәкаппарлықтан, асырасілтеушіліктен, менмендіктен, бөлінушіліктен барынша аулақ болуға шақырды. Исламның қасиетті бастаулары болып табылатын Құран мен Суннада діни төзімділік барынша айқын көрініс тапқан. Атап айтқанда, Қасиетті Құранның Ниса сүресінің 1-ші аятында «Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар», ал 48-ші аятта: «... Сендердің әрқайсысыңа Біз заң мен жол тағайындадық. Алла қаласа, сендерді бір қауым етер еді, алайда Ол сендерді Өз игіліктермен сынау үшін бөлді. Игі істерде өзара жарысыңдар. Сендердің барлығың Аллаға қайтасыңдар, және Ол сендерге неде пікірлерің ажыратылғанын айтып беретін болады» [3]. Бұл аяттардан көретініміздей бастапқыда адам баласын біртұтас қауым етіп жаратқан Алла Тағаланың кейін оларды әр түрлі ұлттар мен діндерге бөлудегі мақсаты адам баласының шынайы мақсаты болып табылатын Алланы тануында оларға ерік-жігер және таңдау еркіндігін беруінде деп түсінуге болады. Өзінің ең соңғы мақсатына жеткен кез келген адам баласы Алла Тағалада өзара қайта бірігетін болады. Яғни адам баласының әр түрлі қауымдарға бөлінуі уақытша жағдай. Дүниедегі тіршіліктің салыстырмалылығын өз кезінде, ғылыми негізде А.Эйнштейн дәлелдеп берген болатын. Физика саласындағы бұл ашылым да адамзат баласының рухани әлемде бірігуінің қажеттілігін дәлелдей түседі.

Ібрахим пайғамбардан бастау алатын діндер, яғни иудаизм мен христиан дінін «Кітап адамдары» деп қарастырған ислам бұл діндерді ұстаушыларға өз дінінде қалу мүмкіндігін беріп қана қоймай, оларды «зимми» деп жариялап, яғни өз қамқорлығына алғандығы да тарихтың бұлтартпас айғағы.

Исламдағы төзімділік Мұхаммед пайғамбардың діни-саяси қызметінде ерекше көрініс тапты. Пайғамбарымыз, бір жағынан ерекше қасиет дарыған, яғни Құдаймен тілдескен мистикалық тұлға болса, екінші жағынан ол, үлкен ақыл-парасат иесі, саяси және дипломатиялық дарынға ие, өз діни идеясына толық берілген харизматикалық тұлға болды, сол идеялар үшін құрбандықтарға да бара алды. Бірақ ол ешқашан көрсоқыр, фанатик болған емес, оның өмірге көзқарасы кең еді. Мұның өзі оның өзіне дейінгі болған барлық пайғамбарларды мойындауына және ислам тарихының белгілі дәуірінде Құрандағы «Кітап

адамдарының» бірі – Медине иудейлерімен бір қауымбыз деп жариялауына ықпал етті. Мұхаммед достарына адал, қателігін мойындаған жауларына кешірімді, саяси жауларына келгенде аяусыз, алайда саяси бітімгершілік жасауға да барып отырған ақыл-парасат иесі болды.

Сонымен бірге, Мұхаммед пайғамбардың мұсылмандарды ғылым-білімге шақыруының өзі исламдағы еркіншілдік пен діни төзімділікке бастаған негіздердің бірі болды. Пайғамбарымыздың «Ғылымды Қытайда болса да ізде» деген атақты хадисі діни фанатизм, көрсоқырлық немесе томаға-тұйықтықпен еш жанаспайтын сөздер. Қатаң монотеистік дін ретіндегі ислам тұрғысынан алғанда нағыз пұтқа табынушылықтың ордасы болған буддизм елі - Қытайдан білім үйренуге шақыру нағыз еркіншілдік пен діни төзімділіктің шыңы деп бағалауға болады.

Исламда көрсоқыр догматизмнің жоқтығын оның тарихының өн бойында әр түрлі, христиан тілімен айтқанда, еретикалық идеялық ағымдардың ислам шеңберінде бейбіт қатар өмір сүргені де дәлелдей түседі. Исламның басты бағыты суннизмге ең ірі оппозициялық ағымдар – мутазилизм мен исмаилизм болды. Мутазилизм Алланың абсолютті бірлігіне және абсолютті әділеттілігіне негізделді. Алланың бірлігі оның антропоморфтық атрибуттарының болуын жоққа шығарды. Сондықтан да Аллаға сөйлеу атрибуты тән болмағандықтан Құран Құдай сөзі бола алмайды, оны мутазилиттер кәдімгі әдеби шығарма деп қарастыруға дейін барды. Бұл ағым халиф әл-Мамун тұсында ресми бағыт болғандығы тарихтан белгілі.

Исмаилиттер Құдай сөзінің сыртқы, экзотерикалық және ішкі, эзотерикалық мағынасын ажыратты. Исмаилиттердің пайымдауынша, сауатсыз, білімсіз бұқара халық үшін жасалған Құран түсіндірмелеріндегі сыртқы мағына Қасиетті жазбаның ішкі құпия мәнін түсінуге мүмкіндік бермейді. Оны тек рухани көсемдер – имамдар ғана түсіндіре алады. Имамдар адам жанын дәстүрлі діндердің догмаларына көрсоқырлықпен сенуден құтқарушылар болды. Имамдар инициация арқылы жаны дертке шалдыққан адамдарды Қасиетті жазбаның эзотерикалық мәнін ашу арқылы емдеп жазып отырған. Исмаилиттік имамдар философия мен жаратылыстану ғылымдарымен айналысты. Олардың атақты «Тазалық бауырлары» энциклопедиясы антика және Шығыстың діни-философиялық ойының және сондай-ақ Араб халифатындағы философия саласындағы жетістіктердің синтезі болды. Олар да мутазилиттер тәрізді Алланың антропоморфты белгілерін жоққа шығарды, Құранның мәңгілік емес, кейіннен пайда болғаны жөніндегі тезисті жақтады және адамның жазмыш алдындағы еркіндігі туралы қағиданы ұстанды.

Ерте исламда орын алған діни-философиялық негіздегі бұл ағымдар Алланы рационалды жолмен танудың жолдарын әліптеген болса, ислам шеңберінде қалыптасқан өзіндік бір мистикалық бағыт – сопылық Жаратушы иені рационалды жолмен тану мүмкіндігін жоққа шығарып, оны түйсік (интуиция) арқылы, яғни жүрек арқылы ғана тануға болады деп жариялады. Жариялап қана қойған жоқ, Алланы танудың, яғни Алламен бірлесудің адамның рухани жетілуі арқылы іске асатын нақты жолдарын көрсетіп те берді. Өзінің Құдайды рухани, түйсік арқылы тануында сопылар адамның моральдық жағынан өзін-өзі жетілдіруін, сондай-ақ надандықты жойып, Құдай нұры – білімге ұмтылушылықты насихаттады. Сопылық өз жүйесіне буддизм элементтерін (адамның Құдаймен бірігуі – фана, буддизмде – нирвана), неоплатонизм (эманация), зароастризм (Құдайдың күн мен отта бірігуі) элементтерін және халықтық наным-сенімдерді (үлкенге құрмет, адалдық, рухты жетілдіру) синтездеді. Тар ойлы, шектеулі діндарлар өз дінінің ғана Қасиетті жазбасына, пайғамбарына немесе басқа да «әулиелеріне» сенсе, сопы үшін кім айтқаны маңызды емес, не айтқаны маңызды болды. Ол Христосты да, Інжілді де қабылдайды, ақиқат Құранда да, Ведантада да бар деп есептейді. Барлық құбылыстан ол Алланы көреді, барлық формалардан бір ғана Ақиқатты іздейді. Сопы діндердің ешқайсысын жатсынбайды. Кез келген ғибадатханадан ол Жалғыз Жаратушыны көреді. Сонымен бірге оның шынайы ғибадатханасы Сүйікті Жаратушысы мәңгілік мекендейтін оның өз жүрегі болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, сопылар дінаралық және мәдениетаралық сұхбаттың нағыз ізашарлары болды десек артық айтпаймыз.

Әр түрлі мәдениеттер, діндер мен тілдер бір ғана Ақиқатты әр түрлі жеткізетін формалар ғана екендігі әсіресе атақты сопы ғұламаларының бірі Жалал ад-дин Румидің шығармашылығында ерекше көрініс тапқан. Оның «Жүзім туралы әңгімесінде» түрік, парсы, араб пен гректің арасындағы дау-жанжал олардың жүзімді өз тілдерінде әр түрлі атауынан ғана туындағанын мысалға келтіре отырып, адамзатқа үлкен ой тастайды, түсініспестіктен туындаған қайшылықтарды жойып, өзара бірігуге шақырады.

Сонымен, еркіншілдікті негізге алған исламның аталмыш ағымдары бейбіт қатар өмір сүрді. Араб халифаты дәуірінде орта ғасырлардағы христиандық Батыстағыдай шіркеу үстемдігі, шіркеу соборлары бекіткен барлық христиандарға міндетті болған діни догмалар, осы догмалардан ауытқығандарды жазалайтын инквизиция соты деген ұғымдар болған жоқ. Исламда ұйымдасқан табыну орны немесе христиан шіркеуіндегідей иерархиялық түрде орналасқан дінбасылары, даулы мәселелерді шешіп беретін шіркеу жиындары болған жоқ. Дүниетаным мәселелері бойынша пікір-таластар арнайы ашылған медреселерде өтіп отырды. Синодтар немесе шіркеу соборлары сияқты жиындар болмағандықтан дүниетаным-

дық мәселелер фикх (құқықтану) аясында қарастырылып отырылды. Осы негізде төрт заңдық жүйе қалыптасты: ханафиттік, шафииттік, маликиттік және ханбалиттік. Егер маликиттер мен ханбалиттер көбіне заңның сыртқы формасын ұстанса, ал шафииттер мен ханифиттер заңның ішкі өзегіне мән берді. Уақыт, қоғам талабына сай жеке пікірге негізделетін рай ұстанымы ханифиттер жүйесіндегі іргелі ұстаным болса, ханбалиттер де оны ұстанудан бас тартпады. Қасиетті Жазба, яғни Құран метафораларға, теңеулерге толы болғандықтан, оны дұрыс түсіну үшін жекелеген ғұламалардың пікірі (рай) және мұсылман қауымының ортақ пікірі (иджма) да қажет болды. Міне осылайша, мұсылмандық құқықтану (фикх) Құдай заңына сәйкес дамыды, және еркіншілдік пен төзімділік заңдық негізге ие болды.

Сонымен, ислам тарихы көрсетіп отырғандай, ислам діні басқалардың сеніміне құрметпен карауға шақырады. Исламның осы ерекшелігін қазіргі таңда әрбір мұсылман түсініп, өз өмірінде басшылыққа алуы тиіс. Жалпы алғанда, тек ислам ғана емес, кез келген діни тағылымдардан адамзатты бір-бірімен табыстыратын бастауларды іздеген абзал. Барлық сенімдерге парасаттылықпен қарап, төзімділік таныту үшін әрбір дін өкілі ең алдымен, өзі ұстанатын дінді толық меңгеруі қажет, өйткені діни төзімділік қағидасы кез келген сенімде бар. Басқаша болуы мүмкін емес. Өйткені, руханилықтың қайнар көзі болып табылатын діннің ең басты міндеті адамзатты рухани құндылықтармен өмір сүруге, соның ішінде, ең алдымен бейбітшілік пен татулыққа шақыру екені сөзсіз.

*1 Саттаров Ф.Ф. Религия как форма духовности. // Материалы международной научно-практической конференции «Новые религиозные движения в Евразии». - Астана, 2010.*

*2 Кэрролл Дж. Диалог цивилизаций. - Алматы, 2009.*

*3 Құран Кәрім. Қазақша мағынасы және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. - Алматы, 2000.*

УДК: 391(574)

## ТРАДИЦИОННЫЕ КАЗАХСКИЕ МУЖСКИЕ ГОЛОВНЫЕ УБОРЫ В КОНТЕКСТЕ ИСТОРИИ И СОВРЕМЕННОСТИ

**М.З. Мусаханова** – КазНАИ им. Т.Жургенова, к.и.н., доцент факультета «Искусствоведение»,

**Ж.М. Мусаханова** – КазНАИ им. Т. Жургенова, студент 5 курса факультета «Театральное искусство»

Қазіргі заманда жаңа көркемсурет-конструкторлық және технологиялық шешімдер заманауи киім үлгілері жасау үшін материал, пішін, конструкция, декор, техника және жасау әдісі, дәстүрлі технология шығармашылық идея болып табылған, ұлттық киім сарқылмас шабыт көзіне айналады.

Шығармашылық идеядан жобалық шешіміне дейін өндіріс топтаманың қысқартуы киім жобалауының методология зерттемесінің негізгі бағыты болып табылады

Тарихи мұраны терең зерттеу барысында ерлер бас киімі костюмнің маңызды бөлігі екендігі, аталмыш тақырып қазіргі заман сәнінің контекстінде өзекті болып табылатыны айқын. Зерттеу нәтижелері қазақ дәстүрлі ер киімінің элементінің көпшілікке таратуына көмектесіп және жастардың ұлтжандық сезімін арттыратыны күмәнсіз.

**Тірек сөздер:** деректер, музей жәдігерлері, бейнелеу-сурет материалдары, мұрағат материалдары, этнографиялық суреттер, фотосуреттер, киім-кешек, бас киім

At present national costume has become one of the inexhaustible sources of inspiration, in which the material, shape, design, decor, equipment and manner of execution and traditional technology are considered as a creative idea to create an entirely new art-design models and technological solutions of modern clothing.

The main direction of development of a methodology of designing clothes is to reduce the production cycle, from the source of creativity to development of design documentation of project solutions.

A deep study of the rich historical heritage leads to the conviction that the male headdress is an important part of the costume, hence, the chosen theme of this study is relevant in the context of contemporary fashion. Results of the study will help to popularize the elements of traditional Kazakhs menswear and to increase patriotism among young people.

**Key words:** sources, museum exhibits, fine-illustrative material, archival materials, ethnographic drawings, photographs, costume, headdress

Независимый Казахстан – многонациональное государство, на территории которого проживают

представители около 130 национальностей, каждый из которых имеет свою историю, обычаи, обряды и традиции, частично сохранившиеся в элементах традиционного национального костюма.

В настоящее время национальный костюм превратился в один из неиссякаемых источников, в котором материал, форма, конструкция, декор, техника и способ исполнения, традиционная технология являются творческой идеей для создания совершенно новых художественно-конструкторских и технологических решений моделей современной одежды [1].

У потребителей возрос интерес к национальной одежде, которая выступает в роли этнического, родоплеменного и территориального показателя, а также несёт в себе семантическую составляющую. В связи с этим, вектор развития отечественной промышленности направлен на расширение ассортимента современных изделий на базе традиционного национального костюма, с учетом его функций, так они непосредственно передают ту художественную выразительность и оригинальность, которая веками была воплощена народом в традиционном казахском костюме, на основе культуры народа. Все в большей степени в направляющих коллекциях современного костюма заметно обращение к богатому народному наследию. Наряду с этим в изделиях современной одежды наблюдается сочетание элементов традиционного костюма разных народов, культур в стиле «эklekтика». В настоящее время значительно возросла доля выпуска современной национальной одежды в общем объеме производства, что подтверждается созданием специализированных предприятий малого и среднего бизнеса по выпуску национальной одежды, таких как Республиканский центр моды «Сымбат», «Макпал», «Ерке-Нур» и другие.

Как показал анализ существующих методов проектирования одежды, одним из основных направлений расширения ассортимента одежды на современном этапе является, создание проектных решений на основе традиционного костюма. Основным направлением разработки методологии проектирования одежды является сокращение производственного цикла, начиная от возникновения творческого источника до разработки проектно-конструкторской документации проектного решения. Первой в мировой практике к моделированию одежды на основе традиционного национального костюма обратилась Н.П. Ламанова, которая разработала основные принципы проектирования современной одежды. В настоящее время известен ряд работ, выполненных в области проектирования национальной одежды и трансформации её в процессе проектирования современной. Так, например, Нуржасаровой А.М. в процессе исследования формирования национального костюма была разработана методика проектирования современной одежды на основе традиционного казахского костюма [2].

Головные уборы во многих отношениях наиболее интересный элемент всего комплекса национального костюма. Именно в них сильнее всего проявляются его своеобразие и традиционные черты. Головной убор в наибольшей степени сохраняет следы влияния социального и идеологического факторов [3].

К этой теме в той или иной степени не раз обращались исследователи разных периодов: Джовани Плато Карпини (1182 -1252), Гильом Де Рубрук (1220-1293), Фазлаллах Рузбихан (1457-1530), Сейфи Челеби (1582-...).

Однако вплоть до конца XVIII века попытки провести научный анализ одежды казахов, в особенности мужского головного убора, не предпринимались.

Этнографическое описание казахов можно найти в трудах исследователей XVIII-XIX вв. Большое значение для изучения Казахстана имело созданное в 1845 году Русское географическое общество. На местах появляются корреспонденты, которые печатали свои статьи и заметки в местных «ведомостях». О казахах писали П.И. Лерх, П.В. Маковецкий, Н.М. Ядринцев, Е.П. Ковалевский, А.И. Якоби, Э.Ю. Петри, П.П. Свинын, Г.И. Спасский, А.Янушкевич, С.Большой, С.Б. Броневский, М.И. Минаев, И.Ф. Русанов, П.Медведский, Д.Львович (Иванов), Г.Н. Потанин и многие другие. В начале XIX в. были написаны этнографические работы Г.Н. Потаниным, И.Г. Георги, А.И. Левшином, Ч.Ч. Валихановым, В.Бартольдом (казахское прикладное искусство, костюм, головные уборы). Однако, эти значимые исследования, в то же время, носят описательный характер: они дают характеристику видов, форм, кроя, особенностей декора, изготовления традиционного костюма, но практически не раскрывают его семантику. Вопросы символики и генезиса различных элементов одежды проводились С.И. Руденко, Л.Н. Гумилевым, С.М. Ахинжановым. Уникальные реконструкции средневекового костюма Центральной Азии и Казахстана выполнены М.В. Гореликом, комплекс воинских доспехов детально воссоздан Л.А. Бобровым, Ю.С. Худяковым.

Универсальным головным убором казахов можно считать тюбетейку – «такия». Ее носили и стар и млад, мужчины, женщины и даже дети. Тюбетейку надевали непосредственно на голову, а поверх нее – другие головные уборы. Шили «такия» из совершенно различных материй, плотных хлопчатобумажных или мягких дорогих: шелка, бархата, сукна, одноцветных и даже полосатых. Изготавливали их на тканой

основе, простеганной вместе с верхом. Для придания твердости, тюбетейку прошивали частой строчкой или закладывали в околыш и верхушку картон или плотную бумагу. Основным декором тюбетейки издавна служила ручная вышивка узорными строчками. Тюбетейки детей и юношей расшивали шелком, золотыми и серебряными нитями, размещали на куполе с четырех сторон узоры – «шұғла» (луч), «гүл» (цветок). Этот головной убор имел широкое распространение. Обычно их шили из сатина. Для нарядных тюбетеек использовался бархат, они украшались цветной строчкой [4].

Верхние головные уборы у казахов были разнообразны. Летом носили шапку с меховой опушкой – «бөрік» или легкую войлочную шляпу – «қалпақ» зимой надевали шапки особого покроя – «тымақ», выполненные из меха [5].

Мужские верхние головные уборы отличались пестротой и разнообразием. Особой популярностью, среди мужчин всех сословий пользовалась войлочная шляпа – «қалпақ». Это летняя, легкая шляпа из тонкого белого войлока конусообразной формы, с узкой высокой тульей и закругленной или остроконечной макушкой, которую обычно сшивали из двух совершенно одинаковых половин. Нижние части отгибались, образуя широкие поля. Их обшивали полосой черной или красной материи. Знатным людям «қалпақ» расшивали шелком и канителью, нередко его делали из бархата, а верх украшали кисточкой [4].

«Айыр қалпақ» – высокий колпак с изогнутыми кверху полями, отороченный изнутри тонким войлоком или плотной тканью, снаружи отделан из особого дорогого материала. Поверх ткани позументами из золотой нити расшиты узоры в виде растений. В основном его носили на пиршества ханы, султаны.

Старинной формой головного убора у казахов Среднего и Младшего жузов является башлык («күләпара»). Их шили из верблюжьего сукна, плотных бумажных тканей, чаще темного цвета, на подкладке из легкой бумажной материи. Башлык делали из двух одинаковых половин, шов проходил продольно. Выкраивались части так: спереди был небольшой полукруглый выступ, с боков – наушники, сзади выдавалась довольно длинная полукруглая лопасть. Делали их обязательно из черной ткани. К XX веку башлык стал постепенно исчезать [5].

Во второй половине XIX начале XX вв. «бөрік» шили из четырех остроконечных клиньев, которые выкраивались в виде вытянутой узкой трапеции, верх которой имел форму равнобедренного треугольника: такой покрой клина придавал шапке особую форму, подчеркиваемую твердым войлочным каркасом – четырехугольным с квадратной плоской макушкой. Такие шапки были гораздо ниже, так что туля облегла голову.

В покрое головных уборов наблюдались значительные локальные и племенные различия. Так, по форме «тымақ» не трудно было узнать племенную принадлежность или место его обитания. У аргынов они были сплошной узкой тульей, у найманов, наоборот, – с широкой, так как надевались обычно поверх другой шапки «бөрік» [6].

В своих трудах к теме исследования обращались следующие авторы: Сухарева О.А., Есова С., Маргулан А.Х., Аргынбаев Х.А., Жанибеков У.Ж., Захарова И.В., Ходжаева Р.Д., Рассохина Э.А., Яценко С.А., Асанова С., Птицина А., Есмаханов А., Ибраева А.Б., Володева Н.А.

В трудах казахстанских ученых А.Маргулана, У.Джанибекова одежда изучена в комплексном варианте. Также детальное исследование комплекса казахского национального костюма проведено И.В. Захаровой, Р.Д. Ходжаевой. Семантику казахского национального костюма рассматривает в своей монографии Н.Ж. Шаханова, символическое значение отдельных элементов структуры казахского национального костюма раскрыто и в работе Б.А. Ибраева, Ш.Ж. Тохтабаевой: раскрыты семантические особенности казахского национального костюма, выявлена знаковая функция его отдельных элементов. В трудах К.Т. Ибраевой, М.Ш. Омирбековой изучена орнаментика казахского декоративно-прикладного искусства в целом и костюма в частности [7].

Однако, в этих исследованиях недостаточно освещен генезис традиционных казахских мужских головных уборов. Кроме того, следует заметить, что к данной теме в своем творчестве обращаются единицы из числа отечественных дизайнеров (С.Баймухамедова, М.Жумагалиев, Б.Асанова). В то же время нет ни одного аналитического исследования творчества современных дизайнеров одежды, не выявлены тенденции и не определено общее направление развития отечественного дизайна. В создавшейся ситуации данное исследование является актуальным и несомненно внесет свой вклад.

Источниками нашего исследования явились музейные экспонаты, изобразительно-иллюстративный материал, труды ученых-этнографов, записки путешественников, архивные материалы и данные археологических исследований. Особую ценность как источники представляют этнографические рисунки, фотографии, выполненные художниками, побывавшими в Казахстане. Ориенталист И. Клапрот зафиксировал в рисунках обычаи и народные праздники казахов, где отчетливо прослеживаются головные уборы. В Го-

сударственном историческом Музее (г. Москва) хранятся альбомы художников Е.Корнеева и Орловского из рисунков, выполненных в 1807-1821 годах, посвященных быту казахов долины реки Урал. На рисунках в альбоме П.Свиньина «Путешествие по России» показаны убранство коня, мужская меховая высокая шапка – «құндыз бөрік» и оружие. В XV-XVI главах труда английского художника-путешественника Томаса Аткинсона «*Oriental and Western Siberia*» детально воспроизведен быт казахов, убранство юрты, костюм и утварь. Продолжают список источников рисунки художников А.Ф. Чернышева, Х.Г. Гейслера, А.Мартынова, фотографии в собраниях Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН (г. Санкт-Петербург) А.Л. Куна, В.В. Верещагина, В.Козловского, И.С. Полякова, Н.К. Зейдлица, Ф.Орде, Н.А. Ермолина, К.Н. де-Лазари, С.М. Дудина, К.В. Шенникова, А.А. Ворониной-Уткиной, М.А. Круковского.

Большое значение имеют работы Ч.Ч. Валиханова, в частности, его портреты, содержащие информацию о костюме: кобызисты первой половины XIX в. Канкожа Валиханов и Досжан (в наброске карандашом и пером зафиксирована мантия из лебяжьего пуха и высокая островерхая шапка баксы); молодые пастухи (один из них в шубе и войлочной шляпе, другой – в халате); юноша в богатом чекмене и островерхой конической шапке. В парадных костюмах Ч. Валиханов нарисовал представителей казахской знати – султанов Тезека (в старинном кафтане и большой круглой шапке, украшенный пером цапли или фазана), Мамырхана Рустемова (в пестром шелковом халате с пояском и тюрбетейке с коническим верхом), и др. По своей выразительности выделяется групповой портрет «Казахи Большой Орды». Они также одеты в кафтаны, халаты с поясами, остроконечные войлочные шляпы [8].

Богатый иллюстративный материал содержат картины художников Н.Г. Хлудова, А.Кастеева, Т.Г. Шевченко, А.Галимбаевой. Список источников продолжают образцы одежды и головных уборов («бөрік», «такия», «тымак», «қалпак», «айырқалпак») – материалы этнографических экспедиций, организованных Институтом истории и этнографии им.Ч.Ч. Валиханова за период с 1955 по 1980 годы (под руководством А.Маргулана, Х.Аргынбаева, с участием И.В. Захаровой, Р.Д. Ходжаевой), составившие впоследствии коллекцию фонда Центрального Государственного музея РК. Образцы казахской традиционной одежды и головных уборов широко представлены в музеях Казахстана и России (ГМИ им. А.Кастеева, областные историко-краеведческие, этнографические музеи республики, Государственный музей Востока (г. Москва), Музей антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН, Российский этнографический музей (г. Санкт-Петербург), Омский областной краеведческий музей).

Кроме того, источниками послужили оригиналы и фотографии моделей, видеозаписи fashion-показов коллекций казахстанских дизайнеров. В частности, это коллекции Домов моды «Сымбат», «Ерке Нур», «Kuralai», авторские работы М.Жумагалиева, С.Баймухамедовой, Б.Асановой, С.Бапановой и других. Таким образом, глубокое изучение вышеперечисленного богатого исторического наследия приводит к убеждению, что мужской головной убор является важной частью костюма, следовательно, выбранная тема исследования является актуальной в контексте современной моды.

Отсутствие научно-обоснованных методов проектирования современной одежды на основе традиционного казахского мужского головного убора часто ведет к производству важной части костюма, без учёта информационных свойств о первоисточнике и основных функциях элементов, что оказывает отрицательное влияние на качество одежды и соответственно покупательскую способность. Сравнительный анализ по Центральноазиатскому региону показал популярность мужских головных уборов в Казахстане – 5-10% (среди сельского населения), в Узбекистане – 80% (среди взрослого населения), в Кыргызстане, в Таджикистане, в Туркменистане – 50 % (среди взрослого населения). Из этого следует необходимость популяризации традиционного мужского головного убора среди городского населения и молодежи. Решение этой задачи можно достичь путем создания объектов современного дизайна, привлечением к маркетинговой компании кумиров молодежи Казахстана, тем самым добиться ношения традиционного мужского головного убора в повседневной жизни.

Такия



Бөрік



Айыр қалпақ Қалпақ





Тері құлақшын Малақай



Тымақ



Күләпара (башлык)



Мұрақ

1 Мусаханова М.З. Этнический стиль в современном казахском костюме. // Материалы XVI Международной научной конференции «Мода и дизайн: исторический опыт – новые технологии». - СПб.: ФГБОУ ВПО «СПГУТД», РЭМ, 28-31.05.2013. - С. 410-414.

2 Нуржасарова М.А. Теоретические и методологические принципы проектирования современной одежды на основе традиционного казахского костюма. - Алматы, 2005.

3 Сухарева О.А. Древние черты в формах головных уборов народов Средней Азии. // *Среднеазиатский этнографический сборник, т. I, - М.: АН СССР, 1954 – С. 330-353.*

4 *Казахская традиционная культура в собраниях кунсткамеры. - Алматы, 2008. – С. 35.*

5 Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. *Казахская национальная одежда XIX - начала XX века - Алма-Ата, 1964. - С. 60.*

6 *Народы Средней Азии и Казахстана. Т.2. - М.: АН СССР, 1963. – С. 421.*

7 Володева Н.А. *Художественные традиции казахского национального костюма в современной практике дизайна одежды // «Простор». - Алматы, 2009. - №10. – С. 178-183.*

8 Валиханов Ч.Ч. *Собрание сочинений в пяти томах. Том I. - Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – С. 432.*

9 *Традиционная одежда казахов. Научный каталог. - Алматы, 2009. – С. 24-27, 37-45, 49-65.*

УДК: 902(574) «634»

## КАМЕННАЯ ИНДУСТРИЯ АРАЛ-8

**Ғ.Т. Искаков – т.ғ.к., доцент м.а., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,**

**С.А. Сулеева – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**

Бұл мақалада Арал теңізі бойынан табылған жаңа тас дәуіріне жататын маусымдық тұрақ тас құралдары жиынтығының шикі зат құрамы сонымен қатар, тас қарулар индустриясы бейнеленеді және суреттеп жазылады. Тас қаруларды археологиялық тұрғыдан бейнелеп жазу барысында алыс-жақын шетелдік зерттеушілердің әдістемесі негізге алынды.

1986 ж. Аралдың солтүстік жағалауынан офицер В.И. Колосов бірнеше неолит дәуірінің маусымдық тұрақтарының тауып ашқан болатын. Арал-8 ескерткішінің тас құралдар жиынтығы ерекшелігі жағынан айқындылығы басым болып саналады. Тас құралдар жасалған шикізат ашық сұр түсті құм тас және шақпақтастың бірнеше түрлеріне жатады. Негізінен көңіл аударатын жай ол тілікшелер және өңделген тас тілікшелері яғни оларды қару есебінде де қабылдауға болады. Болжам бойынша бұл артефактілердің жасалу уақыты кейінгі жаңа тас дәуірі болып есептелінеді. Ескерткіштегі археологиялық материалдар тас қару жасаудың алғашқы жаңқалаудан бастап еңбек қаруын жасау сатысына дейін толық қамтылған. Негізінен көңіл бөлетін жай еңбек қаруларының сақталу деңгейінің сан алуандығы. Олардың форма-пішінінде де өзгешеліктер бар. Сондай-ақ, артефактілер бір серияға жатпайды негізінен жаңа тас дәуірінің кейінгі сатысына тиесілі.

**Түйін сөздер:** жаңа тас дәуірі, артефакт, маусымдық тұрақ

В этой статье рассматриваются коллекция каменных артефактов из сезонных стоянок Приаралья, а также дается описание каменной индустрии памятника. При археологическом описании каменных орудий использовалась методика исследователей дальнего и ближнего зарубежья.

В 1986 г. офицером В.И. Колосовым на северном побережье Аральского моря было обнаружено несколько неолитических сезонных стоянок. Наиболее выразительная коллекция получена на памятнике Арал-8. Исходное сырье – песчаник светло-серого цвета и кремневые породы с разными цветовыми вариациями. Особого внимания заслуживают пластины и обработанные изделия, которые можно рассматривать и как орудия. Предварительно эти материалы были датированы поздним неолитом.

Находящиеся на них археологические материалы отражают весь цикл обработки камня от первичного расщепления до подготовки орудийных форм. Особого внимания заслуживает число обработанных орудий с различной степенью сохранности поверхности. Наблюдаются различия в форме этих изделий, их размерах. По всей вероятности, они не составляют единой серии, а относятся к поздним этапам неолита.

**Ключевые слова:** неолит, артефакт, сезонная стоянка

In this article the collection of stone artifacts from seasonal sites of Aral Sea region and stone industries of the site are considered. Archaeological description of the stone tools it was used a technique of researchers of the foreign and neighboring countries.

Few Neolithic seasonal sites were revealed by the officer V.I. Kolosov in 1986 on the Northern coast of Aral Sea. The most expressive collection was received on the site Aral-8. Initial raw materials – sandstone of light gray color and siliceous breeds with different color variations. The special attention is deserved plates and the processed products which can be considered as tools. Previously these materials were dated as the Late Neolithic Era.

The archaeological materials which originated from these sites reflect all operation cycle of a stone from primary splitting before preparation of cannon forms. The special attention is deserved by number of the processed tools with various extent of safety of the surface. Distinctions in the form of these products, their sizes are observed. Most likely, they don't make a uniform series, and belong to the Late Stages of the Neolithic Era.

**Key words:** Neolith, artifact, seasonal site

Памятник расположен на территории Аральского района Кызыл-Ординской области (К сожалению, точных координат памятника нет). Сбор артефактов производил офицер В.И. Колосов в 1986 г.

Коллекция представлена 208 изделиями из камня. Для их изготовления использовалась кремневая порода разных цветов – 98 экз., тонкозернистый – 43 экз., сильно окварцованный – 30 экз. и окварцованный – 13 экз. песчаник, яшма – 23 экз.

**Первичное расщепление.** Характеризуется нуклеусом, пластинами и отщепами без видимых следов использования. *Нуклеус* пирамидальный с круговым фронтом скалывания (рисунок 24, 5). Ширина негативов пластинчатых снятий составляет 5 мм. *Пластин-отходов* – 102 экз. Среди них одна целая, остальные сломанные: неполных пластин – 64 экз. (рисунок 1, 5, 9, 14, 15, 19), проксимальных частей – 29 экз. (рисунок 1, 3, 4), дистальных – 8 экз. Длина целой пластины 33 мм. По ширине пластины распределяются следующим образом: от 5 до 10 мм – 63 экз., от 10 до 15 мм – 32 экз., свыше 15 мм – 7 экз. Сечение пластин трапецевидное – 60 экз., треугольное – 33 экз., аморфное – 9 экз. Профиль пластин прямой – 67 экз., изогнутый – 27 экз., неопределим – 8 экз. Края пластин параллельные – 70 экз., конвергентные – 23 экз. и дивергентные – экз. *Отщепов-отходов* 30 экз. Размеры их колеблются от 16 до 25 мм.

**Орудийный набор.** Эта часть коллекции насчитывает 75 экз.

**Пластины с ретушью** – 13 экз. Все изделия сломаны (без обоих концов).

По ширине пластины распределяются следующим образом: от 5 до 10 мм – 6 экз., от 10 до 15 мм – 6 экз., свыше 15 мм – 1 экз. Сечение пластин трапецевидное (8 экз.), треугольное (5 экз.). Профиль пластин прямой (10 экз.), изогнутый (3 экз.). Пластины с ретушью по одному краю с дорсала (3 экз.) обработаны полукрутой ретушью (рисунок 1, 3).




Рисунок 1 - Коллекция РК - 86: А-8.  
1, 2 – пластины с притупленным краем; 3-5, 8-11, 14, 15, 19, - пластины с ретушью, 12 – резец; 13 – индивидуальное орудие; 6, 7, 16, 18, 20 – медиальные части пластин с ретушью.

Пластины с ретушью по двум краям с дорсала (3 экз.) обработаны крутой ретушью (рисунок 2 2-4). Пластины с ретушью по одному краю с вентрала (5 экз.) обработаны полукрутой ретушью (4 экз.) (рисунок 1, б); у одного артефакта ретушь утилизации. Пластина с ретушью по двум краям с вентрала обработана полукрутой ретушью (рисунок 1, 17). У пластины с альтернативной обработкой края ретушь полукрутая (рисунок 1, 20).




Рисунок 2 - 1-4, 6 медиальные части с ретушью; 5 - нуклеус; 10 - индивидуальное оружие; 7-9, 11-15, 19 - скребки на пластине и отщепе; 16-18 - наконечники стрел (обломки).

Медиальных частей пластин с ретушью утилизации - 2 экз. (рисунок 1, 16, 18; 39, 1, 6).

**Пластинки с притуплённым краем** (2 экз.) изготовлены из медиальных частей пластин (рисунок 1, 1). Для отделки края использовалась крутая ретушь.

**Резец** изготовлен из медиальной части пластины трапециевидного сечения (рисунок 1, 12). Противоположный резцовому краю дополнительно оформлен двусторонней полукрутой ретушью.

**Наконечники стрел** (4 экз.) представлены обломками (рисунок 2, 16-18). В качестве сырья использована темно-красная яшма окварцованный песчаник (3 экз.). У двух наконечников сохранилось тело, у одного – насад. Последний экземпляр относится к бесчерешковым наконечникам с вогнутым насадом. Края двух наконечников подработаны ретушью, образующей зубчатую линию.

**Скребки** (14 экз.) изготовлены из пластин и отщепов. Скребки *концевые на пластине* (4 экз.) с прямым (2 экз.) и выпуклым (2 экз.) лезвием (рисунок 2, 7, 8, 9, 11). Скребковый рабочий край оформлен полуконвергентной крутой ретушью. Форма соединения лезвия с краями – угол-угол (2 экз.), дуга-дуга (2 экз.). *Скребки на отщепе* (10 экз.). Среди них – скребки высокой формы (4 экз.) (рисунок 2, 13, 14). У всех изделий лезвие оформлено вертикальной ретушью. У округлых скребков (2 экз.) лезвие оформлено крутой и полукрутой ретушью (рисунок 2, 15). У скребков с удлиненным лезвием (2 экз.) прямое и выпуклое лезвие оформлено крутой и полукрутой ретушью (рисунок 2, 19). У поперечных скребков (2 экз.) прямое лезвие оформлено полукрутой ретушью (рисунок 2, 12).

**Индивидуальные орудия** (2 экз.). У обоих экземпляров обработаны оба края с дорсала крутой ретушью. У одного орудия ретушь образует зубчатый край (рисунок 39, 10).

## ҚАЗАҚСТАН МЕН МОНГОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҮНДЕСТІК

А.М. Шланова – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан*

В статье автором подробно рассматривается сходство семейно-брачных отношений между казахами Казахстана и Монголии. Семейно-брачные отношения стояли у казахов на первом месте. Об этом свидетельствуют свод законов «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Өз Тәукенің жеті жарғысы» в которых права и обязанности супругов детально описаны. В статье рассмотрены вопросы о формировании и воспитании казахских девушек их роли в семье, в обществе и политической сфере. Подробно обсуждается казахские обычаи и традиции казахов Монголии, которые не подверглись изменению и придерживаются этих правил до сегодняшнего дня.

Для сравнения сходств и различий прав и обязанностей, автор использовал труды – Аргынбаева Х.А. «Семейные традиции казаха», И.Кабышулы «История казахов Монголии», А.В. Коновалова «Казахи Южного Алтая», Н.Мешелкызы «Традиционные привычки в трудовом цикле казахов Монголии», в которых подробно описаны семейно-брачные традиции и локализации казахских семей в Монголии.

**Ключевые слова:** диаспора, интеграция, брак, семья, традиция, сватовство

In this article discusses the author similarities family marital relations between Kazakhs in Kazakhstan and Mongolia. Family marital relations were among the Kazakhs in the first place, this is testified to a set of laws «Qasym khannyn qasqa zholy», «Esim khannyn eski zholy», «Az Taukenin Zheti zhargysy», family marital relations were described in detail. The questions about the formation and education of Kazakh girls their role in the family, society and the political sphere. Detailed discussion of Kazakh customs and traditions of the Kazakhs of Mongolia who have not undergone change and adhere to these rules to the present day.

In the course of writing this article to clarify the similarities marital family against the Kazakhs of Mongolia and Kazakhstan, the author used several works of authors such as: H.A. Argybaev «Family traditions of Kazakh», I.Kabyshuly «History Kazakhs in Mongolia», A.V. Konovalov «Southern Altay Kazakhs», N.Meshelkyzy «Traditional habits in the labor cycle kazakh Mongolia», gave a detailed report about family customs and localization Kazakh families in Mongolia.

**Key words:** diaspora, integration, marriage, family, tradition, matchmaking

Отбасы – кішігірім мемлекет. Қазақ халқы «Отан – отбасынан басталады» демекші, адам баласының тұлғалық қалыптасуында отбасының атқарар ролі өте жоғары. Отбасында әкенің қанымен, ананың сүтімен берілген ұлттық тәрбие ешқашан ұмтылмайды. Отбасы іргетасының өте жоғары деңгейде берік қалануы – қазақ елінің болашағының жарқын екендігін дәйектейді. Әрбір қазақ отбасы жеке кішігірім мемлекет болып табылатындықтан отбасы ұғымының ішіне барлығы сыятыны анық. Атап айтқанда отбасы мен неке формалары, некелік қарым-қатынас түрлері, бала тәрбиесі, ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптар, тіл мен діл, дін мен мәдениет т.с.с ұлтқа тән келелі мәселелердің барлығын жатқызуымызға болады. Соның неке және некелік қарым-қатынастар мәселесі қазіргі таңда өзекті болып отыр. Қазақ халқы неке және некелік қарым-қатынастарға зор көңіл бөлген. Ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойы желісін үзбей келе жатқан өзіндік ерекшеліктері бар. Тарихта белгілі себептермен өз отанынан басқа елге көшіп барып, бүгінгі күнге дейін өмір сүріп жатқан көпұлттар белгілі. XVIII ғасырдың орта шенінен бастап үдере көшкен қазақтардың бір тобы – Моңғолия қазақтары. Олар XVIII ғасырдағы қазақтың қаймағы бұзылмаған рухани құндылықтарын, салт-сана, дәстүрін айтарлықтай қаз қалпында бүгінгі күнге дейін жеткізе білді [1, 21 б]. Әлемнің әртүрлі мемлекеттерінде ғұмыр кешіп жатқан қазақ диаспорасының өкілдері өздерінің ұлттық құндылықтары мен негіздерін ешқашан ұмытқан емес. Дүниежүзінің әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің біртұтас интеграцияға ұшырап, жаппай жаһандану процесі жүріп жатқанда Қазақстандағы қазақтар да, шетелдердегі қандастарымыз да өзіндік этникалық келбетін және ұлттық бірлігін жоғалтпаудың жолдарын іздеуде. Мұндай әрекет барлық халықтар үшін маңызды болып тұр. Әрине, қазақ диаспорасы үшін өздері өмір сүретін жерлердегі басым үрдістердің екпініне шыдай қою да оңай шаруа емес. Дегенмен, Моңғолиялық қазақтар тілі мен салт-дәстүрін біршама таза сақтаған, рухы биік екенін мақтанышпен айта аламыз. Тұрмысы мен рухани өмірінде қаншама өзгерістер болып, тілі аздап шұбарланып, жан дүниесі жаңарғанымен моңғолиядағы ат төбеліндей қазақ қаймағы бұзылмай қазақ күйінде қалып отыр. Байырғы қазақ ахуалы мен дәстүрін, кәдуілгі қазақ тілі мен салт-санасының көптеген сырларын бүгінгі моңғолиядағы қазақтарының өмірінен кездестіруге болады. Бұл турасында Моңғолиядағы қазақтың бүгінгі ұрпағының күллі қазақ қауымы алдында беті ұялатын ештеңесі жоқ [2, 96

б.] Себебі, Моңғолия қазақтары қазаққа тән барлық дәстүр мен ғұрыптарды орындаудан кенде қалып отырған жоқ.

Отбасылық және некелік қарым-қатынастардың өз дәрежесінде сақталғандығы өткен тарихтан белгілі. Қазақ хандары отбалық құқықты заман талабына сай өзгертіп, оларға өзіндік сипат беріп отырған. Мәселен, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Өз Тәукенің жеті жарғысы» сынды заңдардың барлығында дерлік отбасы мәселесі үнемі алғашқы орында тұрады. Қазақ халқының тарихында өзіндік өшпес із қалдырып, қара қылды қақ жарған айтулы би-шешендері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің басшылығымен жасалған Тәуке ханның «Жеті жарғы» атты заңдар жинағынан көптеген тәрбиелік мәні зор мағлұматтар алуымызға болады. Хан Тәукенің тұсында ер адам он бес, қыз бала он алты жасында некелесуге ерікті болған екен. Қыз бала отбасындағы барлық тұрмыс-тіршіліктің ауыртпалығын тартатын болғандықтан, қыз баланың тұрмысқа кеш шығуын қалаған. Уақыт өте келе бұл үдеріс өз күшін жойып, тіпті некелесуге жас мөлшері жағынан шек қойылмайтын да бола бастады. Бұрынғы кезеңде некелесу дәстүрінің барлық қыр-сырын отбасындағы ата-анасы немесе сол рудың ақсақалдары шешіп отырған болатын. Күйеу жігіт пен қалыңдық тек қана ата-анасының рұқсатымен ғана некелесе алған. Көбінесе қыз бен жігітті бесікте жатқанда-ақ атастырып қоятын болған. Алдымен, қыз бен жігіттің ата-анасы құдаласуға бел буып, қалың мал жөнінде сөйлесіп, күйеу жігіттің әкесі құдалықтың нышаны ретінде қалыңдыққа үкі тағады. Егер қыздың әкесі құдалықтық келісімді қабылдағысы келмесе, үкісін қайтарып береді, сонымен қатар үстіне айып-пұл төлейді. Ал бұл келісімді жігіт жағы бұзған жағдайда үкі қайтарылмайды. Бұл шарттан соң заңды құдаласу басталады. Жігіттің әкесі руының сыйлы адамдарынан құда сайлап, қалыңдықтың ауылына аттандырады. Қалыңдық жағы құдаларын сый құрметпен қарсы алып, қалыңдықтың әкесі «ақ қой сойып, бата жасап, «құда түсер» рәсімін жасайды. Күту барысында құрт қатқан сорпаға салынған құйрық-бауыр тартады. Құдаларына құйрық-бауыр тартудың мәні өте зор. Бауыр – күллі бауыр, құда-жекжаттықтың, жақын-туыстықтың нышаны болса, құйрық- ежелден дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы үшін молшылықтың белгісін білдірген. Қайтарында құдаларына киіт кигізеді. «Киіт кигізу» дәстүрі құдалардың жас ерекшеліктеріне, беделіне қарай берілген. Ең бағалы киіт күйеу жігіттің әкесіне беріледі. Қазақ халқы құдаласуды қыз бен жігіттің некелесуі деп қана емес, жалпы екі отбасының туыстасуы деп санайды, яғни күйеу жігіт пен қалыңдықтың біреуі қайтыс болған жағдайдың өзінде құдалық бұзылмаған. «Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық» деген асыл сөз осыдан шыққан деген қорытынды да жасауымызға болады. Сондай-ақ қазақ халқында әменгерлік дәстүрі де жақсы сақталған. Әменгерлік, яғни, күйеуі қайтыс болған жағдайда қалыңдық оның бойдақ бауырына тұрмысқа шығады, егерде күйеу жігіттің бірге туған бауыры жоқ болған жағдайда, күйеу жігіттің жақын туысына тұрмысқа шығады. Бұл дәстүрдің өзінен өз әулетінің ұрпағын бөтен біреудің жетегінде жібермегендігін аңғаруымызға болады. Қазақ халқында дәстүр екі жақта бірдей жоғары деңгейде жүргізілетін болғандығын байқауымызға болады. Күйеудің әкесі жас келініне қалың малын төлеуге қандай міндетті болса, қалыңдықтың әкесі де қызына жасау беруге сондай міндетті болған. Дегенмен қалыңдыққа берілетін қалың мал мен жасаудың мөлшері жөнінде арнайы қағида жоқ. Әйтсе де, қалыңдықтың әкесі қалың малдың мөлшеріне қарай жасау да соған лайықтап сол дәрежеде әзірлеп беретін болған. Қалыңдық жасауы киім-кешек, көрпе-жастық, ыдыс-аяқ, үй жабдықтарынан тұрады. Дәстүр бойынша сәукеле мен қымбат әшекейден басқа қалыңдық киімі әрқайсысы тоғыз-тоғыздан берілген. Қалыңдықтың жасауы дайын болғанға дейінгі аралықта күйеу жігіт қалыңдығына тек қана ұрын барып жүре алған. Жасауы толығымен толықтырылып, қалыңдық ұзатылуға толықтай әзір болғанда ғана күйеу жігіт жолдас-жораларымен бірге қалыңдықтың ауылына аттана алған. Қалыңдықтың ауылы қалыңдыққа арнап отыз күн ойынын, қырық күн ұзатылу тойын ұйымдастырып берген. Осыдан кейін қыз жеңгелері қалыңдықтың үстіне бар жақсысын кигіздіріп атқа мінгізіп, әке-шешесімен қоштасуға алып барады. Қалыңдық әке-шешесі отырған үйге кіріп, сынсу айтып жылап қоштаса бастайды. Сынсу үстінде қыздың жеңгелері күйеу жігіттің нөкерлеріне қалыңдықтың бар жасауын жайып салады. Олар жасауды көріп, көрімдігін берген соң жүк буылып-түйіліп түйелерге артылады. Әке-шеше, ағайын-туыстарымен жеке-жеке қоштасып болған соң қалыңдық үйден шығар тұста әкесі оған «соңғы бұйымтайыңды айт, қимас затыңды ата дейді» дейді. Қалыңдықтың бұйымтайының ауыр, жеңіліне қарамай міндетті түрде орындалады. Жастар жолға жиылған сәтте күйеу жігіт пен қалыңдықтың некелері қиылады. Ең алдымен, күйеу жігіт пен қалыңдық отау үйге кіріп, әрқайсысы өз шымылдығына кіреді. Күйеу жігіттің шымылдығы түріліп, қалыңдықтың шымылдығы түсіріледі. Үйде күйеу жігіт пен қалыңдықтың әке-шешесі, екі жақтан екі куәгер және неке қиюшы молда қалады. Неке қиярға ішіне күміс, інжу-маржан салынған «неке суы» әкелінеді. Неке суынан күйеу жігіт пен қалыңдық, сондай-ақ, некеге қатысушылар ұрттайды. Молда батасын оқып, тілегін айтып, некеленушілердің ризашылығымен некесін қияды. Неке қиярдан кейін

қалыңдық отау үйге кіріп, қыз киімін шешіп, келіншектің киімін киеді. Басына жаулық салып, сәукеле киіп, желек жамылады. Сосын жас келіншек анасын ертіп күйеуінің ауылына аттанады. Келіншегі мен енесінің көші ауылдан ұзаған соң күйеу қайын атасымен арнайы барып қоштасып, көш соңынан жөнеледі. Келіннің көші жігіт ауылының шетіне жеткенде күйеудің жеңге, қарындастары көш алдынан жүгіріп шығып, келіннің жасауы теңделген түйелердің бұйдасын ұстап, «түйе мұрындық» сұрайды. Әдетте «түйе мұрындық» бешпент, камзол түрінде өтеледі. Ырымын алып, көңілдері көншіген қыз-келіншектер жас келінді жан-жағынан қаумалап, «жар-жар» айтып, үйге алып кіреді. Үйдің табалдырығын оң аяғымен аттап кірген жас келін іште отырғандарға иіліп сәлем береді. Күйеудің нөкерлерінің ішінен біреуі шығып беташар айтып, келіннің бетін ашады. Күйеудің әкесі, қайын ағалары келіннің бетін ашқан адамға, келіннің өзіне, келінді қолтықтаған қыз-келіншектердің әрқайсысына жеке-жеке көрімдік береді. Бұл көрімдік «келін көрімдік» деп аталады [3, 67 б.]. Беташар жасалып аяқталған соң келін түсіру тойы басталады. Ол той ертеңінде құда күту тойына ұласып, келіннің анасы мен туған-туыстарына сый-сияпат көрсетіліп, киіт кигізіледі. Той тарқағаннан кейін қыздың анасы мен туыстарын бүкіл ауыл жиналып, қошеметтеп шығарып салады. Келін болып түскен күннен бастап ол қайын атасының, қайын ағаларының, тіпті қайныларының бетіне тіке қарамауға және алдынан кесе-көлденең өтпеуге тиіс. Сондай-ақ қазақ халқының дәстүрінде әйел адам еш уақытта ер адамнан асып сөз сөйлемеген. Қазақ халқының тұрмысында ажырасу деген өте сирек болған жайт. Себебі, қазақ халқы неке тазалығын, отбасының бүтіндігін барлық мәселеден жоғары қойып, оның ешуақытта шайқалуына жол бермеген. Ұзатқанға дейін қызын қашанда жат жұрттық деп, жас күнінен отбасының сенімді серігі, қара қазанның иесі, отбасының ұйытқысы, қонақ ретінде тәрбиелеген ата-бабамыз некенің бұзылып, отбасының шайқалуын әрқашанда «маскара іс» ретінде бағалаған. Ал, имандылық пен адамгершілікке бай ислам дінінде ажырасу мәселесі «талақ» деп аталады. Пайғамбарымыз хадисінде: «Жаратқан Алла әйелдермен сыпайы сөйлесуді бұйырды, себебі әйел – анаңыз, қызыңыз, әжеңіз» деп келтіреді. Бұл хадистен жүрегінде иманы бекінген ата-бабаларымыздың әйел затын әрдайым жоғары бағалағанын көреміз. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы, қоғамның ілгері дамуы, мемлекеттің шарықтап дамып өркендеуі сынды барлық мәселелер болашақ ана болар қыздарымыздың тәлім-тәрбиесімен өте тығыз байланысты. Отбасы құрылымының тарихи дамуы Монғолия қазақтарында XIX-XX ғасыр аралығында қазақ халқына тән отбасы түрі – әке, шеше және үйленбеген балалардан тұратын дара шағын отбасы болды [4, 75 б.].

Монғолия қазақтарының некелесуінің ең негізгі түрі – қалыңдықты қалың мал төлеп сатып алуға негізделген құдалық арқылы неке құру болды. Айттыру арқылы қосылған ерлі-зайыптылардың жас ерекшелігі кейде керісінше болды, яғни әйелінің жасы ерінен әжептәуір үлкен болады. Монғолиядағы қазақтар бүгінгі күнге дейін балаларының барлығына отау көтеріп енші бөліп беруді парыз санайды. Ал, балалары әке-шешесі көтеріп берген отауды «ордаға» бөліп берген енші малын өсіріп, ата дәулетін арттыра түсуге талпынады, егер бөліп берген еншісін дұрыс игере алмаса үлкен сын болып саналады [5, 24 б.]. Көп балалы ата-аналар ержеткен балаларын мезгілінде үйлендіріп, оларға енші беріп, бөлек шығарып отырады. Әдетте, кенже бала ержетіп үйленгенше, кейде тіпті шаруашылыққа әбден қартайғанша әкенің өзі басшылық етеді. Халық дәстүрі бойынша кенже інісі үйленіп, шаруашылықты өз қолына алғанша қартайған әке-шешесінің шаруасына үлкен бала мен келін көмектесу керек. Мұндай жағдайда әкенің басшылығымен бір отбасы болып үш ұрпақ, әке-шеше, үйленген бала әйелімен және немерелері бірге тұрады. Бұл отбасында әкенің үйленбеген інілері мен кіші балалары да бірге тұруы ықтимал. Міне осы жағдайлардың бәрі бір уақытта үстем болған үлкен патриархалды отбасының сарқыншағы деуге болады. Монғолия қазақтарында мұндай патриархалды отбасы XX ғасырдың 50-ші жылдарына дейін сақталған. Оны В.А. Коноваловтың «Казахи Южного Алтая» деген еңбегінде нақты келтірген [6, 106 б.]. Балаларына енші беріп бөлек шығару әдеті негізінен олардың үйленуіне байланысты болады. Жаңа түскен келін әдетте 1-2 жыл ата-енесімен бірге тұрып, әр нәрсеге үйреніп, өз бетінше үй болуға дағдыланған соң өз алдына отау болып бөлінетін де, еншісін алатын. Әке шаңырағынан бөлінген жаңа отауға туған-туыстары өз әлінше мал мен мүлік қосады, оны халық тілінде «жылу», «тамыздық», «немеурін» деп атайды. Ал, Монғолия қазақтары мұны жылу дейді.

Қазіргі таңда рухани құндылықтарымызды екінші орынға қоюымыздың салдарынан отбасы мәселесін жоғарғы орнынан сәлде болсын кейінгі орынға ысыра бастадық. Сонымен қатар, қоғамда некенің бірнеше түрі орын ала бастады. Мәселен, үлгілі де өнегелі жанұя құратын болашақ әке мен ана болар жастарымыздың көпшілігінің көңілі дәстүрлі некеге отырудан гөрі азаматтық некеге отыруды құптайды. Сондай-ақ, кейбір білімді де білікті жастарымыздың өзі заңды түрде некеге отырғанды, Алла Тағала алдында некеге отырумен шатыстырып жатады. Бұл жайттардың қоғамда көптеп орын алуы өз салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды толық білмеуіміздің салдарынан деп ойлаймын. Керісінше, ақпараттық технологиялар белең



алған жаһандану заманында отбасы мәселесін жоғарғы орынға қоюымыз қажет. Әйтсе де көпке топырақ шаша беруімізге де болмас. Қазақ жастарының арасынан қазақы салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сол күйінде бұлжытпай орындап келе жатқан иманды жастарымыз да бар. Лайым ата-баба дәстүрін жалғастыратын жастарымыздың саны күннен-күнге көбейе берсін демекпін. Моңғолиядағы қазақ отбасыларының отбасылық жөн-жоралғысы орнымен жүргізілген. Ұлыларын ұлықтап, салт-дәстүрін дамытқан халқымыздың үлкенді аға тұтқан, кішіге қамқор болған қазақы қалпын бойға сіңіріп, елдік қасиетін қастерлеп өту – әрбір Моңғолиялық қазақтың өмірлік ұстанымы.

*1 Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы, – 2001. – 320 б.*

*2 Еуразиялық интеграция және қазақ диаспорасы. – Астана, Елорда, – 2007.*

*3 Арғынбаев Х.А. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы, – 2005-216 б.*

*4 Ислам Қабышұлы Моңғолия қазақтарының тарихы. – Өлгий, – 1980. – 242 б.*

*5 Нұрсәуле Мешелқызы. Моңғолия дағы қазақтардың тіршілік цикліне байланысты әдет-ғұрыптары - Алматы, 2006. – 64 б.*

*6 Коновалов А.В. Казахи Южного Алтая. Алма – Ата, – 1986. – 144 с.*

## **ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ**

УДК 378

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ТАРИХТЫ ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ КУРСТАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

**Г.Б. Бақауова** – аға оқытушы, магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ

Бұл мақалада болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелер туралы жазылған. Жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеуде білім беру ісінің инновациялық дамуына көңіл аударған жөн. Бұның өзі оқытудың интерактивті әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісінде кеңінен қолдануға жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білім-дар ұстаздарды көптеп дайындауды қажет етеді.

**Түйін сөздер:** Студенттердің ақпараттық технологияға арқылы белсенділігін арттыру жаңашыл әдісті кеңінен дамыту

Следует обратить внимание на инновационное развитие в сфере образования. Это создает условия на интерактивные способы и новые технологии в процессе обучения и это требует высококвалифицированных. В воспитании нового поколения казахстанцев следует обратить внимание на использование инновационных методов обучения в образовании. Это способствует широкому использованию интерактивных методов и новейших технологий в обучении, также подготовки педагогов которые могут обучить нынешнее поколение с использованием новейших технологий обучения.

**Ключевые слова:** Посредством инновационных технологий, развиваются новаторские навыки у студентов

We should convert attention to innovation development in education sphere. That creates conventions to interactive moduses and new technologies in education processes, and that demands high qualified teachers. In education of new generation of Kazakhstan note should be taken on the use of innovative methods of educating in education. It assists deployment of interactive methods and newest technologies in educating, also preparations of teachers that can teach present generation with the use of the newest technologies of educating.

**Key words:** By means of innovative technologies, innovative skills develop for students

Мемлекетімізді нығайтудағы, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның білім беруге қойылатын жаңа талаптарын айқындады. Қазір еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Соңғы 20 жылда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу тарихында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Сонымен қатар алда атқарылатын істер де ауқымды. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2012 жылғы Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» деген атпен жарияланды [1].

Елбасы Жолдауда еліміздің ішкі және сыртқы саясаттың ең маңызды 10 жаңа стратегиялық бағытын анықтап берді. 2012 жылы Елбасы Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында Қазақстан дамуының жаңа кезеңі – экономиканы нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты екенін атап өтті. Мемлекет басшысы: «...Алдымызға қойылып отырған міндеттер жылдан жылға артып келеді. Сондықтан еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолында халықтың және сіздер мен біздің істеп жатқан шаруамыздың барлығы мемлекетіміздің нығаюы, тәуелсіздіктің мықтылығы, халықтың әл-ауқатының артуы үшін жасалуда» – деп атап көрсетті [2]. Осы ауқымды міндеттер Қазақстан дамуының жаңа кезеңдегі стратегиясы болып табылады. Оқытудың интерактивті әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісінде кеңінен қолдануға жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білімдар ұстаздарды қажет етеді. Олай болса, болашақ кәсіби деңгейі жоғары педагог мамандар даярлауда студент жастарды оқытудың жаңашыл әдістемесімен, мұғалімдердің озат тәжірибелерімен жан-жақты таныстыру, қоғамның білім беруге қойылатын жаңа талаптарын түсінуге септігін тигізеді. Стратегиялық басымдылықтың бірі – жастардың патриотизмі, парасаттылығы, ұлтаралық келісім мен толеранттылығы, заңға мойынұсынушылық сезімін тәрбиелеу елімізді дамытудың, нығайтудың негізгі факторы болып табылады.

Жас өскелең ұрпақ бойында отаншылдық, ізгілік сезімдерді сіңіруде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларын, жастарға арналған лекциялары мен баяндамаларын ЖОО-дары, орта білім беретін оқу орындары мен мектепте оқып-үйренудің орны ерекше. Елбасының жыл сайынғы Жолдауы мен баяндамаларымен таныстыра отырып, студент-жастарға елінің өркендеп дамуы үшін адал еңбек ету, жақсы оқу еліміздің әрбір азаматының басты мақсаты екенін түсін-

діруге басты назар аударылады. Қазақстанның әлемдегі табысы жоғары елдердің қатарына қосылу міндеттерін іске асыруда қазақстандықтар, әсіресе жастардың жасампаз еңбектері, күш-жігері мен білімдері қажет.

Елбасы: «Біздің жастар елеспен өмір сүрмеуге тиіс. Қазақстаннан тыс жерде жұмақ жоқ. Еш жерде, әлемнің ешбір елінде бәріне бірден ие болу мүмкін емес. Ол үшін мемлекет барлық жағдайлар жасауда және одан әрі де жасай беретін болады» деп ерекше тоқталды. Бүгінгі таңда Қазақстанның өскелең дамуына бағытталған барлық істерге жастар қолдау көрсетіп, белсене қатысып, дербес өмірге, бастамшыл еңбекке бейімделуі тиіс. Демек, өскелең жас ұрпақ өз елін сүйетін патриот, бәсекеге қабілетті болуы қажет. Міне, осындай аса маңызды міндеттерді жастарға түсіндіруде ЖОО-нда оқытылатын Қазақстан тарихы мен тарихты оқыту әдістемесі пәнінің маңызы зор.

Елбасының жыл сайынғы Жолдауларымен студенттерді жан-жақты таныстыру, Отанымыздың күш-қуатын нығайту, экономиканы дамыту, әлеуметтік проблемаларды шешу, қазіргі жастар үлесінде екендігін түсіндіру, жастардың мемлекеттің болашағы екендігін сезіндіруге себін тигізеді.

Мемлекет басшысы: «Қазір еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Біз бүгінде бәсекеге қабілетті, әлеуеті зор, экономикасы қуатты ел құрадамыз», – деді [1]. Олай болса, әрбір қазақстандықты өз елінің өркендеп дамуына қандай үлес қостым, деген сауал ойландыруы тиіс.

Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық 20 тапсырмада еліміздің әлеуметтік дамуының басым бағыттарын, алда атқарылар ауқымды қадамдар мен міндеттерді айқындап берді. Елбасы баршамызды ел игілігі жолында бар қиындықты жеңдіретін жемісті еңбекке шақырады.

Н.Ә. Назарбаев еңбек шешуші фактор ретінде, бірінші орында болу керек деген Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясына негізделген Қазақстанды дамытудың тұжырымдамасын ұсынды. «...Жаһандық дауылдарға қарсы тұра алу үшін жаһандық тұрақтылық жағдайында, жаңа ғасыр жағдайында, Қазақстан қоғамы қандай болуы керек деген сұрақтарға жауапты талап етеді... Сондықтан біздің әлеуметтік саясат бәсекеге қабілетті және күшті жалпыға ортақ еңбек қоғамын құруға бағытталуы тиіс. Шындықты мойындайық, болашақта ХХІ ғасырда тек еңбек қана барлық қазақстандықтардың әл-ауқатқа және жаңа өмір сапасына қол жеткізуін қамтамасыз ете алады», – деп атап көрсетті [3].

Елбасы Қазақстандағы әлеуметтік жаңғыртуда үлес қосатындай жастардың білімді, талантты, саналы азаматтары болып өсу қажеттігін негіздеді.

Биылғы Жолдауда Қазақстан даму жолының жаңа кезеңінде он бағыт бойынша міндеттерді жүзеге асыру көзделді.

Біздің елімізде жастардың сапалы білім алуын, денсаулық жағдайын жақсартуын, тұрғын үйге ие болуын, біліміне сәйкес қызмет атқаруын қамтамасыз ету сияқты өзекті мәселелер бар. Осы мәселелерді шешу бірнеше бағдарлама аясында қарастырылады. Мәселен, «Болашақ» бағдарламасы бойынша білімді, талапты жастардың шетелдің ең таңдаулы жоғары оқу орындарында мемлекет есебінен тегін оқуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Үкімет отырысында «Мемлекеттік жастар саясаты бойынша қабылданған заңдарға өзгерістер мен түзетулер енгізу туралы» заң жобасында жастарға деген қамқорлықты одан әрі күшейте түсудің жаңа мүмкіндіктері қарастырылды.

Бағдарламаның бағыттары жұмыссыз адамдарды жақсы дамып келе жатқан өңірлерде ашыла бастаған жаңа жұмыс орындарына орналастыруға және ауылда жұмыссыз жүрген, қолдарында ештеңесі жоқ жастар проблемасын шешуге бағытталған.

Жастар – елдің келешегі. Қазіргі жастардың білімділігі, оқу мен еңбекке деген ынтасы, олардың отаншылдығы мен парасаттылығы, этносаралық келісім мен төзушілік қасиеті болашақта ел тағдырын айқындайтыны белгілі. Қазақстан жастарының 11 съезінде қабылданған «Жастар саясаты» жөніндегі стратегия жастарды Отанының патриоты болуға үндейтін, олардың қоғамдық өмірден өз орнын табуына бағыт беретін маңызды құжат болып табылады.

«Қазақстан білім қоғамы жолында» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Назарбаев университетінде» оқыған лекциясында: «Жастар мәселесімен мемлекеттік тұрғыда айналыса бастаған елдердің бірі Қазақстан болып табылады. Қазірдің өзінде Жастар істері жөніндегі комитет құрылған. Барлық өңірлерде жастар істері жөніндегі басқармалар жасақталуда. 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Жастар саясатының жаңа тұжырымдамасын жасау жүріп жатыр. Жас қазақстандықтар азамат дегеніміз – бұл тек құқық қана емес, бірінші кезекте өзі, өзінің отбасы және біздің Отанымыз үшін ұлы жауапкершілік екенін есте ұстаулары тиіс», – деп атап көрсетті [4].

Елбасы: «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор. *«Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу;*

*Екіншіден*, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор; *Үшіншіден*, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет; *Төртіншіден*, мемлекет-жеке меншік әріптестігі, ауылдық жерлерден және аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан жастардың жол жүруі мен өмір сүруін субсидиялау, жатақханалар желісін дамыту тетіктері арқылы білім берудің қолжетімділігін кеңейту қажет; *Бесіншіден*, оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс; *Алтыншыдан*, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет; Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылықтың қолжетімділігін кеңейту туралы мәселені шешуді тапсырамын»–деп атап көрсетті [1].

Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық 11-12-13 тапсырмаларында білім беру жүйесін жаңғырту жөніндегі төмендегідей қадамдарға назар аударды. «... ЖОО оңтайландыру үдерісін жүргізу маңызды. Қазақстанда 146 жоғары оқу орны бар. Олардың талайы маман тәрбиелеп шығарудың қажетті сапасын қамтамасыз ете алмайды.

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінде оқу үдерісінің практикалық жағына жеткілікті көңіл бөлінбейді, оқушылардың жеке ерекшеліктері нашар ескеріледі.

Іс-жүзінде бүкіл оқу-тәрбие үдерісі ескірген әдістемелерге негізделген. Оқу-тәрбие үдерісінің тарихи білім сынды маңызды ісі жеке тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуы міндеттерін шешуге атымен бейімделмеген.

...Сондықтан, бүгінгі таңда оқу-тәрбие үдерісін түбірінен өзгерту маңызды...

- 2013-2014 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептердегі оқу үдерісінде білім берудің интерактивті түрлерін пайдалануды кеңейтуді және онлайн оқытудың арнаулы оқу бағдарламаларын енгізуді көзделсін;

- Қазақстан тарихы бойынша оқу жоспарларын, оқулықтар мен оқу құралдарын талдаудан өткізсін, оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытудың мазмұны мен пішінін өзгерту жөнінде іс-шараларды жүзеге асырсын», – деген маңызды тапсырмалар берді [3].

Жаңа онжылдықта елді жаңғыртудың басты нысананың бірі сапалы білімге қол жеткізу, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау болып табылады.

Қазақстанда орта білім беру жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі-2020 жылға қарай жалпы білім беретін мектептерде 12 жылдық оқыту үлгісіне көшу және оны табысты жүзеге асыру. Республиканың жүзден аса мектебінде эксперимент ретінде іске асырылып жатқан бұл жүйе бойынша *оқушының тек білім, білік және дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес кәсіби біліктілікке-ақпаратты өзі іздеп табу, талдау, ұтымды қолдану, тез өзгеріп отырған дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу талап етіледі.* Бұл әлемдік тәжірибеде бар, оңды үрдіс. Мектеп оқушысы несиелік жүйенің элементтерін мектепте жүріп игеріп келеді, сөйтіп ЖОО-да сапалы білім алуға, өзіндік жұмысты орындауға мүмкіншілік жасалады. Басты мәселе, мектептегі білім сапасының артатындығы мен оқушының дербес өздігінше жұмыс істеуге дағдылануы, оны өз өмір тәжірибесінде пайдалана алуы болып табылады. Кредиттік технология студенттерді әр пән бойынша қажетті әдебиеттермен, баспасөз материалдармен, ақпараттық оқыту технологиясы көздерімен, электронды оқулықпен, интернетпен, интерактивті тақтамен, оқу-әдістемелік кешендермен және кәсіби білікті профессорлық-оқытушылар құрамымен қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұл жүйе студенттердің білім сапасын арттыруға бағытталып, өздігінше білім алуға үйретумен қатар, алған теориялық білімдерін өмірлік тәжірибелерінде пайдаланып, білікті маман даярлауға көмектеседі. Кредиттік жүйе негізінде кез-келген студент алдымен белгілі бір ғылым саласы бойынша жалпылама жоғары білім алады, содан кейін нарық сұранымына қарай нақты мамандықты меңгеруге мүмкіндік туады. Сондай-ақ оқытушылардан ақпарат легін дұрыс пайдалана отырып, заман талабына сай ақпараттық технологияларды, замануи әдістемелерді ұтымды қолданып, кәсіби біліктіліктерін одан әрі жетілдіріп тұруды қажет етеді. Елбасы: «Алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық», – деп айтты (1). Бұл құндылықтарды жастарға баулу маңызды, сондықтан барлық оқу орындарында студенттердің бойына осындай қасиеттер сіңірілуіне баса назар аударды. Осындай маңызды міндеттердің бірі – Қазақстанның болашағының өркениет жолымен үздіксіз алға жылжуының басты кепілі саналатын – жастар бойында қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеу болып табылады. Бүгінгі жастар – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын, мемлекеттің өркендеуіне үлес қосатын саналы азаматтар. Жастар келешегінен қоғам мол үміт күтеді. Қазақ халқының патриоттық тәрбиесінің тамыры терең, халқымыздың сонау көне заманнан бүгінге дейінгі

сандаған ғасырлық болмысының, дүниетану көзқарасының, ақылы мен ойының, санасы мен парасатының, салты мен дәстүрінің көрінісі іспеттес. Келешек жас ұрпақта патриоттық тәрбиені ойдағыдай қалыптастырып, алтын бесік елін, кіндік-кескен жерін, күш-қайраты мен қажырлы еңбегін жұмсамай, отансүйгіш азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсіру мүмкін емес.

«Патриотизм» – грек тілінен аударғанда «*patriotes-Отандас, patrio – Отан, туған жер*» деген мағынаны білдіреді. Қазақ ұлттық энциклопедиясында: «Патриотизм-Отаншылдық, отансүйгіштік, адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүріне, мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі», – деп анықтама берілген. Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы бар күш-қуатын, ерік-жігерін Отан игілігі мен мүддесіне аямай жұмсау, туған жерін, қасиетті ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеу – деп санаймыз.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдерде білім алған жастардың алдында сөйлеген сөзінде: жастар «мемлекеттік басқару мен бизнес саласын жетік меңгерген мамандар болуы қажет. ХХІ ғасырда қалай жұмыс істеу керектігін білетін мамандар Отанының мақсат-мүддесін алдыңғы орынға қоятын патриоттар болып қалыптасады. Оның үстіне олар менеджменттің де қыр-сырын білетін болуы керек. Жаңа идеяларға бастамашы болулары шарт. Өйткені, біз мемлекеттік басқаруға білімді, жан-жақты дайындығы бар, тәжірибелі мамандарды тартамыз», – деді [6]. Елімізде кемелдіктің тұтқасын ұстайтын білімді де білікті, іскер, қоғам ісіне белсене қатысатын, оның болашағына жауапты, елжанды ұрпақ тәрбиелеу маңызды.

Жас өскелең ұрпақ бойында елжандылық және адамгершілік сезімдерді сіңіруде, өз ұлтының құндылықтарын меңгертуде, жоғары мәдениеттілікке тәрбиелеуде жоғары оқу орындарында сапалы бәсекеге қабілетті білім беру мен оқыту процесінің инновациялық дамуына жол ашудың орны ерекше. «Халықты халықпен, елді елмен теңестіретін – білім» – деп атақты жазушы М.Әуезов айтқандай, еліміздің жанарып, жаңа әлемнен лайықты орын алуы үшін отандық мамандарымыз мықты болуы шарт.

Ұрпақ бойына қаншалықты асыл қасиеттерімізді сіңіре алсақ, жылдар өте, соның жемісін көреміз. Ұрпақ тәрбиелеу ісінің жауапкершілігі, күрделілігі мен маңыздылығы да осында. Ұлтжандылық, отан – сүйгіштік, адамгершілік қасиеттер адам бойына ұлттық рухымыздан нәр алып, ұрпақтан ұрпаққа сіңеді. Ол – Отан тарихы пен әдебиеті, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, тілі, ділі мен діні. Осылар біздің нәр алатын-терең тамырымыз. Жолдауда айтылған жастар тәрбиесі, білімді, білікті жастарды мемлекеттік қызметтерге тарту мәселесі олардың қоғамдық өмірге белсене араласып, келешекке деген сенім қалыптастыруына негіз болады. Бұл озық білімді, адамгершілік қасиеті жоғары, ойлы қазақстандықтардың жаңа буынын қалыптастырудың негізіне айналмақ. Бәсекеге қабілеттіліктің әлемдік стандартқа сай кәсіби білімділікке қол жеткізгенде ғана бой көрсетіп, сомдалатыны белгілі. Қай жерде болмасын біздің мамандарымыз үлкен сұранысқа ие болуы тиіс. Ендігі мақсат-әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру, «парасатты экономика» негіздерін қалыптастыру үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру, білім беру саласындағы оқулықтардың, оқу құралдарын, әдістерін, бағалау тетігін жетілдіру, оқытудың озық педагогикалық технологияларын пайдалану, білім мазмұнын жаңарту – бүгінгі таңда білім беру саласының алдында тұрған өзекті мәселелер.

Жас ұрпақты тәрбиелеудің аса маңызды *міндеттері*:

- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика негізінде жеке адамды қалыптастыру; «азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кезкелген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу; белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу т.б.» болып саналады (7);

Тарих пәнінің әдістемесі мен оқыту технологиясының мазмұнымен таныстыру арқылы, студенттерге елінің жарқын болашағы үшін адал еңбек ету, жақсы оқу еліміздің әрбір азаматының басты мақсаты екенін түсіндіруімізге мүмкіндік туады. Отанымыздың күш-қуатын нығайту, көркейту, ғылымды ілгерлету, экономиканы дамыту, әлеуметтік проблемаларды шешу, еліміздің қазіргі жетістіктерін одан әрі арттыру бүгінгі жастар үлесінде екені баса айтылады. Жастардың озық ойы, жасампаз ісі, табанды да қажырлы тіршілігі біліммен ұштасқан біліктің арқасында биік шыңдарға жеткізе алатындығына көз жеткізуге мүмкіндік жасалады.

Жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеуде білім беру ісінің инновациялық дамуына көңіл аударған жөн. Бұның өзі оқытудың интерактивті әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісінде кеңінен қолдануға

жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білімдар ұстаздарды қажет етеді. Олай болса, болашақ кәсіби деңгейі жоғары педагог мамандар даярлауда студент жастарды оқытудың жаңашыл әдістемесімен, мұғалімдердің озат тәжірибелерімен жан-жақты таныстыру, қоғамның білім беруге қойылатын жаңа талаптарын түсінуге септігін тигізеді. Осы орайда, тарихты оқыту әдістемесі мен тарихты оқытудағы ақпараттық технология курстарының қыр-сырын терең меңгеру, алған білімдерін күнделікті сабақта өз тәжірибесінде пайдалана білудің маңызы зор.

Студенттер алғашқы оқу жылдары Қазақстан тарихы пәнімен жан жақты танысады. Бұл пәнді оқып-үйрену студенттерге еліміздің басынан өткізген сан қилы аумалы-төкпелі кезеңдерден, қазіргі егемендікке қол жеткізген кездегі бүгінгі еркін тыныс-тіршілігінен өте бай мәліметтер береді.

Отан тарихын оқу барысында студенттердің көз алдынан сонау ерте заманнан осы күнге дейінгі тарихтағы: қайшылықтар, қаһармандық, жасампаздық істер мен қайғылы оқиғалар, әр алуан, адамзат тарихы тұтас күйінде, толық өтіледі.

Студенттер Қазақстан тарихын оқып үйрену барысында алған теориялық білімдерін тарихты оқыту әдістемесі мен оқыту технологиясы пәндерімен тереңірек танысқанда және педагогикалық практика кезінде іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік туады.

Тарихты оқыту әдістемесі пәні оқытудың мақсатын, мазмұнын, формасын, әдістерін, тәсілдерін, талаптарын, оқыту құралдарын анықтайтын ғылыми педагогикалық пән. Әдістеме пәні негізгі практикалық мәселелерге: *не үшін оқыту керек (оқытудың мақсаты), неге үйрету керек (оқытудың мазмұны), қалай оқыту керек* деген сауалдарға жауап береді.

Кредиттік жүйе негізінде Тарихты оқыту әдістемесі мен ақпараттық технология курстарының дәрістерінде, семинарлар мен өздік жұмыстарында «Қазақстан тарихын оқыту әдістемесінің қалыптасуы мен дамуы», «Тарихты оқытуда белсенді және инновациялық әдістерді қолдану», «Педагогикалық технологиялар», «Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» және басқа тақырыптардың мазмұнын ашып көрсету арқылы тарихты оқыту әдістемесі пәнінің мәні, оқытудың едеуір тиімді әдістері мен тәсілдері, жаңа технологиялардың түрлерімен танысып қоймайды, сонымен қатар шығармашыл мұғалімдер тәжірибесіндегі сабақ үлгілері талданып, оны студенттердің практикада пайдалануына мүмкіншіліктер жасалады «Қазақ тарихы әлемдік тарихтың құрамды бөлігі, оның әлемдік дамуға қосқан үлесі, ол-адамзат баласының мақтанышы, болашақ дамуы, шарықтау бақыты. Біз тәуелсіз елдің перзенті, Отан тарихын мақтан ете аламыз, ұлттық саналылыққа одан нәр ала аламыз. Қиялымызға серпін, ісімізге екпін, рухымызға күш-қуат берер Отан тарихы-өркеніет перзенті, ағайын" – деп жазды академик М.Қозыбаев [8].

Қазақстан тарихы, тарихты оқыту әдістемесі мен оқыту технологиясы пәндерін оқып үйрену барысында адамзат жинаған құндылықтар, рухани және адамгершілік тәжірибелер туралы материалдар студенттерді елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге, шығармашылығын дамытуға үлес қосады.

1 Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2012 жыл 28 қаңтар // Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 28 қаңтар.

2 Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан «Қазақстан-2030» стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2007 жылы 28 ақпан. – Алматы, 2007. - 72 б.

3 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан, 2012, 10 шілде.

4 Назарбаев Н. Қазақстан білім қоғамы жолында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Назарбаев университетінде» оқыған лекциясы // Егемен Қазақстан, 2012, 6 қыркүйек.

5 Әліпбай С. Жұмыспен қамту: жаңа стратегия // Егемен Қазақстан, 2012 жыл, ақпан.

6 Елбасы ел туралы ой толғайды Қазақстан Республикасы Президентінің Интернет конференциясы // Егемен Қазақстан, 2007, 8 маусым.

7 Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы». - Алматы, 2007.

8 Қозыбаев М.Қ. Қазақ тарихы-Дала өркениетінің құрамды бөлігі // Отан тарихы, 1998, - №1. - Б. 19-25.

## О НЕКОТОРЫХ АСПЕКТАХ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ

**Г.К. Кенжебаев** – Проректор по учебно-методической работе КазНПУ им. Абая, д.и.н.,  
**С.Т. Орумбаев** – Начальник учебно-методического отдела КазНПУ им. Абая, д.и.н., профессор

Мақалада әртүрлі пәндерді оқыту барысында пайдаланылатын инновациялық технологиялар мен студенттерді интерактивті оқыту әдістері қарастырылады. Студенттерді интерактивті технологиямен оқытуда электронды құралдарды пайдаланудың әдістемелік және әдіснамалық нұсқаулары беріледі. Инновациялық әдістер дәстүрлі түрде, сонымен қатар қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша электронды мультимедиялық оқулықтар мен оқу құралдары бойынша іске асады. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің студенттерінің таным белсенділігіне қарай алдыңғы қатарлы технологияларды электрондық оқу құралдарын, соның ішінде: «іскерлік және ролдік ойындар», «миға шабуыл», «кейс-әдіс», «онлайн-бағдарламалар», ««тренингтер», «дөңгелек стол», пікірталас және де басқа әдістерді пайдаланады. Мақалада студенттерді оқытуда, алдыңғы қатарлы әдістерді меңгеру мақсатында, университетіміздің профессор-оқытушылар құрамынан семинар-тренингтер өткізіп тұру керектігі туралы айтылады.

**Кілт сөздері:** Инновациялық технологиялар, интерактивті әдістер, семинар-тренингтер

В статье рассматриваются инновационные технологии и интерактивные методы обучения студентов, которые могут быть использованы в преподавании различных учебных дисциплин. Даются методологические и методические рекомендации по применению интерактивных технологий обучения студентов с использованием электронных средств. Инновационные методы могут реализовываться как в традиционной форме, так и в связи с *дистанционной технологией* обучения с применением электронных мультимедийных учебников и учебных пособий. Предлагаются некоторые передовые технологии по активизации познавательной деятельности студентов в КазНПУ им. Абая с использованием электронных обучающих средств, среди которых «деловые» и ролевые игры, «мозговой штурм», кейс-метод, онлайн-программы, тренинги, «круглые столы», дискуссии и другие. В целях овладения передовыми методами обучения студентов в статье говорится о необходимости обучающих семинаров-тренингов для профессорско-преподавательского состава университета.

**Ключевые слова:** Инновационные технологии, интерактивные методы, семинары-тренинги

The article discusses innovative technology and interactive teaching methods of students that can be used in teaching different disciplines. Methodological and methodical guidelines are given for the use of interactive learning technologies students through electronic means. Innovative methods can be implemented as in the traditional form, and in connection with distance learning technologies using electronic multimedia textbooks and manuals. Offers some advanced technologies to enhance the students' cognitive activity in Kazakh National Teacher Training University after Abai using electronic learning tools, including "business" and role-playing games, "brainstorming", the case method, online -programmers, training, and "round tables" , discussions and more. In order to gain advanced methods of teaching students in the article refers to the need of educational training seminars for all members of the University.

**The key words:** Innovational technology, the interactive method, seminars-trainings

Современный этап развития казахстанского общества характеризуется преобразованиями во всех сферах жизнедеятельности социальных институтов и организаций, в том числе и института образования. Сегодня образовательная система Казахстана находится в поисковом режиме, обусловленном отходом от традиционных методов обучения и переходом к инновационным и исследовательским парадигмам в связи с тем, что в студенческой среде происходит ломка устоявшихся стереотипов на процессы образования и воспитания.

Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев в Послании народу Казахстана от 17 января 2014 года «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» конкретизировал новые задачи перед страной по вхождению в число 30-ти наиболее развитых государств мира, в том числе в сфере образования. В частности, он отметил, что все развитые страны имеют уникальные качественные образовательные системы. Нам предстоит большая работа по улучшению качества всех звеньев национального образования [1].

За прошедшее десятилетие казахстанская система высшего образования претерпела существенные структурные преобразования: вузы получили большую степень автономности в управлении своей деятельностью, большую свободу в определении образовательной политики, изменилась направленность специализации деятельности вузов, создана конкурентная среда.

Однако повышение требований общества к качеству высшего образования, углубление диспропорций между предложением образовательных услуг и потребностями рынка труда, неэффективное использование ресурсов общества, направленных в систему высшего образования, возникающее вследствие отсут-

ствия механизмов согласования целей и результатов деятельности учреждений высшего образования с потребностями государства и общества, кардинальное обновление технологий обучения, изменение организационно-экономических механизмов управления образовательными учреждениями, обострение конкуренции на рынке образовательных услуг, создают необходимость вести поиск новых стратегических подходов в управлении высшим образованием.

Инновационные образовательные технологии современного вуза – это технологии, основанные на нововведениях: организационных (связанных с оптимизацией условий образовательной деятельности), методических (направленных на обновление содержания образования и повышение его качества) и управленческих. Так, к инновационным методикам обучения относятся интерактивные и компьютерные технологии. Интерактивные технологии включают лекции (научные, социальные, профессиональные, интегративные и др.) и семинары (диспуты, учебные дискуссии, мозговые атаки и др.). Компьютерные технологии обучения предполагают сбор, переработку, хранение и передачу информации от обучающего обучаемому, и наоборот.

Сегодня в Казахстане появился новый бренд в системе образования – «Назарбаев Университет» как отечественное воплощение модели инновационно-исследовательского учебного заведения. Он уникален не только по форме, но и по содержанию, в котором воплотился мировой опыт ведущих университетов. Сам факт того, что университету присвоено имя Лидера Нации – Президента Республики Казахстан говорит о важности образования для молодого независимого государства, особенно в условиях высоких информационных технологий, порожденных процессами глобализации.

Открытие этого уникального учебного заведения является важным шагом в модернизации отечественной системы образования. Это новая модель, при которой мы адаптируем у себя лучшие мировые образцы образования, но с учетом нашей специфики. Дальнейшую модернизацию отечественной системы образования по западным стандартам поддерживают почти 75% респондентов. В целом же в пользу проекта «Назарбаев Университет» говорит имя его основателя – Лидера Нации [2]. Университет призван стать национальным брендом Казахстана, гармонично сочетающим преимущества национальной системы образования и лучшую мировую научно-образовательную практику.

В настоящее время разработан комплекс мер по распространению опыта АО «Назарбаев Университет» в системе высшего образования и превращения Казахстана в центр знаний мирового уровня. Создаются исследовательские университеты и вузы, ориентированные на инновационную деятельность. В национальных и государственных вузах внедряется система управления по типу «Назарбаев университета» (попечительские советы), которые позволят реализовать принцип социальной ответственности и прозрачности деятельности государственных вузов.

Сегодня необходима целенаправленная и комплексная подготовка специалиста, включающая широкий спектр не только информационных знаний, умений и навыков, но и информационных компетенций, связанных с поиском, извлечением и критическим анализом информации, способностью самостоятельно добывать и производить новые знания. Иными словами, речь идет о формировании информационной культуры будущего специалиста.

Наряду с использованием различных инновационных технологий необходимо активное применение в образовательном процессе вуза методов обучения, стимулирующих познавательную деятельность обучающихся, строящихся в основном на диалоге, предполагающем свободный обмен мнениями о путях разрешения той или иной проблемы, характеризующихся высоким уровнем активности учащихся. К числу приемов обучения, отвечающих перечисленным требованиям, относятся эвристическое обучение, «мозговой штурм», проблемное обучение, дебаты, перекрестная дискуссия, проектный метод, ролевые и «деловые» игры и т. д.

Инновационные технологии позволяют студентам эффективно использовать учебно-методическую литературу и материалы; усваивать профессиональные знания; развивать проблемно-поисковое мышление; формировать профессиональное суждение; активизировать научно-исследовательскую работу; расширить возможности самоконтроля полученных знаний; преподавателям - оперативно обновлять учебно-методическую литературу; внедрять модульные технологии обучения; использовать имитационные технологии обучения; расширить возможности контроля знаний студентов; в целом – совершенствовать качество существующих технологий подготовки специалистов. Инновационные технологии обеспечивают повышение качества образования и, следовательно, конкурентоспособности вуза на рынке образовательных услуг.

Инновационные методы могут реализовываться как в традиционной форме, так и в связи с дистанционной технологией обучения с применением электронных мультимедийных учебников и учебных



пособий. Инновационные методы предполагают: возрастание роли обучаемого в учебном процессе, смещение акцентов учебного процесса от преподавателя к студенту; усиление функции поддержки студента, помощи ему в организации индивидуального учебного процесса; возможность обратной связи преподавателя с каждым обучающимся при использовании новых коммуникационных технологий.

В настоящее время в целях активизации познавательной деятельности студентов в КазНПУ им. Абая постепенно в учебный процесс внедряются инновационные технологии и интерактивные методы обучения с использованием электронных обучающих средств. Среди них: «деловые» и ролевые игры, «мозговой штурм», кейс-метод, онлайн-программы, тренинги, «круглые столы», дискуссии и другие.

Вместе с тем необходимо отметить, несмотря на постепенное насыщение институтов современными электронными средствами обучения студентов, все еще большинство преподавателей, особенно возрастных, не владеют в должной мере инновационными технологиями и с техникой на «вы», что приводит к пустой трате средств и низкому коэффициенту полезного действия (КПД). Нужно в полной мере использовать уже имеющуюся технику, поскольку интерактивный метод обучения студентов заключается не только в применении интерактивной доски, но и других электронных обучающих средств таких, как компьютеров, ноутбуков, планшетов, мультимедийных проекторов и прочего позволяющих выходить на образовательные Интернет-сайты, т.е. обучать в режиме онлайн.

В этой связи, в целях повышения квалификации и педагогического мастерства ППС учебно-методическими структурами университета организуются обучающие семинары-тренинги по интерактивным методам и инновационным технологиям обучения студентов с использованием электронных обучающих средств. В частности, первые семинары-тренинги были посвящены практике применения и использования интерактивных досок, их функциональным и программным возможностям в демонстрации учебных материалов: слайдов, графиков, рисунков, схем и пр. Последующие семинары отражают современные достижения в методологических и методических инновациях учебного процесса вуза.

Указанные обучающие семинары-тренинги организованы на перманентной основе во всех институтах университета с целью максимального охвата ППС инновационными технологиями обучения студентов. Так же практикуется привлечение к тренингам для ППС университета зарубежных специалистов-методистов, прибывающих в рамках академической мобильности. Выступая перед аудиторией, они делятся передовым опытом педагогического мастерства, инновационными технологиями и интерактивными методами обучения студентов в ведущих зарубежных университетах мира, участниках Болонского процесса.

Представляется, что подобные, а также другие общеуниверситетские и внутри институтские мероприятия с привлечением наших и известных ученых-новаторов из дальнего и ближнего зарубежья, будут способствовать максимальному приближению учебного процесса к передовым инновационным технологиям обучения студентов и магистрантов, на что ориентирует педагогическую общественность Глава государства.

1 [http://www.akorda.kz/ru/page/page\\_215750\\_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodukazakhstan-17-yanvarya-2014-g](http://www.akorda.kz/ru/page/page_215750_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodukazakhstan-17-yanvarya-2014-g).

2 *Эффективность Государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития глазами населения (по результатам социологического исследования / отв. ред. Б.К. Султанов. - Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. - С. 23-30; 35-36.*

ӘОЖ 378.16

## **БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА АРНАЙЫ КУРСТЫҢ РӨЛІ**

**А.О. Мухаметжанова** – педагогика ғылымдарының кандидаты,  
**Ж.Е. Алшынбаева** – педагогика және психология магистрі

Қарастырылып отырған мақалада білім беру сапасын көтеру, болашақ мұғалімді даярлау мәселесі айтылған. Аталмыш мәселеде педагогикалық инновацияны пайдалану проблемасы болашақ педагогтерін даярлаудың аспектісі ретінде алынды. Сондықтан, болашақ мұғалімдерді даярлауда педагогикалық инновацияны пайдалану ерекшелігін қарастыру керек. Болашақ мұғалімдерді даярлауда арнайы курстың маңыздылығы көрсетіледі. Болашақ мұғалімдерді даярлауда педагогикалық инновацияны пайдалану жөнінде арнайы курстың мазмұны, мақсат, міндеттері, құрылымы ұсынылады. Оқу процесінде енгізілген арнайы курстың нәтижелері талданады.

**Кілт сөздер:** педагогикалық инновация, болашақ маманды даярлау, арнайы курс, ауыл мектебі

В статье освещаются проблемы повышения качества, образования школы, подготовка будущих учителей. В данной ситуации применение педагогической инновации рассматривается как один из аспектов в подготовке

будущих учителей. Рассматривается роль спецкурса в подготовке будущих учителей. Описывается содержание, цель, задачи и структура спецкурса к использованию педагогической инновации в подготовке будущих учителей. Представлены результаты внедрения спецкурса в учебный процесс.

**Ключевые слова:** педагогическая инновация, подготовка будущего педагога, спецкурс, сельская школа

In the article highlights the problems of improving the quality of school education and the training of future teachers. In this situation, use of the pedagogical innovation is regarded as one of the aspects in the training of future teachers. In the article examines the role of a special course in training of future teachers. Describes the content, purpose, objectives and structure of a special course to use of the pedagogical innovations in training of future teachers. Presented results of introduction a special course in the learning process.

**Key words:** pedagogical innovation, the training of the future pedagogues, a special course, the rural school

Білім саясатының өзекті мәселелері – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу.

Сонымен қатар бүгінгі таңда ауыл мектептерінде болып жатқан инновациялық процестер экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және өзге де аса маңызды мәселелерді шешу қажеттілігіне бағытталып, ауыл оқушыларын білім беріп тәрбиелеуде, олардың ой-өрісін дамытуда және мәдениетін қалыптастыруда жаңа мүмкіндіктер беруде.

Білім беру жүйесіне қатысты болып жатқан жаңалықтардың нәтижесінде ауыл мектебінде маңызды орынға ие, осыған орай, білім сапасындағы өзгерістер айтуға тұрарлық.

«Ауыл», «мектеп» тақырыбы әрқашан да тек қоғам қайраткерлері мен ағартушылардың іс-әрекеттерінің нысаны болып қана қоймай, ғылым саласында да көкейкесті мәселе ретінде ғалымдардың назарынан тыс қалмаған емес.

Ауыл мектебінің құрылуы мен дамуы, тыныс-тіршілігін және оның қоршаған ортамен, қоғаммен байланысын Ы.Алтынсарин, Ф.Е. Брэдке, А.Г. Заболоцкий, И.Г. Песталоцци, С.А. Рачинский, В.Н. Татищев, Л.Н. Толстой, К.Д. Ушинский т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Аталмыш проблеманың ғылыми тұрғыдан дамып, қалыптасуына қазақстандық ғалымдардың да қосқан үлесі ерекше. Атап айтсақ, Ш.М. Абеуова, Г.Е. Нурмуханова, Е.А. Өтебаева өз еңбектерін ауыл мектебінде оқушылардың агроэкологиялық мәдениетін, шығармашылық дербестігін қалыптастыруға, адамгершілік, экономикалық тәрбие беруге арнаған.

Бүгінгі күні ауыл мектебінің мұғалімдерін даярлау мәселесі де ресейлік (Е.В. Бондаревская, Л.В. Левчук, Н.С. Жбанкова, З.Г. Найденова, Н.Д. Неустроев, Т.Г. Савинов т.б.), отандық (Ш.К. Беркімбаева, Е.А. Битабаров, Т.Б. Машенбаев, Б.А. Нұрмағанбетова, Р.М. Шерайзина т.б.) бірқатар ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып, шешімін тауып келеді.

Нақты айтқанда, ауыл мектеп мұғалімін даярлаудағы жалпы ерекшеліктері (П.А. Жильцов, А.Е. Кондратенков, А.Н. Чалов және т.б.), тәрбие қызметін жүзеге асыру (Л.С. Дровалева, О.А. Краснова, В.Г. Максимов, П.П. Пивненко т.б.), ауыл мектептегі педагогикалық процесті ұйымдастыру (И.И. Августевич, А.Ф. Иванов, В.Г. Разумовский] және т.б.), шағын комплектілі мектебінің мәселелері (Г.У. Уразамбетова, Г.З. Әділғазин) қарастырылған.

ЖОО-да оқып жүрген студенттердің 80 пайызы ауыл балалары, олар университетті аяқтағаннан кейін өз ауылдарына, өз мектептеріне барады, сондықтан оларға ауыл жағдайында педагогикалық инновацияны пайдалана білуге үйрету біздің міндетіміз.

Болашақ мұғалімдердің әдістемелік, теориялық, кәсіби даярлығының сапасын арттыруда арнайы курстардың маңызы зор. Әсіресе, қоғамдағы өзгерістер білім беру саласына да айтарлықтай өзгеріс әкеліп отырған заманда күнделікті болып жатқан жаңалықтан хабардар болу, педагогика саласындағы, оның ішінде әр мұғалімнің өзі оқытып жүрген пәні төңірегіндегі жаңа әдіс-тәсілдерді, инновациялық іс-әрекетті бақылап отыру мұғалімге өте қажет. Сондықтан, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда «**Ауыл мектептерінің бастауыш сыныптарында педагогикалық инновацияны пайдалану**» атты арнайы курсының енгізудің қажеттілігі төмендегідей болды:

- педагогиканың жоғарғы оқу орындарында оқытылып жүрген негізгі курсы педагогикалық қызметтің дәстүрлі тәжірибелеріне сүйенеді. Ал, қазіргі мектептер педагогикалық жаңалықтарды өз тәжірибелеріне енгізуге бет бұруда. Сондықтан, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерге университет қабырғасында инновациялық іс-әрекетке бағыттау өте пайдалы болмақ;

- педагогикалық инновацияны, педагогикалық технологияларды оқып-үйрену болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің шығармашылық ойлауын дамытудың ең тиімді факторы;

- ұсынылып отырған арнайы курс студенттердің болашақта өзінің кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіріп, үнемі ізденіс үстінде жүруге жол ашады, дағдыландырады;

- инновациялық іс-әрекетпен танысу, студенттердің болашақта өз бағыт-бағдарын анықтап, өзіндік пікір қалыптастыруға, өзінің іс-тәжірибесін жинақтауына, өзіндік инновациялық іс-әрекеттің қалыптасуына көмектеседі;

- арнайы курс, сонымен қатар, жаңалыққа деген біржақты көзқарасты жояды, яғни барлық мұғалімнің өз пәнінің ерекшелігін ескеріп, соған байланысты педагогикалық инновацияны пайдалана білуге, инновациялық іс-әрекетке бағыттауды үйретеді;

- педагогикалық инновацияны пайдалану арқылы студенттердің ұстаздық мамандыққа деген қызығушылығы, сүйіспеншілігі артады.

Ұсынылып отырған арнайы курс белгілі бір жаңалықты, технологияларды таңып, үйретуді өзіне мақсат етпейді, ол тек студенттерге жаңалыққа ұмтылудың, жаңалықты іздеудің жолдарын көрсетіп, бағыт-бағдар сілтейді, олардың өз бетінше іздеуіне, жан-жағына ойлы көзқараспен қарай білуге үйретеді, педагогика саласындағы негізгі тұжырымдар, ережелер, идеялар мен оқытудың жаңа принциптері мен заңдылықтарымен таңыстырады.

Аталмыш «Ауыл мектептерінің бастауыш сыныптарында педагогикалық инновацияны пайдалану» арнайы курс (студенттер үшін) оқу процесіне енгізілді. Оқу бағдарламасының мазмұнына жасалған қосымшалар оқып-үйреніліп, осы пәндер бойынша ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалану жөнінде білім берілгеннен кейін алынған бақылау нәтижесінде студенттердің басым көпшілігі бастауыш ауыл мектебіне дербес пәндер әдістемесінен мазмұнын жаңашылдық тұрғысынан меңгергендіктерін байқатты. Алайда студенттердің жартысынан көбінің педагогикалық инновация туралы хабары болғанымен, оларды нақты ауыл мектептерінде пайдалану әдістемесінен білімдерінің саяздығы аңғарылды. Олардың теориялық даярлықтары жеткілікті деңгейде болмағандықтан, біз «Ауыл мектептерінің бастауыш сыныптарында педагогикалық инновацияны пайдалану» атты арнайы курс бағдарламасын жасадық.

Арнайы курстың негізін білім беру саласындағы, жаңашылдыққа шығармашылықпен қарау, жеке тұлғаны қалыптастыру процесіне іс-әрекет тұрғысынан келу, бастауыш мектептің оқу-тәрбие жандандыру идеялары құрайды.

Бұл курсты жалпы кәсіптік және арнайы пәндерден кейін оқыту көзделеді. Себебі ол, біріншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлауға бағытталған жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесі құрылымында негізгі пән болып табылады, екіншіден, кәсіптік және арнайы пәндердің өзіндік жалғасы болады, студенттер арнайы курсты оқып-үйрену барысында алған білімдеріне сүйенеді, үшіншіден, арнайы курс студенттердің педагогикалық практикасында жалғасын табуы керек.

Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық потенциалын дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Осыған орай, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде жаңа жағдайда жұмыс атқаруға, педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлау – заманның ең маңызды талаптарының бірі.

Біздің ойымызша, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануды даярлауда арнайы курстың орны ерекше.

**Арнайы курстың мақсаты** – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалану жөнінде теориялық біліммен қаруландыру және сол алған білімдерін мектептердегі оқыту процесінде нәтижелі пайдалана білу біліктерін қалыптастыруды қамтамасыз ету.

Бұл мақсатқа жету төмендегі міндеттерді шешумен байланысты:

1. «Инновация», «педагогикалық инновация» ұғымдарына түсініктеме беру.

2. Ауыл мектебінің ерекшеліктерін, педагогикалық инновацияны меңгеру жолдарын тереңірек үйрету.

3. Болашақ маманның педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлығын, педагогикалық қабілеттілігін, танымдық қызығушылығын өздігінен білім алу дербестігін қамтамасыз ету арқылы қалыптастыру.

4. Жалпы ғылымилық және кәсіптік дайындығында білім берудің экономикалық, ақпараттық және технологиялық жақтарын терең меңгеруін қалыптастыру.

Бағдарламада арнайы курстың негізгі сабақ түрлерін өткізудің тақырыптық жоспары беріледі: лекциялар 16 сағат, семинарлар 14 сағат, СӨЖ 14 сағат (Кесте 1).

Семинар сабақтарында бағдарламадағы кейбір тақырыптардың мазмұнына енетін негізгі мәселелер талқыланады, пікірталастар өткізіледі, студенттердің баяндамалары мен ғылыми хабарлары тыңдалады, бастауыш сынып мұғалімнің педагогикалық инновацияны дұрыс пайдалануды даярлауға байланысты дөңгелек үстел, іскерлік ойындар ұйымдастырылады.

Кесте 1 – «Ауыл мектептерінің бастауыш сыныптарында педагогикалық инновацияны пайдалану» атты арнайы курстың жоспары

№	Тақырыптары	Сағаттар саны		
		Лекция	Семинар	СОӨЖ
1	Арнайы курсты оқытудың пәні, міндеттері және мазмұны	2		
2	Педагогикалық инновация мәні, түрлері	2	2	2
3	Инновациялық педагогикалық технологиялар жіктелімі және олардың мазмұндық сипаттамасы	2	2	2
4	Ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны таңдап алу шарттары	4	2	2
5	Ауыл мектептерінде оқу-тәрбие процесінде педагогикалық инновацияны пайдалану ерекшеліктері	2	2	2
6	Ауыл мектептерінде бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекетінің мазмұны	2	2	2
7	Ауыл мектебінің бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекетін іске асыру технологиясы	2	2	2
8	Ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалану нәтижелерінің мониторингі		2	2
	Барлығы	16	14	14

Арнайы курс мазмұнына мұғалімнің іс-әрекеті, инновациялық іс-әрекеті, «инновация», «инновациялық іс-әрекет» ұғымдары және оны меңгерудің теориясы, педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлығының диагностикалық әдістері, инновациялық іс-әрекетке даярлауда аудиториядан тыс жұмыстардың тиімді жолдары, баспасөзде жарияланып, көпшілік қолдауына ие болған жаңа технологияларды, педагогикалық жаңалықтарды меңгеру әдістемесі, жаңашыл педагог идеялары мен тәжірибелері алынды.

Әр тарау өз ерекшелігіне қарай лекция, семинар, практикалық сабақ, студенттердің өзіндік жұмыстары, іскерлік ойындар, пікір талас, бейне таспадағы жазбаларды көріп пікірлесу, жаңашыл мұғалімдердің сабақтарына қатысу, интернетпен жұмыс жасау, компьютерлік оқыту жұмыстары қарастырылады.

Арнайы курс аяқталғаннан кейін, сауалнама жүргізіліп, студенттер әр түрлі нұсқада есеп берді. Мысалы: реферат жазып қорғау, әр түрлі жаңалықтарды жүзеге асырып жүрген мұғалім туралы буклет дайындау немесе бастауыш сынып мұғалімінің ауыл мектебінде педагогикалық инновацияны пайдаланудың диагностикалық картасын жасау т.б.

Арнайы курс бағдарламасы даярлық сапасына нәтижелі ықпал ететіндігін байқауда студенттер арасында алдын-ала даярланған сұрақтар бойынша сауалнама жүргізілді.

Сұралған студенттердің 93%-ы аталған курстың міндетті түрде оқытылуын құптады, ал 3%-ы құптағанымен, тапсырмаларды міндетті түрде орындаудың қажеттілігін жоққа шығарды, ал 4%-ы даярлықты арнайы курссыз да жетілдіруге болады деп түсінді.

Арнайы курсты сынақтан өткізу барысында болашақ мұғалімдерімен мынадай жұмыс түрлері мен әдістері қолданылды. Жеке және топтармен жұмыс түрлері, студенттердің өз бетімен іс-әрекеттерін ұйымдасу, педагогикалық-психологиялық әдебиеттермен, электронды оқу құралдарымен жұмыс, интернет желісімен жұмыс, вебинар ұйымдастыру, WEB-сайт желісін құру, шығармашылық тапсырмалар орындау, педагогикалық міндеттер мен әр түрлі жағдайларды шешу, студенттермен реферат тақырыптары мен ғылыми хабарламалар дайындау, мектептегі өткізілетін сабақтарға және іс-шараларға жоспар жасау, мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерімен танысу.

Сонымен, студенттердің берген жауаптары арнайы курс бағдарламасының тиімділігін дәлелдеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық инновацияны пайдалануы мынадай ретпен жүзеге асырылады:

- білім берудегі жаңашылдықпен танысып, талдау;
- оны өз іс-әрекетінде қолдану туралы шешім қабылдау;
- жаңашылдықты өз тәжірибесінде қолдану мақсаттарын белгілеу;
- эксперименттік жұмыс кезеңдерін жоспарлау;
- болашақта кездесетін қиыншылықтарды алдын ала болжау;
- жаңашылдықты педагогикалық процеске енгізу;
- инновациялық іс-әрекеттің нәтижелерін қорытындылап, бағалау және талдау.

Студенттердің берген жауаптарына жасалған талдау біз ұсынып отырған арнайы курстың тиімділігін көрсетті. Дегенмен болашақ мұғалімдердің даярлығы толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Сондықтан студенттердің осы алған білімдерін практикада, ғылыми-әдістемелік әрекеттерде біліктілікпен пайдалана білу және өздігінен білімін жетілдіру дағдысын қалыптастыру мақсатында оқудан тыс іс-әрекет түрлері жүзеге асырылады. Бұл айтылғандардың нәтижелі жүзеге асуы мұғалімнің осы саладағы даярлық деңгейіне байланысты.

Сонымен, алынған нәтиже «Ауыл мектептерінің бастауыш сыныптарында педагогикалық инновацияны пайдалану» атты арнайы курсының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда маңызы зор екендігін көрсетті.

*1 Нұрмұханова Г.Е. Қазіргі кезеңде ауыл мектептерінде оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 02.12.06. - Түркістан: Нұрлы Бейне, 2006. - 30 б.*

*2 Өтебаева Ә.Т. Ауыл мектебі оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. .... автореф.: 11.05.2007. - Алматы, 2007. – 24 б.*

*3 Машенбаев Т.Б. Қызметін жаңа бастаған ауыл мектебі мұғалімінің кәсіби бейімделуінің педагогикалық жағдайлары: пед. ғыл. канд. ... дисс.: - Алматы, 2004. – 28 б.*

*4 Мухаметжанова А.О. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлау: пед. ғыл. канд. ... автореф. - Қарағанды, 2010. – 30 б.*

ӘӘЖ 74 (16)

## САПАЛЫ БІЛІММЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ МӘСЕЛЕСІ

**А.О. Мухаметжанова – Кәсіптік оқыту кафедрасының доценті, п.ғ.к.,  
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті**

Бұл мақалада ауыл мектебін, жалпы ауыл мәдениетін көтеру үшін мемлекет тарапынан көптеген шаралардың өткізгендігін қарастыра отырып, ауыл тек ауыл жұртшылығының ғана мәселесі емес, бүкіл қоғамның көкейкесті мәселесіне айналуы жөнінде айтылады. Қала мен ауыл мектебінің ерекшеліктерін талдайды және ауыл мектебінде жаңаша жұмыс істеу, педагогикалық инновацияны пайдаланудың аздығы жөнінде сөз қозғап, ауыл мектеп мұғалімін педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлаудың қажеттілігін көрсетеді.

**Кілт сөздер:** мектеп, білім, оқу, тәрбие, стратегиялық бағыт, жеке тұлға

В статье освещаются проблемы сельской школы, рассматривается проведение определенных мероприятий со стороны государства для развития сельской культуры, а также говорится, что проблема сельской местности не только проблема жителей населения, но это и актуальная проблема всего общества. В статье проведен анализ особенностей городских и сельских школ и работ в сельских школах, при этом было подчеркнуто использование педагогических инноваций по меньшей мере, необходимость подготовки учителей сельских школ к использованию педагогических инноваций.

**Ключевые слова:** школа, знания, воспитание, стратегическое направление, личность

The article highlights the problems of rural schools, considered conduct certain activities on the part of the state for the development of rural culture, and also says that the problem of rural residents not only a problem of the population, but it is an actual problem of the whole society. The article analyzes the features of urban and rural schools and work in rural schools, it was stressed the use of pedagogical innovations at least the need for teachers in rural schools to use pedagogical innovation.

**Keywords:** school, knowledge, education, strategic direction, personality

Бүгінгі күні егемен елімізде оқыту технологияларының жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие процесіндегі елеулі өзгерістермен байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Білім беру жүйесінде болып жатқан жаңалықтардың нәтижесінде ауыл мектебінің маңызы да сапалы өзгеруде.

Ауыл мектебін, жалпы ауыл мәдениетін көтеру үшін мемлекет тарапынан көптеген іс-шаралар жоспарланып жүзеге асырылуда.

Қазіргі жағдайда ауыл мектебінің мақсаты – жеке тұлғаны жалпы азаматты және ұлттық рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына және әлеуметтік жағынан өзін тануына тиімді жағдайлар туғызу. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін ауыл мектептерінде мынадай міндеттер орындалуы тиіс:

– өз бойында жеке басы мен қоғамдық мүдделерді дұрыс үйлестіре алатын жеке тұлғаның ақыл-ойын, адамгершілік және дене тұрпатын дамытудың негіздерін қалау;

– жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуін, өздігінен дамуы, білім алуын қамтамасыз ету, жүйелі оқуға деген тұрақты тілегі мен іскерлігін қалыптастыру, өз білімін үнемі жетілдіріп, тереңдетіп отыруына мүмкіндік беру;

– оқытудың практикалық бағытын күшейте отырып, оқушыларда «адам», «табиғат», «қоғам» туралы базалық білімін қалыптастыру;

– оқушылардың білімі мен білік, дағдыларын толық меңгеруінен, олардың талдау, жинақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған саралап, даралап оқыту принциптерін қолдану;

– оқушылардың бойында ұлтаралық қатынас мәдениетін, басқа халықтардың тілі мен дәстүрін сыйлауын дарыту;

– оқушылардың бойында ұлттық рухты қалыптастыру, ұлттық мақтаныш сезімін, өз халқының және басқа халықтардың мәдениетіне, тіліне, тарихына құрметпен қарауын қамтамасыз ету.

Ауыл мектебі дамуының стратегиялық бағыттары тіршілік әрекетінің мәдени-білім беру дәстүрлеріне, тарихи тәжірибелерге, ауыл мектебін қазіргі білім беру жүйесіндегі базалық құбылыс ретінде тануға және оқушылардың жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін ашық мәдени педагогикалық дамушы ортаға негізделуі қажет.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Кез келген ұлттың түп-тамыры ауылда жатқандығын естен шығармауға тиіспіз» – деген сөзін биік мәртебелі ұғым және бұл ұлттық ұлықтаған, халқын қадірлеген, тегін түгендеген адамға бағыт-бағдар деп санаймыз (1).

Өркениетке бет алған әр халық немесе ел өзін-өзі терең танып білуі керек. Тарихты тану деген сөз – адамды тану, өзіміздің ежелгі ата-тегімізді тану деген сөз.

Ұлттық тарихтың соңғы он бес жылының ұлттық санаға өшпестей болып түскен өзіндік ізі бар. «Бұл кезең құқықтық, экономикалық және саяси жаңалықтарға қоса, ұлт психологиясына түбегейлі өзгерістер енгізіп, тарихтағы орнын танып – білу сезімін орнықтырады», – дейді Н.Ә. Назарбаев (2). Ол – қазақ даласының мәдениетін мейлінше терең дәстүрі бар аса күрделі және көп қыртысты құбылысқа теңейді. Мұның өзі қазақтың ұлттық тұтастығын, мемлекеттік дербестігін сақтап-дамытудың кепілі екендігі сөзсіз.

Олай болса, ауыл тек ауыл жұртшылығының ғана мәселесі емес, бүкіл қоғамның көкейкесті мәселесіне айналуы қажет. Қоғамның дамуын жалпы ұлттық дәрежеде алып қарасақ, қоғамды қалыптастыратын ауыл және қала қауымдастықтарын бір-бірімен тікелей қарым-қатынасымен байланыстыруға болады.

Қазақстанда ауыл мектебінің қалыптасуын, оның ауыл халқының өміріндегі рөлі жөнінде жасалған талдаулардан кенттену процестеріне, халықтың көшіп-қонуына, демографиялық процестерге қарамастан жаңа мыңжылдықта ауыл мектебі-ауыл оқушыларын әлеуметтендіру институты, ауылдағы мәдениет ошағы болып табылады.

Ауылдағы ізгілікті өзгерістерді жүзеге асыруда, біздің ойымызша, ауыл мектебі негізгі рөл атқарады. Ауыл мектебі – ғылыми зерттеулердің дербес объектісі, бұл жайында барлық қоғамдық ғылым өкілдері: педагогтар, әлеуметтанушылар, экономистер және т.б. – бірлесіп кешенді және жүйелі зерттеулер жүргізуде. Ауыл мектептерінде оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту барысында жасалған талдаулар нәтижесі ғасырлар тоғысында үздіксіз өзгеріп жатқан өмірдің үдемелі өсіп отырған талаптары мен қазіргі ауыл оқушыларының өмірге, білім алуды жалғастыруға, өз бетінше білім алуға дайындық деңгейлерінің сәйкеспейтіндігін көрсетіп отыр.

Ауыл мектебі – қазіргі кездегі ауыл дамуының негізі, оқушылар мен ауыл тұрғындарының мүдделері мен қажеттіліктерін есепке алатын, ауыл тұрғындарының рухани құндылықтарын, дәстүрін, әдет-ғұрпын және тұрмыстарын сақтап, дамытатын білім беру жүйесі.

Осыған орай ауыл мектебінің ең маңызды мақсаты – өсіп келе жатқан жас ұрпаққа өмірлік іс-әрекетінің жаңа түрін үйрету, рухани қажеттіліктерін дамыту, қалыптастыруға өмір концепциясын сезіндіру. Ал бұл мектептердің қызметі оқушылармен субъект-субъект ретінде қарым-қатынас жасаумен, оларды қоғамдық ортамен, табиғатпен байланыстыра отырып, шығармашылықпен жұмыс жасауға үйрету.

Қалалық мектептерге қарағанда ауыл мектептері әрбір адам, отбасы, ауыл қоғамдастықтары өмірінде маңызды рөл атқарады.

Ауыл мектептерін дамытудың басты мәселелері мынада: оның халықтық бірегей рухы және тіршілік әрекетінің қоғамдық сипаты арасындағы қарама-қайшылығы; социум ашықтығы және оның іс-әрекетінің ресми мазмұны, мектептердегі бір ізге салуға бағытталған басқарудың мемлекеттік сипаты. Бұл қарама-қайшылықты кейде ауыл мектебі жеңе алмайды. Ауыл мектебінің қалыптасып, өздігінен даму процесі мұғалім, оқушылар, ата-аналар және ауыл қоғамдастықтарының оның құндылықтарын түсінуге жәрдем жасауы, яғни оның қызметі халықтық мәдени-тарихи өмірі үлгісін жасауға бағытталған.

Ауыл мектебі туралы ғалымдар Л.Ф. Стирлин мен Е.С. Зайцев, М.П. Гурьянова, Ә.Т. Өтебаева және

т.б. «ауыл мектебі – оқушыға білім беретін ошағы ғана емес, ауылдың бүкіл мәдени өміріне қан жүгіртетін, рухани өсуіне ықпал ететін ордасы» деп сипаттама береді.

Келесі анықтаманы М.П. Гурьянова береді: «Бұл – ауыл аумағында орналасқан жалпы білім беру ұйымдар түрлерінің жиынтығы, олардың территориялық орналасуы, әлеуметтік ортасы, ұлттық құрылымы әр түрлі, оқушылардың білім және еңбек дайындығының ерекше міндетін орындауға және балалардың білім талаптарын қанағаттандыруға тырысады» (3,58).

Ә.Т. Өтебаева ауыл мектебін: «Жас ұрпақтың ой-өрісін дамытып, оларға қазіргі заман талабына сай білім беру және халықтық педагогиканың негізінде мол мұраларын пайдалана отырып, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу орталығы» – деп оқу-тәрбие процесінің қалалық ортадан ерекше менталитет артықшылығы, халықтық тұрмысы мен өндірісі, қызметінің шартталған ортасында өтетінін түсіндіреді (4,9).

Қазақ ғалымдарынан ауыл мектебі оқушыларының мәдениеті мен тәрбиесі, шығармашылық дербестігін қалыптастыру мәселесімен Ш.М. Абеуова, Г.Е. Нұрмуханова, Ә.Т. Өтебаева, А.С. Мустояпова, Ж.А. Жүнісбекова, Б.А. Нұрмағамбетова, В.Н. Қайырбекова айналысқан.

Г.Е. Нұрмуханова ауыл мектептерінде жоғары сынып оқушыларының шығармашылық дербестігінің бүгінгі жағдайы және өзіндік ерекшеліктері, оны қалыптастырудың мүмкіндіктеріне талдау жасалған. Ауыл мектептерінде жоғары сынып оқушыларының оқу-тәрбие процесін талдап және олардың шығармашылық дербестігін қалыптастыру механизмін, оқушылардың жоғары деңгейдегі дербестігіне ықпал ететін принциптер жүйесін жасайды. Ауыл мектептерінде жоғары сынып оқушыларының шығармашылық дербестігін қалыптастыруда шығармашылық сабақтардың мәнін, ерекшелігін ашып көрсетеді (5).

Ауыл мектептеріндегі оқу-тәрбие процесі оқушылардың өздігінен дамуы мен шығармашылық деңгейінің артуы, қызығушылығы мен сұраныстарына қарай ұйымдастырылып, ауыл тіршілігімен байланыстырыла жүргізілсе, сабақта және сабақтан тыс жұмыстарға ата-аналар қатыстырылып отырылса, ересектер мен балалардың шығармашылық ұжымдарын ұйымдастыру үшін мұғалімдермен қатар жергілікті мамандар тартылып отырылса, ауыл мектебіндегі оқушының ақылы, ой-өрісі дамып, педагогикалық инновацияны игерту бағытында білімі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптасары анық.

Ауыл оқушыларының оқу-тәрбие жұмысына қалалық ортадан ерекше менталитет артықшылығы ықпал етіп, халықтың тұрмысы мен өндірісі, қызметтің шартталған ортасында өтеді.

Т.Ә. Қоңыратбай өзінің «Ауыл мектебі мәдени-инновациялық ортаның тұғыры» атты мақаласында (6, 310) ауыл мектебінің менталдық кеңістігіне мән бере отырып, ауыл мен қала мектебіне салыстырмалы түрде анализ және синтез жасайды (Кесте 1).

Кесте 1 – Ауыл мен қала мектебіне салыстырмалы түрде анализ және синтез

<i>Мектептер</i>	<i>Ауыл мектебінің менталдық кеңістігі</i>	<i>Қала мектебінің менталдық кеңістігі</i>
Географиялық орны	Шалғай аудандарда орналасуы, қоғамдық қарым-қатынастардың тұйықталуы	Мегаполисте, ірі қалаларда орналасуы, қоғамдық қатынастардың кеңдігі
Әлеуметтік экономикалық жағдайы	Мемлекет тарапынан қамқорлықтың кемшілігі	Қаржылық және техникалық жабдықталу артықшылығы
Материалды техникалық, мамандармен қамтамасыздандыру	Ақпарат құралдармен толық қамтамасыз етілмеуі, мамандардың жетіспеуі, ғалым-педагогтардың мектепте мүлде болмауы	Ақпарат құралдарымен толық қамтамасыз етілуі, мамандардың көптігі, жиі ауысып отыруы, оқу жүктемесінің жетіспеуі, ғалым-педагогтардың оқу процесіне қатысуы
Инновациялық сипаты	Ақпараттық көздердің жетімсіздігі, инновациялық мектептердің аздығы, жаңа талап пен шығармашылық потенциал мүмкіндіктері арасындағы кереғарлық, педагогикалық технологиялардың баяу, кешеуілдеп игерілуі мен таралуы, ұлттық менталитеттің орнықтылығы: ұлттық тәрбие дағдыларының табиғилығы, ұлттық қадір-қасиеттердің басыңқылығы, ұлттық рухтың, идеяның көтеріңкілігі, ізгіліктілік сипатының басымдылығы, субъектілердің иманжүзділігі, ауылдық ортаның мұсылмандығы	Ақпараттық көздердің шектен тыс көптігі мен ықпалдылығы, инновациялық мектептердің молдығы, инновациялық технологиялардың ендірілуі және таралу жылдамдығы, орыстану, еуропалану ықпалының әсерінде кетуі, ұлттық менталитеті көмескілігі, рухтың әлсіздігі
Интергациялық қызметі	Ғылыми-мәдени ірі орталықтармен байланысының сиректігі, ғаламдастырудан тысқары қалуы	Ірі ғылыми, мәдени орталықтармен шығармашылық байланыста болуы, ғаламдастырудың өтінде тұруы

Бұл мақалада берген материалды талдау біздің қарастырып отырған мәселені негіздеуге мүмкіндік берді, яғни автордың ауыл мен қала мектебіне берген салыстырмалы талдауынан мынадай қорытынды жасауға болады: ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалану білімінің жоқтығы, жаңа талап пен шығармашылық потенциал мүмкіндіктері арасындағы алшақтық, ақпарат көздерінің жетімсіздігі, инновациялық технологияларды ендіру және таралуы жылдамдығының төмендігі, оған қызығушылықтың жеткіліксіздігі. Осы жасаған қорытындының негізінде біз зерттеп отырған проблема бүгінгі күні ауыл мектептерінің білім сапасын арттыру, болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберлігін, ауыл мектептерінде педагогикалық жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану білігін қалыптастырудың шешім күттірмейтін, көкейкесті проблема екенін дәлелдеп отыр.

Бүгінде ауыл мәселесі, ауыл мектебінің білім сапасын көтеру, ауыл мектеп мұғалімін даярлау мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Ауыл мектебі ауылдағы қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-руханияттық мәселелерді шешуде маңызды роль атқарады. Сондықтан ауыл мектептерінің оқу-тәрбие процесінің білім сапасын көтеру әлеуметтік-экономикалық және педагогикалық маңызы зор мәселе болып табылады.

Бұл жағдайдың шешімін табуы ауыл мектеп мұғалімін даярлаудың мазмұнын, әдістері мен формаларының түрлі болуын талап етеді.

Ғылыми зерттеулерді оқып-үйрену және талдау педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерін даярлау мәселесінің педагогика ғылымының теориясында өз алдына дербес проблема ретінде анықталғанын және ол үнемі жетілдіріліп отыруды қажет екендігін көруге мүмкіндік берді.

Осы жоғарыда айтылғандарға қорытынды жасау арқылы болашақ мұғалімдерінің ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны, жаңа технологияларды, вебинар технологиясын, интербелсенді оқыту әдістерін пайдалануға даярлау ерекше мәнге ие болып отырғандығын байқаймыз.

Біздің мамандықта оқып жүрген студенттердің 80 пайызы ауыл балалары, олар университетті аяқтағаннан кейін өз ауылдарына, өз мектептеріне барады, сондықтан оларға ауыл жағдайында педагогикалық инновацияны пайдалана білуге үйрету біздің міндетіміз.

Осы міндеттердің шешімін табу мақсатында дәріс алатын болашақ мұғалімдеріне педагогикалық инновация оқыту процесінде қолданылады. Оқыту процесіндегі педагогикалық инновацияға шығармашылықпен қарау және тұлғаны қалыптастыру процесіне іс-әрекет тұрғысынан келу, мектептің оқу-тәрбие процесін ізгілендіру мәселелері қарастырылады. Мұғалім оқытуды ұйымдастыру лекция, семинар, практикалық сабақ, іскерлік ойындар, тренинг, вебинар, конференция сабағы түрінде жүзеге асырылады.

Осыған орай оқу процесінде біз дайындаған электронды оқулықтар, автоматты оқу бағдарламалар, әртүрлі мультимедиялық құралдар, вебинар технологиясы іске асырылуда:

– *«Мұғалімдерді ауыл мектебінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлау»*(зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу куәлігі №578, 22 желтоқсан 2008 ж.);

– *«Болашақ мамандарды даярлаудағы педагогикалық инновациялар»* (зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу куәлігі №487. 19 сәуір 2010 ж.);

– *«Жалпы педагогика»* – мультимедиялық электрондық оқыту басылымы (сертификат №3957, 17 қыркүйек 2012 ж.)

– *«Тәрбие жұмысының әдістемесі және технологиясы»* - мультимедиялық электрондық оқыту басылымы (сертификат № 3958, 17 қыркүйек 2012ж.);

– *«Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі»*– электрондық оқулық (Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі № 1305. 12.11.2012 ж.)

Қорыта келгенде, теория мен практикада оқытушының оқыту іс-әрекетінен студенттің инновациялық іс-әрекетіне назар аударылады. Осыдан келіп студенттердің оқу жұмысын белсендіру, олардың оқып-үйренуге деген талпынысы, өзін-өзі кәсіби белсенділік қағидасын іске асыру талаптары туындайды. Білім беру жүйесінің белсенді оқыту тәжірибесі көрсеткендей, оның формалары, әдістері мен құралдары көмегімен дәстүрлі оқыту жүйесінде қол жеткізілуі қиын болған бірқатар міндеттерді нәтижелі түрде шешуге болады. Мәселен, тек танымдық қана емес, сондай-ақ кәсіби мотивтер мен мүдделерді қалыптастыру, мамандық жүйелі ойлауға тәрбиелеу, оған табиғат пен қоғамдағы ғана емес, сондай-ақ өзін, дүниедегі өз орнын тұтас ретте түсіну енеді: кәсіби іс-әрекет пен оның ірі үзінділері туралы тұтас түсінік беру, ұжымдық ойлау мен практикалық жұмысқа үйрету, өзара әрекет ету мен қарым-қатынас жасаудың, жеке және біріге отырып шешім қабылдаудың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, жұмысқа әлеуметтік құндылықтар мен кәсіби ұжым, қоғам қондырғыларына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, модельдеу әдістерін меңгеру. Болашақ мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлаудың ерекшеліктерін анықтап, қазіргі жағдайын сараптаудың маңыздылығы арта түседі.

1 Назарбаев Н. *«Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» Президенттің Қазақстан халқына Жолдауда ауылға айрықша назар аудару // Егеменді Қазақстан. - 2002. №96(22998).*

2 Назарбаев Н.Ә. *Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.*



3 Гурьянова М.П. *Российская сельская школа как социокультурный феномен // Педагогика, 1999.-№7. - С. 58-61.*

4 Өтебаева Ә.Т. *Ауыл мектебі оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. кан. .... автореф.: 11.05.2007. - Алматы, 2007. – 24 б.*

5 Нұрмұханова Г.Е. *Қазіргі кезеңде ауыл мектептерінде оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 02.12.06. - Түркістан: Нұрлы Бейне, 2006. - 30 б.*

6 Қоңыратбай Т.Ә. *Ауыл мектебі мәдени-инновациялық ортаның тұғыры. // Қазақ мектебі: бүгінгі жайы мен даму болашағы. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары – Алматы, РОНД, - 2002. - Б. 310-312.*

УДК 378:004

## **INFORMATIONAL – COMMUNICATIONAL TECHNOLOGY AND PROBLEMS OF EDUCATION**

**F.M. Sultanova** – *Abay Kazakh National Pedagogical University, Department of World History, Candidate of Historical Sciences, Associated Professor,*

**G.M. Sultanova** – *Gerasimovskaiy school, Alakol district, Almatinskaiy region*

Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру саласында қолдану өзекті мәселенің бірі болып табылады. Заманауи оқушылар, студенттер «ақпараттық» жаһандану кезеңінде. Ақпараттық тапсырмалар өз ішінде өзге тапсырмаларға қарағанда ролі өте жоғары, заманауи адамға осыны шешуге тура келеді.

**Негізгі сөздер:** ақпарат, технология, білім беру, оқушы, студент, коммуникациялар, компьютер, ғалам тор

Проблема использования информационно-коммуникационных технологий в современном образовании является одной из актуальных. Современные учащиеся, студенты находятся в условиях «информационной» цивилизации. Роль информационных задач – очень велика среди задач, которые приходится решать современному человеку.

**Ключевые слова:** информация, технология, образование, учащийся, студент, коммуникации, компьютер, интернет

The problem of the use of information – communication technologies in modern education is one of the most urgent. Modern students are in terms of "information" civilization. The role of information problems - very high among the tasks that must be addressed to modern man.

**Key words:** information, technology, education, student, communication, computer, internet

In modern conditions, the main task of education is not only the students with the knowledge, but also the formation of independent skills acquisition. In my lectures and seminars I have been actively using the computer's capabilities, accumulated a certain didactic material – multimedia presentations, training scenarios, collection sites, etc.

The problem of the use of information – communication technologies in modern education is one of the most urgent. Modern students are in terms of "information» civilization. Among the tasks that must be addressed to modern man, the proportion of information problems is very high. Successful orientation of a person in today's world is directly related to the ability to work with information. The University is one of the links in mastering information technology. Using information and communication technology allows also building educational - educational process in class competency-based approach. In modern literature, information and communication technology competencies determine how an individual's ability to solve educational, personal and professional problems using information and communication technologies. Experience shows that students who are actively working with the computer generated a higher level of self-education skills.

Strategic course of the international community to build knowledge societies innovative economies are not in doubt. The new paradigm puts forward the main and most effective factor in successful economic, social, political and cultural development of human capital. Intelligence, knowledge, health and quality of life of the population, especially its creative artistic elite, are crucial for the establishment of an effective innovation economy, high labor quality and meet the diverse needs of society [1].

There is no doubt that the basis of qualitative and quantitative growth of human capital is primarily a creative man himself, his talent and creativity, as well as education, science and tools of intellectual and managerial work, including high-performance information and communication infrastructure.

What should be the formation of the era of the knowledge society, a person is open to all the possibilities for self-expression and full development of his individual abilities? What knowledge is needed in the knowledge society? What and how to teach, to ensure a comfortable life of people and get satisfaction from the creative work? What is the role and function of the teacher education system in the new knowledge society? These questions are still no definitive answers, and no single strategy and tactics balanced development of information and communication of the educational system of the knowledge society.

However, it is clear that the basis for a new person-oriented educational system should make information and communication technologies to create, transfer and development of knowledge, including multimedia educational products.

One of the main problems of creating new information and communication system of education was the need for direct integration of several previously existing relatively independent spheres of activity of pedagogy, psychology, areas of information computer technology, media, telecommunications, and others.

However, different approaches and different schools have become such a serious problem of integration "humanities" and "technicians" that this problem has moved into the category of general and affects not only education, but also the entire innovation economy.

Teachers overwhelmingly rather poorly versed in the intricacies of modern multimedia information and communication technologies, as, respectively, and multimedia professionals and IT-sphere does not differ deep knowledge in pedagogy and psychology. So who and how should create and implement innovative multimedia educational products and information technology, and what should be the information and communication infrastructure of the education system today is also one of the most important problems of modern education system.

And it is all-powerful Internet and is there anything better for the organization of high-quality multimedia information and communication education?

This problem is also insufficiently explored and is one of the most important for modern education. In general you should do to multimedia educational products and educational information and communication technologies have become in education and did bring the benefit that they potentially incorporated [2].

The most important ideas and the principles of the national automated system multilingual multimedia information and communication education are also:

- Systemic application in the educational process of progressive educational information and communication technology transfer, development, improvement and creation of new knowledge.

- Creating and systemic application as basic educational information and communication products universal international multilingual multimedia educational products - complex targeted educational information about objects, items, events, processes and events of the objective world, which is expressed by means of multimedia as a set of logically interrelated two- and three-dimensional static and dynamic graphics, text, animation, real and imaginary images, video and sound, integrated into a single container object with software controlled content and, in general, is represent able is as standalone e-learning materials and logically complete training sessions - multimedia lectures, lessons, workshops, training, tests, virtual simulators, practical, laboratory and other classes that implement specific training goals and objectives.

- Organization of automated information and communication learning process, optimal centralized, local and individual transfer and development of knowledge, skills and competencies through training multimedia products and effective interchange of various educational, scientific and other electronic information.

- Systemic application of centralized and autonomous local primary integral-differential feed new knowledge through linear multimedia educational information and communications products and integrated information and communication education network.

- Creating an optimal organizational and technical conditions for the system integration of the creative and technical capacities of research and educational centers, educational institutions and their professionals – teachers, psychologists, specialists in the field of multimedia and telecommunications for the development of optimal collective creative multimedia educational information and communication products and their subsequent effective use and maintenance.

- Creating specialized federal and territorial administrative science and technology centers to develop training multimedia products.

- Optimization of the organizational structure of educational institutions, including in their composition units and specialists provide multimedia information and communication education.

- Modernization of material and technical and technological base of educational institutions with equipment and instruments necessary to ensure the implementation of multimedia information and communication technology education and full access to the resources of a single computer-aided educational space.

- Creating school and administrative-territorial centers of creativity of children and young people for effective diagnosis and development of the reproductive and creative abilities of individuals.

- Optimal harmonization and standardization of tools, techniques and technologies of information and communication education.

- Integrated application of terrestrial and satellite telecommunications facilities and systems and their resources for optimum national or international integrated information and communications education network.

- Organization of effective management of information and communication education and coordination of educational activities educational institutions through an automated control system.

- Organization of a single automated dynamic consideration of the quality of education quality of education,

knowledge, skills, qualifications, competencies, as well as scientific, practical and other creative achievements of the person during the period of his education and work experience through the introduction of electronic educational certificate.

- Creating an effective automated system dynamic accounting quality of education, as well as qualitative and quantitative level of national human capital. Establishment of a national human capital services (NSCHK).

- Organization of effective integration of all subsystems of national education based on the unity of strategic goals and objectives and personal education through a single automated information and communication educational space.

- Organization effective mutually vertical and horizontal cooperation among general education, secondary and higher education institutions, research and education, research centers and institutions, and the sphere of production and services on the basis of mutual scientific, business, creative, commercial and other interests, using information and communication resources countries.

The general structure of the automated system of universal multimedia multilingual information and communication education includes:

- National and regional research and education (SEC), and scientific and technical centers (STC);

- Modernized schools with scientific and technical centers of higher and secondary specialized educational institutions and centers of multimedia and telecommunications (ICC) general education and vocational schools;

- Universal integrated information and communication educational infrastructure of the Republic of Kazakhstan;

- Automated system for managing information and communication with relevant education centers and automated management of a specialized search system of the country.

Basis of universal integrated information and communication infrastructure must be single integrated information and communications Education Network-integrated unified data network, including terrestrial and satellite data transmission system, including educational network of digital broadcasting and the Internet, the main and zonal training centers broadcasting and telecommunications, as well as geographically distributed automated control centers and specialized electronic repository of multimedia educational products, educational, scientific and other relevant information library, banks and knowledge database [3].

Today this market is dominated by mostly American products and technologies. They, like many other Western educational information and communications products and technologies focused exclusively on the Internet [4]. But, as the results of studies of the Internet in the educational plan, primarily multimedia learning is severely limited and depends directly on the quality of branching and capacity of national telecommunications networks.

The creation of a global comprehensive international educational information and communication networks, which will be the basis of satellite telecommunications – digital television and data services, including Satellite Internet segment provides seamless high-speed delivery of educational products, i.e. transfer of knowledge anywhere in the world, and almost irrespective of the state of the national telecommunications networks.

Having available as a powerful and highly scientific and industrial base for the development of educational products can be in a few days after the appearance anywhere new knowledge based upon it high international multilingual multimedia educational products and corny speaking, just to sell them worldwide [5]. And deliver them can literally be at home, "colors and colors" – a multi-faceted and multi-media presentation in any language through a single integrated information and communications education network.

Today, every state strives to develop national education; clearly realizing that without effective education will be no quality of human capital, or the innovation economy. The cost of a quality education and investing in is growing each year. However, true prophecy known scientists J.K. Galbraith and A.Toffler that the source of power moves from capital to organized knowledge "control over knowledge (their production, distribution and use, auth.) Is the essence of the battle for the future world power in all institutions of mankind!". Therefore, the global market for educational products, technologies and services inflames invisible, but a fierce battle for control of knowledge and their pathways. Becomes not so important where and by whom the creation of new knowledge and technologies. More important is the range, scope and effectiveness of their use in the economy of various countries. Only those nations of the world who are able to organize the effective application of the maximum innovation and create a dynamic competitive innovation economy can ensure their successful socio-economic development and a high standard of living.

1 Шилова О.Н., Лебедева М.Б. Что такое ИКТ компетентность. // *Информация и образование*. 2004, - №3.

2 Ксезонова Г.Ю. Перспективные образовательные технологии. – М., 2002.

3 Ксезонова Г.Ю. Информационные технологии обучения. – М., 2005.

4 <http://idos.ru>

<http://www.encyclopedia.ru>

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ

ӘӘЖ 85 (064)

### С.ЛАПИННИҢ ТҮРКІСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

Ә.Ж. Әзіретбергенова – Абай атындағы ҚазҰПУ

В данной статье говорится об участии С.Лапина на IV краевом съезде мусульман, прошедшего 26 ноября 1917 года в городе Коканд, а также о проведенных им работах на данном съезде.

Несмотря на то, что С.Лапин с самого начала поддерживал провозглашенную на IV чрезвычайном краевом съезде мусульман Туркестанского края автономию Туркестана, и активно участвовал в его деятельности, в дальнейшем он разорвал все связи с ним, начал действовать самостоятельно. Поскольку С.Лапин переживал за то, что двойная власть в Туркестанском крае в скором времени приведет к кровопролитию, к тяжелым последствиям для народных масс, и он решил проводить совместную с Советской властью политику, призывал их к компромиссу. Хотя С.Лапин и пытался предотвратить кровопролитие между национальными силами и Советской властью, известно, что он не учел насколько опасны действия большевиков, которые использовали разногласия между политическими течениями мусульман в своих интересах. Его дальнейшие действия по освобождению Туркестана от большевиков говорят о его желании получить независимость народа. Все эти вопросы разносторонне анализируются и исследуются в данной статье.

**Ключевые слова:** С.Лапин. “Шуро-и-уламо”. “Шуро-и-ислам” Туркестанский Мухтарият IV-й Чрезвычайный краевой мусульманский съезд

In this article it is spoken about S.Lapin's participation at the IV regional congress of the Muslims, passed on November 26, 1917 in the city of Kokand, and also about the works carried out by it at this congress.

In spite of the fact that S.Lapin from the very beginning supported proclaimed at the IV extraordinary regional congress of Muslims of Turkestani edge an autonomy of Turkestan, and actively participated in its activity, further it broke all links with it, started working independently. As S.Lapin worried about that the double power in the Turkestani region will shortly lead to bloodshed, to serious consequences for a people at large, and he decided to pursue joint policy with the Soviet power, called them for a compromise. Though S.Lapin also tried to prevent bloodshed between national forces and the Soviet power, it is known that he didn't consider actions of Bolsheviks which exploited disagreements between political trends of Muslims are how dangerous. Its further actions on liberation of Turkestan from Bolsheviks speak about his desire to gain independence of the people. All these questions are versatily analyzed and investigated in this article.

**Key words:** S.Lapin “Shuro-i-ulame”, “Shuroi-islam”. Turkestan Muhtariat IV Emergency regional moslem convention. Turkestan autonomy

Серәлі Мұңайтпасұлы Лапин 1868 жылы Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Сырдария облысының Перовск уезіндегі Кеңтүп болыстығының 4-ауылында (қазіргі Қызылорда облысы Сырдария ауданы Қоғалы көл ауылында) дүниеге келді.

С.Лапин – өзі өмір сүрген тұста әр қырынан көрініп, өзінің қайраткерлігімен тарихта қалған тұлға. Бүгінгі мақалада С.Лапиннің Түркістан тәуелсіздігі жолындағы күресінің бір парасына тоқталмақпын.

Түркістан өлкесі мұсылмандары орталық кеңесінің ұйымдастыруымен 1917 ж. 26 қарашада Қокан қаласында IV төтенше өлкелік мұсылмандар съезі жұмысын бастады. Сол тұста Қокан қаласында почта-телеграф қызметкерлерінің ереуілі болуы себепті көптеген делегаттар съезге дер кезінде жетіп үлгермеді. Осы ереуілдің салдарынан съезд қарашаның 25 күні емес, 26-на ашылды. Съезге Ферғана облысынан 150, Сырдария облысынан 22, Самарқанд облысынан 21, Закаспий облысынан 1, Бұқар әмірлігінен 4 адам қатысты. Жиналған делегаттардың саны 250 адамға жетті. Бұдан бөлек съезге “Шуро-и-уламо”, “Шуро-и-ислам” секілді мұсылмандық қоғамдық-саяси ұйымдардың, мұсылман әскерилер кеңесінің және еврейлердің өлкелік “Паолей-Сион” ұйымының өкілдері де қатысты [1].

Төралқасы құрамына М.Шоқай, У.Қожаев, Ю.Агаев, С.Ақаев, С.А.Герцфельд, О.Мақмұдов, И.Шагиахмедов секілді қайраткерлермен бірге С.Лапин да енген съездің күн тәртібіне Түркістанды басқару формасы, Түркістанның “Оңтүстік-шығыс одаққа” қатысы, атқару комитеттеріне сайлау, Түркістан өлкелік Құрылтай жиналысы, милиция құру, қаржы және т.б. мәселелер қойылды.

Съезді кіріспе сөзбен М.Шоқай ашты. Ол өз сөзінде: “Орталықта болып жатқан бүлікшілік шет аймақтардағы халықтарды өз басын арашалау және зор ұлттық төңкеріс берген жемістерді қорғау үшін өз беттерінше әрекет жасауға итермелеп отыр. Енді октябрь қантөгісін басынан өткізген Ресей түгелдей және Түркістан өз келешегін өздері ойлауы керек. Өлкедегі ауыр жағдайды ашаршылыққа ұласуы ықтимал азық-түлік тапшылығы терендете түсуде. Ал енді осы жағдайдан қайтсек аман-есен шығамыз?” деп сауал

тастап, одан ары М.Шоқай өлкеде орнаған кеңес билігіне жеткізген жолдың күнәсіз құрбандардың қанына боялғандығына, оған Ташкентте құрамында мұсылмандар өкілдері жоқ үкіметтің құрылуы себепші болғандығына, төңкерістен кейін де жаңа билік басшыларының келісіп жұмыс істеуге ықылас танытпай отырғандығына тоқталды [2].

Түркістанды басқару формасы туралы мәселені талқылау барысында сөз алғандардың барлығы дерлік түркістандық большевиктердің ұстанған саясатын сынға алып, олардың жергілікті халықтардың ішкі істеріне араласуы ешқандай сын көтермейді деп бағалады.

Съезге қатысушылар Түркістанның саяси құрылысы мәселесінде бір шешімге келіп, 27 қараша күні ол жөнінде қабылданған қаулыда былай делінді: “Аса арнаулы болып жасалған Түркістан аймағы мұсылмандарының төртінші жалпы съезі Русиядағы ұлы өзгеріс салып берген жолмен һәр жұрт өзін өзі басқаруға ықтиярлы болсын деп еркіндікті қалайтын Түркістан аймағындағы барлық халықтардың қалауы бойынша Түркістан аймағын Русия демократиялық республикасымен бірлікте болып, бөлек жасауға ерікті территориялық автономиясы қылып жариялайды. Бұл автономияның қай түрде болуы жақын арада шақырылмақшы болған Түркістан аймағының өз Учредительный собраниясінің ықтиярына беріледі. Съезд өз атынан Түркістан аймағында саны аз ұлттардың құқықтарына қиянат қылмай, оларды да қорғайды” [3].

Түркістан аймағын Ресей федеративті республикасымен ынтымағы бір территориялық автономия деп жарияланған қаулының қабылдануы кезінде С.Лапин бастаған “Шуро-и-уламо” ұйымы мүшелері Түркістан автономиясын жариялауға әлі ертерек, оны орыс революциялық демократиясы өкілдерімен келісе отырып жариялау керек деген пікір білдірген болатын. Олардың мұндай пікір білдіруі съезд делегаттарының наразылығын туғызды. Тіпті, делегаттардың талап етуімен “Шуро-и-уламо” өкілдері съезден шығарып жіберілді. Бірақ бұл дау-дамай келіссөз нәтижесінде шешіліп, С.Лапин бастаған “Шуро-и-уламо” өкілдері съезге қайта жіберілді [4].

Дегенмен съезге С.Лапин мынандай шарттар қойды:

1. Өлкедегі билікті іс жүзінде қолына алған орыс демократиясының өкілдеріне қарсы дұшпандық іс-қимылдар жасалмасын.

2. Түркістан автономиялы республикасының Уақытша үкіметі өз қызметін барлық жағынан шариат қағидаларына үйлестіріп жүргізісін.

3. Автономияны жүзеге асыру бейбіт түрде жүрсін, қантөгіске жол берілмесін” [5].

С.Лапин Түркістан автономиясының жариялануын ертерек деп санағанымен оның жариялануына еш қарсылығы жоқ екенін съезде мәлімдеді. Ол өзінің жоғарыдағы ұсыныстарын съезд қолдайтын болса Түркістан автономиясы нағыз әділетті мұсылмандық мемлекеттік құрылым болып, халықтың сеніміне ие болады деп санады.

С.Лапиннің бұл ұсыныстарына делегаттардың бір бөлігі қолдаушылық танытып, Түркістан автономиясының халқының 98 пайызы мұсылмандар болатын аймақта жарияланып отырғанын, сондықтан автономияның ислам дінінің қорғаушысы болуы керектігін алға тартты. Сонымен қатар Түркістан автономиясының аяғынан тік тұруы С.Лапин ұсынғандай бейбіт өмір жағдайында ғана нәтижелі болатындығын, сондықтан кеңестермен келіссөздер жүргізу арқылы Түркістан автономиясын қантөгіссіз құру керектігін делегаттар қолдап шықты [6].

Съездің 28 қараша күнгі мәжілісінде жаңадан құрылған мемлекеттік құрылымды Түркістан мұхтарияты деп атау жөнінде шешім қабылданды. Түркістан мұхтариятындағы билік өлкелік Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін Түркістан Уақытша кеңесі мен Түркістан халықтық (ұлттық) жиналысына сайланған мына депутаттардың: М.Шоқай, И.Шагиахмедов, М.Тынышбаев, Ғ.Қожаев, Ә.Оразаев, С.Герцфельд, Қ.Қожықов, Т.Нарботабеков, С.Лапин, С.Миржалилов, Ю.Агаев, У.Дербісалин, М.Ақчурин, М.Бехбуди, И.Дәулетшин, Т.Мұсабаев, С.Юсуфов, Ғ.Абдуллин, М.Мырзахметов, С.Саидов, Г.Құшбегиев, Ғ.Махмұдов, О.Омаров, Ж.Қарабеков, Х.Ширинский, Ғ.Ғабдулсалимов, М.Мансуров, Т.Қожаев, К.Рахманбердиев, Н.Төреев, Ә.Шәкірхантөреев және С.Қожаевтардың қолына өтті. Сөйтіп Түркістан халықтық кеңесі (Уақытша ұлттық кеңес) құрамына сайланғандардың бел ортасында С.Лапин да болды [7].

Уақытша ұлттық кеңеске сайланғандардың арасында негізгі тұрғындары қазақтар Сырдария және Жетісу облыстарынан 11 өкіл бар болатын. Кеңес құрамында, сондай-ақ мұсылмандар съезі сайлаған өкілдермен бірге, қаланың өзін-өзі басқару ұйымдарының 4 өкілі, түрлі “еуропалық” ұйымдардың 18 өкілі бар болатын. Басқаша айтқанда, кеңестегі барлық орынның үштен бірі сол тұстағы Түркістан халқының мардымсыз бөлігін құраған жергілікті емес, еуропалық тұрғындардың үлесіне тиген [8]. Ұлттық-мемлекеттік құрылымның басшылары Түркістадағы өзге ұлт өкілдерін де билік құрылымдарына тарту, болашақта еруге тиіс өзге ұлт өкілдеріне арнайы орын бөлуі арқылы Ташкенттегі большевиктер жасақтаған үкіметтен моральдық тұрғыда жоғары тұрған саяси мәдениеттің үлгісін таныта алды.

Уақытша ұлттық кеңес 12 орыннан тұрған Түркістан мұхтариатының Уақытша үкіметін бекітті. Оның құрамына съезде мына 8 қайраткер сайланды: М.Тынышбаев (Премьер-министр, ішкі істер министрі), И.Шагиахмедов (Премьер-министр орынбасары), М.Шоқай (Сыртқы істер министрі), У.Қожаев (Соғыс министрі), Ю.Агаев (Жер шаруашылығы және су ресурстары министрі), О.Махмұдов (Азық-түлік министрі), Ә.Оразаев (Ішкі істер министрінің орынбасары), С.Герцфельд (Қаржы министрі). Қалған төрт орын Түркістанның еуропалық нәсілдегі тұрғындарының үлесіне қалдырылды [9].

Съездің шешімімен Түркістан мұхтариаты үкіметі атынан халыққа жолданатын үндеудің мәтінін әзірлеу Уақытша ұлттық кеңеске жүктелді. Үндеуді әзірлейтін топтың құрамына Уақытша ұлттық кеңестің М.Бехбуди, Қ.Қожықов, Т.Нарботабеков, С.Юсуфов секілді т.б. мүшелерімен бірге С.Лапин да енді. Олардың әзірлеген үндеу мәтініне съездің талқысынан кейін біршама өзгерістер енгізілді. Сөйтіп, халыққа Түркістан мұхтариаты атынан жолданған үндеуде былай делінді: “Революциялық демократия ала келген бостандық пен халықтардың өзін-өзі билеу негіздерін жүзеге асыру мақсатында, көпмиллионды Түркістан халқының еркімен санаса отырып, өлкелік төтенше жалпымұсылмандық съезд Түркістанды Ресей федеративтік демократиялық республикасының құрамындағы автономиялық бөлігі деп жариялады.

Түркістанда ұйымдасқан барлық күштердің бастан өткеріп отырған ахуал кезіндегі мақсаттарының маңызды, әрі жауапкершілікті екенін өлкелік съезд толық ескеріп, жан-жақты тәртіпті орнықтыруға талпынып, Түркістандағы барлық халықтардың ынтымағын, әл-ауқатын және мәдени дамуын қамтамасыз ету үшін Уақытша Түркістан ұлттық кеңесін сайлады. Ол өз кезегінде тез арада Түркістан құрылтай жиналысын шақыру, тұрғындарды азық-түлікпен және күнделікті тұтынатын тауарлармен қамтамасыз ету, қаржы істерін ретке түсіру, халық милициясын ұйымдастыру және барлық халықтар мен ұлттардың құқығын қорғау міндеті жүктелген Түркістан мұхтариатының Уақытша үкіметін құрды.

Ресей революциясының теңдік, бостандық және туыскандық ұрандарының шынайы екендігін негіздей отырып, Түркістанның барлық азаматтарын, өлкеде тұратын барлық халықтар мен ұлттарды, қалалық, земстволық өзін-өзі басқару мекемелерін, саяси, қоғамдық және кәсіптік ұйымдарды, мемлекеттік, қоғамдық және жеке меншік мекемелерді съезд Түркістандағы халық өкіметі төңірегінде топтасуға, оның алдына қойылған ауыр міндеттерді жүзеге асыруға жан-жақты көмек көрсетуге шақырады.

Әлемде өртше шарпыған соғыстың бұрын-соңды болмаған дүрсілі астында барлық халықтар өз тағдырын өздері шешуге ұмтылуда. Жерді қанмен бояған соғыстан шаршаған халықтың қанды қылышын көтеруге дәрменсіздік танытатын күн де таяп қалды. Жер бетінде ұзақ күттірген бейбітшіліктің орнайтынына, әлем халықтары қиранды өмірлерін қайта жандандыратынына кәміл сенеміз. Өзінің тарихи тағдырына сәйкес біздің Түркістан халқы қақтығыстан тыс қалды.

Бұғаудан босаған түркістандықтардың өз жерінің толық қожайындары ретінде өз тарихын өздері жасайтын сәт туды. Біз алдымызда тұрған міндеттердің ауқымды екендігін, біздің ісіміздің дұрыстығын сезініп, Алланың рахымшылығымен өз жұмысымызға кірістік” [10].

1917 ж. 2 қарашада Дон казактары инициативасымен кеңестер билігіне қарсы күресу мақсатында Владикавказда құрылып, Қырым мен Әзірбайжан үкіметімен және Украинаның Орталық Радасымен байланыс орнатып үлгерген “Оңтүстік-шығыс одағына” (“Казак әскерлері, кавказдықтар мен ерікті дала халықтарының оңтүстік-шығыс одағына”) Түркістан мұсылман-дарының қатынасы мәселесі съезде қызу талқыланды. Бұл одаққа қосылуға делегаттардың басым көпшілігі наразылық танытты. Ол жөнінде сөйлегендер “Оңтүстік-шығыс одағының” құрылтайшысы болып табылатын казактар патша өкіметінің сойылын соғушылар ретінде танылғанын алға тарта отырып: “Дон казактарына Корнилов, Краснов, Каледин, Караулов секілді монархистер жетекшілік етеді... Олар бізді өздеріне шақырғанда бізді өз мүдделеріне пайдаланбақшы. Сондықтан біз олармен бірге бола алмаймыз” деп мәлімдеді [11].

Осы мәселе төңірегінде өрбіген пікірталас барысында С.Лапин “Оңтүстік-шығыс одағына” қосылу, не қосылмау мәселесін шешуге асығыстық танытпауды ұсынып: “Егер біз, мұсылмандар бейтараптық жағдайдан шығатын болсақ жөнсіз зардапқа ұшырап қалуымыз мүмкін. Қажетсіз қантөгістен құтылу үшін бейтараптық жағдайды сақтап, биліктің бейбіт түрде толығымен халықтың қолына көшуін күтейік. Сонан соң ғана басқа халықтармен келісімдер жасауға болады” деген өз пікірін білдірді [12].

С.Лапиннің және өзге де бірқатар делегаттардың ұсынысын ескере отырып, съезд “Оңтүстік-шығыс одағына” Түркістан мұсылмандарының қатынасы жайында мынандай мазмұндағы қаулы қабылдады: “1. Іс жүргізіп тұратын бір комитет сайлап шығарып “Юго-восточный союзбен” (“Оңтүстік-шығыс одағы”) Түркістан арасында ынтымақ қандай шарттармен болатынын анықтап білу үшін саяси өкілдер жіберу сол комитетке тапсырылсын.

2. Ол союзға кіру, не кірмеу еркіндігін айқындау үшін Түркістан халықтарының Учредительное собраниясын тез жию міндеті сол іс жүргізетін комитетке тапсырылсын.

3. Жұрт шаруасы күйзеліп кетіп, бұған шара союзға қосылу ғана болып қалған болса іс жүргізетін комитеттің Учредительное собрание ашылғанша уақытша шарт жасасып, уақытша қосыла тұруға ықтияры бар” [13].

Қабылданған бұл қаулы мәтіні телеграф арқылы “Оңтүстік-шығыс одағының” төрағасы атаман Дутовтың атына жолданды. Көп ұзамай атаман Дутовтан Орынбор казак әскері бөлімдеріне Түркістан өлкесіне қару-жарақ жеткізуге тапсырма бергені және өзінің Түркістан мұхтариятына қолдау көрсететіні жөнінде жеделхат келіп түсті [14].

Съезде Түркістан мұхтарияты атынан Сібір автономиясы үкіметінің төрағасы Потанинге “Сібір автономиясын құттықтай отырып, Түркістан өз автономиясын жариялағанын хабарлаймыз. Автономиялы Түркістанның Уақытша үкіметі Сібір мен Түркістанның жуық арада Ресей Федеративті республикасының тең құқықтағы мүшелері ретінде тығыз қарым-қатынаста болады деген үмітте екендіктерін білдіреді” [15] деген жеделхат жолдады.

Қоқан қаласында жүріп жатқан почта-телеграф қызметкерлерінің ереуілін тоқтату мақсатында съезд атынан почта-телеграф қызметкерлері одағына үндеу жолдады. Онда: “Өлкелік жалпымұсылман съезі Түркістан Құрылтай жиналысын тез арада шақыруды ұйғарып отыр. Соған орай почта-телеграф жұмысының қалыпты жүруі керек. Почта-телеграф одағы ереуілді доғарудың тәсілін табуы тиіс” деп, ереуілге шыққан почта-телеграф қызметкерлерін көпмиллионды Түркістан халқымен бірге Түркістан мұхтариятына қолдау танытуға шақырды [16].

Съезде Ташкент большевиктерінің халыққа жасап жатқан зорлық-зомбылығына қарсы шаралар қолдану мәселесі де көтерілді. Бұл мәселе бойынша сөз алған С.Лапин большевиктердің Ташкентте тінту жүргізулері, негізсіз тұтқындаулары қалыпты жағдайға айналғанын, сөйтіп Ресей революциясы жариялаған жеке адамдардың құқығына қол сұғуға болмайды деген принциптің бұзылып отырғанын алға тартты. Ол Ташкент большевиктері негізсіз тұтқындалғандарды тез арада босатуы керектігін, азаматтардың жеке бастарының және мүліктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, тінту жүргізулерді доғаруды, жарияланған сөз және баспасөз бостандығына тосқауыл қоймауды талап еткен қаулы қабылдауды ұсынды. Оның бұл ұсынысы съезге қатысушылар тарапынан қолдау тапты [17].

Осылайша Ташкенттегі Түркістан Халық комиссарлары кеңесіне балама Қоқанда Түркістан мұхтариятының Уақытша үкіметі құрылып, өз қызметін бастады. Бұл Түркістан өлкесінде қос биліктің орнауы болатын. Осы арада мынаны айта кеткен жөн: Түркістан тарихында терең із қалдырған 1917 жылдың саяси оқиғаларында қазақ интеллигенциясы аса үлкен рөл атқарды. Олар IV өлкелік мұсылмандар съезін даярлап өткізуге белсенді түрде атсалысып қана қойған жоқ, сонымен бірге осы съез құрған өлкелік биліктің құрамына еніп, жетекшілік орындарды иемденді [18].

Мәселеге айқындық беру үшін Түрккомиссияның мүшесі Г.Сафаров Түркістан Мұхтарияты үкіметін құруда қазақ зиялылары белсенді рөл атқарғандығын атап көрсетеді. Оның «қазан оқиғаларынан соң кеңеске қарсы автономиялық қозғалыстың басшылығы ұлттық буржуазиялық өзін-өзі басқару еркін білдірген алдыңғы қатарлы зиялылардың қолына шоғырлануы реакциялық-феодалдық «Улемамен» байланысы жоқ қырғыз (қазақ деп оқыңыз – авт.) зиялыларының алдыңғы шепке шығуына» [19] алып келді деген пікіріне тоқталған орынды болар. Шындығында 1917 ж ақпан төңкерісіне дейін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қалың ортасында жүрген, Түркістан Мұхтариятын құруға және оның қызметіне белсене араласқан М.Тынышбаев, М.Шоқай, С.Лапин, Ә.Оразаев, С.Ақаев, Қ.Қожықов сияқты этноэлита өкілдері европалық білім алған, Ресейдің демократиялық қозғалыстарына араласқан саяси дайындығы мол тұлғалар еді. Содан да олар 1917-1918 жж. Түркістандағы тарихи оқиғалардың алдыңғы сапында болды.

Кеңестік тарих ғылымында Түркістандағы кеңестер билігін жергілікті халық бірден қуана қарсы алды, ал Ташкенттегі Халық комиссарлары кеңесіне балама ретінде өмірге келген Түркістан мұхтариятының уақытша үкіметі жергілікті халықтан ешқандай да қолдау тапқан жоқ, сондықтан Түркістан мұхтарияты тез арада құлап қалады деген асығыс тұжырымдар жасалған. Дегенмен, бұл мәселеге қатысты сол кезеңнің тарихи құжаттарымен жә»не деректермен танысу, оларды соңғы зерттеу тәсілдерімен талдау мұндай біржақты тұжырымдардың шындыққа жанаспайтындығына көз жеткізеді.

Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше IV съезінің Түркістан мұхтариятын жариялауын және мемлекеттік құрылымды қалыптастыру жолында жасаған қадамын “Улуғ Туркистон” газеті жоғары бағалай отырып, “тіпті большевиктер үкіметінің көсемі Ленин өзінің жуырдағы декретінде Ресейдің барлық халықтарына, соның ішінде қазақтар мен Түркістан мұсылмандарына да өз қалауларына автономия құруларына ерікті екендігін мәлімдеді. Осы хабарламаға сәйкес съездің Түркістан мұхтариятын жариялауы халықтың тілегіне және орталық үкіметтің ұйғарымына еш қайшы келмейді” [20] деп жазды.

1917 жылдың 30 қараша күні Қоқан қаласында мұсылмандардың Түркістан мұхтариятын қолдаған манифестациясы болды. Мыңнан астам адамның қатысуымен өткен бұл манифестацияда халық Ақпан революциясы берген бостандық негіздерін қорғауға және Түркістан мұхтариятына барынша қолдау көрсетуге ант берді. Олар “Түркістанның жері біздің тәніміз, суы - қанымыз. Кімде-кім тиетін болса, ол біздің қанымызды төккенмен бара-бар” [21] деп мәлімдеді.

Мұның артынша 1 желтоқсан күні Наманган уезінде Түркістан мұхтариаты үкіметін қуаттап-қолдауға арналған митингі өтті. Бұл митингіге 100 мыңнан астам адам қатынасты. Наманган көшелеріне лық толған адамдар “Жасасын Түркістан мұхтариаты мен оның үкіметі!” деген плакаттарды алып жүрді [22].

Ташкент қаласында С.Лапин мен Мұнауар Қаридің ұйымдастыруымен Түркістан мұхтариатына қолдау көрсету мақсатында 6 желтоқсан күні митингі өтті. 60 мыңнан астам адамның қатысуымен қаладағы Жұма мешіті жанына жиналған халықтың алдына шығып сөйлегендердің қатарында С.Лапин да болды. С.Лапин өз сөзінде халықтың құқығын қорғауды Түркістан мұхтарияты қамтамасыз ете алатындығын, сондықтан оған кәміл сену керектігін алға тарта отырып, митингі атынан мынандай мазмұндағы қаулы қабылдауды ұсынды: “Біздер, халықтың барлық топтарының мұсылмандары Түркістанның автономия болып жариялануын қуаттаймыз және Қоқандағы төтенше съезд ұсынған Түркістан халық үкіметін құру туралы қарарға толық қосыламыз. Ресейдің ұлы революциясы (Ақпан революциясы) паш еткен халықтық басқару принциптерінің салтанаты үшін ұйымдасқан ресейлік демократия Түркістан өлкесінің барлық мұсылман халықтарының еркін үніне бірауыздан қолдау жасайды және біздің тәуелсіздік пен мұсылмандардың өзін-өзі басқару жолына түсулеріне көмектеседі деп берік сенеміз. Осындай сеніммен барлық мұсылмандарды автономиялық Түркістан үкіметінің айналасына тығыз топтасуға және азамат соғысының, сондай-ақ, қазіргі азат Түркістанның туысқан халықтарының жазықсыз қандары төгілуін алдын алу үшін барлық қолайлы бейбіт әдістермен өлкені автономияландыруды нақты, әрі жедел жүзеге асыруға шақырамыз” [23].

Осы митингіде сөйлеушілер Халық комиссарлар кеңесінің қалалық думаны таратып, оның орнына жұмысшы-солдат депутаттары кеңестері өкілдерінің енгізуіне халықтық қарсылық таныту керек деушілер де болды. Бірақ “Шуро-и-уламо” ұйымы мүшелері осы күні өтіп жатқан қалалық думаның мәжілісіне мұсылмандық ұйымдар атынан өкілдер жіберейік, онда олар Түркістан мұхтариятына жұмысшы-солдат депутаттары кеңестерінің назарын аударуға күш салсын деген ұсыныс жасады. Митингіге қатысушылар мұндай ұсынысты орынды деп тауып, қалалық думаның мәжілісіне С.Лапин бастаған “Шуро-и-уламо” ұйымының И.Есенбаев, С.Мақдум секілді бірнеше мүшелерінің қатысуына қолдаушылық білдірді.

“Шуро-и-уламо” ұйымы мүшелері қатысқан Ташкент қалалық думасының мәжілісінде социал-революционерлер (эсерлер) мен социал-демократтар (большевиктер) арасында Түркістан мұхтариятына қатысты қызу пікірталас жүрді. Эсерлер Түркістан мұхтариятына ізгіниетте екендіктерін, егер оған көмек керек болса қол ұштарын созуға әзір екендіктерін танытты. Ал большевиктер болса, Түркістан мұхтариятын мойындамайтындықтарын білдірді. Мәжілістің барысында “Шуро-и-уламо” ұйымы мүшелері эсерлердің пікірлері орынды екендіктерін айтып, оларға ризашылық танытты. Сөйтіп, осы мәжілісте С.Лапин жетекшілік еткен “Шуро-и-уламо” ұйымы эсерлер партиясының Түркістан автономиясына оң көзқараста екендігіне көз жеткізді [24].

1 Аъзамхуджаев С. *Туркистон мұхтарияти*. – Ташкент: Маънавият, 2000. – 126-б.

2 Қойгелдиев М. *Алаш қозғалысы*. – Алматы: Санат, 1995. – 342-б.

3 Бірлік туы. 1917. 12 желтоқсан.

4 ӨРООМ. 39-қ., 1-т., 11-іс, 3-п.

5 *Туркестан в начале XX века ... с. 83.*

6 ӨРООМ. 39-қ., 1-т., 11-іс, 4-п.

7 ӨРООМ. 39-қ., 1-т., 11-іс 5-п.

8 РМӘСТМ. 71-қ., 34-т., 1632-іс, 18-п.

9 Қойгелдиев М. *Алаш қозғалысы*. – Алматы: Санат, 1995. – 343-б.

10 Исхаков С.М. *Российские мусульмане и төңкеріс (весна 1917 г. – лето 1918 г.)... с. 313.*

11 РМӘСТМ. 71-қ., 34-т., 1632-іс, 26-п.

Сливаясь воедино, в русском миропонимании язычество касалось взаимоотношений человека с природой, с традициями, а христианство взаимоотношений между людьми [1; с. 309].

Важным было распространение кириллической письменности и книжной традиции после крещения Руси. Появилось гражданское законодательство и судопроизводство.

Русская средневековая культура, образование и воспитание развивались под воздействием симбиоза язычества и христианства. Язычество придавало специфические, присущие лишь русскому народу черты, в то время как христианство привнесло новшества в жизнь русичей. Церковь стимулировала развитие отдельных сфер культуры: письменности, архитектуры, живописи.

Православный вариант христианства допускал богослужение на национальных языках. Это создавало благоприятные условия для развития письменности на родном языке. Вместе с богослужебными книгами и богословской литературой на Русь из Болгарии, проник и первый межславянский язык, возникший на основе одного из диалектов древнеболгарского языка. Этот язык, именуемый обычно старославянским, стал языком культа и религиозной литературы. На местной восточнославянской основе сформировался древнерусский язык, обслуживавший различные сферы жизни. Вопреки сложившимся стереотипам все же письменность на Руси имеет дохристианскую историю. Еще до принятия христианства русичи использовали греческие и латинские буквы: в фундаменте церкви Выдубецкого монастыря в Киеве обнаружены «черты и резы».

Развитие письменности на родном языке привело к тому, что русская церковь с самого начала не стала

монополистом в сфере грамотности и образования. О распространении грамотности среди демократических слоев городского населения свидетельствуют берестяные грамоты. Это письма, памятные записки, владельческие записи, учебные упражнения. Письмо, таким образом, использовалось не только для создания книг, государственных и юридических актов, но и в быту. Нередко встречаются надписи на ремесленных изделиях. Простыми горожанами оставлены многочисленные надписи-граффити на стенах Церквей многих городов [2; сс. 302-303].

Монастыри, осуществляя свое социальное служение обществу, предоставляли возможность нуждающимся трудом зарабатывать средства к существованию. Опека и нравственное исправление нищих, а не содержание на собственные средства, – это было и остается одним из основных призваний монашествующих в деле социального служения. В средние века единственным местом, где человека обеспечивали всем необходимым и давали возможность заниматься науками, были монастыри. Они играли роль не только религиозных центров, но и своего рода академии наук и университетов. Здесь писались трактаты на и воспитывалось новое поколение образованных людей. Князья и цари ездили в монастыри не только для молитвы, но и для совета – ведь нередко тут были самые знающие соотечественники. Неудивительно, что при Ярославе возникает русское монашество, появляются русские монастыри. Описи XV-XVII веков показывают, что большинство книг монастырских библиотек носило не богослужебный, а иной характер.

В центре всех христианских обрядов стоит книга, где Слово воспринималось как носитель премудрости Божьей, а книга – как источник Слова. Христианизация по византийскому обряду потребовала от древне-киевского правительства организации «книжного дела», налаживания переводов церковной литературы на русский язык. С принятием христианства началось систематическое обучение правящей элиты. Христианство к X веку имело обширную литературу. На Русь завозилось много разнообразной религиозной литературы. В монастырях собирали книги, переводили и переписывали разные сочинения, вели летописание. Высокий уровень профессионального мастерства, с которым исполнены эти книги, свидетельствует о налаженном производстве рукописных книг.

Русское православное христианство в процессе развития стало отличаться от христианства католического и от христианства византийского образца. С одной стороны, оно заимствовало из славянского язычества отдельные его элементы. С другой стороны, именно православие считается истинной религией сохранившей в себе богословскую традицию в первоначальном виде: именно об этом говорит тот факт, что во всем мире православных называют «ортодоксами», а православная Церковь – переводится как «Ортодоксальная». Об истинности и не поврежденности православной веры говорят и такие факты: чин Литургии – главного богослужения остается без изменения с IV века. Русичи до такой степени сблизили свое христианство с язычеством, что Крещение Руси стало симбиозом двух родственных мироощущений. Православная Церковь приняла лишь те языческие традиции, которые не разрушали складывающуюся церковную иерархию. Между светской и церковной властью устанавливается тесная взаимосвязь, причем первая главенствует над второй.

Под влиянием язычества христианство становится все более «мирским», «обрядовым». Это дает возможность утверждать о появлении, в этих условиях, новой исторической категории – Русского Православия, особенностью которого явилось сочетание понятий «крест» и «совесть». Русское православие развивалось вместе с национальным сознанием и национальным духом русского человека. Прибывшее духовенство не только служит в новых храмах, но и готовит «национальные кадры» для церкви.

Началом становления школы как социального института принято считать период с 988 года, поскольку в «Повести временных лет» указано, что по приказу Владимира собирали детей из лучших семей и посылали их в школы в книжное учение. Дабы «посеять книжное слово в сердце верных людей». При Ярославе в Новгороде в учение уже было отдано 300 человек. В княжение Ярослава создана при дворе своеобразная средневековая академия.

Церковнославянский язык русского православия был доступен широким слоям населения Древней Руси. Следовательно, Русь с самого начала вступила на путь создания собственной оригинальной литературы [3; сс. 203-205]

Христианство позволяло использовать опыт резьбы по камню, росписи стен.

На Руси ранее не практиковалось каменное строительство. Приглашенные из Византии мастера строят каменные здания и храмы, расписывают их, украшают фресками, мозаикой, иконами, а рядом с ними работают русские, которые учатся неизвестному ранее мастерству.

Вводится летописание. Киевская Русь начинает чеканить золотую и серебряные монеты. На Руси появляется огородничество.

Православие ставит во главу угла требование, чтобы люди хорошо относились друг к другу, что

является основой в системе воспитания. На практике, в древнерусском государстве, дух христианского отношения проявлялся в институте милостыни, связанном с христианским культом. Причем милостыня была двоякого рода – по отношению к частным лицам и по отношению к общине, к которой христианин принадлежал. Складывающийся институт общины брал на себя выполнение социально значимых функций: в оказании помощи вдовам и сиротам, ее больным, слабым и неспособным к работе членам, а также учителям и должностным лицам общины. Крещение Руси оказало влияние на развитие благотворительности, которая при активном участии князей, монастырей, приходов все более превращалась в будущую систему социального служения. Появились учебные заведения, возросло общественное внимание к проблемам сиротства. Обычная щедрость становилась милосердием. Это различные акты, ибо акт добродеяния переносился с человека дающего на тех, кому давалось, а это и было христианским милосердием [4; сс. 252-253].

Крещение Руси повлекло за собой перемены, изменилась ментальность людей, их нравственность и устройство государственной жизни. Все это подтолкнуло Русь к бурному развитию культуры, искусства. Благодаря выбору Владимира на Руси сформировалась особая система нравственных и духовных ценностей [5; с. 18].

Русь объединилась в единое целое государство, объединенное новой и передовой по тому времени культурой, религией и писаными законами.

Русь окончательно расположилась вровень со всем цивилизованным миром. Она не уступала другим странам ни в культуре, ни в политике, ремеслах, военных делах. Введение христианства, стало идеологической основой единой феодальной государственности Древней Руси.

1 Рыбаков Б. *Язычество древней Руси*. - М.: Наука, 1988.

2 Прошин Г.Г. *Как была крещена Русь*. - М.: Политиздат, 1989.

3 Кузьмин А.Г. *Падение Перуна. Становление христианства на Руси*. - М.: Молодая Гвардия, 1988.

4 Лихачев Д.С. *Крещение Руси и государство Русь // Новый мир*. – 1988. - №6.

5 Янин В.Л. *День десятого века // Знание – сила*. – 1983. - №3.

ӘОЖ 9(571) 333.16

## ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ (XIX Ғ.ІІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

**Г.С. Дуванбекова** – *І.Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік Университетінің ІІ курс магистрі*

В статье рассматриваются проблемы переселенческой политики, проводимой в казахской степи колониальной царской властью. Негативные социально-экономические последствия переселенческой политики для казахского народа. В исторических источниках показаны колониальные цели в отношении казахских земель через переселение русских крестьян. Здесь показаны последствия Столыпинской аграрной реформы. Данные взяты из всенародной переписи населения проведенной Российской империей в Казахстане в 1897 году. Из этих данных видны прирост и уменьшение населения казахского народа. Динамика численности народа показана через различные таблицы. Содержатся достоверные сведения о социально-демографической ситуации Туркестанского края.

В целом, в статье, в виде статистики, проанализированы на основе архивного материала административно-политические реформы царского правительства второй половины XIX и начала XX века.

**Ключевые слова:** Туркестан, Жетісу, реформа, колония, переселение, демография, социальное положение, генерал-губернаторство

The article deals with the problems of resettlement policies in the Kazakh steppe colonial imperial authority. Negative social and economic impacts of resettlement policy for the Kazakh people. In the historical sources shows the colonial objectives for the Kazakh lands through the resettlement of Russian peasants. Theregiven the effects of the Stolypin agrarian reform. Data are from nationwide census carried out by the Russian Empire in 1897. From this data we can see increase and decrease of the population of the Kazakh people. The number of people shown in the various tables. Provides reliable information on the socio-demographic situation of Turkestan.

In General, the article, in the form of statistics, analyzed on the basis of archival material, administrative and political reforms of the imperial government in the second half of the 19th and beginning of the 20th century.

**Keywords:** Turkestan, Jetisy, reform, colonia, resettlement, demography, social, governor general

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында, соның ішінде Түркістан өлкесінде халық санының динамикасына ерекше мән беруге тұрарлық. Оның себебі XIX ғасырдың ортасынан бастап, Қазақстан жерін әскери отарлау, одан кейін осында мұжықтарды жаппай қоныстанды-

ру арқылы отарлау күшейе түсіп, кейінгі Столыпиндік аграрлық реформаның салдары өңірге де таралып, өңірге әртүрлі ұлт өкілдері қоныстанып, саны күрт өскен еді. Ал оның негізгісі орыстар еді. Қазақ елінің кең даласында көшіп-қонып жүрген халықты отырықшылыққа үйретіп, ал босаған өңірлерден өзге ұлттарға жер бөліп беру қарастырылған болатын. Сондай шаралардың бірі патша өкіметі өзі отарлап алған территорияларды әкімшілік-саяси реформалар жүргізу мен қатар ол аймақтық территориясының көлемін айқындаумен, халқының сандық құрамын анықтаумен айналысты. Ондағы мақсат отаршылдық саясат арқылы халықтан алынатын салықтың мөлшерін анықтау болатын. Ендігі тұста тағы бір мән берілетін жағдай ол ең алғашқы санақтың жүргізілуі болатын.

Түркістан өлкесінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясының жүргізген отарлау саясатының тағы бір қыры – ол түземдер орналасқан аймақтағы құнарлы жерлерге орыс шаруаларын қоныстандыру арқылы тартып алып, оларға тек жақсы жақтарын қарастыру болатын. Сонымен қатар, патшалық билік мақтаны өсіретін аймақтарға кедергілерін тигізбеу мақсатында қоныстанушыларды ол жерлерден тыс өзге аймақтарға қоныстандыруға негізделген болатын. Осы жерде тағы тоқталып кететін бір жайт, қоныстанған 116 ауыл келімсектері 32,0% жалдамалы жұмысшылар есебін құраған. Ал соның есебі ретінде төмендегі кестеге назар аударсақ [1].

Жетісу		Шымкент уезінің 18 ауылы		Ташкент уезінің 3 ауылы		Облыстың жергілікті өңірлерінің 116 ауылы	
№ топ	% шар. атауы	№ топ	% шар. атауы	№ топ	% шар. атауы	№ топ	% шар. атауы
I	5,0	I	-	I	10,0	I	5,9
II	56,0	II	51,3	II	0,0	II	39,6
III	58,6	III	81,7	III	15,2	III	23,2
IV	68,8	IV	87,9	IV	24,2	IV	21,0
V	81,3	V	90,2	V	56,3	V	38,9
VI	90,8	VI	90,8	VI	72,6	VI	56,2
VII	95,1	VII	98,2	VII	74,1		
VIII	98,1	VIII	95,9				
IX	100,0						
	54,3		77,5		40,3		32,0

Ендігі кезекте қазақ даласына қоныс аударушылардың жалдамалы жұмысқа алынуы туралы мәлімет келтірсек [2]:

Облыстар	Негізінен кімдерді жалдады		
	Орыстар	Түземдер	Әскери-тұтқындағылар
Сыр-Дария	34	60	6
Ферғана	90	10	-
Самарқанд	38	62	-
Каспий жағалауы	43	57	-

Бұл кестеден көріп отырғанымыздай негізінен жалдамалы жұмыстарда орыс қоныс аударушыларының қызмет атқарғандығын көруге болады. Сонымен қатар, тек Ферғана облысында ғана қоныс аударушылар тартылып, ал қалған облыстарда түземдіктерді жалдаған.

Ал келесі тұста жалдамалы жұмысқа 15 наурыздан 15 қарашаға дейінгі аралықта жұмысқа тартылып отырған. Қоныс аударушылардың түземдіктерге қатынасы өте ауыр болды. Үнемі қандай да бір жағдайда түземдіктер кінәлі болып шығатын еді. Ат, жылқы, қой ұрланса, бірден қоныстанушылар түземдіктерді кінәлады. Олай істеуінің себебі, орыс шаруаларын қоныстанушыларды патшалық билік қолдап отырған.

Сонымен қорытындылай келе, Түркістан өлкесіне қоныс аударылған орыс шаруалары осы өңірдің түзем халқын өздерінің жұмыстарына жалдап, қолданған болатын. Осылайша «кедей түземдерге» қарсы өңірде – «қоныс аударушы, қанаушылар» қарсы тұрған болатын. Ал бұндай көріністің барлығы қазақ даласында жүргізілген еді.

Бұл патшалық биліктің жасап отырған отарлау саясаты, жергілікті қазақ халқына қарсы қойылып, келімсектер, қоныс аударушыларды қазақ жерінде орыстандыру саясатын жүргізуге негізделгенін атап өтуге болады.

Түркістан өлкесіне халық санының динамикасын әр түрлі кестеде беруімізге болады және де әр кестеде белгілі бір өңірді атап, ондағы жылды көрсете отырсақ [3]:

Станицалардың атауы мен болыстықтардағы халықтың саны	Үйлердің саны, ондағы тұрғындар	Болыстықтағы ауылдар саны	Ер	Әйел	Барлығы
Лепсі және Лепсі станицасы	698	-	1942	1659	3602

Станица Саркан	300	-	1194	1166	2360
Сергиополь	182	-	593	423	1016
Үржар	234	-	511	458	1035
Қоныстар: Пополевикий	105	-	326	268	594
Басканский	10	-	33	26	59
Ауылдар: Константиновка	167	-	675	549	1224
Осиновское	107	-	460	392	852
Герасимовское	206	-	740	632	1372
Колпаковское	1800	-	888	724	1612
Үш-Арал	60	-	233	144	377
Захаровское	43	-	98	83	181
Хатын-су	16	-	51	46	97
Төменгі Лепсі	9	-	23	21	44
Қызыл-Қып	2	-	9	7	16
Барлығы:	3939	-	7776	6598	14441
Болыстықтар:					
Арғанаты	1958	10	3754	3416	7170
Ақшаулы	1962	9	4241	4107	8348
Аяғөз	2636	11	5022	4829	9851
Балқаш-Лепсі	2725	11	5672	4090	9762
Барлығы	9281	41	18689	16442	35131

Жоғарыда кестеде көрсетілгендей, әр станица мен болыстықтардағы ер азаматтардың көп үлесінің шығуы. Ал бұл дегеніміз қашан да қазақ жерінде ер азаматтарды жоғары қойып, оларға ерекше мән берілетіндігінен көруімізге болады. Сонымен қатар әр болыстықтардағы ауылдардың санының мүлдем кездеспеуі. Тек жалпы түрде ғана кездесетіндігін қарастыруымызға болады.

Төмендегі кестеден Түркістан өлкесіндегі әлеуметтік жағдайды, халықтың өз ішінде бөлінісін қарастырамыз [4].

Аймақ атауы	Жергілікті топтың атауы											
	Мұрагер дворяндар		Жеке дворяндар		Қала тап-Тары				А/ш таптары			
					Көпес		Мещан топтар		Шаруа		Отар хал.	
	ер	әйел	ер	әйел	Ер	әйел	ер	әй	Ер	әйел	Ер	Әйел
Жетісу облысы Сергиополь уезі	20	24	124	98	23	14	7	8	184	197	720	684

Жоғарыда аты аталған кестеден көріп отырғанымыздай қазақ ауылдарында тұрған халықтың үлкен пайызын орыс әскерлерінің алынуы. Ал бұдан шығатын негізгі дәлел қазақ жерінде, оның ішінде Түркістан өлкесінде орыстандыру және отарлау саясатының жүргізілгендігін атап өтпеуге болмайды.

1882 жылғы Сергиополь уезінің тұрғындарының діни көзқарасы бойынша демографиялық көрсеткіші [4].

Уездің атауы	Православиелер		Рим-католиктер		Мұсылмандар		Пұтқа табынушылар	
	Ер	әйел	ер	Әйел	ер	әйел	Ер	Әйел
Сергиополь уезді	7692	5874	12	5	61573	52948	43	19

Жоғарыда көрсетілген кестеде қазақ даласында негізгі тұрғындардан тыс өзге ұлт өкілдерінің де қоныстанғандығы көрініс табады. Солардың ішінен мұсылмандарға қарағанда православие өкілдерінің олардың біршама көбірек екенін көруге болады. Бұдан шығатын қорытынды, XIX ғасырдың аяғында қазақ даласында орыстардың көбірек қоныстанғандығын көруге болады. 1882 жылғы Верный уезіндегі халықтың орналасуы [5].

Сословие	Облыстық Верный қаласы		Верный уезі		Уезде барлығы		
	ер	әйел	ер	әйел	ер	әйел	екеуінен
Дворяндар: ата-баба	47	32	24	30	71	62	133
жеке	46	33	73	64	119	97	216
Діни қызметкерлер: қара	1				1		1
ақ	20	19	17	19	37	38	75

Жергілікті азаматтар: ата-баба жеке	-	-	-	-	-	-	-
	5	3	1		6	3	9
Азаматтық сословия: Көпестер	263	296	45	49	308	345	653
Мещанин	2989	2897	103	100	3092	2997	6089
Ауылдық сословие: Шаруалар			1642	1525	1642	1525	3167
Отарланушылар	-	-	-	-	-	-	-
Әскер: Инженер	22	5	-	-	22	5	27
Жаяу әскер	2462	384	-	-	2462	384	2846
Артиллерия	452	74	-	-	452	74	526
Казактар	535	33	-	-	535	33	568
Зейнеттегі әскери, күйеуі жоқтар және балалар	24	47	-	-	24	47	71
Телеграф ведомствасы	32	9	-	-	32	9	41
Пошта ведомствасы	37	20	-	-	37	20	57
Халық ағартушылық министрлігі	39	23	-	-	39	23	62
Қаржы министрлігі	7	9	-	-	7	9	16

Қарастырып отырғанымыздай Верный уезінде де өзара ішкі жікшілдікке бөлініп, солардың ішінде шаруалар мен көпестердің санының артып отырғанын көреміз.

Түркістан өлкесіндегі билік өзінің саяси қырынан әскери тұрғыда болды. Дәл осы әкімшілік аппарат өлкені отарлауға қызмет етті. 1888 жылы орыс қоныстанушыларын қаруландыру мәселесі туралы ең алғаш рет Гродеков мәлімдеді. Осы жылғы генерал-губернаторға жазған мәлімедемесінде қоныстанушыларға қаруды «аң аулау үшін қажет» деп мәлімдеген болатын [6, 85-88 бб.]. Алайда қоныстанушылардың қарулануы бұл казак отрядтарын қаруландыру идеясынан туындағанын айта кету керек. Орыс шарауларына қару беру арқылы патшалық әкімшілік отаршылдық саясатын астыртын жүргізгендігін естен шығармауымыз тиіс.

Сонымен, қорыта келгенде халықтың динамикасы өңірде патшалық биліктің тарапынан жасалған саясаттың негізінде өсіп отырды. Оның бірден-бір себебі, жоғарыда қарастырғанымыздай, орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру арқылы қазақ жерін отарлау болғандығын көптеген құжаттардан дәлелдеп көрсеттік.

Өзіміздің ғылыми мақалада қарастырып отырғанымыздай, өлкедегі отарлау саясатын екі жақты болып қарастырылса: біріншісі – өңірді патшалық биліктің кадрларымен толықтау болып қарастырылса, екіншіден – орыс саудасы және банктері арқылы отарлау. Ал енді осыған қосымша ретінде үшінші жағы отарлаудың, ол – шаруалардың қоныстандырылуы болып табылады.

Біз отарлау саясатының үш жақты процесс ретінде өрбігенін көріп отырмыз. Ендігі таңда осы процесстерді іске асыру үшін отарлау жүргізудің жалпы сипаттамасымен танысасқ. Отарлаудың басты бағыты көшіп-қонатын аймақтарға жасалған болатын. Қарастырылып отырған кезеңде Ресей территориясынан шаруаларды қоныс аудару тұсы болғандығын атап өту қажет. Олардың негізгі мақсаты Ресей территориясынан шаруалардың санын арттыру арқылы көшіріп, олардың жер иеленушілерге деген наразылықтарын басу көзделіп отырған.

Бұл жерден көретініміз орыстардың өз даласынан шаруаларды тек көтеріліс жасамау үшін қудалағаны емес, ал керісінше негізгі мәселе қазақ даласына орыс шаруаларының үлкен көлемін қоныстандыру арқылы қазақ даласында, соның ішінде Түркістан өлкесінде отарлау саясатын жүзеге асыру. Қазақ даласына жіберілген орыс шаруалары біріншіден – Ресей өкіметінің тірегі, «мұсылмандық» жиынға қарсы болу керек, ал екіншіден – мақта себілмейтін аудандарда бидай егумен айналысу қажет деген алдарына мақсат қойған болатын. Бұл қоныстанушылардың қазақ даласына қоныс аударуының алғашқы мәселесі ол, өз жерінде оларға жердің жетіспеуі, ығыстырылуы. Ал осыдан екінші мәселе туындайды, ол дегеніміз – қоныстандырылған шаруаларға үйлеріне берілетін қаражат, өңірдегі жерлердің орыс қоныстанушыларына жетпеуі.

Ендігі тұста Түркістан өлкесіне 1906 жыл мен 1913 жылдар аралығында орыс қоныстанушыларының саны 116 орыс ауылдарының құрылуы. Қоныстанушылар өз жерлерінде 10 десятина жер иемденгендерінің 18,1% көрсетеді, ал негізгі топты жерлері 10 десятинадан кем қоныстанушылар құрайды. Ал келесі топта небәрі 2-5 десятина жерлері бар келімсектер аталып, оларды «кедейлердің» қатарына жатқызатын болған. Сонымен қатар, осы уақыт аралығында қоныстанушылардың 23,3% мүлдем шаруалардың кедей санына түседі.

Сондықтанда Түркістан өлкесі өздеріне келіп жатқан келімсектер үшін қуанада алмады. Оның бірден-бір себебі олар тіпті орта тапта емес еді, тек кедейлерден шыққан бұратана халықтар еді.



Төмендегі кестеден қазақ өлкесіне қоныстанушылардың өздерімен алып келген жүгінің сипатын қарастыратын болсақ [7].

	Аталған ауылдарға қоныс аударушылардың келген дүние-мүлкі					
	Ірі қара саны	Қару-жарақ	Жерді өңдеу машиналары	Бидай пұттары	Үй мүлкінің пұты	Өздерімен алып келінген қаражат көлемі, сом
Шымкент уезінің 18 ауылы	2,33	0,12	0,02	0,91	7,74	133,18
Ташкент уезінің 3 ауылы	0,11	0,14	0,39	-	6,50	250,84
1906-1913 жылдары тұрғызылған 116 ауыл	1,59	0,59		Мәлімет жоқ		231,8

Бұл кестеден көріп отырғанымыздай, мынадай тұжырым жасасақ: өлкеге қоныстанушылардың 36,7% еш мүліксіз келгендер және 60,9% ақшалары жоқ болып қоныс аударылғандар. Өлкеге қоныстандырылған шаруалардан ең бай ауылдарда тұратын етіп көтеру алдағы мақсаттарында тұрған еді.

Жоғарыда аты аталған ауылдарда әсіресе – Жетісу, Шымкент және Ташкент уездерінде қоныстанушылардың саны арта түсті. Бұл уездерде қоныстанушылар өздерінің әрине де шаруашылықтары мен айналысқан болатын. Бірақ олардың ішінде әсіресе Жетісу өңірінде шаруашылықтың дамуы өзіндік көрініс тапқан болатын. Бірақ бұлай дамуының себебі онда басқада шаруашылықтың даму түрлері енгізілген болатын.

Жоғары билік тарапынан қоныстанушылар, солардың ішінде орыстардың кедей тұратын халықтарын жермен қазақ даласынан қамтамасыз етіп, оларды қалай болса да байлар қатарына қосылуды қамтамасыз етуге негізделді.

Сондықтан да осы кезеңдегі халық санының динамикасы Түркістан өлкесінде келімсектердің келуімен күрт өзгеруі байқалған. Қадағалауда тұрған ауылдар орыс келімсектерінің келуімен бірден патшалық биліктің бақылауына алынған. Ал 1913 жылға қарай Түркістан өлкесіне Ресей территориясынан келген қоныстанушылардың саны алғашқыға қарағанда біршама өскендігін көреміз. Сонымен қатар олардың өмір сүруі, тұрмыс жағдайы да жақсарғандығын көруімізге болады.

Қоныстанушылардың негізгі мекендеген аймағы, ол өңірдің суармалы құнарлы жерлері болды. Бұрын қазақ халқы еркін көшіп жүрген аймақта енді, орыс келімсектерінің ауыл шаруашылықпен айналысып, сол жерде өз мұраларын көбейтіп отырған. Қоныстанушылардың негізгі мақсаты, ол жақсы, ауыл шаруашылығымен айналысатын құнарлы жерлерге орналасу болды. Ал ондай жерлерді қоныстанушыларға патша өкіметі түземдердің жерлерін алып беру арқылы қамтамасыз еткен болатын.

Түркістан өлкесінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясының жүргізген отарлау саясатының тағы бір қыры – ол түземдер орналасқан аймақтағы құнарлы жерлерге орыс шаруаларын қоныстандыру арқылы тартып алып, оларға тек жақсы жақтарын қарастыру болатын. Сонымен қатар, патшалық билік мақтаны өсіретін аймақтарға кедергілерін тигізбеу мақсатында қоныстанушыларды ол жерлерден тыс өзге аймақтарға қоныстандыруға негізделген болатын.

Сонымен, қорыта келгенде халықтың динамикасы өңірде патшалық биліктің тарапынан жасалған саясаттың негізінде өсіп отырды. Оның бірден-бір себебі, жоғарыда қарастырғанымыздай, орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру арқылы қазақ жерін отарлау болғандығын көптеген құжаттардан дәлелдеп көрсеттік.

Патша өкіметінің қоныс аудару саясаты нәтижесінде «өлкеге келген орыс шаруаларынан қазақтар егін салуды, шөп шабуды үйренді, отырықшылық пайда болды, өлкедегі өндіріс күштерінің дамуы жеделдеді» деген кеңестік кезеңде айтылған біржақты пікірлерге келіспейміз. Себебі бұл қоныстандыру саясаты қазақ қоғамы экономикасының эволюциялық дамуына түрлі кедергілер тудырды. Яғни өлкеде аграрлық қатынастардың одан әрі шиеленісуіне өз септігін тигізді.

1897 жылы Ресей империясының Қазақстанда жүргізілген жалпы халық санағының мәліметтері бойынша Қазақстанда 4.147,7 мың адам, соның ішінде 3.392,7 мыңы-қазақтар(81.7%), 454,4 мыңы – орыстар (10.9%), 79.5 мыңы – украиндықтар (1.9%), 55.9 мыңы-ұйғырлар (1.34 %) және 29.5 мыңы (0.7%) – өзбектер өмір сүрді. Осылайша өлкедегі халықтың көп ұлттылығына қарамастан қазақ халқының XX ғасыр межесінде үздіксіз қысқарып, кейіннен өз территориясында ең аз ұлт өкілі есебінде қалды [8, 102-105 бб.].

XIX ғасырдың аяғында Ресейдегі қазақтардың саны жалпы империя көлемінде тек 3. 881,8 мың адамды, яғни империяның 3.02% ғана құрады. Олардың әр облыс көлеміндегі көрсеткішін талдасақ: Ақмола облысында 389.2 мың адам, Семей облысында 604.6 мыңы, Торғай – 410.9 мың, Орал облысында 460.2 мың, Жетісу облысында – 515 мың және Сырдария облысында 741.8 мың адам болды [9, 78-82 бб.].

Сонымен қорытындыласақ, Ресей империясы көлеңкесінде жүргізілген халық санағы нәтижесінде

Түркісан өлкесіндегі халық санының өсу немесе кему көрсеткішін айқындадық. Қазақ халқының санының азаюын Ресей империясының күшпен жүргізген қоныстандыру саясатының нәтижесі арқылы түсіндіруімізге болады. Себебі аталмыш саясаттың салдарынан халық санының өсу қарқыны тежеліп, керісінше орыс шаруаларының қазақ жерінде көбеюінен көрінді.

1 Жетісу облыстық басқармасы // ҚРОММ. 44-қ, 1-т, 15 том, 21533-іс. – 66-п.

2 Жетісу облыстық басқармасы // ҚРОММ. 44-қ, 1-т, 15 том, 21533-іс. – 67-п.

3 Жетісу облыстық басқармасы // ҚРОММ. 44-қ, 1-т, 15 том, 21533-іс. – 68-п.

4 Жетісу облыстық басқармасы // ҚРОММ. 44-қ, 1-т, 15 том, 21533-іс. – 72-п.

5 Жетісу облыстық басқармасы // ҚРОММ. 44-қ, 1-т, 15 том, 21533-іс. – 207-п.

6 Галузо П.Г. Вооружение русских переселенцев в Средней Азии. - Ташкент, 1925. - 221 с.

7 Сырдария облысындағы Қоныстандыру ісінің басқарушысы // ҚРОММ. 33-қ, 1-т., 40-іс.

8 Асылбеков М.-А.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алматы, 1991. – 188 б.

9 Асылбеков М.-А.Х., Жаркенова А.М. Население Казахстана в конце XIX – начале XX вв. (1897-1917 гг.). – А., 2001. – 190 б.

УДК:903.27(574) «05/07»

## КӨНЕ ТҮРІКТІК ТАС МҮСІНДЕРДЕ БЕЙНЕЛЕНГЕН ҚАРУЛАР

**А.С. Исакова** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 2-курс магистранты*

Предлагаемая вниманию читателей статья является исследованием орудия каменных изваянии древне-тюркского периода, каменного века. Автор не только рассматривает каменные изваяния, но и исследует изображение орудия на этих изваяниях. В данной статье автор описывает каменные изваяния тюркского периода, опираясь на исследования. На сегодняшний день, на казахской земле зарегистрированы более трехсот древне-тюркских изваянии. Из вышеупомянутых каменных изваянии многие изображены только до поясницы ( иногда изображены полностью). Тюркские изваянии, которые были вышеупомянутые, это в большинстве случаев виды оружия и посуды. Вместе с тем в статье отдельное внимание уделено также районам распространения каменных изваянии (виды оружия) и их исследовании.

Целью статьи является анализ изучения истории каменных изваянии древне-тюркского периода. Основное внимание в работе автор акцентирует на местонахождения орудия каменного века.

Данная проблема мало изучена и требует дальнейших исследований. Основное содержание исследования составляет описание орудия древне-тюркского периода.

Данная статья предназначена в первую очередь археологам, преподавателям по археологии, студентам и другим педагогическим работникам, которых интересует эта тема.

**Ключевые слова:** каменные изваяния, древне-тюркские, оружие

This article is a research of tools of stone sculptures of the ancient Turkic period, the Stone Age.

The author not only considers stone sculptures, but also investigates the image the tool on these sculptures.

In this article the author describes stone sculptures of the Turkic period, relying on researches. Today, on the Kazakh territory are registered more than three hundred ancient Turkic sculptures. Many of above-mentioned stone sculptures are represented only to a waist (sometimes are represented completely). Turkic sculptures which were above-mentioned, in most cases are types of weapon and ware. At the same time in article the separate attention is paid also to areas of distribution stone sculptures (types of weapon) and their research.

The purpose of article is the analysis of studying of history stone a sculpture of the ancient Turkic period. In work the author focuses the main attention to locations of tools of the Stone Age.

This problem is studied a little and demands further researches. The main content of research makes the description of tools of the ancient Turkic period.

This article is first of all for archeologists, teachers of archeology, students and other pedagogical workers whom this subject interests.

**Key words:** stone sculptures, ancient Turkic, weapon

Бүгінгі таңға дейін қазақ жерінде көне түріктік тас мүсіндердің 300-ге жуығы тіркелген. Осы аталған тас мүсіндердің көп даналары тек беліне дейін бейнеленген (кейбір жағдайларда толық бейнеленген). Кеуде тұсында, оң қолында ыдыс бейнеленген, ал сол қолымен белбеуге ілінген қаруды ұстап бейнеленген. Кейбір жағдайларда тас мүсіндердің сол қолдары белбеуге ілінген қаруды ұстамай, тек үстіңгі жағында бүгүлі тұрады. Сол қолдың білезігі (кисть) оң қолдың білезігінен төмен орналасады. Тек, сирек жағдайларда сол қолдың үлкен саусағы ыдыстың төменгі бөлігіне тигізіліп бейнеленген. Сол қол оң қолдың деңгейінде де бірдей бейнеленген тас мүсіндер кездеседі.

Қазақстан жерінде екі тас мүсінде ыдысы бейнеленбеген, керісінше қаруы жақсы бейнеленген. Тас

мүсіннің біріншісінде, оң қолы кеуде тұсына бүгіліп бейнеленген, екіншісінде, белбеу тұсындағы сол қолдың деңгейінде бейнеленген. Қаруы бар тас мүсіннің оң қолының білек тұсында, кеуде деңгейінде құс бейнеленген [1,107]. Тас мүсіндердің қаруы бар бес данасында аяқтары бейнеленген. Төрт жағдайда аяқтары айқасқан тас мүсіндер тіркелеген. Үш жағдайда оң аяғы сол аяғының үстіне айқастырылып, төртінші бейне «көшпенділер» тәрізді отырған ер адам тас мүсіні. Осында, бір тас мүсіннің аяқтары бір-біріне тігінен, параллель, бірақ, оң аяғы тізесінен кішкене қисайған болып келген. А.А. Чариковтың болжамы бойынша, тұрып тұрған тас мүсін болуы мүмкін [2, 60].

Қалыптасқан ереже бойынша, көп жағдайларда мұрты бар ер адам тас мүсіндерінде қару-жарақтар бейнеленген. Қару бейнесі жоқ тас мүсіндердің барлығында оң қолында кеуде тұсында ыдыс бейнеленеді, ал сол қолдары белбеу тұсында, оң қолдың төменгі жағында, сол қолдың төменгі тұсында орналасып, үлкен саусағы ыдыстың төменгі жағына тиіп немесе оң қол тек, төмен қарай созылып бейнеленеді. Ыдысты екі қолымен де бірге белбеуден жоғары ұстаған тас мүсіндер кездеседі. Сирек жағдайларда, сол қол бейнеленбеген, ал ыдыс та бейнеленбей тек, қолдардың кескіндері сол күйде сақталған.

Қару-жарақ көне түріктің қоғамындағы әлеуметтік қатынастардағы беделдің көрсеткішінің бірі. Жақын қашықтағы соғыстардағы шабуылдаушы қарулар – семсерлер, алдаспандар, қылыштар және қанжарлар ортағасырлық феодал ақсүйектердің ауқатты адамдардың және әуесқой жауынгерлердің белгісі еді. Алтай өңірінен, V-X ғғ. Қиыр Шығыстан Кавказға дейін жасаған көшпелілердің қолданылған аталмыш қарулардың түрлері 57 тас мүсіннен тіркелген [3, 39]. Өкінішке орай, көрсетілген тас мүсіндерде қарулар схемалы және дөрекі түрде жіңішке немесе жалпақ жолақтармен, контурлы кішкене науалармен және т.б. әдістермен бейнеленген. Масштаб заңдылықтарын сақтамай бейнеленген қарулардың түрлері, қаруларға байланысты нақты дерек көзі бола алмайды. Тек, ескертін бір жайт, тас мүсіндердің көбінде семсер, қылыш және қанжар бейнеленген. Дәл, осы қару түрлері тас мүсіндердің сол қолының маңында немесе сол жағында белбеуге қиғаш немесе параллель бейнеленген. Бірақта, кейбір тас мүсіндерде жақын қашықтықта соғысу қаруларымен бірге сирек кездесетін қосалқы бұйымдар да жеке түрлерінде сипатталған.

Тас мүсіндерде жүзі ұзын және қысқа, т.б. шабу-шанышпалы және кесу-шанышпалы қарулар бейнеленген. Шабу-шанышпалы қарулар жүздерінің тігіне (семсер, алдаспан) немесе бүгілгеніне (қылыш) қарай сипатталады. Қарулардың жүзінің бүгілмелі болуына, тас мүсінді орындау барысында тастың тегістігі мен қалыңдығына байланысты бейнеленгеніне болжам жасауға болады. Кесу-шанышпалы қаруларға қанжарлар (пышақтар) жатады. Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстан, Жетісу және Алтай өңірлерінің тас мүсіндерін зерттеген Ю.А. Мотов осы типтегі қаруды, яғни қанжарды тік, бүгілмелі және қисайған жүзді етіп бөледі [4, 120].

Шабу-шанышпалы қаруларды олжалармен салыстыру сирек болғанымен, түркі жауынгерлерінің арасында кең таралғанын жазба деректер мен бейнелі ескерткіштер дәлел бола алады. Түріктердің қаруларында «қылыштар мен алдаспандар» болғандығын Тан хронологиясынан да байқауға болады [5, 229]. Тік жүзді семсерлер мен алдаспандар, бүгілген қылыштар көне түріктердің тас мүсіндерде де бейнеленген.

Тік жүзді қарулар Алтайлық 5 тас мүсіндерде, 16 – Тывалық, 1 – Минусиндық, 9 – Моңғолиялық тас мүсіндерде кездеседі. Қалыптасқан бейнелеу өнерінің ережесі бойынша, қарудың жоғарғы бөлігі, яғни сабы мен жүзінің қиылысқан бөлігі ғана бейнеленген. Қарулардың екі жүзі обоймалары мен белбеуге ремень арқылы ілгекпен бейнеленген. Ескертетін жайт, ілгек ременьдер жалпақтау болып бедерленген. Кейбір жағдайларда, қарулар ілгекпен немесе ілгексіз де бейнеленген. Сабы мен жүзінің қиылысқан бөлігі тік болып бейнеленіп, сирек жағдайларда қатпарлы болып келген. Сирек жағдайларда, айқасқан бөліктің төменгі тұсы да сабының жолағына тура бейнеленіп түседі. Кейбір жағдайларда, сабы мен жүзінің айқасқан тұсы сабының жүзімен қиылысқан осінің бұрышына бейнеленген. Сирек жағдайларда, қарулардың айқасқан жерінен бөлек тек, жүзі мен сабы ғана бейнеленген.

Кескіндемелердегі бейнелермен салыстырғанда қылыштар мен алдаспандардың саптарының төменгі тұсындағы төменгі қолқа көп жағдайларда шеңбер-дөңгелек пішінді болып келеді. Кейбір жағдайларда, саптың төменгі тұсындағы қолқаның пішіні жарты дөңгелек болып келеді және сонымен қатар, қатпарлы болғандығына болжам жасауға болады. Дөңгелек немесе шеңберлі саптың төменгі тұсы мен саптың осімен бірге жүзіне қарсы бейнеленген болса, толық дәлдікпен алдаспан екенін болжамдауға болады.

Жүзі тік және бүгілген қылыштар Алтайдың – 4, Тываның – 4, Моңғолияның – 4 тас мүсіндерінен кездеседі. Бір жағдайда, тік жүзді қылыш сабы мен жүзінің тұсына қарай сабы бүгіліп тіркелеген. Басқа қылыштардың жүздері әлсіз бүгілген немесе тіпті тік бүгілген болып кездеседі. Қылыштар жүздерімен жарты дөңгелек немесе тік бұрышты қатпарлы, екі ілгек арқылы белбеуге байлаған. Сирек жағдайларда қарулар тізбекті баулармен ілінген. Алтай аумағында 84 тас мүсінде ерте кезеңнің дөңгелек-шеңберлі навешие немесе саптары бейнеленген. III-VII ғғ. шеңберлі қол қолқасы бар семсерлер Алтайдан,

Тывадан және Шығыс Европандан [3, 39] табылған. Дәл осы семсерлер Афрасиаб және Пенджикент қабырға суреттерінде бейнеленген. Алтайдағы басқа да аморфты бейнелерде портупей белбеулерге жарты дөңгелек ілмек арқылы обоймамен байланған қынаптар бейнеленген.

Бұл тас мүсіндердегі алдаспандар мен қылыштардың саптарындағы айқасқан қолқаның болмауы монументальді ескерткіштің толық аяқталғанын көрсетуі мүмкін. Мұндай алдаспандар мен қылыштар Алтайдағы [6, 95] және Минусин шұңқырының археологиялық олжаларынан белгілі. Алтай өңіріндегі қылыштардың айқасқан қолқасы болмаса да, керту, ою сипатындағы саптары бар тас мүсіндердің 48 данасы тіркелген. Қарудың осы түрінен Орталық Азияда қолданылғанын Тыва, Моңғолия [7, 111] және Жетісу тас мүсіндеріндегі бейнелер дәлел бола алады.

Алтай өңіріндегі тас мүсінінде қылыштың сабының ұшы дөңгеленіп бейнеленген. Қылыш та семсер мен алдаспан тәрізді жүзімен төмен қарай қиғаш қалпында, тас мүсіннің сол жағында орналасқан. Сондықтан да, төменгі портупей белбеуден гөрі үстіңгісін жақсырақ етіп жасаған [3, 40]. Көп жағдайларда, қылыштар жүздері төмен қаратылып жүргенін тас мүсіндерден байқауға болады. Сабы мен жүзінің айқасқан тұсы тік болып келеді, бәлкім, қатпарлы болуы да мүмкін. Кейбір жағдайларда, бір қалыпты төменгі тұсынан бүгілу немесе қылыштың төменгі бөліктері әр түрлі тұстарда бейнеленген. Бір жағдайда, айқасқан тұсының төменгі тұсы әр түрлі болып келеді. Дәл осы, қылыштың данасы ұзын сабы мен Шығыс Азиялық жүзі бүгілген қылыштарды еске түсіреді. Сабының айқасқан тұсы бейнеленбеген қылыштар да кездеседі. Сабының төменгі тұсындағы қолқасының пішіні дөңгелек, жарты дөңгелек болып келеді.

Шабу-шанышпалы қарулар бейнеленген тас мүсіндерге салыстырмалы қарулары бар тас мүсіндер аздап кездеседі. Осыған қарағанда аталған қарулар көне түріктік жауынгердің қажетті қаруы болған. Шабу-шанышпалы қарулар көне түріктердің таралған аумақтарындағы барлық тас мүсіндерде бейнеленген VI-VIII ғғ. және IX-X ғғ. жататын ескерткіштерінде тіркелген. Аталған қару түрлері түріктердің мемлекеттік маңыздылығын жойғаннан соң да, маңызды рөл атқарды. Жерлеу орындарынан табылған олжалардың аздаған мөлшері: қылыш-VI-VII ғғ., алдаспан – VIII-IX ғғ. жатады. Болжам бойынша, көне түріктерде семсерлер Түрік қағанатының кезеңінде таралған алдаспандар – б.э. I мыңжылдықтың екінші жартысының соңына дейін таралған, қылыштар VII-X ғғ. таралған [8, 156].

Тас мүсіндердегі қанжарлар Алтайдан – 2, Тывадан – 9, Моңғолиядан – 3 данамен тіркелген. Қалыптасқан ереже бойынша, қанжарлар тас мүсіндерде белбеуге мүсіннің алдыңғы жағынан, кейбір жағдайларда қылыш пен алдаспанның үстіңгі жағына екі ремень ілгек арқылы байланып бейнеленген. Қанжар жүздері екі ремень арқылы белбеуге параллель немесе қиғаш орналасады. Алтай өңірінің тас мүсіндеріндегі қанжарлары тік және сабының айқасқан тұсы жоқ болып бейнеленеді. Алтай өңірінде 16 тас мүсінде қанжарлар бейнеленген. Көптеген даналары қылыштардың шартты белгісімен орындалған. Қанжарлардың барлығы дерлік, белбеуге жарты шеңбер немесе шаршы тәрізді ілгектердің көмегімен қынаптары арқылы байланып бейнеленген. Сыртынан байқағанда, қанжарлардың қылыштардан айырмашылығы мыналар: 1) өлшемдері кіші (кейбір қанжар даналарында саптарының ұзындығы жүздерінің ұзындығымен бірдей), 2) белбеу астында горизонтальді орналасуы (белбеуге параллельді орналасуы), 3) кейбір қанжарлардың саптары өткір жүздеріне қарай иіліп келген. Осы үшінші ерекшеліктегі қанжарлар даналарын Тыва мен Моңғолияны зерттеген Л.А. Евтюхова «уйбат» типіне бөліп көрсеткен. Осы қанжарларды VII-VIII ғғ. кезеңдеді.

Алтай кеңістігіндегі тас мүсіндерде пышақ тек бір тас мүсінде кездеседі. Пішіні жағынан, Орталық Азиялық тас мүсіндердің көбінен кездесетін пышақ қайрайтын қайраққа ұқсайды. Бірақ, тас мүсіннің сол жағында қарулардың тұратынын ескеретін болсақ, бұл затты пышақпен салыстыруға тура келеді. Белгілі болғандай, пышақтар кейбір тас мүсіндерде бейнеленген [7, 113].

Ұқыпты орындалған тас мүсіндердің белбеуінде қарастырылып отырған қарулардың ішінде қылыш пен қанжар бір данамен жақсы бейнеленген. Осындай толық қамды, бағалы қарулар алтынмен апталып ақсүйектердің киімінің бір бөлігі болғанын байқауға болады. Тура осындай бейнелер Пенджикент монументальді өнерінен де байқалады [9,47].

Сондықтан да, осы өңірдегі бейнелердегі қарулардың саптары, қынаптары және әшекей бұйымдарының сәйкес келуі кездейсоқ еместігі байқалады. Бұл дәстүрдің тамыры тереңге баруы мүмкін. Осының бір дәлелі, қылышы да қанжары да алтынмен жалатылған Есік қорғанынан табылған сақ жауынгері.

1 Шер Я.А. *Каменные изваяние Семиречья*. – М.-Л.: Наука, - 1966. – 138 с.

2 Чариков А.А. *Балтакольская скульптура / Западная Сибирь в эпоху средневековья*. - Томск: Изд-во Том. ун-та. – 1984. – С. 58-63.

3 Кубарев В.Д. *Древнетюркские изваяния Алтая*. – Новосибирск, – 1984. – 230 с.

4 Мотов Ю.А. *Кинжалы в боевом снаряжении кочевников раннего средневековья // Военное искусство кочевников Центральной Азии и Казахстана (эпоха древности и средневековья)*. – Алматы. – 1998. – С. 116-126.

5 Бичурин Н.Я. *Собрания сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, Т. I.* – Алматы. – 1998. – 282 с.

6 Грязнов М.П. *История древних племен верхней Оби.* – МИА. – М.-Л., – 1956. - №48. – С. 89-112.

7 Евтюхова Л.А. *Археологические памятники енисейских кыргызов (хакасов).* – Абакан. – 1948. – 186 с.

8 Худяков Ю.С. *Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии.* – Новосибирск: Наука, - 1986. – 268 с.

9 Распопова В.И. *Металлические изделия раннесредневекового Согда.* – Л. – 1980. – 176 с.

УДК 656

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТРАНСПОРТТЫҚ САЯСАТЫ

**Кәрібек Дәулет** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің II курс магистранты

Мақала Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік-саяси модернизациясы жағдайындағы транспорттық саясатының негізгі мәселелеріне және оны оңтайлы шешу жолдарын қарастыруға арналған. Сонымен қатар мақалада мемлекеттің әлемдік экономиканың қарқынды дамуы мен жаһандану жағдайындағы транспорттық коммуникация, логистика және көліктің қозғалыстарын оңтайландыруы, оның сөзсіз бәсекелестігін арттыруында жатқандығын сөз етеді.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік-саяси модернизация, транспорттық саясат, транспорттық коммуникация, инфрақұрылым, көліктік-логистикалық хабтар

Статья посвящена основным проблемам транспортной политики в условиях социально-политической модернизации Республики Казахстан и методам оптимального решения данного вопроса. Автор рассматривает особенности транспортной коммуникации, логистики и усовершенствованию перевозки грузов в разрезе мировой экономической модернизации.

**Ключевые слова:** социально-политическая модернизация, транспортная политика, транспортная коммуникация, инфраструктура, транспортно-логистический корридор

Article is dedicated to the basic problems of for Transport policy in the context of social and political modernization of Kazakhstan and the optimal methods to address this issue. The author considers particularly for Transport communication, logistics and improve transportation of goods in the context of the global economic modernization.

**Keywords:** social and political modernization, transport policy, transport, communications, infrastructure, transport and logistics hallway

*... Қазақстан әлемдік көлік-коммуникация жүйесінің бөлігі болуы тиіс, бұл бізден еліміздің барлық көлік инфрақұрылымын жеделдете дамытуды талап етеді. Еліміздің әуе кеңістігі арқылы транзиттік бағдарғылар желісін қалыптастыру жөніндегі жұмысты өрістету қажет. Тек еліміздің барлық қалаларын ғана емес, сонымен қатар дүниежүзінің ірі қалаларын да байланыстыруға мүмкіндік беретін қуатты көлік тораптарын – қазіргі заманғы "хабтар" жасауға айырықша басымдық беріледі."  
(Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев)*

Қазіргі таңда қарқынды дамып және жедел жаһандану үрдісі жүріп жатқан әлемдік экономикада транспорт басты басымдылықтардың бірі ретінде өзіндік рөл алып келе жатыр. Экономиканың қарқынды дамуы жолаушылар тасымалының күшеюіне, жүк тасымалының өсуіне, ең бастысы интеграциялық процестерге алып келуде. Осы орайда Қазақстанның Еуразияның экономикалық белдеуіне айналуы транспорттық саясатын дұрыс айқындауы мен транспорттық кешендерді тиімді пайдалана білуіне тікелей байланысты. Осы тарапта Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Өз пайдамызды мұқият есептей отырып, Қазақстанның шегінен тыс өндірістік көліктік-логистикалық объектілер құру үшін, елден сыртқа шығуға назар тіктеудің маңызы зор. Біз қазіргі түсініктерімізден арылып, өңірде және барша әлемде – Еуропада, Азияда, Америкада, мысалы, теңізге тікелей шыға алатын елдердің порттары, әлемнің тораптық транзиттік нүктелеріндегі және тағы басқа, көліктік-логистикалық хабтар секілді қазіргі заманғы кәсіпорындар құруға тиіспіз» – деп атап көрсетуі транспорттық саясаттың мемлекеттік Стратегияның құрамдас бөлігі екендігін көрсетеді [1]. Сонымен қатар, Батыс Еуропа мен Батыс Қытайды байланыстыратын автомагистральдің салынуы транспорттың ел экономикасындағы маңызды рөл атқаратындығын көрсетеді.

Қазақстан 2012-2013 жж. Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекелестік индексінің

«инфрақұрылым сапасы» факторы бойынша өткен жылғымен салыстырғанда 15 орын алдыға жылжып, әлемнің 144 елінен 67-орынды иеленді.



Оның ішінде әуе транспорты инфрақұрылымының сапасы бойынша 12 сатыға, жол сапасы бойынша 8 сатыға жоғарылаған [2].

Бұл ретте Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы автожолдардың ұзақтығы 93,6 мың км құрайтынын, соның ішінде 23,5 мың км республикалық маңызы бар және 70,1 мың км жергілікті маңызы бар жолдар екендігін атап айтқан жөн. Тиісінше ҚР КҚМ-нің құзыретінде жай-күйі жақсы деп бағаланатын 7,5 мың км (32%), қанағаттанарлық – 10,5 мың км (45%) және қанағаттанарлық емес – 5,4 мың км (23%) республикалық маңызы бар жолдар бар. Жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы жергілікті жолдардың жай-күйі: жақсы 5,6 мың км (8%), қанағаттанарлық 33,7 мың км (48%) және қанағаттанарлық емес 30,8 мың км (44%) деп бағаланады [3]. 2011-2013 жылдары жалпы қолданылатын жолдардың 5304 километріне, оның ішінде Республикалық маңызы бар 2257 километріне (құрылыс және қайта қалпына келтіру 1013 километріне, толық және орташа жөндеу 1244 км), жергілікті жерлердегі жолдар желісінің 3050 километріне жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары өткізілді [4]. Қазақстан транспорт саласында халықаралық тәжірибені жаңа техникалар мен технологияларды енгізу арқылы осы салада да халықаралық ынтымақтастықты дамытып келеді.

Қазақстанның транспорттық саясатының тағы бір жетістігі транспорттық дамуының басты бағыты ретінде теміржол тораптарын және автомобильдік магистральдардың құруы болып табылады. Мысалы, 2009 жылы басталып, 2013 жылы аяқталуы тиіс Батыс Қытай-Батыс Еуропа транспорттық дәлізінің салынуы. Магистральдің жалпы ұзындығы 8445 километр болса, оның 2787 километрі Қазақстан арқылы (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе облыстары) өтеді. Жолдың құрылыс жұмыстары жаңа технологиялар мен техникаларды қолданылу арқылы жүргізілуде. Соның арқасында автобан 25 жыл күрделі және орташа жөндеу жұмыстарынсыз шыдайтын болады. Магистральдің құрылыс жұмыстарымен қатар, автобан тікелей және жанай өтетін облыс орталықтары, аудан орталықтары мен елді мекендердің де жолдарының жөнделуі көзделуде [5].

Сонымен қатар, Қазақстанның сыртқы экономикалық транспорттық байланысын күшейте түсетін екі ірі халықаралық теміржол дәлізі салынууда:

- «Қорғас-Жетіген станциясы теміржолы». Бұл теміржол торабының ұзындығы 298,4 километрді құрайды және Қазақстан арқылы өтетін Қытай тауарларының жүк айналымын жылына 5,6 млн. тоннаға дейін өсіреді.

- «Өзен-Түркіменстанның мемлекеттің шекарасы теміржолы». Қазақстан бөлігіндегі ұзындығы 146 километрді құрайтын бұл теміржол Қазақстанның Түркіменстан арқылы Иранға және Парсы шығанағына шығатын бірден бір халықаралық транспорттық дәлізі болып табылады. Бұл теміржол торабы арқылы 2012 жылы 5,5 млн. тонна өткізілсе, ал 2017 жылы 6,3 млн. тонна, 2022 жылы 7,4 млн. тонна жүк айналымын өткізу жоспарланған. «Өзен-Түркіменстанның мемлекеттің шекарасы» теміржолы еліміздің солтүстігі мен оңтүстігі арасындағы қашықтықты 600 километрге қысқартты [6].

Транспорттық жолдар мен транспорттық дәліздер Қазақстанның маңызды инфрақұрылымының бір бөлігі. Себебі, еліміздің мұхитқа шығатын тікелей жолының жоқтығынан жүк тасымалының 80 пайыздан астамын транспорттық жүйелермен жүзеге асуы. Бірақ та, Қазақстанда жүк айналымы Ресейге не болмаса Белоруссияға қарағанда екі есе қымбатқа түседі. Дүниежүзілік Банктің мәлімдеуінше, Қазақстанда бір контейнерлік жүктің тасымалдық бағасы 3 мың АҚШ доллары, Ресейде 1,85 мың АҚШ доллары, Белоруссияда 1,8 мың АҚШ доллары құрайды. Сондай-ақ жүктің межеге жеткізілуі бойынша Қазақстан 81 күн, Ресей 36 күн, Белоруссия 15 күндік уақытты алады. Осы көрсеткіштерге байланысты Қазақстан әлем елдерінің арасынан 183 орынға ие.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2010-2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында «Қазақстан Республикасының көлік инфрақұрылымын дамыту» бірінші стратегиялық бағыт болып таңдап алынды. Қазіргі кезде экономиканы ырықтандыру мен Қазақстанның көлік кешеніндегі құрылымдық өзгерістер көліктік қызмет көрсету рыногының еркін

дамуына және нарықтық экономикаға кірігуге әкелді, нормативтік-құқықтық база, сондай-ақ көлікті басқару жүйесі айтарлықтай өзгерді. Ішкі және салааралық бәсекелестік, көліктік қызмет көрсету рыногын игерудегі шетелдік тасымалдаушылармен бәсекелестік-көліктік қызмет көрсету нарығы мен бәсекелестіктің қанағаттанарлық жай-күйін қамтамасыз етеді.

Көліктегі қауіпсіздік ұғымы процестер мен өзара қарым-қатынастардың мынадай тұтас спектрін қамтиды: көлік процесінің әрбір қатысушысының міндеттері мен жауапкершілігін белгілеу, жол-көлік желісінің сапасы және көлік құралдарына қойылатын техникалық талаптар, мамандар даярлау, медициналық көмек көрсету және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі. Осыны негізге ала отырып, "Көлік процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету" екінші стратегиялық бағыт болып таңдап алынды.

Осы бағыт бойынша Көлік және коммуникация министрлігінің қызметі көліктің барлық түріндегі жолаушылар мен жүктердің қозғалуының қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету стратегиялық мақсатына қол жеткізуге ықпалын тигізетін болады. Бұл мақсатқа көліктегі мемлекеттік техникалық бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі, сондай-ақ барлық көлік саласындағы қауіпсіздікті арттыру шаралары жөніндегі міндеттерді шешу арқылы қол жеткізілетін болады.

Қазіргі кезде Еуропа мен Азия арасындағы тауар айналымының көлемі шамамен 700 млрд. АҚШ долларын құрайды, кейбір болжамдарға қарағанда бұл көрсеткіш 2015 жылға қарай 1 трлн. АҚШ долларына, Қазақстанның транзиттен түсетін кірісі 2015 жылға қарай 1,1 млрд. АҚШ долларына жетеді деп болжануда (2007 жылы – 500 млн. АҚШ доллары). Жалпы алғанда Оңтүстік-Шығыс және Шығыс Азия-Еуропа бағытындағы транзит ағыны шамамен 330-400 млрд. АҚШ долларына бағалануда, бұл ретте сарапшылардың пікірі бойынша бұл ағындардың 20%-ға дейінгісі Қазақстан аумағы арқылы өтуі мүмкін [7].

Транзитті дамытудың болашағы мен маңыздылығын ескере отырып "Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамыту" үшінші стратегиялық бағыт болып таңдалды. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін транзиттік тасымалдың көлемін арттыру үшінші стратегиялық бағыттың стратегиялық мақсаты болып табылады. Бұл қажетті халықаралық нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруды, халықаралық стандарттарды енгізуді, халықаралық дәліздерді дамытуды, басқа елдердегі осыған ұқсас балама бағыттарға қарағанда жақсы жағдай жасауды, барлық көлік салалары бойынша өзге де сауда-көлік мәселелерін шешуді және өзіміздің экспорттық, импорттық және транзиттік мүмкіндіктерімізді белсенді дамытуды талап етеді.

Қортындылай келе, жер көлемі жағынан әлем елдерінің ішінен 9-орын алатын Қазақстан Республикасы үшін транспорт саласын дамыту және одан ары қарай жетілдіре түсу өте маңызды. Себебі, транспорт саласының дамуы біртұтас экономикалық кеңістіктің, тауар және қызметтер айналымының, сонымен қатар жергілікті жерлердегі елді мекендерінің тұрмыс деңгейі мен жағдайының одан әрі қарай жақсаруының кепілдігі болып табылады. Сондықтан да, еліміздің транспорттық коммуникациясының және көліктің қозғалысының оңтайландыру күйінің біртұтас ортақ мониторингін жасау қажет.

*1 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 14 желтоқсан 2012 жыл.*

*2 Министерство экономического развития и торговли Республики Казахстан, АО Институт экономических исследований, анализ Казахстана в индексе глобальной конкурентоспособности ВЭФ 2012-2013.*

*3 Электрондық ресурс [www.weforum.org](http://www.weforum.org)*

*4 Государственная программа развития и интеграции инфраструктуры транспортной системы Республики Казахстан до 2020 года. Утвержден Указом Президента Республики Казахстан от 13 января 2013 года №725.*

*5 Жуматаев Р.Н. Транспортная политика Республика Казахстан. Сборник материалов международной конференции «Перспективы Центральной Азии как транзитного моста между Европой и Китаем», г. Алматы, 26 апреля 2005 г.*

*6 Можарова В.В. Транспорт в Казахстане: современная ситуация, проблемы и перспективы развития. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. – 216 с*

*7 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2010-2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 ақпандағы N 60 Қаулысы.*

Кәрібек Дәулет – магистрант II курса Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилев  
«Транспортная политика Республики Казахстан в условиях экономической и социально-политической модернизации»

Karibek Daulet – Master of the second year of the LN Gumilev Eurasian National University  
"Transport Policy of the Republic of Kazakhstan in terms of economic, social and political modernization"

## ТҮРКІЛЕРДІҢ СОҒЫС ӨНЕРІ МЕН ҚАРУЫ

**А.К. Пернеева** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,*  
*тарих, археология және этнология факультетінің II курс магистранты*

В этой статье большое внимание уделяется военному искусству и оружию древних тюрков. Хотя, по этой теме имеется достаточно количество исследований, тем не менее настоящее время накоплено большое археологий и историй, материал позволяющий значительно дополнить имеющиеся этой проблемы данные. Актуальной задачей статьи является изучения особенностей военного дела древних тюрков.

Проверенным способом подготовки к войне и поддержания высокой боеготовности у древних тюрков, как в свое время у хунну, была охота. Арабский летописец Табари отмечал, что для этой цели тюркский каган завел даже специальный полигон – "луг и заповедные горы, к которым никто не приближался и не смел в них охотиться, оставлены они были для войны". Влияние тюрков на исторические судьбы и материальную культуру народов Сибири и Центральной Азии было столь велико, что период господства Первого и Второго Тюркских каганатов археолога зачастую называют просто «тюркским временем». В это время целый ряд открытий кочевой культуры распространился по землям оседлого населения от востока Азии до Европы, и, в свою очередь, немалое число достижений земледельческого населения стало достоянием кочевников. В эпоху Первого Тюркского каганата были созданы руническая письменность, появились новые виды конской упряжи, одежды, оружия.

**Ключевые слова:** оружие, тактика, отношения, лук, воин, кольчуга

In this article the huge attention is paid to military art and oruzhiya of ancient Turkic peoples. Certainly, on this subject research suffices, nevertheless many articles and research about military science of Turkic peoples were studied. Both belief, and a place in the international scene, but a main issue military art, though in this respect isn't enough sources. Actual task of article is features of military science of ancient Turkic peoples. In the checked way of preparation for war and maintenance of high fighting capacity at ancient Turkic peoples as in due time at хунну, there was a hunting. The Arab chronicler Tabari noted that for this purpose Turkic каган got even the special range – "a meadow and reserved mountains to which nobody came nearer and didn't dare to hunt in them (because) they were left for war". Influence of Turkic peoples on historical destinies and material culture of the people of Siberia and Central Asia was so great that the period of domination of the First and Second Turkic khaganates of the archeologist often call simply "Turkic time". At this time a number of discoveries of nomadic culture extended on lands of settled population from the East of Asia to Europe, and, in turn, the considerable number of achievements of the agricultural population became property of nomads. During an era of the First Turkic khaganate were created runic writing, there were new types of a horse harness, clothes, the weapon.

**Keywords:** weapon, tactics, relations, onions, soldier, chain armor

Адамзат тарихының кезеңдері әр түрлі зерттеліп, әдебиет бетіне әртүрлі түсіп жатады. Тарихты бірінші қолға алып оқылар сәтте, бірінші өзінің түпкі тамырынды білгің келеді. Яғни, ата баба тарихы қалай бастау алатынын және тұрмыс салтын, шаруашылығын, мәдениетін сонымен қатар көршілес тайпалармен де қалай қарым қатынаста болғанын. Тарих іздерінен, ата баба өсиетін, сұлтандар билігін, батырлар ерлігін жеке жеке зерттеген тарихшы ғалымдардың еңбектерін қарастырасын және саралайсын. Барлық тарихи деректер мен мақалаларды қарастыра отырып, біркелкі шығу тарихынан бастайды, қандай дінге табынғанын, қайсы тайпалармен қарым қатынаста болғаны және соғысқаны жайлы, бірақ әскери өнерімен соғысу тәсілдерін, қарулары жайлы деректер аз. Тіпті сол кездегі машина рөлін атқарған аттардың өз орны болған. Түркілердің соғыс өнері мен тактикалары сонау далалықтардан, көшпелі халықтардан бастау алады. Адамзатты қазіргі кезеңге дейін дамуы табиғаттың ықпал етуі шығар. Ертедегі адам азығын табуда, өз тайпасын қорғауды жабайы аңдарға қарап үйренді. Міне біртін келе адамдар дами отырып сонымен қатар олардың мәдениеті, діні, сөйлеу мәнері және қару жарақ түрлері де дамып отырды.

Түркілердің қару-жарақтар түрлері, олардың қосымша элементтерінің атауы өзге түркі тілдес халықтардікіне ұқсас болып келеді. Бұл осы жүйенің барлық түркітілдес халықтар үшін ортақ болғанын және оның түркі дәуірінде қалыптаса бастағанын білдіреді. Көшпенділердің қорғаныс қаруы да осы дәуірде пайда болды.

Түріктерде халық – әскер, әскер де – халық болатын. Әсіресе ұзаққа созылған жорықтарда отбасылар да әскермен бірге жолға шығатын. Ал жорықтардан кейін жасалатын қоныстану және орналасу кезінде де әскери жүйенің нышаны байқалатын. Көктүрік мемлекетінің құрылу кезеңінде мұндай «әскери қоныстану» көбірек кездесетін. Мысалы, Қытай жылнамалары батыс түріктерінің негізін қалайтын он оқ, яғни он рудың осындай әскери жүйенің нәтижесінде пайда болғанын жазады. «Он оқ» ұғымының өзі, яғни бөліктерді оқтарға қарай реттеу де шынында түрік әскери жүйесіне байланысты. Мемлекет дамыған сайын ұйғыр тайпалары Қытай шекарасына кіріп, жаңа қоныстар иеленген. Ұйғыр қағандары бұл қоныстарды



«оң және сол шад» деп, жаңа әскери жүйеге негіздейтін еді. Алайда, бұл жаңа жүйе ру-тайпалардың құрылымына да, тұтастығына да ешқандай кері әсер етпейтін еді. Анатолияда құрылған кішігірім түрік мемлекеттері – бейліктерде де әскери жүйе уақыт өте келе этникалық қауымдастыққа айналып кетті.

Көшпелілердің соғыс жүргізу тактикалары мен әдістері бірнеше түрі болды. Көшпелілер жау елін басып аларда әр жерден әскери топтар жиналып, тұтқиылдан соққы беріп басып кіретін. Бұндай жағдайда қарсыласуға шамасын келтірмей басып алатын. Тағы бір әдісі көшпелілер ашық майданда соғысар кезінде бірінші, садақшылар бастайды, да одан қоршап соққы береді. Бұлай жасаудың мақсаты: садақ атумен әскер шебін бұзып, жаудың күшін әлсірету болатын. Бұндай әдіс түрін монғолдарда қолданған.

Көшпелілер өте мықты дайындалып отырған соғысқа олар барлық әскерін ұрыс алаңына жұмылдырмай кезекпен шығарып отырған, яғни топ топпен бөліп кезекпен шығарған. Бірінші топ ұрыс алаңында болса, екінші топ тынығып отырған. Көшпелілер туралы мағлұматтарда «Көшпелілер кез келген майданда шегініп кетебереді» деген жолдарды кездестіресін. Бұл шегіністе тактиканың бір сыры. Шегіну арқылы әскер шебін бұзу немесе өздерінің қалың күшіне алып кіргізу болатын.

Әскери өнердің дамуына сақтардың да қосқан үлесі зор. Соғыстың жүргізілген өнері бірнеше жылдарға дейін созылды. Өзге мемлекеттерге де әскери өнерінің дамуына ықпалын тигізді, әсіресе құл иеленуші мемлекеттерге. Сақтардың басты қару түрі садақ пен ұзын найза болды. Әскери киім үлгілері де болды. Сауыт, бас киім, қорғанғанда қолдарына қалқан ұстады. Сауыттарын алғаш мыстан, кейіннен темірден ыңғайлы етіп жасады. Сақ әскерлері жеке топтан тұрды. Тосқауыл жасау үшін бірнеше отряд алға шығып отырды оларға қосымша әскерлер бөлінді. Әскер құрамын атты әскер құрап отырды, олар жаяу ұрысқа шыққан жоқ. Тағы айта кететін жайт, сақтар жауларын күш жұмсап, ұрыспен алған жоқ айламен, алдын ала жасалған жоспармен алатын. Әсіресе жауларына тұтқиылдан шабуыл жасай отырып, сақтар әрқашан жеңіп отыратын, жеңілген жағдайы сирек ұшырайтын, жеңіліп қалған уақытта, жеңгенінше айқасатын [1].

Түркілердің тарих сахынасына шығуы олардың темірді өндірумен қатарлас. Аңыздарға көз жүгіртсек, түркілердің арғы атасы Ашин теріскейге қашып келіп жужандарда темір өндіру ісін бастайды. Жоғары сапалы темірден бір жүзді пышақ, балта, аттарға үзетін ауыздықтарын, найзалар мен жебе ұштарын жасаған. Сонымен қатар тек қана темір емес алтын мен күмістерді де, қалайы мен мысты да өндіріп отырған. Бұлай айтып отырған себебіміз, археологиялық қазба жұмыстарға сүйенгеніміз. Мысалы: Қырғыз аумағындағы Хакасия жерінде темір пештердің іздерін, Алтай тау апандарында темір өндіру іздері табылған [2].

Түркілер жайлы дерек жеткізген Құлтегін ескерткішінде мынадай: "Әлемнің көгінде аспан, төменінде қоңыр жер пайда болғанда, осы екеуінің арасында адам баласы жаратылды. Адамзат баласының үстінен менің бабаларым Бумын қаған мен Истеми қаған билік жүргізді. Таққа отырған олар өз мемлекетін қорғап, Түркі заңдарын шығарып, оны бекітті" деген жазу жолдары табылған. Құлтегін ескерткішінен басқа түркілер жайлы Қытай деректерінен табамыз. Қытай деректерінде көрші жатқан мемлекеттің барлығын шошытты делінген. Қысқа мерзімнің ішінде Сары теңізбен Қара теңіз арасындағы тайпалардың барлығын бір жерге біріктіреді. Түркілерде әскери заңдары да болған [3].

Астана қыстағынан табылған түркілердің жаяу әсерлері де атты әскерлері де жүруге, шабуыл кезінде ыңғайлы болатындай киінгені белгілі. Бұдан түркі әскерлерінің бір бірінен ерекше киінбегені көрінеді. Металл қаңылтырдан жасалған сауыт, қоңыр қызыл белгімен жиектелген, қазіргі қазақ құлақшынына ұқсас. Сарбаздар биік жағалы, иекке дейін жететін, ұзындығы тізеден түсетін, оң жағын іліп, сол жағы сыртта қалатын шекпен киген. Шекпеннің үстінен қоңыр қызыл түспен бейнеленген сауыт киген. Сауыт шекпен секілді тізеге дейін жететін. Белі жіңішке белбеумен буылып, жеңі қысқа, оны бас арқылы киілген. Бұндай киім түрін ауыр атты әскерлер киінген. Бұндай киім түрі кеңінен қолданған, соңынан жеңіл торғауыт басқан. Сонымен түркі әскерлері далада ғана емес, таулы жерде де соғысқа әрекет етуге дайын ауыр атты әскер болғаны белгілі [2].

Батырлардың өлімге көзқарастары басқаша болды, әрқашанда өлімді жадында ұстады. Батырлар соған дайын болатын. Тура әскердегі тәрбие секілді. Соғысып жүріп өлім құшқан әскер парызын орындаған болып есептелінетін. Сондықтан болар, көптеген батыр жырларында батырларды сипаттағанда көз алдына ешнәрседен тайсалмайтын, қорықпайтын алып адам елестейтін. Оған қоса ақсақалды аталардың батырларға берген батасының да тигізген әсері болар. Аңыздардағы Қабанбай батырға берген батасында:

*«Батыр бол балам қайтпайтын*

*Қағарман атты әруақтай » деген өлең жолдары бар.*

Түркі заманына жататын археологиялық материалдарда қылшандар жиі кездескенімен, бұл кезеңдегі жақтың қабының садақтың сақталған нұсқасы жоқ. VII ғасырдан көне түркілер семсермен қатар ат үстінде жүріп айқасқа ыңғайлы, сабы жүзіне қарай қисайта орналасып соғылған, басы түзу, бір жүзді кесу

қаруын пайдаланды. Бұл қару түрін шалаш деп атады. Кейбір зерттеушілер семсер орнына қолданыста болғаны үшін, жеке кесу құралдар қатарынан санады. Археологиялық деректер мен бейнелеу өнеріне сүйене отырып, палашты түркі халықтары XIV ғасырға дейін қолданыста болған деп санады. Шығыс Қазақстаннан табылған түркі отбасы қолданған палаш ұзындығы 80 см, ені 3 см, сабағының ұзындығы 12 см жеткен. Бұл қаруға қарай отырып, қылыштың бастапқы үлгісі екен деген ойға келесін. Осы кезден бастап көшпелі жауынгерлерінің басты қаруына айналады [5].

Түркі сарбаздары жезбен, күміспен, алтынмен апталған қазіргі қазақ тымағы сияқты бас киім, үстіне жезден істелген, ұзындығы тізеден, жеңі шынтақтан сәл жоғары сауыт, аяқтарына саптама етік киген. Жауға аттанған жауынгер сауыт киіп, садақ асынып, беліне алдаспан байлап, білегіне шоқпар іліп, кеудесіне қалқан, қолына найза ұстап шығады екен. Олар соғыстан бос уақытында мал шаруашылығымен, аңшылықпен айналысқан. Ол заманда киімнің жалпы аты «тон» делінген.

Шығыршықты сауыт киген жауынгерлердің болғаны туралы да археологиялық деректерге сүйенеміз. Металлдан жасалған сауыттар мен қатар бірнеше қабатталған матадан тігілген, мықты тігілуі үшін арасына қыл, мақта, металл бөліктері салынған жеңіл сауыттарда жасалған. Петроглиф суреттерде салынғандай аттарды да сауытпен жарақтаған ауыр салмақты жауынгер бейнесін көруге болады. Қару жарақ дәстүрлі қоғамда соғыс құрал қызметін ғана атқарған жоқ сонымен қатар көптеген функцияларды да атқарды. Ұру жараққа қарап сол уақыттағы діни сенімдерді, дүниетанымдарды байқауға болады. Қару жарақ сонымен қатар әлеуметтік жағдайды да, яғни статусты та белгілейді. Қолбасшының қаруы түсі, өрнегі жағынан өзгеше де, жауынгерлердің қаруы өзгеше.

Түркі садағының адырна сүйектерінен орналасуына қарай жеті түрлі болып ерекшеленеді. Кейбірінде жақтың ұзындығы қысқарып, иіндерінің серпінін сақтау үшін адырна бастарының сүйектерінің бастары алынып салынады. Жақ сүйектерінің бұлайша әр түрлі орналасуы түрі халықтарының әр түрлі тайпаларының қолдануына байланысты деп көрсетеді зерттеушілер. Кейінгі көшпелі түркі тайпалары да осы түркі садағы негізінде жасалды.

Түркілер ғұндардың ұрпағы ретінде өздеріне дейін жиналған соғыс өнерінің бай тәжірибесін дамытып қана қоймай, жаңа соғыс доктринасын жасап шығарды. Соның нәтижесінде Түркілер Еуразияның Ұлы даласында өмір сүрген барлық тайпаларды біріктірген ең күшті қағанат құрып, Еуразияның этникалық, саяси-экономикалық жағдайына тікелей әсер етті. Түркі қағанаты көп уақытқа дейін шығысында Қытайды тәуелді етіп, батысында Иран мен Византияны өзіне мүдделі қылды. Бұл да түркілердің әскери ісі мен соғыс өнерінің, қолбасшылық мектебінің озық үлгісінің дәлелі болып табылады. Ұлы дала көшпелілерінің соғыс өнерін жетік меңгергені сондай, олардың қолбасшылық мектебі тағы да халықаралық деңгейге шықты. Әсіресе, X-XII ғасырларда қыпшақтан шыққан қолбасшылар барлық көрші елдерде әскери қызмет атқарып, соғыс өнерін қаншалықты жетік игергенін көрсетті. Қытай императоры, Грузия патшалары, Рим папасы, орыс княздері, Хорезм шахтары түгел қыпшақтардан тұратын ұлан ұстаса, Мысыр елінде Мәмлүк сұлтаны Бейбарыс қарапайым сарбаздан биліктің шырқау шыңына дейін жетті. Жалпы сол кездегі түркілердің әскери ісі мен соғыс өнері, қолбасшылық дарынына байланысты мәліметтерді түркі жазбаларынан, араб-парсы деректерінен көптеп табуға болады.

Түркілер ешнәрседен тайсалмайтын ел болды. Тәңірі былай деген: «Түркі халқы жойылмайды, ол құрбандыққа шалынбайды» және «олар мемлекеттің ортасында тұрғандықтан, жаудың ортасында қалды. Жаудың саны түркілерге қарағанда еш артықшылығы болған жоқ»

Әскери демократия заманында жеке батырлық, әскери қабілеттер, қасиеттер бағаланған, алға тұтылған батыр ата-баба культінің біртіндеп қалыптасуына алып келді. Өткен ата-баба мен ұрпақтарды байланыстырып, жаңаша түсіндіретін тарихилық бөлшегі деуге болады. Ұрпақ – зерттеулер көрсеткендей көп рет қайталанған, шешуші мәнге ие, тарихи ата-бабалардың көптеген ғасырлардан соңғы жаңа сипатта қайталануы [6].

1 Аманжолов К., Тасболатов А. – Алматы: Білім, 1999.

2 Гумилев Л. «Көне түркілер» - Алматы: Білім, 1994.

3 Ахметжанов Қ.С. «Жараған темір кигендер» – Алматы: «Дәуір» баспасы, 1996.

4 Ахметжан Қ. «Қазақтың дәстүрлі қару жарағының этнографиясы», Алматыкітап, 2006 ж.

5 «Аңыз адам» журналы №23(59) желтоқсан 2012 жыл.

6 Курьев Л.Н. Оружие казахов // СМАЭ. 1978 г. т.34.

7 Тасбулатов А., Аманжолов К. Военная история Казахстана. Очерки. - А., 1998 г.

8 Военное дело древнего и средневекового населения Северной и Центральной Азии. - Новосибир. 1990.

## **ҰЗЫНАҒАШ ӨңІРІНДЕГІ МЕКТЕП ӨМІРІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (1920-1940 жж.)**

**Э.К. Түсіпбекова** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Магистратура және PhD докторантура институты, Қазақстан тарихы және мәдениеті кафедрасының 2 курс магистранты*

В современной Алматинской области в жизни школ Узынагашского края, имеется истории, которые берут свое начало с ранних времен. Рассматривая архивы, мы узнаем новые данные, связанные с этим периодом. Вместе с тем, в ходе изучения искомым данных, мы познаем образ всего казахского общества. Потому что тысячи сел и поселков, множество городов имеют свое родословие, а также свою историю. Однако, здесь необходимо отметить, что они не всегда сопричастны к почетной чести, описывающие судьбу всего нашего государства. Эта история занимает очень важное место в летоисчислении людей. Потому что каждый край имеет свой национальный жизненный облик и обычай, и самое главное, – это непременно часть истории всего государства. В этой связи, пройденный этап и многогранный путь людей отчетливо видны из истории Узынагашского края. Поэтому, каждая истории края прочно вошли в научную привлекательность и культуру быта и разные жизнеописания их сегодня всесторонне исследуются. Значит, исследование жизни школы Узынагашского края за 1920-1940 годы имеет очень важное значение.

**Ключевые слова:** краеведение, архивные документы, этнографическая экспедиция, начальная школа, семилетняя школа, учебно-воспитательная работа, библиотека, клуб, дисциплинарные кружки, районный отдел образования, партийная организация, коллективное хозяйство, сельский совет

In modern Almaty area in school life of Uzynagachsky edges, is available stories which originate with the rannyykh of times.

Uzynagachsky edges, is available stories which originate with the rannyykh of times. Considering archives, we the uznayemnovy data connected with this period. At the same time, during studying of required data, we learn an image of all Kazakh society. Because thousands villages and settlements, sets of the cities have the rodoslovy, and also the history. However, here it should be noted that they aren't always copresent to the honourable honor, describing to destiny of all our state. This history takes very important place in chronology of people. Because each edge has the national vital shape иобычай, and the most important, is by all means part of history of all state. In this regard, the passable stage and a mnogogranny way of people are clearly visible from history of Uzynagachsky edge. Therefore, everyone edge stories strongly entered scientific appeal and culture of a life, and also different biographies are comprehensively investigated today. Means, research of life of school of Uzunagachsky edge for 1920-1940 has very much importance.

**Key words:** study of local lore, archival documents, ethnographic expedition, elementary school, seven-year school, teaching and educational work, library, club, disciplinary circles, regional department of education, party organization, collective farm, village council

Тарихты білу алдымен белгілі бір өлке тарихын зерттеуден басталады. Өйткені, өлке тарихы казак тарихының құрамдас бөлігін құрайды және сол өңірде өмір сүретін халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Сондықтан, өлкетану мәселесінде ең алдымен белгілі бір өңірдің тарихи-географиялық орны, әкімшілік-аумақтық құрылымы, табиғат жағдайы, археологиялық ескерткіштері, тарихи тұлғалары мен мектеп өмірі анықталуы тиіс. Өйткені әрбір өңір тарихын зерттеу нәтижесінде Қазақстан тарихына сүбелі үлес қосылары сөзсіз. Мәселеге осы тұрғыдан қарасақ, мыңдаған жылдар бойы Жетісу жері, қазіргі Алматы маңы түрлі тайпалар мен халықтардың өмір сүрген, мәдениеттер мен өркениеттердің тоғысқан ортасы болды. Ел аузында «Жетісу – жер жанныаты» деп тегін айтылмаған. Бұл ретте өңір тарихын зерттеу зерттеушіден түрлі методологиялық принциптерді қажет етеді. Қазіргі ғылым өрісінде көбіне пәнаралық зерттеуді талап етеді. Сондықтан, өңір тарихын зерттеу үлгісін жасай отырып, зерттеуші гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарына сүйенеді. Өңір тарихын зерттеу арқылы біз қоғамның мәдени, әлеуметтік және саяси даму жүйесі туралы толық мәлімет бере аламыз. Ендеше, 1920-1940 жылдардағы Ұзынағаш өңірінің тарихын зерттеу барысында сол кездегі адамдардың қалай оқып, қай жерде білім алғанын анықтауға мүмкіндік туады. Бұл өз кезегінде тарих пәнінің ауқымдылығын арттырады және мәселені жаңаша қойып, тарих беттерінде сыңаржақ күйде қабылданып келген тұжырымдарды мұқият талдауға мүмкіндік туғызады. Осы ретте, біз мұрағат құжаттарында сақталған деректі мәліметтерді қолдана отырып, қарастырып отырған кезеңдегі Ұзынағаш өңірінің мектеп өміріне қатысты істерді тиянақты түрде ашып көрсетуге тырыстық.

Қарастырып отырған кезеңдегі Ұзынағаш өңірінің әлеуметтік жағдайы мен ондағы мектептерге қатысты мәліметтер осы өңірден этнографиялық мақсатта жиналған экспедиция материалдары арасында кездеседі. Ендеше, осы экспедицияда ел аузынан жинап алынған тарихи мәліметтерге назар аударайық. Мұны алдымен 1951 жылы 18 тамызда И.Захарова мен Ф.Аронов жазған этнографиялық экспедиция есебінен бастаймыз. Сергеевка селосында (қазіргі Бесмойнақ ауылы – Э.Т.) жүргізілген этнографиялық экспеди-

цияның мүшелері мектепке қатысты мәліметтер жинастырған. Ол жазбаларында екі тілде ауыл мектебіне қатысты жазылған мәліметтер кездеседі және онда ауыл мектебінің тыныс-тіршілігі айқын бейнеленген. Оған көз жүгіртер болсақ, 1927 жылы 15 желтоқсанда бүкілодақтық мектеп санағы жүргізілген. Осы мектеп санағы бойынша Бесмойнақ тауында қыстаулары орналасқан №6 ауылдың балалары оқыған мектеп – Бесмойнақ мектебі деп аталды. Бұл мектеп бір ауысымды және отырықшы мектеп (көшпелі емес) болып саналды. Бесмойнақ мектебі Қасқатоғай деп аталатын жерде орналасты. Оқу кезінде өтетін сабақтардың барлығы қазақ тілінде жүргізілді. 1927 жылы 15 желтоқсандағы мәлімет бойынша Бесмойнақ мектебі бір санатты, ол өз кезегінде екі сынып болып жіктелді. Бірінші сыныпта – 18 оқушы, ал екінші сыныпта – 12 оқушы білім алды, осы жылы барлығы – 30 оқушы оқыды. Ал 1926 жылы бұл мектепте – 38 оқушы оқыпты. Оқушылар мектепке өздерінің ауыл-қыстауларынан күнделікті барып оқыды. Көктем мен күзде мектеп – 3 верстік, ал қыс мезгілінде – 2 верст қашықтықта орналасты. Бесмойнақ мектебінде тек ер балалар ғана оқыды [1].

1930 жылы колхоз ұйымдастырылған кезде орыстар мен украиндықтардың басым бөлігі селодан тіпті ауданнан тысқары қалалық жерлерге, совхоздарға үдере көше бастаған еді. Осы кезден бастап ауыл халқы 1912 жылы салынған шіркеуді мектеп түріне өзгертіп, ішін бөліп, бірнеше сынып жасайды. Ауылда 1930 жылдан 1936 жыл аралығында бастауыш мектеп болса, ал 1936 жылдан бастап орталау (жеті жылдық мектеп) мектеп болған. 1936 жылғы жеті жылдық орталау мектепті 150 оқушы бітіріп шықты. Оның ішінде 22-сі оқуларын одан ары қарай жалғастырса, қалғандары болса колхозда жұмыс істеді. Сондай-ақ ауылда орыстар үшін бастауыш мектеп жұмыс істеді. Ондағы екі ауысым сабақты бір орыс мұғалімі (әйел мұғалім) өткізеді. Қазақ мұғалімдерінің жалпы саны – 12 адам. Олардың ішіндегі үш мұғалімнің ғана жоғары білімдері бар, олар: директор, оқу ісінің меңгерушісі (қазақ тілі және әдебиеті) және орыс мұғалімі (әйел). Орыс тілінен беретін мұғалім «Мұғалімдер институтын» бітірген екен. Ұстаздар ішіндегі жетеуі қазақ әйелдері және олардың басым көпшілігі сырттай оқығандықтан осы жазда олар емтихан тапсыруға жіберілді. Мектепте – 215 оқушы (оның ішінде 18-і орыс) оқиды, олардың 130-ы қыз балалар болған. Осы жылы 18 оқушы екінші жылға қалдырылды, ал қалғандары оқу жылын сәтті аяқтады [2].

Жанкелді колхозына қосылған бұрынғы Карл Маркс атындағы колхозда бастауыш мектеп (төрт сыныптық) жұмыс жасаған. Сергеевка селосында орналасқан мектептің жанында партиялық комсомол ұйымы жұмыс істеді. Осы мектепте 24 комсомол мүшесі болды. Мектеп жанында оқушыларға арналған кітапхана жұмыс істеді. Сондай-ақ мектепте «Білім жолы» атты қабырға газеті шығып тұрды және онда бірқатар – әдебиет, тарихи-географиялық, математика, спорт және көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс істеді. Оған жалпы 180 оқушы тартылды. Әдебиет үйірмесінде мұғалімдер Жамбыл, Абай, Горький және тағы басқалардың өмірлері туралы дәрістер оқыды. Оқушылар да осы мазмұнда баянадама дайындады. Колхозшылардың жалпы жиналыстарында тарих, математика бойынша және күннің тұтылуы мен жер сілкінісі туралы шолу дәрістері оқылған болатын. Көркемөнерпаз үйірмесінде – мондалин, гитара, балалайка және домбыра секілді музыкалық аспаптар болды. Бұл үйірмеде 18 қатысушы болса, оның 2-еуі орыс.

Ауылдан Ұзынағашқа (аудандық) олимпиадаға алты оқушы «Балалар шығармашылығына» жіберілді. Музыкадан басқа үйірмеге қатысушылар сурет салумен және кесте тігумен де шұғылданды. Спорттық үйірмеге қатысушылар гимнастикамен, секірумен, гранат лақтырумен, футбол, волейбол ойындарымен айналысты. Үйірмеге 23 оқушы қатысқан [3].

Мектептің партиялық ұйымында 5 адам болды. Экспедиция мәліметінде Сергеевка селосындағы мектеп директоры Бисеев Айтбек деп көрсетілген. Мектеп директоры 1940 жылы Ташкент педагогикалық институтын бітірген. 1950 жылдан бастап осы Сергеевка селосындағы мектептің директоры қызметін атқарды [4]. Осыған дейін ол басқа жерлерде жұмыс істеген.

Осымен қатар, экспедиция жетекшісі И.Захарова Сергеевка селосы тұрғындарының тыныс-тіршілігі жөніндегі зерттеуінде мынадай мәліметтер жазған: «Жанкелді атындағы ұжымдық шаруашылық орналасқан бұрынғы Сергеевка поселкасы 1910 жылы орыс және украин қоныстанушыларымен құрылған. Үйлер жоғарыдан төменге қарай бір-бірінен өте үлкен қашықтықта жүретін көшелер арқылы орналасқан. Ондағы көшелер ашық жерлермен бөлінген. Көшелер ауласы-жайы бар екі қатарлы үйлерден құралған. Село көшелері өте көгалды. Әрбір үйде отырғызылған ағаштар бар. Жеміс-жидек бау-бақшалары бар үйлер өте сирек кездеседі (тек 5 үйде ғана алма ағаштары бар). Селоның кейбір үйлерінде бақшалар (огород) бар. Ондағы жерлерде картоп, жүгері, кейбірінде жоңышқа егілген, ал көкөніс жоқтың қасы. Тек, кейбір орыс отбасылары ғана сәбіз және пияз егеді. Бұған климаттық жағдайдың қолайсыздығы себеп болып отыр. Село жоғары тау бөктерінде орналасқандықтан, онда ерте күздік және кейінгі көктемдік үсіктер болып тұрады. Негізгі тұрғыны қазақтар, 25 отбасы орыстар, аздап әзірбайжан, шешен және

татарлар бар. Селода басқа ұлттар жергілікті халықпен төрт көшеде араласып тұрады. Бұрынғы Карл Маркс атындағы ұжымдық шаруашылық (колхоз) қазір 25-ке жуық үй-жайдан тұрады. Онда көгалдандырылған екі көше созылған. Онда тұратын көп адамдар ұжымдық шаруашылықтар біріккен соң Сергеевка селосына қоныстанды. Селода әлі электрстанция жоқ, бірақ оны салу басталды. Осы жылы ол құрылысты тоқтатып қойды. Колхозда – жетіжылдық мектеп, бастауыш мектеп (бұрынғы Карл Маркс колхозында), медпункт, перзентхана, клуб, кітапхана, және село дүкені мен пошта бөлімі бар. Сонымен қатар колхозда кең мал қоралары, екі диірмен, ұстахана, шеберхана және май өндіру кәсіпорны бар» [5].

Сергеевка селосында Гусев атындағы ауылдық кеңес (сельсовет) жұмыс істеді. Бірақ этнографиялық экспедицияның жинаған мәліметінде осы ауылдық кеңес төрағасының аты-жөні көрсетілмеген. Экспедиция жетекшісі И.Захарова ауылдық кеңеске қатысты мәліметті ауылдық кеңес хатшысынан жазып алған. Гусев атындағы ауылдық кеңестің бюджетінде – медпункт, ақушерлік пункт, кітапхана, бастауыш мектеп, (бұрынғы Карл Маркс атындағы колхоз поселкасы) қарады. Оның ішіндегі 1. Медпункт бюджеті – жылына 23700 рублді құрады. Онда үш адам жұмыс жасады, оларға – 1600 рубл, кеңсе шығыны – 700 рубл, тамаққа – 4000 рубл, медицинаға – 800 рубл, жұмсақ бұйымдарға – 1200 рубл жұмсалды; 2. кітапхана бюджеті – 8000 рублді құрады, онда бір адам жұмыс істеді. Оның жалақысына – 4300 рубл (оның 200 рубл салыққа), кеңсе шығыны – 1800 рубл, кітаптар – 1400 рубл, жұмсақ бұйымдар – 100 рубл, жөндеу жұмыстарына – 200 рубл жұмсалды; 3. Бастауыш мектептің бюджеті – 4800 рубл, бір сыпырушыға жалақы 2400 рубл, кеңсе шығыны – 1800 рубл, оқу шығыны – 300 рубл, кітаптарды алуға – 200 рубл, ауылдық кеңеске (2 қызметкер және сыпырушы) – 8400 рубл жұмсалды [6].

Гусев атындағы ауылдық кеңес жанында оқу үйі орналасты. Бұл оқу үйін 47 жастағы Қабылтаева Зибә басқарды. Оқу үйінің кітап қорында мынадай оқулықтар: Абай шығармалары-3, Жамбыл-2, Пушкин-3, Салтыков-Шедриннің «Госпада головыслы» деген еңбегі, Тургеневтың «Отцы и дети» еңбегі, А.П. Чеховтың «Әңгімелері мен повестері», Маркс, Энгельс, Ленин және Сталин шығармаларының жалпы саны-59, әдебиет кітаптары-51, саяси кітаптар-182, орыс тіліндегі көркем әдеби кітаптар-63, балаларға арналған кітаптар-8, оқу үйінде кітаптармен қатар газет және журналдарда болды. Газеттер қатарында: Правда, Известия, Комсомольская правда, Пионерская правда, Казахстанская правда, Лениншіл жас, Сталин жолы, Социалистік Қазақстан, Қазақстан пионері, ал журналдар қатарында: Вопросы философии, Вопросы истории, Огонек, Коммунист, Әдебиет және өнер басылымдары кездеседі [7].

Кез-келген мектептің сапалық даму өрісі мен бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін оқу-тәрбие үрдісі анықтайтыны белгілі. Осы ретте, біз қарастырып отырған кезеңдегі қазақ мектептерінің де сандық-сапалық даму өрісіне орай оқу-тәрбие жұмысының жүйесі де өзгеріп отырғанын байқауымызға болады. Ұзынағаш өңіріндегі мектептер өзінің қалыптасуы мен дамуының алғашқы сатысында аудандық, облыстық, респуликалық әдістемелік кабинеттар мен халық ағарту бөлімдерінің қызметкерлері басшылығымен жасалған ғылыми-педагогтік және әдістемелік нұсқаулармен оқу жүйесін қалыптастырды [8].

Алайда, Ұзынағаш өңіріндегі ауыл мектептері көптеген қиындықтарға тап болып, білім берудің барлық мәселелері күрделене түсті. Өйткені, бастауыш мектептерге оқушы тартудың өзі қиынға соқты. Балалардың панасыздығы мен бақылаусыздығы орын алды. Ендігі жерде балаларды еңбекпен, асыраушы еңбекқор ата-аналармен қамтамасыз ету мәселелері де көп көңіл аудартты. Оның үстіне мектептердің барлығына тұрмыстық-материалдық жағдайлар жасау қажет болды [9].

Бұл жылдары өңірдің халық ағарту жүйесінде оқу жылының барысы, мектептердің оқу жоспарлары, ұлт мектептерінде оқыту нысандары мен әдістері, қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарына қол жеткізу, мектепте және одан да тыс жерлерде тәрбие жұмысын жүзеге асыру, мұғалімдердің халық арасында саяси ағарту жұмысын жүргізудің маңызды жүйелері жасала бастады. Бұл кезде өңірдегі мектептердің оқыту жүйесінде, ұлттық тәрбиеге, оқыту мен тәрбие үрдісінде сол ұлттың тарихы мен тіліне, экономикалық даму ерекшелігі мен географиясына баса назар аударылды. Бұл ұстам, әсіресе, бастауыш сыныптарға арналған оқулықтарда ерекше ескерілді. Өйткені, бала білім негізін ең алдымен өзін қоршаған орта мен күнделікті тіршілік негізінде тез игере алады және жас күнінен бастап бойына сіңіріп өз елінің патриоты болып өсетіні анық. Бұл сол кездегі ұлт зиялыларының бұлжымас ұстанымы болғаны белгілі [10].

Сол сияқты оқу жасына толған балаларды есепке алу ұйымшылдықпен жүргізілді. Нәтижеінде, аудандық оқу бөлімдері жалпыға бірдей міндетті оқу заңының орындалуына назарды күшейте түсті. Мұғалімдердің жыл сайынғы тамыз кеңестерінде мектептердегі жаңа оқу жылына әзірлеу және балаларды оқуға тарту мәселелері келелі сөз болды. Сондай-ақ, жалпыға бірдей міндетті оқу заңын жүзеге асырудың жай-жоспарын халық депутаттары, облыстық, қалалық, аудандық кеңестері атқару комитеттерінің сессиялары ұдайы талқылап отырды. Түптеп келгенде бұл игі шаралар оқушылар санының едәуір артуына игі ықпал етті [11].

Мектептерді оқулық және оқу құралдарымен қамтамасыз етуде жергілікті атқару комитеті мәжілістерінде сессияларды оқу бөлімдері меңгерушілерінің, мектеп директорларының есептері жиі тыңдалып, талқыланды. Өңірдегі орта мектептердің жұмысын жандандыруға айрықша назар аударылды. Олардың материалды-техникалық базасын нығайтып, білікті мұғалім кадрлар даярлап шығару белгіленді. Ал Ұзынағаш өңіріндегі ауылдық кеңестер алыстағы мал жайылым учаскелеріндегі балалардың есебін алуда, бастауыш мектептерді ұйымдастыруда, жоғары сынып оқушыларын интернаттарға орналастыруда және интернаттарды қажетті құралдармен жабдықтауда бірсыпыра, игі шараларды жүзеге асырды [12].

Қорыта келгенде, тарихтың өткені мен бүгінгі халқымыздың жүріп өткен жолы, басынан кешкен оқиғалары болашақ ұрпаққа үлкен сабақ болады. Себебі, тарихты білу арқылы болашақты болжап, бүгінгі мен ертеңгі күнге баға береміз. Ал, өз тарихынан нәр алмаған ұрпақ мәңгірт болып өсері сөзсіз. Демек, зерттеліп отырған мәселе тек Ұзынағаш өңірінің мектеп өмірі ғана емес, тұтас бір халықтың тағдыры болып саналады. Нәтижесінде, 1920-1940 жылдардағы Ұзынағаш өңіріндегі мектеп өмірінің өзекті мәселелерін мұрағат қорларындағы тың деректер негізінде зерттей отырып, өңір тарихын бейнелейтін маңызды мәліметтерге көз жеткіздік.

1 АОММ (Алматы облыстық мемлекеттік мұрағаты).

2 962-қор, 1-тізбе, 1063-іс, 14-н.

3 АОММ 177-қор, 1-тізбе, 1070-іс, 16-н.

4 АОММ 962-қор, 1-тізбе, 1066-іс, 9-н.

5 ҚР БҒМ ФК Біріккен ведомствалық мұрағаты.

6 11-қор, 1-тізбе, 82а-іс, 18-н.

7 АОММ 177-қор, 1-тізбе, 1070-іс, 9-н.

8 АОММ 962-қор, 1-тізбе, 1063-іс, 81-н.

9 АОММ 177-қор, 1-тізбе, 1071-іс, 12-н.

10 ҚР ОММ (Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты) 81-қор, 1-тізбе, 1547-іс, 109-н.

11 Сембаев Ә.І. Қазақ совет мектебінің тарихы. - Алматы, 1967, - 80-б.

12 ҚР ОММ 1692-қор, 1-тізбе, 1742-іс, 3-н.

УДК 378

## **ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ҚАЛАЛАРДЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ**

**Е.Шопатаев – І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің магистранты**

В данной статье автор рассматривает историю становления Великого шелкового пути, основные его направления и трассы. На основе анализа трудов исследователей и археологов показывает историческое значение Великого шелкового пути. Раскрывает как по шелковому пути распространялись торговые, культурные связи, а так же религиозные идеи, как миссионеры разносили свою веру в заморские страны.

**Ключевые слова:** великий шелковый путь, города, торговля, караван, религия, культурные связи, поселения

In this article the author examines the history of the formation of the Silk Road, the main highway and its direction. Based on analysis of works of researchers and archaeologists shows the historical significance of the Silk Road. Opens like spread along the Silk Road trade and cultural ties, as well as religious ideas, as missionaries carried the faith in their country overseas.

**Keywords:** the great Silk Road city, trade, caravan, religion, cultural relations, settlement

Қазақ халқының тарихындағы көпшілік бөлігі қазіргі Қазақстан арқылы өткен Ұлы Жібек жолының өткені ерекше. Қазақстан Шығыс пен Батыстың мәдениетінің өзара ықпалдасуы мен өзара байытылуының жолындағы байланыстырушы көпір болса, Ұлы Жібек жолы бағыттары халықтар мен елдерді біріктіріп, олардың мәдениетін жақындатты. Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар өзара тиімді, бейбіт қатар өмір сүруді, діни төзімділікті қалаған және инновациялық жетістіктермен белсенді түрде алмасуға ұмтылған әртүрлі экономикалық және дүниетанымдық жүйелерді жалғастырып, біріктіріп отырды. Бүгінгі таңда тәуелсіз елімізде туризмді дамыту маңызды саланың бірі болып отыр. Сол себепті де, Ұлы Жібек жолының тарихын, оның ескерткіштерін зерттеп, бүгінгі күн талабына, туризмнің сұранысына сай етудің де маңызы зор.

Ұлы Жібек жолы – Еуразия құрлығындағы сауда, керуен жолдарының жалпы атауы. Ол б.з.б. ғасырдан б.з. ХҮІ ғасырға дейін Орталық Азия арқылы Қытайды Алдыңғы Азиямен байланыстырды. Қытайлық саяхатшы Чжан Цяньның “Батысқа” саяхаты нәтижесінде б.з.б. II ғада ашылды. Батыс тарихнама-сында алғаш рет 1877 ж. К.Рихтгофеннің “Қытай” атты еңбегінде бұл сауда жолы Ұлы Жібек жолы деп аталған болатын, сол уақыттан бері тарихи әдебиеттерде осы атау қалыптасып кетті. Сюннулармен

(ғұндар) соғысқа әзірленіп жатқан Хань императоры У-ди б.з.б. 138 ж. Чжан Цянь (б.з.б. 192-120) деген елшісін сюннулармен жауласушы даюэчжи (массагет) тайпасын іздеуге аттандырды. Ол тайпа сюннулардан жеңіліп, Ганьсудан әрі батыс жаққа қоныс аударды. Жол-жөнекей Чжан Цянь сюннулардың тұтқынына түсіп, одан 10 жылдан соң қашып шығып, өзінің сапарын Орталық Азия жерінде жалғастырады. Ол саяхат барысында Даваньда (Ферғана), Канцзюеде (Әмудария мен Сырдарияның ұштасар жері) болып, бір жылдай Дася (Бактрия) жерінде тұрған. Жергілікті саудагерлерден Чжан Цянь Шэньду (Үндістан) және батыстағы алыс елдер жайлы, соның ішінде Аньси (Парфия), Ферғана мен Орта Азияның басқа да елдері туралы және бұл аталған елдердің Қытайды “жібек елі” деп білетінін, саудагерлер бұл елдерге Қытайдан жібек маталар әкеліп сататынын білді. Әлемге әйгілі Ұлы Жібек жолының аты осыдан келіп шыққан деп [1] көрсетеді зерттеушілер.

Жібек жолы тек сауда жолы болып қана қалмастан, дүние жүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына өшпес үлес қосты. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византия, Иран, Орта Азия, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда байланыстары болғандығын ежелгі қолжазбалардағы мәліметтер дәлелдейді. Шаштан (Ташкенттен) жол Гизгирдқа, Испиджабқа келіп, одан әрі керуен Таразға бағыт алған. Тараздан солтүстікте Адахкет, Дех-Нуджикет қалалары орналасқан кимақтарға, оңтүстікте өздерінің туған өлкесінде – Шельдяни, Куля және т.б. қалаларға тірелген. Сондай-

ақ Тараздан Төменгі Барысханға, одан әрі Құлан, Мерке арқылы Аспараға жететін болған. X ғ. бастап Ұле

жазығындағы сауда жолы арқылы керуендер жүре бастайды. Осы жерден Ұле Алатауының көпестері

қазіргі Алматы мен Талғардың елді мекендеріне жолға шыққан. Талғарда жол қазіргі Шелек, Есік, Кеген аудандарында, Подгорныйға, одан әрі Шонжаға иек артады. Алакөл ауданында жол тармақталады. Екіөгіз, Қиялық, Көктем керуен жолдарымен Шығыс Түркістанға, Алтайға, Монғолияға шығуға болатын еді. Сырдария қалаларын байланыстыратын жолдардың маңызы орасан зор. Ол Испиджабтан басталып, солтүстік-батыста – Арсубаникент, Арыс, Кедер, Шавгар, Сауран, Сығанаққа әкелетін. Сығанақтан Жентке және Янгикентке тірелген. Исфиджабтан солтүстікке қарай түскен жол Құмкент, Аба-Ата, Созаққа барады. Одан әрі Орталық Қазақстанның жазық жерлері арқылы Кеңгір, Жезді, Нұра далаларына шығады. Атаулы керуен жолы XX ғ. басына дейін сақталып келді, тіпті, Ресей, Қазақстан және Орта Азияның қалалары мен елді мекендерін байланыстырып отырды, оған жақын жерлерде жәрменкелер ұйымдастырылды.

Белгілі тарихшы Л.Гумилевтің «Көне түріктер» атты еңбегінің «Жібек және керуен жолы» атты төртінші тарауында Ұлы Жібек жолының Чаньаннан басталып Наньшан жоталары, Хами ойпаты, Турфан арқылы Гаочанға келіп, екі бағытқа бөлінгенін, оның бірінің Қарашар, Ақсу арқылы Ыстық көл маңынан өтіп Шу мен Талас алқабына Аспараға баратынын, ал екінші тармағының Жоңғарияны жағалап, Үрімші, Манас, Күркіреусу мен Ерен Қабырға арқылы Іле алқабына жетіп, одан ары Орта Азияға бағыт алатынын жазады. Ол: «Орта Азияда керуендер тыныс алатын. Ең ірі аялдама – тасымал пунктінің бірі Пайкент болатын», – дей келе, жолдың одан ары Хорасан арқылы Рей мен Хамаданнан өтіп, Византия бекінісі Несевия арқылы Сирия мен Константинопольге кететінін, керуеннің Қытай теңізінен Парсы шекарасына дейін 150 күн, одан ары Рим шекарасына дейін тағы 80 күн жүретінін баяндайды [2, 41 б.]. Л.Гумилевтің сауда қанша қызғанымен халық бұқарасы үшін емес, бай-бағландарға қызмет ететінін, қытайлардың өз патшайымдары үшін Ираннан қымбат қас пен көз сүрмелерін, Вавилон кілемдерін, Сирияның асылтастарын, Қызыл теңіздің інжу-маржандарын, Сирия мен Мысырдың маталарын, Кіші Азияның есіртпе нашаларын алып отыратынын, дегенмен сауданың ең маңызды мүлкінің жібек болғанын, әсіресе Византияның оған мұқтаждығы зор болғанын айтады.

Археолог М.Елеуовтың «Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (VI-XIII ғ. басы) атты еңбегінде Ұлы Жібек жолының VI –VII ғасырларда Атбасы, Арпа өңірі, Қара шұра асуы, Яссы өзені бойымен Өзгентке жетіп, одан соң Ош пен Ферғанаға өтетін Оңтүстік немесе Ферғана тармағының біртіндеп Түрік жолына орын бергенін айтады. Бұдан соң автор VI-X ғасырлардағы жазбаша деректерге сүйене отырып, Түрік жолдың Испиджабтан шығысқа қарай Шараб, Бадухкет, Тамтадж, Жувикат қалалар мен елді мекендерін басып өтіп Таразға келіп, Төменгі Барсхан, Қасырабасқа жеткенін, одан шыққан

керуеннің Күлшуб, Жұлшуб, Құлғанға келіп одан Суябқа дейін тағы он қаланы басып өтіп, содан соң Сагур Кубалға одан әрі Ыстық көлге өткендігін жазады. Түрік жолын ондаған үлкенді-кішілі керуен жолдарының қиып өтіп отырғандығын және Шу өзеніне жеткенде екі бағытқа: Іле өңіріне және Ыстық көлге қарай бөлінгендігін көрсетеді [3, 15 б.].

Тараздың Түрік жолындағы аса ірі сауда және қолөнер орталығы, бірнеше керуен жолдары тоғысқан қала болғандығын көрсете отырып, одан жан-жаққа Ферғана, Жоғарғы Талас, Телікөл, Қимақ және Талас жолдары сияқты әртүрлі керуен жолдарының таралып отыратынын, бұлардың әрқайсысының бағыттары сипаттай жазады. Солардың ішінде Ферғана жолының Ұлы Жібек жолына, Телікөл және Талас жолдарының Нәнсай жолына, Ран мен Ақсүмбе жолдарының Телікөл жолына, Дарбаза жолының Сарысу жолына, ал Қимақ жолының Хан жолы мен Қарқаралы жолдарына қосылатынын көрсеткен. Ал Талас пен Шу өңірлері арқылы өтетін Қарқаралы, Уванас, Жеті қоңыр және Банджар атты керуен жолдарының Қаратаудың бірнеше асуынан асып оның солтүстік беткейіндегі қалалар мен елді мекендер арқылы Орталық Қазақстанға, одан Есіл мен Ертіс өзендеріне, ары қарай Батыс Сібірге өтіп отырғанын, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқтала отырып баяндайды [3, 15 б.]. Шу және Хан жолы аталған керуен жолдары мен олардың тармақтары да жан-жақты сипатталады. Шу бойындағы Навакет қаласынан солтүстік – батысқа қарай шыққан Шу керуен жолы Кирмирау, Шөміш, Ақтөбе, Ақсутөбе, Жетіжар, Сабыр, Қырқүй, қалалары мен елді мекендері, Аңырақай мен Қопа арқылы Іле өңіріне жеткен. Шу керуен жолының Текей, Ақсу, Соқұлық тармақтарының бағыттары да жазылған. Хан жолының Тайатқан, Шұнақ тауларынан шығып Шуға жететін және Қойлыбай, Болат тауларынан шығып Шуға дейін баратын екі жолы, немесе автор жазғандай сол тармағы мен оң тармағы болғандығын баяндайды.

Атақты археолог К.М. Байпақов Ұлы Жібек жолының кейбір салалары бойынша байланыс пен айыр-бас б.з.б. III-II мыңжылдықтарда-ақ басталғанын, лазурит және нефрит жолдары туралы айта келе, б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында «Дала жолының» іске қосылғандығын, Геродот деректері негізінде баяндап, ол бойынша тері, иран клемі, қымбат тастардан жасалған бұйымдар тасылғанын айтады. Ұлы Жібек жолының II-V ғасырларда Қытай жері бойынша жүретін бағытын көрсетеді. Оның ойынша Чаньаннан шыққан бұл жол Ланчжоу ауданында Хуанхэден өтіп, Тянь-Шанның солтүстік етегімен Ұлы Қытай қорғанының батыс шетіне, «Яшма қақпасына» келіп, бұл жерден үшке бөлініп батысқа беттейтінін: Солтүстік бағыты – Хами, Турфан, Бесбалық, Шихо, Іле өзені жазығына; ал ортаңғы бағыт, Чаочаннан Қарашарға, Ақсуға, Бедел асуы арқылы Ыстық көлдің оң жағалауына; үшінші, оңтүстік бағыт, Дунхуан, Хотан, Жаркент, арқылы Бактрия, Индия және Жерорта теңізіне қарай кететінін айтады. Б.з.б. VI-III ғғ. жоғары мәдениетке ие болған көшпелі және жартылай көшпелі сақ тайпаларының Бесшатыр, Есік, Тегіскен, Үйқарақ археологиялық ескерткіштері деректеріне сүйене отырып, олардың Қытай, Үнді, Таяу және Орта Шығыс елдерімен байланысының болғанын дәлелдейді. Ол сондай-ақ: «Во время существования государств Бактрии, Парфии, Хорезма, Согда, Усунь и Кагюй во II в. до н.э. – первой половине I тыс. н.э., когда Шелковый путь начинает активно функционировать, сюда проникает римское стекло, китайский шелк, зеркала, и лаковая посуда, европейские фибулы-застежки и разные камни-печатки из Сасанидского Ирана», – деп бұл кездерде шет елдермен байланыстың кең ауқымда болғандығын айқындай түседі [4, 21 б.]. К.М. Байпақов дәл осы кезеңде Амудария, Сырдария, Зеравшан, Мұрғаб, Шу және Талас өзендерінің бойында антикалық кезеңде негізі қаланған ортағасырлық қалалардың қалыптасып дамыған деп есептейді.

Жібек жолымен діни идеялар да кең таратылып отырған, ал миссионерлер өз дінін тіпті теңіздің арғы бетіндегі елдерге барып таратқан бұған Ә.К. Ақышев «Ұлы Жібек жолы – миссионерлер жолы» деп аталған ғылыми мақаласы дәлел. Автор қазақтың ежелгі даласының тарихына шолу жасала келе, Цинь Ши Хуандидің кезінде оның сарайында Орта Азия мен Шығыс Түркістаннан шыққан Ху деп аталған халықтың сиқыршылары мен көріпкелдері үлкен ықпалға ие болған және солар арқылы даосизм мен конфуцишілдікке зороастризм идеялары, әсіресе жанның мәңгілігі мен дұрыс өмір салты туралы көзқарастар енген, хан императорлары өлмейтін жағдайға аспантұрғындарының тағамдары болып есептелетін тағамдарды пайдаланып, Жетісу үйсіндері мен ферғаналықтардың аспан сәйгүліктері арқылы жетуге болады деп санағандығын жазады [4, 29-42 бб.]. Орталық Азиядағы Кушандар билігі тұсында мұнда буддизм таралып, буддалық сутралар мен джатактарды тохар, Сақ, соғды, қытай, кейінірек түрік тілдеріне аудару басталды.

Буддалық миссионерлер саудагерлер мен дипломаттар болды. Орталық Азияның кейбір мемлекеттерінде буддизм жария, шартты дінге айналды. V-VII ғасырларда буддизм Жетісуда да орын тепті. Кейбір түрік қағандары буддизмді қабылдады. Мұның бәрін автор ең алдымен Сюань-Цзянның 729 жылы басталған саяхатымен байланыстыра дәлелдеп, түсіндіреді. Ұлы Жібек жолы бойымен жүрген келесі бір миссионерлік қозғалысты 424 жылы несториандық (шығыстық) шіркеудің Византия пентархынан



бөлініп, тәуелсіздік алып, автокефалия жариялауымен байланысты Мервте, Самарқандта, Навакетте шіркеулерінің пайда болды дейді. Ал Талас өзені бойындағы арабтар мен қытайлықтардың арасындағы шайқастан соң, исламның қазақ даласына кеңірек ене бастады деп есептейді. Оның ойынша Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларда әртүрлі діни қауымдар қатар өмір сүрді. Римдік шіркеу несториандарды дінсіздерден да жаман, эретиктер деп есептеп, олардың айтқандарына сенбеді, Азияны ертегілер елдері деп санады. Тек монғолдар славяндарды талқандап, Еуропаға келгенде естерін жиып, елшілерін жібере бастады, олар барған жерлерінен христиандарды тапқанына мәз болды, олар жөнінде көбірек жазды.

Қазақстанның Жібек жолы бойындағы қалаларында Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азияның біріне бірі ұқсамайтын әртүрлі мәдениеттері бір-бірімен араласып, бірін-бірі байытуына қолайлы жағдай жасалады. Ұлы Жібек жолының тарихын, маңызын әлі де болса зерттелмеген тұстанын ашып көрсету өзекті мәселе.

1 Алдабек Н. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – Т. 9.

2 Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.

3 Елеуов М. Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (VI-XIII ғ. басы). – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 210 б.

4 Шелковый путь и Казахстан. Материалы научно-практической конференции. Алматы, 2-3 сентября 1998 г. – Алматы: Жібек жолы, 1999. – 324 с.

УДК 378

## **МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ТАРИХЫ**

**Ш.И. Шынтаева** – *эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 2 курс магистранты*

В статье материалы о казахской движении во имя свободы. И эти материалы в советской истории исследовались цензурным взглядом, а после получения независимости архивные документы были внедрены в научные обороты. О значимости архивных материалов и их ведения критики в источниковедении рассматривались материалы из Центрального Государственного архива Республики Казахстан, Президентского архива Республики Казахстан, Государственного архива Алматинской области.

Так как, система архивного дела была направлена на тщательное проведение политики империи, его основные процессы полностью могут показать ход проведения этой политики. Автор в своей статье дает информацию о трудном периоде развития и проведения архивного дела в советской период.

**Ключевые слова:** Советская система, архивный фонд, документ, народное движение, генерал-губернатор, реформа

Article material on Kazakh movement in the name of freedom. These materials were studied in the Soviet history of censorship look, and after obtaining independence archival documents have been introduced in the scientific revolution. The importance of archival materials and their criticism of reference source study examined materials from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the Republic of Kazakhstan Presidential Archives, the State Archives of the Almaty region.

Since the system archival work was aimed at conducting a thorough policy of the empire, its main processes can fully show the progress of this policy. Author in his article gives information about the difficult period of development and implementation of archiving in the Soviet period.

**Keywords:** The Soviet system, the archive fund document, popular movement, the governor-general, the reform

Өткен жүзжылдықтың 80-жылдарының екінші жартысынан бастап кеңестік жүйеде қалыптаса бастаған саяси, қоғамдық ой азаттығы ұлт республикаларында өткенді танып-білуге деген құштарлық пен ерекше құлшынысты туғызды. Қазақ халқының өз тарихына деген құрметі мен шынайы ықыласы президент Н.Ә. Назарбаевтың 1997 жылды «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» [1] және 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» [2] деп жариялауымен толық үндестік тапты. Өз кезегінде қазақстандық тарих ғылымы ұлттық тарихнаманың дамуындағы жаңа өркендеу кезеңіне құлаш жая бастады.

Қазақ азаттық қозғалысының деректемелік негіздерін мұрағат құжаттары, ұлттық зиялылардың, қоғамдық-саяси тұлғалардың еңбектері (шығармалары, эпистолярлық мұралары, ресми құжаттары, фотосуреттер т.б.), мерзімді баспасөз құрайды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағатының (алда – ҚР ОММ) мынадай қорларында: №94 «Верный Ерлер гимназиясы», №44 «Жетісу облыстық басқармасы», №166 «Мемлекеттік Думаға Жетісу облысы Лепсі уезі бойынша сайлау комиссиясы. 1906-1907 жж.», №76 «Верный округтық соты прокуроры», №9 «Уақытша Үкіметтің Жетісу облыстық комис-

сары», №380 «Сырдария облыстық комиссары Б.П. Тризнаның жеке қоры», №109 «Түркістан майданы Революциялық Әскери Кеңесінің Жетісудағы өкілдігі», №878 «Қазақ АКСР ХКК жанындағы құрылыс бюросы (Алматы қаласы құрылысына байланысты)», №339 Қазақ АКСР ХКК жанындағы Қазақ Жол транспорты», №196 «БОАК Президиумы жанындағы Қазақ АКСР-і Өкілдігі. Мәскеу қаласы», №693 «Қазақстанды Зерттеу Қоғамы» – Алаш қозғалысының түрлі мәселелеріне қатысты аса маңызды құжаттар жинақталған. Мұнда азаттық қозғалыстың көрнекті тұлғасы Мұхамеджан Тынышбаев (1879-1938) [3] туралы құжаттармен таныса келе, тұтас азаттық қозғалыстың әр кезеңдеріне қатысты құжаттардың жиналып қалғанын байқадым. Мысалы, Екінші Мемлекеттік дума және қазақ зиялыларының қоғамдық саяси қызметі; 1916 жылғы саяси оқиғалар тұсындағы Қазақстан; Алашорда автономиясының тарихы; азаттық күреске қатысушы тұлғалардың кеңестік билік тұсындағы қоғамдық мемлекеттік және кәсіби, ғылыми қызметі жайында мол мағлұматтар беретін деректердің сан алуан шоғыры жинақталған. Бұл мұрағаттық құжаттардың кеңестік тарихнамада ғылыми айналымға енгізілу деңгейі сол саяси жүйенің ұстанымына лайықталғаны түсінікті.

Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының (алда – ҚР ПМ) №141 «БКП (б) Қазақстан Өлкелік Комитеті және №811 «Қазақстан партия ұйымының тарихынан коллекция» деп аталатын қорларында азаттық қозғалыс жайындағы деректердің басым көпшілігі Ресей, Қазақстан және Өзбекстан мұрағаттарындағы құжаттардың көшірмесі. Алайда олар, уақыт сынына байланысты кеш бастаған, оқып-түсінуге қиын түпнұсқа құжаттарды өзара салыстыра қарап, тарихи шындықты анықтауға үлкен көмек бере алады. Бұл қорларда негізінен, 1916-1917 жылдардағы азаттық қозғалыстың көшбастаушыларының қоғамдық саяси белсенділігі, «Түркістан автономиясы» мен «Алашорда» үкіметтерінің қызметіне қатысты құжаттар сақталған.

Алматы облыстық мемлекеттік мұрағаты (алда – АОММ) №714 «Түркісіб құрылысына Алматы округтік Көмек Комитеті қорындағы» құжаттары Түркістан-Сібір темір жолын салу кезіндегі қазақ зиялыларының қызметі, ұстанымдары, ұлттық мүддеге қатысты іс-әрекеттері туралы аса маңызды дерек көздері саналады.

Облыстық мұрағаттардың қорлары азаттық қозғалыс тарихы туралы құжаттар кешенін қалыптастыратын мүмкіндігі бар. Тек Алматы облыстық мұрағаты ғана емес, Шығыс Қазақстан облысының Жаңа тарих құжаттары орталығының (алда – ШҚОЖТҚО. Семей қаласы) мұрағаты тарихи құжатнамалық сипатымен назар аудартады. Мұнда, аталмыш мұрағаттың №37 Семей уездік кеңесі» қорларынан Алашорда үкіметінің азамат соғыс жылдарындағы қоғамдық-саяси қызметі, бұрынғы Ресей империясында жанданған ұлттық қозғалыстармен байланыстары, басқа саяси топтармен қарым-қатынастары, Алашорда автономиясының әскери тарихы туралы құнды мәліметтер беретін деректер кездеседі.

Көршілес елдердің мұрағат қорлары ұлт азаттығы тарихын зерттеуде аса мол деректерді ұсына алатын деңгейін таныта алады. Әсіресе, Өзбекстан республикасы мен Ресей Федерациясы алдымен аталуды қажет етеді. Мұның тарихи объективті себептері бар. Патшалық Ресей билігі тұсында тұтас Түркістан ұғымының баламасына Өзбекстан аймағы, Ташкент, Қоқанд қалалары енгізілді. Мұнда қазақ зиялылары оқыды, білім алды, азаттық қозғалыстың сан қилы кезеңдеріне қатысты қоғамдық-саяси қызметтерін жүргізді. Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (алда – ӨР ОММ. Ташкент қаласы) қазақ тарихының аса күрделі, бетбұрысты кезеңдері жайындағы құжаттарға аса бай. Атап айтқанда, №И-1 «Түркістан генерал-губернаторының кеңсесі» қорында сақталса, ал 1906 жылы Петербург Жол қатынасы инженерлері институтын бітіріп келіп, Орта Азия темір жол Басқармасы», №17 1ТАКСР Орталық Атқару Комитеті» №33 «Орта Азия Темір жолы Басқармасы», №И-1 «Түркістан генерал-губернаторының кеңсесі», №1044 «Уақытша Үкіметтің Түркістан комитеті» №1613 «Солдат және жұмысшы депутаттарының Түркістан Өлкелік Кеңесі» №Р-1 «КСРО Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің Орта Азиядағы Өкілдігі Басқармасы», №17 «ТАКСР Халық Комиссарлары Кеңесі. 1917-1924 жж.», №69 «Орыс географиялық Қоғамы Түркістан Бөлімі», №372 «Қазақ Халық Ағарту институты» қорлары құжаттарды зерттеу нысанына көзделген тақырыпты сан қырынан талдауға шамасы жететін дерек қорларымен бағаланады.

Ресей федерациясы мұрағаттары қорларының жалпы қазақ тарихы үшін деректемелік маңызы жайында жеке зерттеу арнауға болар еді. Өйткені, кеңестік билік тұсында өте құнды тарихи құжаттар орталықта Мәскеу, Санк-Петербург қалалары мұрағаттарында сақталып келді. Ұлттық республикалардың мұрағаттарында осы түпнұсқалық құжаттардың көшірмелері ғана жинақталғаны белгілі. Осы орайда біздің зерттеу мәселемізге қатысты деректер шоғырын Ресей Федерациясы Мемлекеттік Мұрағатының (алда – РФММ. Мәскеу қаласы) №102 «Ішкі Істер Министрлігі. Полиция Депортаменті. 1900-1916 жж.», №523 «Халық Бостандығы партиясы», №749 «Бүкілресейлік Уақытша үкіметтің Ішкі Істер Министрлігі «Бұратаналар» бөлімі», №192 «Уақытша Бүкілресейлік үкімет (Директория) жанындағы Түркістан-Сібір

темір жолы құрылысына Жәрдемдесу комитеті» қорларынан кездестіруге болады. Бұл қорларда қазақ азаттық қозғалысының көрнекті тұлғаларының ролі туралы, азаттық қозғалыстың биік шыңы – Алашорда үкіметінің тарихы – оның жариялануы, кеңес үкіметіне қазақ автономиясының көзқарасы, бірін-бірі алмастырған, билікке таласқан орыс үкіметтерімен (Құрылтай Жиналысы мүшелері комитеті, Уақытша Сібір үкіметі, адмирал Колчак үкіметі, облыстық үкіметтер) Алашорданың байланысы, сондай-ақ азаттық қозғалыс тұлғаларының кәсіби ғылыми қоғамдық мұралары жайында және т.б. көптеген маңызды құжаттар жинақталған.

Мұрағат құжаттарын ғылыми айналымға енгізіп, деректанулық сыннан өткізу барысына да арнайы тоқталған жөн. Себебі кеңестік саяси-идеологиялық ұстанымға байланысты коммунистік цензура мұрағаттық құжаттармен жұмыс жасаудың, оларды пайдаланудың ерекше әдіс-тәсілін қолданды. Сондықтан кеңестік тарихнамадағы белгілі құжаттарды деректанулық сақтықпен ғылыми електен өткізіп қараған жөн. Мұнда зерттеуші үшін ғылыми мәселені талдауда тарихи деректердің әр алуандығы мен сан түрлілігіне қоса, деректанулық «сыртқы сын» сынағына енгізілуі аса маңызды талап болып табылады.

Кеңестік тарихнамада ұлттық қозғалыстар, саяси партиялар тарихы, ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің, қайраткерлерінің қызметі, іс-әрекеттері біржақты, қатаң таптық көзқарас тұрғысынан зерттелгендігі белгілі. Мәселен, XX ғасырдың басында Ресейде шамамен 150-дей саяси партия өмір сүрді [4]. Бұлардың арасында өмір сүріп тұрған қоғамдық құрылысты өзгертуді жақтаушы партиялар да болды. Алайда, тарихи объективтілік принципінен бұрын саяси ұстанымның басымдығы ғылымның гуманистік болмысына тұсау салды. Негізінен марксистік доктрина қағидаларының дұрыстығы, большевиктердің стратегиясы мен тактикасының толықтай салтанат құратындығы, кеңестік тарих ғылымына тән қалыпты тұжырымға айналды. Басқа («буржуазиялық», «ұсақ буржуазиялық», «контрреволюциялық», «ұлттық» жұмсартып айтқанда «пролетар емес» және т.б.) партиялар мен қозғалыстардың негізі жоқтығы, халықтың алшақтығы, сондықтан да олардың болашақта болмай қоймайтын жеңілісі дәлелденді. Әдетте, Ресей империясында пролетариат диктатурасының бірпартиялық жүйенің орнауы заңдылық болып табылатыны, оның объективті тарихи процесс екендігі, ал басқа балама жолдың тек тұйыққа әкеліп тірейтіндігі санаға терең енгізіле түсіндірілетін.

Сөйтіп, азаттық қозғалыстың зиялылары патшалық Ресейдің және кеңесті биліктің бірдей қысымына душар болды. Мұраларын тарихи дерек көзі ретінде пайдалануға шектеу қойылды, немесе бұрмаланып түсіндірілді.

Қазақ азаттық қозғалысының қайраткерлері қатарында көрнекті қоғамшыл саяси тұлға Мұхамеджан Тынышбаев есімі, қоғамдық-саяси қызметі кеңестік тарихнаманың әділетсіз бағасына ие болды. Алаш қайраткерлеріне 20-жылдардың ортасынан бастап төнген қатер және сталиндік ойлау жүйесінің «Партия тарихының қысқаша курсы» шыққаннан кейін тарих ғылымында берік орнығуы, Алаш қозғалысын, жалпы Түркістан өлкесіндегі азаттық үшін күрестің тарихын жазудың тағдырын шешті. Енді большевиктік басылымдарда Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев бастаған қазақ интеллигенциясының бүкіл қызметі реакциялық, бұқара халықтың мүддесіне сатқындық деген тұжырым жасалды [5].

Тарих ғылымының өз міндетінен айырылып, кеңестік ресми саясаттың қаруына айналғанына Алашорда үкіметінің контрреволюциялық роліне арналған ғылыми конференция қорытындысы нақты дәлел болды.

1933 жылы 8-28 желтоқсан аралығында Қазақ марксизм-ленизм ғылыми зерттеу институтында өткен бұл конференция-қоғамдық-саяси қызметтерін Қазан төңкерісіне дейін бастаған қазақ интеллигенциясы туралы екі топтың арасындағы қызу айтыс-тартыспен ерекшеленеді. Мысалы, М.Тынышбаевтың қоғамдық-саяси қызметін аяусыз «әшкерелеген» Брайминге қарсы сөйлеген С.Асфендияров: «...Шкапскийде, Тынышбаевта 1917 жылы қазақтарға ойран ұйымдастыруы мүмкін емес, мен сол кезде Жетісуда қызмет істегендіктен, М.Тынышбаевтың қазақтарды қырып-жоймағанын дәлелдей аламын» [6] деп, зал ішінде шу туғызған батыл пікір білдіріп, қазақ зиялыларының қызметін объективті бағалауға шақырған топтың (Мусин, Федоров, Мендешев) өкілі болды. Бұларға қарсы Алаш қайраткерлерінің қызметіне тек біржақты пікір білдіріп, қазақ халқының тілін білмесе де, түпнұсқа деректерді өздері оқығандай «дәлелдер» келтірген С.Брайнин мен Ш.Шафирының жетегінде кеткен Ә.Жангелдин, І.Құрамысов бастаған топ тұрды.

Бірақ көп ұзамай, С.Асфендияров та осы сияқты топқа қосылуға мәжбүр болды. Оның 1935 жылы жарық көрген «Қазақстан тарихы (көне дәуірден бастап)» деп аталатын еңбегінде М.Тынышбаевтың қоғамдық-саяси қызметіне және тарихи көзқарасына берген бағасы тоталитарлық жүйе қысымының көрінісі. Мұнда ол тұлғаның 1916 жылғы көтеріліс тұсында ұстанған бағытын «қорқақтық, сатқындық маскара» – деп сипаттайды. С.Асфендияров, М.Тынышбаевтың қазақ халқының шығу тегін көне замандардан іздеп, географиялық, лингвистикалық деректер негізінде этникалық шекараның көлемділігін

дәлелдеуге талпынған ғылыми ізденісіне де қарсы пікір айтады. Бұл пікірін «буржуазияшыл шовинист», «ұлтшыл» элементтерге тойтарыс беруім [7] деп түсіндіреді. Осылайша ұзақ жылдар бойы қайраткер есімі кеңестік тарих ғылымында «буржуазияшыл-ұлтшылдықтың», «пантюркизмнің» баламасы ретінде ғана жазылып келді [8].

Мысалы, 1957 жылы Қазақстан Мемлекеттік баспасынан шыққан «Қазақ ССР тарихының» 1 томынан мынадай жолдарды оқимыз: «...Жетісуда Уақытша Үкіметтің комиссарлары болып Қоныс аудару басқармасының чиновнигі, патшаның отаршылдық саясатын белсене жүргізген әсер Шкапский және буржуазияшыл-ұлтшылдардың басшыларының бірі М.Тынышбаев тағайындалды... Барлық прогрестік жаңа нәрселерден қорыққан, революцияны жек көрген буржуазияшыл-ұлтшылдар ауылда патрирхтық-феодалдық қоныстарды сақтауға тырысты. Олар феодалдық қатынастарды сақтауға тырысты. Олар феодалдық жер иедену тәртібін, әйелдерді бұрынғы езілген, күндік қалыпта ұстау туралы және сот жұмысымен халық ағарту ісін солардың қолына беру туралы қаулылар қабылдады».

Қазақ азаттық қозғалысы жетекшілерінің біразының қолдауына тускен кадет пратиясы болды. ХХ ғасыр басындағы Ресей либерализмінің сол қанатындағы ең ықпалды конституциялық-демократиялық (кадет) партия саналды. Бұл партия 1906 жылы 4-11 қарашада өткен 2 съезінде өздеріне «Халық бостандығы» деген қосымша атауды да ұсынды. Жоғарыда аталып өткендей, Алаш қозғалысының көсемі Ә.Бөкейхановтан бастап, жетекші қайраткерлеріміздің қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуында елеулі орны болғаны белгілі.

Кадет партиясы, Ресейдің қоғамдық құрылысын батыстың үлгісімен қайта құрып, оны парламенттік құрылымға ауыстырып, демократиялық құқықтық мемлекет нормаларын енгізу үшін күресті. Федерализм принципін жақтамаған кадеттер, мәдени-ұлттық өзін-өзі билеу принципін ұсынған еді. Оның негізгі құрамы интеллигенттер болды. Түрлі ұлт өкілдері де көп болған бұл партия, сонысымен де басқалардан ерекшеленетін. Партияның бағдарламасы да тиімді радикалдық талаптардан тұрды. Мемлекеттік қоғамдық-саяси, экономикалық қатынастарын біртіндеп реформалау. Бастапқы кезде ол, осындай бағытымен қызықтырып, қатарын көбейте алады. Мұндай реформалық жол қазақ зиялысының көңілінен шықса керек. Ол өз халқының мүддесін жалпы мемлекеттің мүддесімен байланыстыруды ойлады. Бұл көзқарас сол кезеңдегі қазақ қоғамының саяси деңгейін түсіне білгендік еді. Сондықтан да ол осы партияға мүше болды. Төңкеріс әкелген еркіндік ұлт қамын ойлаған зиялыларымызды белсенді әрекеттерге баруға жігерлендірген еді. Мұны 1905 жылы қазақ зиялыларының бірқатарын орыс конституциялық-демократиялық партиясы үлгісінде саяси партия құруға тырысқан әрекетінен көреміз. Кадет партиясының сол кезде, алдыңғы қатарлы демократиялық интеллигенцияның қоғамды жаңарту туралы ойларынан шықты. Қазақ зиялылары бұл партияға осы төңкеріс кезінде ерекше көңіл аударды. Оны қазақ даласында құру идеясы да осы кезде жүзеге асты. Алайда оған кейбір еңбектерде жаңсақ көрсетілгендей М.Тынышбаев қатысқан жоқ. Өйткені, ұйымның құрылуы оның Петербургтан шыға алмаған кезімен тұтас келді. Оның үстіне қазақ конституциялық-демократиялық партиясының (қждп) Орал тобы туралы деректің табылуы [9] туралы ойды анықтай түседі.

Сонымен, тарихи деректердің деректанулық қатаң сыннан өткізілуі ғана тарихи шындықты анықтауға жол ашатынын көріп отырмыз. Мұрағат құжаттарын ғылыми айналымға енгізу барысында деректану ғылымының қағидаларын сақтаудың аса қажеттілігін аталмыш мәселені талдау барысында қоғауға тырыстым. Түрлі мұрағат қорларындағы қазақ ұлт азаттығы қозғалысына қатысты құжаттар осындай әр алуан сипатымен, бай мазмұнымен өз зерттеушілерін қызықтыра түседі.

1 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығы // Егемен Қазақстан. - 1996, - 30 желтоқсан.

2 1998 жылды Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жариялау туралы Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығы // Егемен Қазақстан - 1997. - 11 желтоқсан.

3 Жүгенбаева Г. Мұхамеджан Тынышбаев – қазақтың тұңғыш инженері. - А., 2009.

4 Политические партии России. Конец XIX – первая треть XX века. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1993. – С. 5.

5 ҚР ПМ (Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты), 141-к., 1-т., 479 «А»- іс, 1-2-пп; Голощекин Ф.И. Отчет краевого Комитета VI Всеказахский партконференция. - Кзыл-Орда: Казгосиздат, 1928 - 195 б; Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки истории Алаш-Орды. – Алма-ата: Казкрайиздат, 1935. - 148 б. Бочагов А.К. Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг. - Кзыл-Орд: Казкрайиздат. 1927.-5 с.

6 ҚР ПМ. 811-к., 20-т., 368-іс. 79, 108-пп.

7 Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). 2-ое изд. - Алма-Ата: Қазақ университеті,

1993. - 11-б.

8 *История Казахской ССР. 2-ое изд. /Под. Общей ред. И.О. Омарова и А.М.Панкратовой.-Алма-Ата: Изд. Ан КазССР, 1949.-421-422, 454,458,581,491бб; История Узбекской ССР. –Ташкент:Фон, 1957.-129-125 бб.*

9 *РФ МА (Ресей Федерациясы Мемлекеттік мұрағаты) 523-к., 1-т., 407-іс., 1-1-қ.пп.*

## ХАЗАР ҚАҒАНАТЫ МЕН АРАБ ХАЛИФАТЫ АРАСЫНДАҒЫ СОҒЫСТАРДЫҢ БАРЫСЫ

**Г.С. Беделова** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, т.ғ.к.,*  
**Р.А. Марипов** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2 курс магистранты*

Бұл мақалада Хазар қағанатымен Араб халифаты арасындағы жүргізілген соғыстардың барысы баяндалады. Жүз жылдан астам уақытқа созылған араб-хазар соғыстары тарихи маңызға ие болды. Еуропаға шығыстан қауіп төнген кезде, жеңілмейтін мұсылмандар Хазар қағанатының күшімен тоқтатылды деуге болады. Ислам дінін тарату мақсатында жорықтарын бастаған халифат әскері санаулы жылдарда-ақ солтүстікке қарай ентелей өтіп, екі бірдей империяның тас-талқанын шығара қиратып, ең ірі тау тосқауылына – Кавказ тауларына барып тірелді. Осы тосқауылдан жеңіспен өтудің сәті түскенде олардың алдарынан Шығыс Еуропаға қарай даңғыл жол ашылатын еді. Бірақ тап сол Кавказ шебінде араб армиясы жоғары дәрежеде ұйымдастырылған Хазар қағанатының әскери күшімен қақтығысып, арабтардың бұл бағыттағы шабуылында ілгері жылжуына жол бермейді. Шешуші шайқаста жеңіске жеткенімен әлсіреген арабтар Кавказ тауларын кері бағытта кесіп өтіп, еліне қайтты, өздерінен соң солтүстікте ешқандай әскери плацдарм қалдырған жоқ. Сөйтіп мақалада, ендігі жерде хазарлар мемлекеті бұрынғысынан да қуатты күшке ие бола отырып, экономикалық тұрғыдан да қуатты елге айналғандығы баяндалады.

**Түйін сөздер:** Хазар қағанаты; Араб халифаты; Византия империясы; Армения; Шығыс Еуропа; Таулы Кавказ; дипломатия; стратегия; сыртқы саясат; экономика; плацдарм; Беленджер; Дербент

В статье рассматриваются войны между Хазарским каганатом и Арабским халифатом, которые продолжались более ста лет и оставили в истории свой неизгладимый след. Можно сказать, что только мощь и сила Хазарского каганата отвела нависшую над Европой угрозу мусульманского нашествия.

В целях распространения ислама войсками халифата в кратчайшие сроки были сокрушены две империи, и только при условии победоносного преодоления Кавказских гор – перед ними открылась бы широкая дорога на Восточную Европу. Но, именно в этой ожесточенной схватке высоко организованные военные силы Хазарского каганата воспрепятствовали дальнейшему продвижению арабов в этом направлении. Несмотря на достигнутую победу в этом решающем сражении, обессиленные арабы вернулись обратно, не оставив после себя никакого плацдарма на севере.

Таким образом, в статье говорится о том, что государство хазар, более прежнего обретя мощь и силу, и с экономической точки зрения стало более могущественным.

**Ключевые слова:** Хазарский каганат; Арабский халифат; Византийская империя; Армения; Восточная Европа; Кавказские горы; дипломатия; стратегия; внешняя политика; экономика; плацдарм; Беленджер; Дербент

This article tells the story of the wars between the Khazar Khanate and the Arab Caliphate, which lasted more than a hundred years of history left an indelible trace. I must admit that only power and strength of the Khazar Khanate took the threat hanging over Europe Muslim invasion.

In order to spread Islamic Caliphate troops as soon as possible the two empires were crushed, and only when the victorious overcoming the Caucasus Mountains – in front of them would open a wide road to Eastern Europe. But it is precisely in this fierce battle highly organized military forces of the Khazar Khanate prevented further advancement of the Arabs in this direction. But despite the victory achieved in this decisive battle, the Arabs came back exhausted, leaving behind no foothold in the north.

Thus, the article says that the state of the Khazars, a previous finding strength and power, and from the economic point of view has become more powerful.

**Keywords:** Khazar Khanate; Arab Caliphate; Byzantine Empire; Armenia; Eastern Europe; Caucasus Mountains; diplomacy; strategy; foreign policy; the economy; bridgehead; Belenzher; Derbent

VII ғасырдың ортасында Батыс Түркі қағанатының ыдырауынан кейін төменгі Еділ бойы мен Солтүстік Кавказдың шығыс бөлігінде Хазар қағанаты қалыптасты. Алғашқы феодалдық мемлекет болып табылатын Хазар қағанаты Қара және Каспий теңізі аралығында стратегиялық маңызды орынды иемденді. Атап айтсақ, хазарлар Византия империясы үшін солтүстіктегі күшті далалық болгар, венгр, печенег және т.б. тайпалардан қорғаныс ролін атқарды. Сонымен қатар, Шығыс Еуропа мен Византия үшін хазар қағанатының шығыстағы араб шапқыншылығының ең күшті кезеңінде оларға қарсы

тұруы маңыздырақ болған.

Қағанаттың құрылған алғашқы жылдарында хазарлар болгарлардың көмегімен батыстағы шекараларын кеңейте отырып, өздерінің саяси дербестігінің арқасында Күнгей Кавказға мүлдем қызығушылық танытпады. Хазарлықтар Күнгей Кавказдың бай мемлекеттерімен жақсы таныс болды. Византия императоры Ираклимен одақтаса отырып жүргізген соғыстарының нәтижесінде Албанияны жақсы танып білді, алайда осы бағыттағы жауапты жорықтар жасауға әлсіздік танытып және де тек болгарлармен біріге отырып жорықтарын жүргізіп отырды. Араб жорықтары Кавказ аймағына жеткенде хазарлар өздерінің оңтүстік шекарасына көңіл бөліп, назар аударуға мәжбүр болып, барлық бағыттағы исламның жолымен дамып отырған жаңа күшке қарсы шықты [1; 175-176 бб.].

Арабтар Сирия мен Месопотамияны қарамағына қаратқаннан кейін Күнгей Кавказға еніп, алғаш Арменияны жаулап алды. Әрдайым ішкі алауыздықта жүрген және феодалдық иеліктерге бөлінген бұл мемлекет бұрыннан Сасанилік Иран мен Византия арасындағы таластың негізі болған еді. Император Ираклидің жеңісінен кейін, Армения мен Күнгей Кавказдың үлкен бөлігі Византияның иелігіне енген еді.

Күнгей Кавказға енген арабтар бірден Кавказ тауларының жолдарын меңгере отырып, өздерінен кейін оларды бекітіп отыруға тырысты. Парсы тарихшысы Баламидың айтуынша, арабтар Күнгей Кавказға алғаш енген кезінің өзінде шекарадағы тау арқылы өтетін жолда орналасқан тайпалармен келісім жасап отырған дейді. Бұл тайпалар алым-салықтан босатылғандықтан халифаттың иелігіндегі жаулардың соққыларына қарсы тұруға және жолдарды қарауылдау қызметтерін өз мойындарына алған.

642-652 жылдар аралығын қамтыған «Бірінші араб соғысы» барысында арабтар Дербент қақпасы арқылы бірнеше рет өтіп, Хазар қағанатының терең түкпірлеріне дейін жетті, ал өздеріне ең таяу қала Беленджерді басып алып, Үлкен Кавказ жотасының етегіндегі таулы аймаққа берік бекініп алуды ойлады. Алайда араб-хазар соғысының алғашқы кезеңінде арабтардың бір емес, бірнеше рет қаша шегініп, кері қайтуына тура келді.

652 жылы болған шешуші ірі шайқаста екі жақ та артиллерияны (катапульталар мен балластер – алысқа оқ ататын тас лақтыратын сақпан тәрізді құралдар) қолданды. Төрт мың араб өздерінің қолбасшысы Абд-ал-Рахман ибн Рабиахпен бірге қаза тапты, қалғандары бей берекет қашып кетті [2; 174-175 бб.]. Бір деректер бойынша Беленджер ешбір шығынсыз жаулап алынды және араб кавалериясы Волганың төменгі бөлігі, қазіргі Италия жері Беленджерден (394,5 км) 200 милде орналасқан ал-Бейде қаласына дейін жетіп, Хазар қағанатының ең шеткі аймақтарына дейін енді. Осы жорық барысында арабтар көптеген қалаларды исламдандырды және Дербентке олжалы болып оралып отырды. Ендігі бір нұсқаларда Беленджер үлкен қарсылық көрсетті дейді. Бұл қала өте берік қоршалған. Жорықтар туралы баяндалғанда мұсылмандарға үлкен зардап әкелген мұнаралар суреттеледі. Қарсыластарының қалаларында тек кішкене ғана лақтыратын машиналар болғанда, арабтарда үлкен және кіші баллистерлер болды. Үлкен шайқастың бірнеше күнінен кейін қаланың аймағына беленджерліктер ортақ шабуылдар жасады және дер кезінде көмекке келген түріктермен арабтарға қарсы тұрды. Абд-ар-Рахман өлгеннен кейін арабтар қаша жөнеліп, Дербентте жасырынады. Төрт мыңға жуық мұсылман о дүниеге аттанады. Хазарлар Абд-ар-Рахманның денесін үлкен сауытқа салып, сақтап қояды; олар соның көмегімен соғыста жеңіске жетуге және шөлде жауынды шақыруға болады деп сенген [1; 178-179 бб.].

652 жылғы жасалынған келісімге қарамастан, 654 жылы Хабиб ибн Маслам Армения мен Грузияны басып алса, тағы бір араб қолбасшысы Сельман ибн Рабиах ал-Бахили Парсы патшалығына кіретін Азербайжанды жаулап алды. Арабтар Байлеканды, Берданы, Шамхорды, Кабалуды, Шакиды, Ширванды, Маскатты және тағы басқа облыстар мен қалаларды жаулап алып, Дербент аймағына өтті [3; 45-46 бб.]. Табари бойынша, алғаш болып Дербентте Абд-ар-Рахман ал-Бахили, яғни жоғарыда аты аталған Сельманның ағасы барды. Дербенттің персиялық коменданты Шахрвараз оған сүйеушілік жөніндегі өтінішімен барды. Сонымен қатар, ол варварлармен ортақ ешқандай байланысым жоқ дей жүріп, арабтарға қарсы жәрдем бермейтінін айтты. Осы атқарған қызметі үшін қызметін сақтауын және оның бағыныштыларының жан басы салығынан босатылуын талап етті. Оның бұл талабы орынды еді. Баламиде Шахрвараз хазарлар мен орыстардың, яғни екі оттың ортасында екенін хабарлады. Дербент қаласының парсылық коменданты өзінің билігін сақтау және халықты салықтан босату талабымен қаланы өз еркімен берді. Арабтар өз уәделерінде тұрып, бұған келісті. Бірақ хазар жерін жаулау мақсатында бекініс халифаттың әскери тірегіне айналды. Кейінгі авторлардың баяндауы бойынша Абд-ар-Рахман Дербенттен солтүстікке жылжуға, және Масудидің айтуы бойынша хазарлардың ежелгі астанасы болған Беленджерге қарсы шабуылға бел байлады. Дербенттің персиялық басшысы бұл жорыққа қарсылығын білдіре отырып және олардың жауларды әкелуі үшін арабтармен одақтаспағанын басып айтты [1; 177-178 бб.].

Келесі 30-40 жыл бойы арабтар хазардың берік қамалын бұзып өтуге әрекет жасап әуреленген жоқ.

Бұл кезеңде олардың басты соққылары Византияға қарсы бағытталды. Олар Константинопольді құрлықтан және теңізден талай рет қоршауға алуға тырысып көрді. Егер олар Кавказды басып өтіп, Қара теңіз арқылы жүзіп келіп, қоршауды күшейтіп, қаланы жан-жағынан қыспаққа алғанда, онда Шығыс Рим империясының тағдыры тіпті мүшкіл халде болатын еді. Бұл екі арада болгарлар мен венгрлерді өзіне бағындырып үлгерген хазарлар батысқа қарай жылжуын одан әрі жалғастырып, Қара теңіздің жағалауындағы далаларға және Қырымға басып кірді. Бірақ бұл жолы бұрынғыдай ел шауып, оларды тонап, олжа табу, тұтқындар айдап кету үшін емес, қайта ол жерлерді түбегейлі басып алуды көздеген соғыстар жүргізді. Бағынған халықтар тұрақты түрде басқару жүйесі бар империяның құрамына күштеп енгізілді. Империяны қолында күш-қуаты жеткілікті қаған басқарды. Ол барлық басып алынған аумақтардағы халықтардан провинцияларға өзі тағайындайтын аймақ бастықтары арқылы салықтар алып отырды. VIII ғасырдың бас кезінде хазар мемлекетінің күшейгені сонша, енді олар арабтардың өздеріне шабуыл жасайтындай дәрежеге жетті.

VII ғ. 2 жартысы мен VIII ғ. басында Дербент қаласының билігі хазарлар мен арабтар арасында қолдан қолға өтіп отырды. 713 жылы арабтар қаланың тұрғыны бекініске кіретін жерасты жолын көрсетуі нәтижесінде 3 мыңдық хазар гарнизоны қорғап тұрған қаланы басып алды. Нәтижесінде арабтар қаланы ұзақ қол астында ұстай алмайтындықтарын түсініп, қала халқын өлтіріп, бекініс қабырғалары мен мұнараларын қиратты [4; 62 б.].

«Екінші араб соғысы» атанған 722-737 жылдары аралығында араб-хазар соғыстары өз жалғасын тапты. Әуелі хазарлардың ауыр қару-жарақтары бар салт атты жауынгерлері Дарьял асуы немесе Дербент қақпасы арқылы халифаттың оңтүстік Кавказ жақтағы иелігіне басып кіріп, соғыс салады. Бірақ арабтардың қарсы шабуылынан құтылу үшін өздерінің барған жолымен кері шегініп, Еділге қайтып оралады.

Бұл соғыстар барысында арабтардың әскери басшылығын Күнгей Кавказдағы Армян және Азербайжан мемлекеттеріндегі халифтің наместниктері жүзеге асырып отырды. Ережеге сай, бұл күзет орындары сәйкес келіп отырды. Бұл күзет орындарына әр кезеңде басқа қолбасшылар сайланып отырды – Маслама ибн Абд ал-Малик (708-722/23 ж., содан кейін 725/26-728/29 ж. және 730-732/33 ж.), Малак ибн Сафар ал-Бахрани (722-723 ж.), ал-Джаррах ибн Абдаллаха ал-Хаками (723-725/26 және 728/29 – 30 ж.), Са'ид ибн Амр ал-Харашаи (733-734/35 ж. шамасы) және Марван ибн Мухаммад (732-733 ж. және 734-35-743 ж. шамасы). Аталмыш кезеңде арабтармен жүргізілген шайқасты басқарған хазар қолбасшыларының есімдері көбіне белгісіз болып қала берді. Деректерде кейбіреулерінің ғана есімдері сақталған. Сондай ха-зар әскер басыларының бірі ханзада Барсбектің әскери биографиясы қайта қалыптастырылған [5; 7-8 бб.].

Арабтардың әлсіздігін байқаған хазарлар 730 жылы Күнгей Кавказға шабуыл ұйымдастырды. Әскер басында тоғыз жыл бұрынғыдай қағанның ұлы Барджиль тұрды. Бұрынғы қаған кенеттен көз жұмғандықтан, армян зерттеушілері сол кезде мемлекетті қағанның анасы басқарды дейді.

Барджиль Албанияға енген соң, ең алдымен өз әскерлеріне мұсылмандарды жаппай өлтіруді бұйырады және өзі негізгі күшпен Ардебилге жақындайды. Қала қамалының тұсында араб және хазар әскерлері кездесті. Екі күнге созылған ауыр шайқаста хазарлар арабтарды жеңді және де әскерлерін толығымен жойды деуге болады. Олар тіпті тұтқындарды да алмады. Шайқаста Джеррах қаза тапты, әйелі мен балаларын, сонымен қатар, лагерден алған үлкен байлықты жеңіске жеткендер бөліске түсірді. Ардебиль қиратылып, сондағы мұсылмандар және қару ұстауға жарайтындардың бәрі өлтірілді. Бұл жеңісті бүкіл Азия елдері естіді. Хазарлардың жасаған жорығы мен жеңісі туралы Византиялықтар да хабардар болды [6; 37 б.].

Араб-хазар арасындағы ең шешуші шайқас 737 жылдың басында басталды. Мерван Сирияда жиналған 120 мың әскерімен Арменияға жылжыды, Тфилистен 20 және Бердадан 40 фарсанг орналасқан Касак («моуза») атты жерде лагерін орналастырды. Сол сәттен бастап Мерван өз әскерін екіге бөлді. Бір әскерінің басына хазарға Дербент арқылы жылжыған Усайд Ибн Зафира ас-Суламиді қойды. Алдында бітімге келген бұл әскермен «тау патшалары» («мулку ал-джибал») жасақтары бірікті. Мерван Баб ал-алан арқылы жүріп отырды, солтүстік Кавказға шыға отырып, Самандарға қарай жылжыды. Екі араб әскерлері осы қалада бірікті. Левондтың деректерімен сәйкес, қала алынды және халық теңіз арқылы құтқарылуға тырысты. Алайда арабтардың және олардың одақтастарының қолына үлкен қазына түсті.

Ең қызығы Мерванның жорығымен байланысты дүниелер Самандарды алғаннан кейін барып басталады. Ал-Куфи мұсылмандардың жеңістері қатар жүргенін және олар «билад ал-хазардан» («хазар мемлекеті») әрі орналасқан жерлерді иемденгенін жазады. Содан кейін ол: «Ол (Мерван) ас-сакалибка және пұтқа табынушыларға жорық жасады, олармен көршілес тұрып, 20 мың отбасыны («ахл байт») тұтқынға алды. Ол содан кейін әрі қарай жылжып, славян («нахр ас-сакалиба») өзеніне дейін

жетті. Осы өзеннің бойында әскери қолбасшы Мерван Каусар ибн Асвад ал-Анбари хазар әскерін қиратты содан соң хакан үлкен қайғы-қасіретке тап болды. Соңғы деректерге сүйенсек, Мерван хазарлар мен ас-сакалибтердің тұтқынында болып, өзінің әлсіздігін мойындайды. Ол араб қолбасшысына толығымен беріле бастаған сәтінде оған мұсылман дінін қабылдау қажеттігін ескертеді. Хакан үш күннен соң бұл ұсынысты қабылдайды [2; 184-185 бб.].

Ал-Белазури мынадай дерек келтіреді: «Мерван хазарлар өмір сүрген ас-сакалибқа жорық жасап, 20 мың отбасын тұтқынға алып, оларды Кахетке орналастырды» [7; 37 б.]. Содан соң хаканның мұсылман дінін қабылдауға келісім бергені және хазарлардың қалай жеңіліске тап болғаны қысқаша баяндалады. Ал-Белазури Мерванның тұтқындарды лезгин жеріндегі Самур мен Шабиранның тең бөлінген аралығына орналастырғаны жөнінде баяндайды.

Сол бір он бес жылға созылған соғыс кезінде хазарлар Грузия мен Арменияға қырғын салып, оларды ойсырата ойрандап кетті, араб армиясын 730 жылы Ардебил түбінде тас-талқан етіп қиратып, Мосул мен Диярбакирге дейін жетті, араб халифатының астанасы Шамға (Дамаскіге) дейінгі жолдың жартысынан астамын жойқын соғыс сала отырып, жүріп өтті. Бірақ мұсылмандар армиясының тың күштері бұл жойқын шабуылға тойтарыс беріп, бетін қайтара білді. Нәтижесінде, хазарлар кері бағыттағы тау кедергілерінен қайта өтуге мәжбүр болды. Келесі жылы арабтардың сол кездегі ең атакты әскери қолбасшысы Маслам ибн Абдаль-Малик (ол бұдан бұрын Константинопольді қоршауда әскербасшы болған) Беленджер қаласын басып алып, хазарлардың солтүстіктегі және бір ірі қаласы Самандарға дейін жетті. Бірақ басқыншы арабтардың ол қалаларда тұрақты әскери гарнизон ұстауының сәті түспеді. Сөйтіп, олардың да Кавказ тауларын басып өту арқылы кейін қайтуына тура келді.

Жүз жылдан астам уақытқа созылған араб-хазар соғыстары тарихи маңызға ие болды. Еуропаға шығыстан қауіп төнген еді. Жеңілмейтін мұсылмандар Хазар қағанатының күшімен тоқтатылды деуге болады. Кавказдан солтүстікке қарай аймақты жайлаған хазарлар болмаса Еуропа өркениетінің шығыстағы тірегі Византия империясы Араб халифатынан жеңілетін еді және христиан мен ислам діні тарихы мүлдем өзгеше болар еді-деген тұжырымға да келіп отыр кейбір зерттеушілер [8; 177 б.].

Қорыта келгенде, ислам дінін тарату мақсатында жорықтарын бастаған халифат әскері санаулы жылдарда-ақ солтүстікке қарай ентелей өтіп, екі бірдей империяның тас-талқанын шығара қиратып, ең ірі тау тосқауылына – Кавказ тауларына барып тірелді. Осы тосқауылдан жеңіспен өтудің сәті түскенде олардың алдарынан Шығыс Еуропаға қарай даңғыл жол ашылатын еді. Бірақ тап сол Кавказ шебінде араб армиясы жоғары дәрежеде ұйымдастырылған Хазар қағанатының әскери күшімен қақтығысып, арабтардың бұл бағыттағы шабуылында ілгері жылжуына жол бермейді. Шешуші шайқаста жеңіске жеткенімен әлсіреген арабтар Кавказ тауларын кері бағытта кесіп өтіп, еліне қайтты, өздерінен соң солтүстікте ешқандай әскери плацдарм қалдырған жоқ. Сөйтіп, ендігі жерде хазарлар мемлекеті бұрынғысынан да қуатты күшке ие бола отырып, экономикалық тұрғыдан да қуатты елге айналды.

1 Артамонов М.И. *История Хазар.* – Л., 1962. – 523 с.

2 Новосельцев А.П. *Хазарское государство и его роль истории Восточной Европы и Кавказа.* – М.: Наука, 1990. – 264 с.

3 ал-Йакуби. *Книга стран (Китаб ал-булдан).* – М.: Вост. лит., 2011. – 365 с.

4 Ивик О., Ключников В. *Хазары.* – М.: Ломоносов, 2013. – 336 с.

5 Семенов И. *Военная тактика Хазарской армии в период войны против Арабского халифата в 706-737 годы // Материалы XVII Международной ежегодной конференции по иудаике. Т 2. Академическая серия. Выпуск 31.* – М.: Сэфер, 2010. – С. 7-15.

6 Плетнева С.А. *Хазары: 2-е изд.* – М.: Наука, 1986. – 88 с.

7 Древняя Русь в свете зарубежных источников: *Хрестоматия.* – М.: Русский фонд Содействия Образованию и Науке, 2009. – 264 с.

8 Ангелов П. *Роль дипломатии в создании и укреплении Болгарского государства // Этносоциальная и политическая структура раннефеодалных славянских государств и народностей.* – М.: Наука, 1987. – С. 176-180.



**ҰСЫНЫСТАР ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

---